




W. J. S. 1955

КӘКІМБЕК
САЛЫҚОВ

Ш Ы Ғ А Р М А Л А Р Ы

АЛТЫНШЫ ТОМ
ДҮЛДҮЛДЕР
ДҮБІРІ

Өлеңдер, поэмалар мен толғаулар



“Фолиант” баспасы
Астана - 2009

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз 7-5

С 18

С 18 Салықов К.
Шығармалары. – Астана: Фолиант, 2009.

Т. 6. Дүлдүлдер дүбірі. Өлеңдер, поэмалар мен толғаулар.
– 320 бет.

ISBN 9965-35-697-1

Алаштың аяулы ақыны, сыршыл да нәзік туындыларымен дүйім жұртының жүрегін жаулаған Кәкімбек Салықовтың шығармалар жинағының алтыншы тобы болып табылатын «Дүлдүлдер дүбірі» атты бұл жыр кітабына «Тәттімбет», «Отырар сазы» поэма-толғаулары бастаған сүбелі еңбектері мен әр жылдарда жазылған өлең-жырлары топтастырылды. Олардың қай-қайсысы да талғампаз оқырман көңілінен шығатынына күмән жоқ.

48835

С 4702250202
00 (05)-09

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 9965-35-697-1 (Т. 6)

ISBN 9965-35-115-5

© Салықов К., 2009

© «Фолиант» баспасы, 2009

ТОЛҒАНЫСТАН ТОЛҒАНЫС

Ертеде бір жас ақынның газетте жарияланған шағын ғана өлеңін оқи сала, сол күні-ақ «Бір өлең туралы бірер сөз» деген мақала жазғанмын. Сонда бір жолдасым бір өлең туралы тұтас бір мақала жазу тым астамшылық емес пе дегендей сыңай білдірген-ді. Бірақ мен оған келіспегенмін. Бұл жөнінде осы күнге дейін өз пікірімдемін. Шолу, жинақтау түріндегі мақалалар өз алдына, сонымен қатар кейбір көз тартар, көңіл аударар жеке өлең, очерк, әңгіме, поэма, пьеса жайында арнайы рецензия жазылып, нақты талдау арқылы әділ бағасы берілсе, шіркін, қандай ғанибет?! Ондай тәсіл, өкініші сол, тәжірибемізге әлі енген жоқ.

Газет-журнал беттерінде күнбе-күн өлең атаулы лек-легімен жарияланып жатады. Оның ешқайсысын әдебиет сыны елең қылмайды. Дағды бойынша, сын соның бәрінің жинақ болып шығуын күтетін сияқты. Ал кітап күйінде де, жалпы өлең тасқынының ішінде, жеке өлеңнің нақты бағасын ала бермейтіні тағы белгілі.

Өстіп, поэзия сыны тиісті дәрежесінен табылмаған соң, тұтас жинақтың және жинаққа енген көп өлеңнің жақсы-жаманы ажыратылмай қала берді. Бір мезет осының себебі неде екен деп болжап көрсек, ойымыз алуан сакка жүгіреді: бірі – өлеңнің көпекөрінеу отсыздығы, жасықтығы болса, екіншісі – көп өлеңнің ой-өрісінің тарлығы, біркелкілігі, бір-біріне ұқсастығы; үшіншісі – білімі өскен оқырманның поэзияға деген тым биік талабы мен талғампаздығы сияқты көрінеді. Қалай болғанда да, ол не тартпаса, не қызықтырмаса, не таңдандырмаса, не толғантпаса – оны кім оқиды? Онда оқырманда қандай әсер болмақ? Шынын айту керек, ондай өлеңдер баршылық, көпшілік. Ендеше ондай өлеңдерді оқымау, яғни оқи алмаудың өзі оқырман ынтасына біртүрлі енжарлық – инерция жасайтыны аян.

Айталық, мына келген жаңа 1984 жылдың төрт-бес күннің ішінде талай-талай өлең көз алдымыздан өтті. Соның ішінде біреуі менің де енжарлық инерциямның тұсауын үзіп, үздік көріністері-

мен көзге түсті. Ол – кеше ғана «Қазақ әдебиеті» газетінің 6 қаңтар күнгі санында жарияланған «Отырар сазы Мәскеуде» деп аталған күй-концерттен репортаж. Дұрысында өлеңмен жазылған поэма-репортаж десе болар еді оны. Авторы – белгілі ақын Кәкімбек Салықов. Оны осыдан үш жыл бұрын жазған мақаламда «Қос кемеңнің ақыны» дегенім бар, олай деуім Кәкімбек творчествосының, ауыз әдебиеті дәстүрі мен жазба әдебиет жаңалығына байланысты екі ірі қырын анықтауға катысты болатын. Енді мына «Күй-концерттен репортажға» байланысты Кәкімбек туындысының тағы бір сол секілді екі қырын ашуға тура келеді. Ол қайсысы? Ол – репортаждың тарихи-публицистикалық сарыны мен лирикалық толғаныс сазы.

Біріншіден, репортаж дегеніміздің өзі публицистикалық жанр екені, екіншіден, лирика дегеніміз – ерекше поэзиялық жанр екені белгілі. Осы екеуі қисынын тауып қиысып, тұтас бірлік тапса – оның өзі, сөз жоқ, жақсы жаңалық. Бұл жерде айрықша назар аудартып отырған – осы жай. Шынында, мәселенің мазмұнына барсақ, әңгіме әйгілі «Отырар сазы» ансамблінің Мәскеуде концерт қоюы жайында екен. Былтырдан бері пайда болған жас ансамбльдің әйгілі болуының өзі ғажап. Оны өз жерімізде көргеннен де әлі көрмеген көп болуға тиіс. Сөйткен «Отырар сазы» Мәскеуде үлкен баға алғанына кім қуанбайды дейсіз?! ТАСС-тың және тағы басқа тілшілердің хабарламаларына қандық та қуандық.

Ал мына сөз болғалы отырған Кәкімбек Салықовтың поэма-репортажының өзге хабарлардан жөні мүлдем бөлек. Мәселе оның өлең кестесіне түсіріліп жазылуында ғана емес. Әрине, оның өзі оңай түспейтін үлкен ақындық шеберліктің көрінісі ғой. Әңгіме – үлкен оқиғаның жалаң хабарланбай, ақын жүрегінен өтіп, сан алуан әсерлі сыр шертуінде. Ол нендей сыр? Ол алдымен концерттің «Отырар сазы» деп аталуында екен. Мұның мағынасын жай сөзбен жалаң түсіндіруге де болар еді. Кәкімбек мұның сырын ашады және тебіреніп ашады. Өзі де толғанып, өзгені де толғанып сөйлейді. Қазақ даласының әйгілі Отырар қаласын, оның ұлы перзенті Әбу Наср әл-Фарабиді мақтан етіп, рухтанған ақын:

*Әлемге әйгілі мұрам бар,
Сенбесең тарихтан сұраңдар.*

*Фараби назын,
Отырар сазын
Жаңғыртар қырдағы құландар, –*

деп шабыт шақырады.

Тарихта Фараб, Отырар деп екі түрлі аталған қазақ жері қаласының бастан кешкен тағдырының айтар назы да, қобызының тартар сазы да туысқан халық мұрасы екенін, оның «Қырдағы құлан» күйімен де үндес екенін қалай емірене айта алған дейсіз! Бірде: «Фараби бабамыз Отанын қараңыз» дей келе, енді бірде: «Бес төре», «Сылқылдақ», «Серперім», Құлшынбақ үкілі домбыра ішегінен» деп сендіреді де: «Қарашы, далама биіктен, еркінсіп дүбірі сүйсінткен» деп мұрат жырын төгілтеді.

*Түркістан шаһарын,
Өткенді бүгінмен жалғаймыз!
Солқылдап сазсырнай,
Назданып балқұрай
Тарихқа ескерткіш арнаймыз.*

Халықтың ежелгі ән-күйін тірілтіп, жаңғыртып өзіне қайырудың тарихи ролі мен маңызы бұл жерде өте айқын берілген. Керемет ән-күй құлақтың құрышын кандырып, жүректің жүйесін балқытумен бірге, ата-бабамыздың өткенін танытатын ескерткіш, бүгінгі ұрпағын жадырататын жан айнасы болса, одан артық не бар? «Өлкемді ән-күймен барлаймыз» дегенде акын ұлттық шеңберде ғана қалмайды.

*Кербез күй, әнімді нұрлы асыл,
Зиялы дос қауым тыңдасын.
Бір қиян, бір ғайып,
«Әлқисса» тыңдайық,
Толғаулар мәз етер сырласын.*

Мәскеуде қойылып, мың сан астаналықтарды мәз еткен «Күй-дастан», «Нұрлы асыл» әндердің тамаша әсерін акын өзінің ұлы патриоттық сезімімен толғана қабылдайды.

*Сұлу саз ұшырса жан құсын,
Жанданар әр бейне, әр мүсін.
Сан ғасыр құрсағын
Ашқанда тың сарын
Бабама арналар атғысым! –*

деп түйіп, Нұрғиса тұлғасының мынадай халықтық келбетін көз алдына тартады:

*Туған елім – еркін өнер тұрағы!
Міне, соның айдан айқын ұраны.
Нұрғисаны алақанға көтерсек,
Ол көтереді ескі-жаңа мұраны.*

Рас сөз! «Толғауы тоқсан қызыл тілдің» тобықтай түйіні – міне, осы.

Мұхамеджан Қаратаев,

академик

«Лениншіл жас», 1984 жыл, қаңтар



*Бірінші
бөлім*

ӨЛЕҢДЕР

ЖЫР АРҚАУЫ – НҮРҒИСА

САҒЫНЫП ЖҮРМІН, НҰРАҒА

Сағынып жүрмін, Нұраға, сені мен бүгін,
Шер тарқатар сезімтал, сергек келді күн.
«Ата толғауы» толқытып кетті жан баурап,
Қам көңіл іздеп мұң басар тепе-теңдігін.

Сағынып кетем сұм жалған сырын ұққанда,
«Қарағай басын шортан шалып» жыққанда.
Булығып кетем, Евней, Төлеш, сені ойлап,
Дос дегендер бос сөз боп алдан шыққанда.

Аңсатты күндер күйсандық бетін ашатын,
Он саусағың ақ маржан сыңғыр шашатын.
Сарғайған сағым ішінде жүйткіп «Жезкиік»,
Алтын тұяқ дүбірі құмар басатын.

Сәт қайда, шіркін, «Отырар сазы» құлшынар?!
Түскенде еске сағынбай бәрін кім шыдар?!
Сен күй тартып, мен жыр оқып толқыған,
Тірліктегі ең сәтті туған күн шығар.

Әйтеуір қазақ өзіңсіз тойын ашпайды,
Сәйгүліктер күйіңнен карқын бастайды.
Саңкыл да қаңкыл көлде ақсу-каз қосылып,
Ақмарал жонда адамнан үркіп қашпайды.

Күйіңе балқып, бесікте бала жата алмас,
Жас жұбайлар тойы жоқ атың аталмас.
Ұлтымның ұлы перзенті болдың, Нұраға,
Құрманғазы, Тәттімбеттермен қатарлас.

Осыны сезіп, лүпілдеп жүрек нұрланып,
Отырам ойлап бір күйіп, кейде бір жанып.
Тәубе деймін данамен достық тебіренгіп,
Домбырамды бір шертіп кана, бір қағып.

28.09.2004.

Астана

«ЖЕЗКИІКТІҢ» ТҰҢҒЫШ ӘНІ ТУҒАНДА

«Ән шығарды Нұрғиса «Жезкиікке»
Деген хабар жеткізді зор биікке.
«Күміс бауыр, жез қанат» деп толқыған,
Салған екен дәл тиіп сөз күйікке.

Естілмейді-ау жүректің дір еткені,
Бұдан артық туар ма тілек тегі?
Елден ерек қуантты өлеңімнің,
Ерке дүлдүл колына ілеккені.

Кездескенде:

– Екі есе қысқарт, – деді, –
Киігің жүр бұлтартпай ұстап мені.
Шапшаң өткен шаттықтың мұңын айтып,
Түзеп бер деп көремін қыстап сені.

Алматыға келгенде Жезқазғаннан,
Кездеспей ме керегің кең жалғаннан.
Апыл-ғұпыл жүздесіп кетпеймісің,
Естен қалмай шыққанша енді арманнан.

– Көксеткенін, Нұраға, білдім ненің, –
Осындайға өзің тым білгір ме едің?! –
Дедім-дағы
Тілегін тез орындап,
Қас қағым сәт кірпікке ілдірмедім.

Нұр жайлады сол сәтте Нұрағамды,
Домбырасын солақай бұрап алды.
Ән сарынын сонан соң құйқылжытты,
Жайлағандай «Жезкиік» гүл алаңды.

Самғатты ма, ағаңның өз күйігі?
Таңдантты ма әлде бір сөз түйіні?!
Ең алғашқы
Біздерді жалғастырған,
Нұрғисаның нұрлы әні – «Жезкиігі».

1973

ЖЕЗКИІК

Әні Нұрғиса Тілендиевтікі

Жезкиік, біздің жакқа қалай келдің?
Жолымды көлденеңдеп жанай бердің.
Күтпеген қуаныштың хабарындай,
Жалт еткен жанарыңа қарай бердім.

Асыкпа, көрейінші жөндеп қана,
Қалайын өзімді-өзім емдеп қана.
Тез өткен кездесуді жалғастырып,
Көп күндер ән салармын сен деп қана.

Құмарым қайта көріп қанар ма екен?
Әл бітіп салқын жүрек жанар ма екен?
Қапылыс әлде біреу атып алып,
Сағыныш әуресіне салар ма екен?

Сұлуды адам жаны кимайды екен,
Беймезгіл еске түсіп, кинайды екен.
Жезкиік, сен есіме түскен кезде,
Бір өзім Сарыарқаға сыймай кетем.

1973

НҰРҒИСАЛАР АТТАНҒАНДА ӘМУДЕН

Шыдасам елді қанша сағынғанмен,
Басқаша күнде осынша жалындар ма ем?
Нұраға, қайтқан Арал бір толғандай,
Жүректе қалдым кимас ағындармен.

Тыңдады жұлдыздар да тынышталып,
Қолдады өнеріңе қызып халық.
Жеріне қаракалпак Алматыдан
Жетіп ең жер-көкте жоқ қызықты алып.

Қанықтық шертпе, төкпе сарынына,
Сүйсінді Бердак елі дарынына.
Тәттімбет, Құрманғазы болды разы,
Сарыарка жалғаскандай Нарыныма.

Қарсы алса каракалпак, казак, өзбек,
Достықты ұлғайтуды жеттің көздеп.
Күй толқып Төрткүл, Мойнақ арасында,
Есімің ұмытылмас кетті сөз боп.

Қырандай қос қанатың серпілгенде,
Елтідік, бола қалдық ессіз пенде.
Бір інің Қызылқұмда қалғандай боп,
Артыңа кимай қарап кеттің сен де.

Із қалды қатты қысқан қолдарыңнан,
Ән қалды сан жүрекке жол салынған.
Не дейін қоштасарда,
Елге қарай,
Келіп тұр еріп кеткім соңдарынан.

1986

ОЛ – ҚАЗАҚТЫҢ СҰЛУ САЗДЫ ЖҮРЕГІ

Нұрғисаның қай күйі мен қай әнін
Тыңдай қалсаң еске түсер баяғың.
«Жан сәулемді» шырқағанда Бибігүл,
Жаным толқып күнге құлаш жаямын.

«Ата толғау» – бар қазақтың табысы,
Қайнап тұрған ол – ар-ұждан, намысы.
Бір тыңдасаң есте қалар мәңгілік,
Аққулардың сыңсып қанат қағысы.

Құйындатса қойдырмастай бір нүкте,
Қырғын күйден ұғынғаным күндікке:
Бар қазақты ішкі дауға бастырмай,
Құлан таза шақырып тұр бірлікке.

Нұрғиса-күй елдің асқақ тілегі,
Ол – казактың сұлу сазды жүрегі.

1992

ШАРАФ РАШИДОВТЫҢ АЙТҚАНЫ

Біз Мәскеуде кездескенде алғашқы,
Шараф аға жүрек қылын дәл басты.
Әкім емес,
Ақындарша ақжарқын,
Фибрат алар ізгі тілек алмасты.

Кейінірек...
Кездескенде Ташкентте,
Санамадық
Өткен уақыт аз-көп пе?
Өзбек елі сәулеті мен дәулетін,
Мектеп едім салып адал әспетке.

Рашидов
Керім, кербез қалпында,
Сөз жалғады кемеңгерлік салтында.
Деді:
– Байлық аз емес қой айтарлық,
Тарихы мол менің сүйген халқымда.

Жетпіс айтып
Жүз поэма – жыр құйса,
Аз көрінер
Жүз роман, жүз қисса,
Һаммасы бар...
Ташкент – Шығыс жұлдызы,
Ал жоғымыз, – деді, – жалғыз Нұрғиса.

Бұхара мен Самарқанд та бабында,
Сыйлап келем Ақсақ Темір тағын да.
Ал Нұрғиса
Қайран «Ата толғауы»
О дүниеге бірге кетер жадымда...

Тер аямай елге қызмет етермін
Байлыққа да еш қызықпай өтермін.
Тар табытқа баска бұйым сыймайды,
«Ата толғау» үнін алып кетермін!

Такап қалса Айтматовтар Мұхтарға,
Бізде де бар
Кемел табыс құптарға.
Ал Шығыстың ән мен күйін сөз етсек,
Тілендиев
Жеке-дара шықты алға. —

Деді дағы «Ата толғау» ырғағын,
Әуендетті, жан тебіrentіп нұрлы ағын.
Елтіп, балқып,
Көңілі шалқып сүйсінген
Асыл аға толғанысын тыңдадым.

— Міне, — деді, — шексіз дарын бай талант,
Жүруші едім
Өндерінен байқап-ақ.
Мұң басамын көңілді бұлт шалғанда
«Ата толғау» күйін үнсіз қайталап.

«Шабыт деген балық емес тұздаған,
Оны жөн ғой
Қолдап кетсе қыз-қалам», —
Деген екен дана Гете,
Ойласақ...
Мезет жоқ та Тілендиев қызбаған.

Ғажайып қой әр дыбысы қыз нұрлы,
Әр ырғағы естен кетпес мың сырлы,
Нұрғисаны асау тағдыр қолдады,
«Ата толғау» Азияны қыздырды.

Жан мен тәннен жаратылған біз де адам,
Ән-күйіне талай рет қызды ағаң.
Күй-Нұрғиса мәңгі-бақи жасайды,
Мұхит еріп кеткенінше мұздаған, —

Деп ақсақал тебіренді де бір күлді,
Қарт данағөй сезім кешті мың түрлі.
Қонаевқа сәлем жолдап қол созды,
Бір шың байқап тұрғандай зор бір шыңды.

16.02.2001.

Алматы

КҮЙ ӘСЕРІ

Жалғанда жан азығы күй дегенің,
Ой қозғар сүйгенің мен сүймегенің.
Ішінен калың орман әрең шығып,
Жол тапқан жолаушыдай түрленемін.

Ұмтылған құз-кияға күйшіге еріп,
Жанымды мұңайтады сыршыл желік.
Бір тыңдап «Сылкылдағын» Тәттімбеттің,
Мұңымды тістен шықпас білші келіп.

Қызығам төкпе күйлер намысына,
Шертпе күй қайран қалам қағысына,
Әр үннен жусан иісі бұркырайды.

Құландар жортып өткен сағым далам,
Алдыма күй боп келсе ағындаған,
Құлшынып, құлын жүрек шұркырайды.

1978

ТИМЕШІ

Тиме бұлбұлға,
Еркімен сайрасын,
Тиме жұлдызға,
Ерекше жайнасын.
Тимеші екі ішек үндессе,
Сағыныш толқыны байлансын.

Тиме акқуға,
Үзбесін саңқылын,
Тиме қыранға,
Бұзбасын қарқынын.
Тимеші маған да тебіренсем,
Алсыншы аңсаған жан тыным.

Тиме елікке,
Жүрегі бекінсін,
Тиме киікке,
Түлегі жетілсін.
Тимеші маған да ән салсам,
Көкірегім бір дертін кетірсін.

1979

НҰРҒИСАНЫҢ БІР КЕЛІНШЕККЕ АЙТҚАНЫ

Арықтапсың тұла бойда түк қалмай,
Шошып кеттім бір пәлені ұққандай.
Қарағым-ай,
Көрінесің көзіме,
Кеше ғана Освенцимнан шыққандай.

Көңілге алма, есің бар ғой сөз ұғар,
Фигуранды сақтаудың да жөні бар.
Бұлшық етің қызықтырсын бұлқынып,
Сұлусың ғой, бола көрме өлі мал.

1992

НҰРҒИСАНЫҢ БҮРКІТБАЙҒА АЙТҚАНЫ

Көрмессің айтқанымды ешбір сөкет,
Мәкүрік жұтпайын деп өттім төлеп.
Басы май, ортасы сай секілді екен,
Мұрныңды басқан жок па «велесепет?»

1973

Әйел көрсе қалды деп ғашықтанып,
Сын тағуға, ағайын, асықпалық.
Ғаламға айтпас жан сырын қаламға айтар,
Ақын деген – жүрегі ашық халық.

Жүйрік көңіл озғаны көк дөненнен,
Сұлу көрсем, рас, тез өңденем мен.
Бір ғажапты өмірде танымасам,
Қоштасардай қорқамын оңды өлеңмен.

Қазақ көрсем Мәскеуде қуанатын
Ғадетім бар бір сөзге сұранатын.
Енді тұрмын дос-жаран ортасында,
Кездескендей елде бар жұрағатым.

1992

АУЫРМАШЫ, НҰРАҒА

Құлақ шалып елендеген дос үнін:
– Тілендиев сырқат, – десе шошыдым.
– Сақта, тағдыр, –
Дей беріппін, – дүлдүлдің,
Таскын күшін қасиетті отының.

Сырқат десе шошымайын мен неге,
Шын жүйрікті байлау зорлық кермеге.
Мен Премьер болсам егер
Салар ем
Нұрғисаның нұрлы жүзін теңгеге.

Салар едім
Бұлбұл ұшып көзінде,
Көкірегі балқып күйлі сезімге;
Орап тастап әркім ғашық әуенге,
«Отырар сазын» ойнақтатқан кезінде.

Салар едім «Ата толғау» алқымдап,
Тәтті бабам «Саржайлауы» қарқындап;
Құрманғазы «Сарыарқасы» құйғытып,
Өз «Аққуы» ұшқан кезде саңқылдап.

Салар едім күздің күрең таңында,
Қоскөл жақта Ұлытаудың маңында;
Қайтқан құсқа қарай калып
Нұраған
Жаны құс боп шабыт қонған шағында.

Салар едім...
Сайрап ойдан, кырдан да
Сандуғаштар
Сайда сайран құрғанда.
Салар едім,
Сал табиғат тілдесіп,
Самал жұтып түпсіз ойға тұнғанда.

Салар едім...
Сайда жылқы жосылып,
Ақбөкендер жарысқанда шошынып.
Өзі бірге кетер еді Нұраған,
Кең далада мың дүбірге қосылып.

Ауырымашы, ауырымашы, Нұраға,
Сені сүйген ел тілегі тына ма?!
Шалқар шабыт сала беріп майданға,
Демалуды білмей жүрсің сірә да.

Көкшетауды аралашы бір рет,
Сексен көлде көрші аққулы сурет.
Ақан, Біржан, Үкілі Ыбырай тебіреніп,
Қуат берер құдіретке құдірет.

Барып қайтшы Баянауыл басына,
Күтіп тұр ғой Абай елі асыға.
Араласаң Ертіс бойын алаңсыз,
Жыр төгілтіп ерер едім қасыңа.

Астананы аз күн тастап
Ауылға,
Жетейікші сағынышты қауымға.
Бар сырқатты сауырынан бір соғып,
Қайтадан шық күйлі нөсер, дауылға.

1994

* * *

Бірге оқыған Мәскеуде әріптесім,
Білмеуші еді қазақтың әліппесін.
Судай таза сөйлеп тұр өзімізше,
Соны көріп таңданып таныпты есім.

Екі көзі айтып тұр екі өмірді,
Сыр бермедім – деместей неге күлді?
Төбем көкке жеткендей қуандым ғой,
Қазақша айтса сұраған керегімді.

* * *

Жолықтырар талай сан думан бізді,
Ұмытайын соңымнан қуған ізді.
Ол студент кезінде қарамайтын,
Болыпты енді бауырмал, иман жүзді.

Сырын айтты жүргендей азап болып,
Қиналып тұр көкірегін қажап, жонып.
Қызы орысқа шықса да,
Мен қуандым
Қалғанына өзінің қазақ болып.

1992

МАҚТАН ЕТЕМ

Ақ кірмей-ақ
Көпене шашымызға,
Асау кезде «Гәккушіл» заты кызба,
Нұрғисамен таныстым
Алғашқы рет,
Шота, Евней, Төлеш бар қасымызда.

Қайран қалдым көргенде қағыстарын,
Накысында салты бар нақ ұстаның.
Содан кейін
Сан жылдар көз алмастан,
Құтты болды аға деп табысқаным.

Дос ниетпен
Сыйластық жалғап үнді,
«Құстар әнін» сүйетін салғанымды.
«Отырар сазын» жыр етсем,
Аңғал мінез,
Кемел күнде келбеті аңғарылды.

Өжет еді Нұрғиса жолбарыстан,
Арыстаннан әлді еді жолда алысқан.
Қос жанары
Қыраннан қырағы еді,
Жетер жерін дәл көздеп, самғап ұшқан.

Абай жайлы іздеді жыр өтімді,
Сәті түсті
Саз толғақ жүре туды.
Мұхтар аға секілді аса терең,
Сонда сездім Абайды білетінді.

Даналықтың даналық досы болды,
Құзарт шыңға ән толы қосы қонды.
«Абай ата – ақындық пайғамбары»,
Ақырғы әні өмірде осы болды.

Ерекше күй –
Ел-жұртқа жайған нәрі,
Кешегіден ол терең толғанды әрі.
Жиыrmасыншы ғасырды дүбірлеткен,
Бай мұрасы ұрпаққа жалғанды әрі.

Сұлу сазбен
Күй-жұлдыз жакқан екен,
Іс тындырды әлемдік сапка жетер.
Дүлдүл аға қасында жүрген күнді,
Діңгегіндей тірліктің мактан етем.

15.12.1999

ӘН ТУҒАНДА

Әсем әуен оралар ақ тілекке,
Сызылады сұлу саз үлбіреп те.
Сол бір кезде ес кетіп, елжіретіп,
Ләззат құйып тұрады үн жүрекке.

Жадырамас адамның әнсіз жаны,
Жер жұмағы – сұлу саз, таң шуағы.
Ән туғанда қуаныш құлшындырып,
Мұң мен шерден көңіл тез аршылады.

Ай аспанда толғанып, тебіреніп,
Күн бой жазып, кетеді жерім кеңіп.
Ән аққудай айдында саңкыл қақса,
Жан-жануар тыңдайды мейірленіп.

Ән туғаны – өскені гүл көңілге,
Келгендеймін сол үшін нұрлы өмірге.

1978

ТОЙ ТОЛҒАУЫ

I

Сұңқардай өрге талпынып,
Шырқайын бүгін шарқ ұрып,
Бес саусақ тисе пернеге.
Ой түбінде ғауһарым,
Толғанып, толқып айтарым,
Өзгелерден кем деме.

Жұлдыздай жайнап аспанда,
Дүлдүлдің тойын ашқанда
Шалқымаймын мен неге?!
Дәстүрлі күйдің жалғасын,
Ғажайып әннің арнасын,
Ту етпесін ел неге?!

«Ата толғау» қарқындап,
«Аққу» күйі саңқылдап,
Ақтангер шықты көрмеге.
Жабайы емес, ұлы адам,
Жетпіске келген Нұрағам,
Жарқ етпессің сен неге?!

Сазгерліктің патшасы,
Бұрылды саған ат басы,
Жұлкынды тұлпар кермеде.
Әуелесе «Әлкисса»,
Келбетіне Нұрғиса
Сүйсінбесін ел неге?!

II

Күйлерің жігер қайрады,
Билерің канат байлады,
Төгілттің әннің асылын.
Құрманғазы, Тәттімбет,
Артқандай саған ақ міндет,
Самғатты сені ғасырым.

Ақан сері, сал Біржан,
Секілді құмар қандырған,
Аңсаттың адам ғашығын.
Шығыстан шыққан керемет,
Шабытың тапты берекет,
Құлама судай тасыдың.

«Отырар сазын» орнатқан,
Жер бетін түгел қолдатқан,
Толықсып кетті маңайың.
Өмірге шаттық қосатын,
Көңілге дәру тосатын,
Баурады елді арайың.

Намысқа бастар ақ желкен,
Сарыны сырлы ең көркем
Кемеңгер осы, ағайын.
Кемелді кезде таниық,
Қазағым, осы ақиық,
Сазгер боп туған Абайым.

III

Жөні бар дара даңғылдың,
Тармағы дана Жамбылдың
Сеніпті тағдыр берерге.
Нағашылап негізге,
Көз жүгіртіп көп ізге
Тірелдім акын Кененге.

Алатауда ауылы,
Алтай, Көкше бауыры
Арканы әнге бөлеген.
Сыр бойы сылқым тамсанған,
Ақ Жайықтан қарсы алған,
Қыз Жібек пен Төлеген.

Қиялы дос пен жатқа аян,
Қозы Көрпеш, Ақ Баян
Жүректен кетпес шалғайлау.

Өзгеден асқан беделі,
Нұрғиса үшін өз елі,
Бар қазақ жері «Сарыжайлау».

Тұғырдан түспес тектісің,
Құтты болсын жетпісің,
Өзіңе тартсын ұл-қызың.
Жар салар қала-далаға
Жайнасын мәңгі, жан аға
Төсіңе такқан жұлдызың.

1995

ҚҰТТЫҚТАУ

Ел орады сізді сансыз тілекке,
Айналдыңыз ұлтты қорғар тірекке.
Сазгерліктің Ұлытауы деп білем,
Ізгіліктің отын жаққан жүрекке.

Ән мен күйің адам жанын жебеді,
Көкірек балкып үзім үнге сенеді.
Кең көсіліп сен күй тартсаң, Нұраға,
Тарлан тарих көз алдыма келеді.

Құттықтаймын, тойлы күні төс басам,
Қаһармандық марапатқа сөз қосам:
Бақыт құсы қанатынан түсірмей,
Шабытыңыз сарқылмасын ешқашан!

1998

НҰРҒИСАНЫҢ ҚОШҚАРБЕККЕ ХАТЫНАН

Ұлына Сыр маңғазы Тасбергеннің,
Құттықтау жолдатыпты наз келген күн.
Дәл басқан жан пернесін
Сөзі жатық,
Оғындай зая кетпес хас мергеннің.

Күйшіге қазаққа әйгі, мол табысы,
Хат жазса күйшіліктің жолбарысы,
Сикырын жеті муза
Білгендігін
Атапты: «Ел намысы – ер намысы».

Толғанса тойлы күні Нұрағамыз,
Әр сөзден әулиелік сыр аламыз.
Інісін дана сазгер ту көтерсе,
Қалайша жыр етпейік құрап аңыз?!

Қарамай жүрек қысым ауырына,
Айтыпты ақ тілегін бауырына.
Шын құрмет
Шын жүректен көрсетіпті,
Жай қақпай сәйгүлікті сауырына.

Төңкерген құзарт құз бен ойпатыңды,
Телегей төгіліпті ой татымды.
Дүрліккен «Отырар сазы» дүбіріндей,
Дүние талай сыры шайқатылды.

Бітердей оқыған жан гүл өңіне,
Тізіпті күйшілерді жүрегіне.
Қошқарбек, Қаршыға мен Мағауия,
Шәміл бар кірген төрттің легіне.

Төрт күйші, төрт дарабоз, дара тұлға,
Төрт қыран күй толқыған қанатында,
Жүр екен
Жұбын жазбай
Дана туған,
Ақтангер, ақсұңқардың санатында.

Сөзім жоқ айтқанына
Қосатын сәл.
Мінеки, үзіндісі тосатын дәл:
– Жастарға жылдамырақ, – депті, –
Жолды,
«Хрычтар», мен секілді босатындар!

Ұғынсақ, құр жөптемей шұлғи салып,
Осы ғой қағып түсер Нұрғисалық.
Арасын ақ пен кара айқын ашқан
Пәлсапа
Жаза берсем мың киссалық.

Жаңа жыл тосып таза мөлдір гүлін,
Барып ем көңілін сұрап мен бір бүгін.
Нұрағам
Жатыр екен емханада,
Жүрегі жалғағандай ел бірлігін.

Сан сырын
Ашса хаты дүниенің,
Күй қозғап домбыраның тұр тиегін.
Тебірендім әр сөзіне әлем сыйған,
Мұхиттың көргендей боп бір жиегін.

31.12.1997.

Алматы

ҚОШ БОЛ, АСЫЛ НҰРАҒА!

Қосылғандай жер мен көктің арасы,
Ауыр қаза тап болғанын карашы,
Көзін жұмды
Күй сүлейі, ән пірі,
Сазгерліктің дара туған данасы.

Әрі аға, әрі сыйлы дос еді.
Өлді деме, мәңгіліктен тос, елі.
Құрманғазы, Тәттімбеттен кейінгі
Бар казактың шын дүлдүлі осы еді.

Күй толқытса көңілі ояу жандыны,
Көкіректерде мәңгі сөнбей қалды үні.
Толқынданған әуен толы, ән толы,
Күрт жабылды елімнің күйсандығы.

Көкірегі болса өнер тұрағы,
Ол жаңғыртты өткен асыл мұраны.
Сөнді бүгін «Отырар сазын» жандырған,
Бар казактың лаулап тұрған шырағы.

Нұрғисалық – үздік дәурен салтанат,
Жете алмайды оған жабы қолкалап.
Майырылды, қайырылды бір күнде,
Ән боп, күй боп самғап жүрген қос қанат.

Бір адамға сыймас еді-ау дарыны,
Жан баурағыш сикырлы еді әр үні.
Сағынармыз күй ағасы Нұраға,
Ерке сері, қаршыға көз сарыны.

Күй саңлағы, жоқ еді ғой теңдесі,
О, қазағым! Өлді деуге сенбеші.
Атқан таң мен батқан күнді толқытып,
Әр жүректе жайнап тұрар бейнесі.

Жай оғындай түскен озық дараға,
Өлді деген сөз сыймайды санаға.
Сен өлмейсің,
Мәңгілікке өрлейсің,
Топырағың торқа болсын, жан аға!

17.10.1998

ЖҮРЕ БЕР ЖАҢА ҒАСЫРДА

Дарига Тілендиеваға

Үзіліп кетті-ау өзегің,
Көз жұмғанда Нұрағам.
Күрт қайғыңды сеземін,
Қыранмен бірге құлаған.

Нұрғиса кетсе мәңгілік,
Өлместік үлкен жолына.

Шаңыраққа күмбез сән қылып,
Қалдырды сені соңына.

Шабытка бойда тоқтам жоқ,
Оңай ма асау нар болу?
Саған да жеңіл соққан жоқ,
Сұрапыл жанға жар болу.

Өнеге, үлгі білдірдің,
Көтерсең жүгін теңдеген.
Келесің даңқын дүлдүлдің,
Шалқытып бүкіл елменен.

Дінзухраң биік өрлеген,
Тағынсын бакыт жүзігін.
Нұрағаң ұзақ көрмеген,
Бұйыртсын сізге қызығын.

Нұрағам бардай қасыңда,
Шабытты күндер аялап;
Жүре бер жаңа ғасырда,
«Отырар сазын» саялап.

01.12.1999

НҰРҒИСА АТТАНЫП КЕТКЕЛІ...

Заманда аумалы-төкпелі,
Достарым тосып жүр өкпелі.
«Отырар сазына» соқпаппын,
Нұрғиса дүниеден өткелі.

Алыста сан жылдар көктемі,
Өтті ғой. Сағыныш көптеді.
Нұрғиса сырқатқа шалдықты,
Мәскеуден біз көшіп жеткелі.

Жаңа жыр толқынын жөптеді,
Әннің де құйылды өктемі.

Абайдың тойына арналды,
Әл бітсе әндете шерткені.

Ырғақтар кертолғау сертті еді,
Данаға ол тура беттеді.
Қинады-ау сұм тағдыр қызғанып,
Қасына тым аздау ерткені.

Сұлу саз дүниеде еккені,
Құзарт шың – құлшынта жеткені.
Тұңғыштар ғашыққа арналса,
Соңғы әнін Абаймен шектеді.

Жазар жыр, айтар сыр көп те еді,
Қинады-ау ертерек кеткені.
«Отырар сазына» келмеппін,
Нұрғиса аттанып кеткелі.

Бұйрық сол. Уақыт та жетпеді,
Жігіттер, қаттырақ сөк мені.
Бірақ та айыпқа бұйырма,
Осы ғой көз жасым кепкені.

14.02.2000

ОРЫНДАЛҒАН АРМАН

Нұрғиса өтті өмірден,
Сұм ажал солай тандайды.
Бірақ та еркін төгілген,
Ән-күйі естен қалмайды.

Даланы маңғаз теңселтті,
Зор қайғы елді жылатты.
Сарыарқа сыңсып желдетті,
Ұлытау көзін бұлатты.

Солкылдап акты Жеті Су,
Қалғандай жетпей Балқашқа.

Қаралы желкен ілді ту,
Алатау құзарт әр тасқа.

Ел-жұртқа өксік үйді ғой,
Дүлдүлдің үстірт қазасы.
Сол кезде күймен түйді ой,
Артында жалғыз баласы.

Ұйқысыз түндер сарп еткен,
Асылдан қалған із еді.
Маңдайын ашып жарқ еткен,
Дінзухра атты қызы еді.

Екі ішек бірге мұңдасып,
Пернелер көзін сүрткендей.
Домбыра кетті сырласып,
Алладан тілек күткендей.

Әкесіне тартқандай,
Саусақтар нәзік, кішірек.
Жүрекке шырақ жакқандай,
Құлын-күй туды кісінеп.

«Орындалған арман» боп,
Күй төгілді бұрқырап.
Алтын тұяқ, тарлан көк,
Құлын-күй туды шұрқырап.

Әлі де тым жас бала ғой,
Әр үні ойлы, байсалды.
«Бір қағысы дара ғой», –
Деп тыңдаушы тамсанды.

Мақтауға күйі тұрардай,
Туыпты сөнбес дертінен.
Еркеғали, Тұманбай,
Бәріміз сүйдік бетінен.

Қазаға бір жыл өткенде,
Зиратқа тағзым етіп ек.
Ескерткіш ашып көктемде,
Бір толқуға жетіп ек.

Кім жүрер мәңгі жалғанда,
Естідік жаңа қарқынды.
«Орындалған арман» да
Сол жерде тұңғыш тартылды.

«Отырар сазы» жазды бой,
Оранып отты жасынға.
Біз кеттік,
Бірге қалды ғой,
Құлын-күй ойнап қасында.

01.04.1999

ҚАРШЫҒА, ТАРТШЫ «АҚҚУДЫ»

Әні Жамағат Темірғалиевтікі

Ағынға үнсіз бағындым,
Сарынға ғашық табындым.
Қаршыға, тартшы «Аққуды»,
Нұрғисаны сағындым.

Сағындым шуақ күлкісін,
Сағындым дана түр-түсін.
«Аққуды» тартшы, Қаршыға,
Ұшыршы қайта нұр құсын.

Саңқылдап аккумулятор тамсантайын,
Сылқымсып, сыңсып аңсатсайын.
Бебеулеп, желдет, балқытшы,
Қалжыратсайын, шаршатсайын.

Сұңқылдасын, сусатсайын,
Ерітсін бойды бусантайын.

Әлемде ғашық аккулар,
Аңсаған әнін бір тартсын.

Келіп тұр қос ішек бабына,
Шанақтан қағыт тағы да.
Сүйгендей аппақ тамақтан,
Оралтшы ғашық шағыма.

Тандантсын, қос ішек ұмсынтсын,
Махаббат маусым үн шықсын.
Қаршыға, тартшы «Аққуды»,
Нұрғиса күйі құлшынтсын.

19.03.2001

АЙГҮЛДІҢ КҮЙ ТАРТҚАНЫ

Өлі оянып,
Күш бітердей тіріге,
Әу дегеннен тартты қос ішек іріге.
Күйші қыздың
Қос жанары жарқ етті,
Баурап алды тасқын күйлер үніне.

Әр қағыстан
Құрманғазы қаулап тұр.
Дина анасы ақ батасын арнап тұр.
Ойға салып, толғандырса Тәттімбет,
«Аккулатты» Нұрғиса да жалғап сыр.

Әне, кетті қара шашы төгіліп,
Аруақ конды
Үн-құдірет өріліп.
Күй сұрапыл нән толқыны тасқындап,
Кетті сахна қайсар сазға көміліп.

Бірде кетті «Айжан қыздай» албырап,
Бүлкіл қакты «Сылқылдақ» та ән сұрап.

Екі ішекті еңіретті бір кезде,
Хас батырдай «Кісен ашқан» қансырап.

Құлақ түріп тындағандай бар ғалам,
Тасқын сарын бұлттай тынды жаумаған.
Күй де тынды,
Айгүл әрең сау калды,
Оттан шыққан аққу құстан аумаған.

О, ағын күй! Көкірегімнен жүзіп өт,
Тарта берсе тындар едім жүз рет.
Мактан етем ел дүлдүлі Айгүлді,
Наримандай өз досымның қызы деп.

2002

ҰЗЫНАҒАШТАҒЫ ХИКАЯ

Нұрағамыздың өмірден өткеніне бір жыл толғанда Ұзынағаштағы Жамбыл атамыздың қасындағы бейітінде ақтангер ұлына туған елі тамаша ескерткіш орнатты. Сол ескерткішті ашып әрі 75 жылдығын атаған салтанатта сөйлеп тұрсам, топ ішінде бір балаға көзім түсті:

– Шындық осы, естігем жоқ аңыздан,
Дөп түсті ғой қолға таза қауыз дән.
Беу, ағайын, көңілге алып мін тақпа,
Бір ауыз сөз шығып кетсе ауыздан.

Қайда барса қасында жұрт қаулайды,
Келіншектер оны, әрине, аулайды.
Әне біреу қалқан құлақ, салпы ерін
Сары бала
Нұрғисадан аумайды. –

Бұл сөзіме сақ-сақ күлді ағайын,
Тұманбай да бір сипады самайын.
Еркеғали «дұрыс» деді акырын,
Көзбен шолып дүр сілкінген маңайын.

Сонда топтан суырылып шығып бір сұлу келіншек тіл қатты:

– Ақын аға, сөз айттыңыз сенетін,
Әбестік жоқ, реті бар көнетін.
Нұрғиса ағам Жамбыл ата басына
Көбінесе қоналқаға келетін.

Көзіңіздің түскені жөн балаға,
Сөз таптыңыз түбі кетпес заяға.
Арман болмас тартып туса ұлымыз,
Нұрғисадай ел дүлдүлі данаға.

Сұлуларға көп қызыкса елдегі,
Мол еді ғой сазгер аға ермегі.
«Қалқан құлақ, салпы еріндер» көп болса,
Ол да Құдай осы ауылға бергені, –

дегенде жиналған халайық ду күлді. Енді тоқтадық-ау дегенде тағы да бір жас ару сөз жалғады:

– Неге сасып сондайдан сақтанамыз,
Біреуге ұксас бізді де тапты анамыз.
Дені сойқан
Нұраған сері еді ғой,
Ол қылығын сөкпейміз мақтанамыз.

Алғашқы рет көрсем де жерік қылдың,
Арнау өлең балқытып, еріп тұрмын.
Ұзынағашта аз емес «Жезкиіктер»,
Жиі-жиі, ағажан, келіп тұрғын.

Естіген жұрт күлкіге тағы да қарық болды. Сол сәтте жан сезімін былайша сипаттаптын:

Келіншектің жүзінен арай көрдім,
Нұрағам-ай, қалыпты-ау талай белгің.
Айтар сөзім аузыма түспей сонда,
Дариға мен Мәриямға қарай бердім.

Женді бірақ, тегі асау ақындығым,
Алғыс айттым туардай татымды үнім.
Қос аруға гүл бердім кезек сүйіп,
Жүрекке орап заты ыстық жакындығын.

Көзге оралса сондайда нелер белес,
Татымы бар таңдайға етер кеңес.
Қалқанқұлақ, салпы ерін сары бала,
Жан толқытып, есімнен кетер емес.

01.04.2000.

Ұзынағаш

ҚҰСТАР ӘНІ

Аққулар айдын көлде саңқылдайды,
Сүйсініп орман-тоғай ән тыңдайды.
Сырнайға кобыз үні қосылғандай,
Қоңыр қаз мың құбылта қаңқылдайды.

Көктемде аққу-қаздың әйбат әні,
Бойыңда жігер-қайрат қайнатады.
Тырналар қырға шығып тырауласа,
Сандуғаш сай-саланы сайратады.

Жаз келсе өзгешелеу ән тамады,
Дірілдеп судың беті жанданады.
Балалар қорғап қалған қарақұстан,
Ұшуға балапандар қамданады.

Күз келсе жылы жаққа құс көшеді,
Қоштасар туған жермен күн кешеді.
Нұрғиса Тұманбаймен әнге қосқан,
Құс әні, адам жаны бірлеседі.

Осылай «Құстар әні» қалықтады,
Адамдай арыз-назы анық бәрі.
Қоштасқан туған жермен аққу-қаздар,
Сағыныш канатында шарықтады.

10.03.2003.

Астана

РУХАНИ АЗЫҒЫМ

Тілендиев сүйсінтсе бар халықты,
Тілегі бір, тілі өзгелер қанықты.
«Отырар сазын»
Ойнақтатып Мәскеуде,
Ұлтын, жұртын жер-жаһанға танытты.

Сұлу саздың ашқан сансыз ажарын,
Дүлдүл қазақ құрды ән-күй базарын.
Көне аспапты
Көк аспанға көтеріп,
Төкпе, шертпе төкті сиқыр ғажабын.

«Тілендиев ұлттық алтын қазығым»
Десем бермес тыңдар көпке аз ұғым.
«Акку», «Аңсау»,
«Ата толғау», «Әлқисса» –
Жаным құштар рухани азығым.

1993

* * *

Өтті жылдар ән толқытып бір жүрер,
Ол күй тартса бітуші еді тың жігер.
Жарқын мінез, әзіл сөзге бай еді,
Тау қозғалса қозғалмасты күлдірер.

«Құстар әні» көкірегімде көктейді,
Ол «жаныңды жеңіл жанап өтпейді».
Кейде досты қоштастырмай әкетер
Тағдыр ісі көз алдымнан кетпейді.

1999

АДАМЗАТТЫҢ ҰЛЫ ЕДІ

Ағаны ойлап,
Аңсап кетіп күрсінем,
Шырт ұйқыда күй жетектеп жүр кілең.
Өнімде де,
Түсімде де ұққаным:
Нағыз қазақ аңқып тұр ғой ісінен.

Ол өнердің жан аямас құлы еді,
Жеті муза жүрегінде түледі.
Қазақ болып Алатауда туса да,
Асыл тұлға
Адамзаттың ұлы еді.

1999

НҰРҒИСА ЖАЙЛЫ ЛЕБІЗДЕР

Тихон Хренниковтың айтқаны

Сансыз керуен
Күй кешінде мығым іс,
«Құстар әні» – әмбеге ортақ сырымыз,
Тілендиев – тұнып тұрған музыка,
Шалқар дарын, нағыз үлкен құбылыс!

1984

Шота Уәлихановтың айтқаны

Күй саңлағы озық еді зердесі,
О, қазағым! Өлді деуге сенбеші.
Атқан таң мен батқан Күнді әнге орап,
Әр жүректе қалды өшпес бейнесі.

Тілге оралған іште сырым бар канша,
Кешті ғұмыр нағыз өжет тарланша.

Нұрғисаның ән мен күйі өлмейді,
«Жер бетінде жалғыз қазақ қалғанша».

1999

Әбіш Кекілбаевтың сөзінен

Кең жалғанның шын бақытты қонағы,
Күйі – мұхит,
Шалқар теңіз – мол әні.
Тілендиев десем болды көкейге,
«Ата толғау» жан толкытып қонады.

Жаса-жаса, үздік туған тарланым!
Мақтан етем
Ән-күйінді ақ жалын.
Беу, Нұраға! Кемелдігің кем түспей,
Құрманғазы,
Тәттімбетті жалғадың.

Кей таланттың кіре бермес түсіне,
Таңданамын сансыз өнер күшіне.
Құдай саған құя салған талантты,
«Бөліп берсек жетер қырық кісіге».

1992

***Молдаш Мұқатовтың
айтқаны***

Жасым кәміл сексен беске жетіпті,
Қайғы басар қайдан табам тетікті?
Нұрғисаның қош айтысар азасы,
Бүкіл қазақ өңменінен өтіпті.

Көзі көргіш біздей көне ескінің,
Сездірмейді құлағым да еш мінін.

Хабар естіп Көкшетау дүр сілкінді,
Сексен көлдің сыңсығанын естідім.

1999

Манап Қозыбаевтың айтқаны

Ұшқан құстай,
Ескен желдей сарыны,
Теңіз, дала –
Нұрғисаның дарыны.
Биіктеткен бүкіл қазақ өнерін,
Шалқар еді, ауқымды еді қарымы.

Дәлдеп айтсам
Сазгерліктің тәңірі,
Оған таныс дүние-дүрмек тамыры.
Көп пернені он саусақпен дәл басқан
Тамыршыны бүкіл әлем таныды.

1999

***Тұманбай Молдағалиевтің
айтқаны***

Дара туған
Нұрағамда арман жоқ.
Кең жалғанда бір тамсантты тарлан көк.
Бар қазақты кинаса да қазасы,
Ән мен күйін ешбір ажал алған жоқ.

Ол аспанда ұшқан құспен тілдесті,
Мың жылдық той етуші еді бір кешті.
«Жаз өмірін, мәз өмірін» ұзартып,
«Бауыр басқан» жүрегіміз бірлесті.

1999

Қайрат Байбосыновтың сөзі

Сезімі сұлу сазға өрнектелген,
Мол еді-ау ғаламаты теңдеп берген.
Күйі – аңыз,
Әні – сурет, ғажап еді,
Бір Алла өз қолымен мөрлеп берген.

Кетті ерте, әлі де көп керек еді,
Жүрекке зәмзәм болды берер емі.
Сикыры Нұрағамның туа зерек,
Телегей ақыл-ойы терең еді.

1999

Бекболат Тілеухановтың айтқаны

Тыншымасын, жүрек бүгін туласын,
Шырақ едің жанып тұрған нұрлы асыл.
Құлагердей пырақ едің Нұр-аға,
Енді өзіндей білем дүлдүл тумасын.

Қызықсам да тау беткейде мұнарға,
Қарап өстім сіздей дара шынарға.
«Жанымызды жылытып жүрер рухың,
Алдыңыздан жарылқасын бір Алла.

1999

Аманжол Қошановтың айтқаны

Жұқса да Жамбыл ата қай батасы,
Жан еді-ау
Дүлдүлдікке сай сапасы.
Әндері – бұл жалғанның ақиқаты,
Күйлері – қазағымның пәлсапасы.

1999

Қалтай Мұхамеджановтың сөзі

Тасыған өзен үн селі,
Өзіңмен кетті күй кені.
Ән төресі бір төбе,
Күйшінің болдың үлкені.

Сазгер аз сендей әлемде,
Әуезің мырза мәнерге.
Ертерек кеттің, досым-ай,
Жамбыл атама сәлем де.

1999

Балнұр Қыдырбектің сөзінен

«Балғабекке ұксамай,
Нұрғисаға ұсадың», –
Десе маған жұрт талай,
Сазгерлікті ұштадым.

«Өнердегі шын әкем»,
Алар ғибрат мол еді.
Жүрген жері – тәуекел,
Нағыз қазақ сол еді.

Тауға жетпес белеңдер,
Қамыс кімді қорғайды?
Ол – намысшыл кемеңгер,
Орны қайтып толмайды.

Қара жерге жамбасы
Тисе қазақ жылаған;
Даналардың жалғасы
Нұрағам – нағыз ұлы адам!

**Мырзатай Серғалиевтің
айтқаны**

Өзі де ұстаз,
Ұстаздарын сүйетін,
Бәріне де алғыс-бата үйетін.
Байқадамов, Төлебаев, Жұбанов,
Үшеуіне басын көптеу иетін.

Тілендиев – өз ғибраты мол кісі,
Мығым еді-ау
Терең ақыл, мол күші.
Адам деген ардақты атты ақтаған,
Оның биік бүкіл бітім-болмысы.

Мақта, досым,
Тағы да бір мақташы,
Қосылайық, мені де бір бапташы.
Нұрғисаны кім десеңдер айтайын:
Қазақ ән-күй ол тақтағы патшасы.

ҰЛЫ ТҰЛҒА

Жасынан көрсетпеді таланты аздық,
Жеңісін жете мақтап талай жаздық.
Нұрғиса адуын да тым күрделі,
Шындаған тарлан мінез талғампаздық.

Қамықсаң қанықтырар күйі сырға,
Жабықсаң бөлеп тастар үні нұрға.
Нұрағам қатардағы сазгер емес,
Мың жылда бір келетін ұлы тұлға!

1990

НҰРҒИСАНЫҢ МЕКТЕБІ

Күй төгілтсе саз нұрына малынып,
Сал табиғат тұрар дертке шалынып.
«Акку күйін» тартса сахна саңқылдар,
Ол мектеп қой,
Беу, өнерпаз! Қал ұғып!
Асыл ырғақ, сұлу сарын, өктем үн,
Танытады Нұрғисаның мектебін.

1999

ҰЛТЫМЫЗДЫҢ РУХЫН БИІК КӨТЕРГЕН

Сал домбыра маржан саздар табады,
Қосылады маң табиғат бар әні.
Екі ішекке
Сыйып кетіп бар ғалам,
Әр пернеден құстар қанат қағады.

Ән мен күйі жан-жүректі ұйытты,
Саз тілімен аша білді тұйықты.
Құрманғазы, Тәттімбет пен Біржан сал
Нұрғисаның кеудесіне сыйыпты.

Сол қазына еселеніп өтелді,
Ол кенелтті алыс-жақын жат елді.
Не десек те Тілендиев таланты
Ұлтымыздың рухын биік көтерді.

1999

ЕЛЕС ПЕН КЕҢЕС

«Толдым да болдым» демейтін,
Әр күнін жылға теңейтін.
Аруақ конған жан еді,
Аспанда құсты бөгейтін,
Қасында досты жебейтін.

«Қыз Жібек» баурап қарқыны,
Нұрағам талай шалқыды.
«Акку» күйін ол тартса,
Акку-қаз көлде балқыды,
Жағаға қарай қалқыды.

Үзім үн жайнап арайша,
Құлпырды аймақ сарайша.
Құс патшасы саңқылдап,
Телміріп қалдык малайша,
Шыдасын жаның қалайша?!

Күмбірлеп қос ішек құс ілген,
Аумады көрген түсімнен.
Нұрағама бір қарап,
Құдіретін, күшін түсінген,
«Ой, Алла», – деппін ішімнен.

2000

АБАЙ ЖӘНЕ НҮРҒИСА

Менің ән өлеңін жазатын ақындардан да, оны орындаушылардан да аузымның салымы бар. Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев, Мұқағали Мақатаев, Оспанхан Әубәкіров, Кәкімбек Салықов – бұлардың қай-қайсысы да қазақ поэзиясында өз орны бар үлкен ақындар.

Нұрғиса Тілендиев,
«Алыстан барамын жағадан».
«Парасат», №10, 1995

ТОЙ БАСТАЙЫҚ, АҒАЙЫН!

Абай ата, қабыл ет сәлемімді,
Соктықпалы сокпакқа дән егілді.
Егемен ел – жас түлек, Қазақстан,
Тойға әкелді жырқұмар әлемімді.

Сен көксеген
Қазақтың бекінді елі,
Туды достық су жаңа көпірлері.
Махаббат пен парасат қызықтырған,
Келді тойға Жер шары өкілдері.

Шаттық кернеп кең дала, еңіс, белді,
Ғибрат сөзің жаңаша жеміс берді.
Алты Алаштың бас қосып ардақтысы,
Түркі тектес бауырлар тегіс келді.

Ресейге, білетін тұңғыш шерді,
Татар бауырым қосылып тың күш берді.
Ортасында әлемге әйгі қырғыз,
Аты мәшһүр
Айтматов Шыңғыс келді.

Абайы бар қазақты кастерлеген,
О, меймандар! Күн құтты кең төрлеген.
Алғысымды ал, «Сыйға – сый, сыраға – бал»,
Ән мен күйім жаңғырсын көкке өрлеген.

Уа, данышпан! Қарышта, құз қыраны!
Жарқырасын парасат ізгі ұраны.
Бар әлемнің айтулы әншілері,
Күйшілері бұл тойды қыздырады.

Тау сілкініп, жер жайнап, қағылып қыр,
Ашық аспан, нұрлы күн табынып тұр.
«Отырар сазы»
Жасайды той бастауын,
Сұлу саздың үнінен ағылып сыр.

АБАЙДЫҢ ЕЛІ – БАР ҚАЗАҚ

Толағай шолып барласақ,
Торқалы тойды камдасақ;

Семейде Абай туса да,
Абайдың елі – бар казак.

Дербестік алсам тең тұрып,
Айкарам құшақ кең жүріп.
Абайдың елі – Алты Алаш,
Абайдың елі – Ер Түрік.

Ұлағатты күні ұлы істің,
Шарықтап, шалқып тырыстым.
Қазақ боп Абай туса да,
Данасы бүкіл Шыңғыстың.

Түгендеп бұта, бауымды,
Шақырдык дос пен бауырды.
Мейман етем Жер шары
Өкілі болар қауымды.

Есейді күшім, аңдасак,
Елдігім өсті, барласак.
Семейде Абай туса да,
Абайдың елі – бар казак!

1995

СЕНСІҢ ЕЛ ДАНАСЫ!

Салдың сөз сарайын,
Пайғамбар пенде боп.
Екінші Абайым,
Әзірше елде жоқ.

Ойлы сөз сан алуан,
Айтылды қаншасы?!
Ақын боп жаралған,
Сенсің ел патшасы.

Ғашықпен тілдесіп,
Сырлассаң мұң артып.

Жас ұрпақ бірлесіп,
Үндесті құмартып.

Туар деп сендірген,
Махаббат күн-айы;
Өзіңсің мен білген,
Ақындық құдайы.

Ерекше санасы,
Сенсің ел данасы!

Данышпан ақыным,
Кемеңгер ойшылым.
Сарқылмас ақылың,
Таусылмас мол сырың.

Тік сілтеп өтіпсің,
Дәл түсіп қармағың.
Түгендеп кетіпсің,
Бар қазақ арманын.

Шын сұлу, шын ғажап,
Асыл сөз еккенің.
Өтіпсің сен жасап,
Ақындық мектебін.

Көп зерлеп, кең айттың,
Ұлықтан ұрланбай.
Бәрін де сен айттың,
Біздерге дым қалмай.

Ерекше санасы,
Сенсің ел данасы!

1994

ӨМІР МЕН ӨҢІР

Арқат тау етегі
Ақ селеу, ақ қаудан.
Желбіреп өтеді,
Сыры көп жатталған.

Шыңғыстың көп шыңы
Алыстан қамалап.
Қинайды ел мұңы,
Жүрегін жаралап.

Қазақтың данасы,
Өң берді өңірге.
Жетектеп санасы,
Зер салды өмірге.

Өзін құл санайды,
Өлеңге жегілген.
Көз емес, қарайды
Көзі ашық көңілмен.

«Тасөркеш» көрінді –
Тоғжанның қыстауы.
Ерке наз төгілді,
Жайнап жер пұшпағы.

Сарқылмас тұнжырау,
Қам көңіл оңа ма?
Әйтпесе, шіркін-ау,
Ол Абай бола ма?!

1992

ӘЙГЕРІМДІ КӨРГЕНДЕ

Салған әні ақ қайнар көңілді екен,
Бейтаныс жан санай ма мені бөтен?..

Тоғжандай толкытты әуелетіп,
Не де болса, тәуекел, көріп өтем.
Ай-хай, арман! Ақ маңдай елік екен,
Пай-пай, шіркін! Әй... керім екен!

Ақшоқының нәр алып самалынан,
Сезім жеңді бойымды сан алуан.
Тостаған көз Тоғжан секілденген,
Есім кетті жарқ еткен жанарынан.
Шүкімән қыз санай ма мені бөтен,
Пай-пай, шіркін! Әй... керім екен!

Көк тұманға бойлаған кешкі желдей,
Талмауратты мас көңіл көпті көрмей.
Әуелетсе бұраң бел жалт қараймын,
Тоғжан салған таныс ән естігендей.
Ай-хай, арман! Көз тоймас көрік екен,
Пай-пай, шіркін! Әй... керім екен!

1995

АБАЙ ӘНІ

Абайдың әні – ай-аспан,
Арайлы таңның алауы.
Жөн сілтер жолда адассан,
Махаббат мәңгі жалауы.

Толқытар қашан таныссан,
Мейірбан дана жылылық.
Сүйіскен жүрек табысқан,
Абайдың әні – сұлулық.

Артықтау көріп бәрінен,
Ұлағат таптық ұлыдан.
Нәр алдық Абай әнінен,
Жаралдық Абай жырынан.

Көргендей парыз, зор міндет,
Әуенін әжем сақтаған.
Абайдың әнін білсін деп,
Жасымнан анам баптаған.

Абайдың әнін әр сұлу,
Өзіне балап бұлдайды.
Аспанға сыймай ай сұлу,
Айдында жатып тыңдайды.

Саябыр іздеп санамыз,
Қажыған кезде калжырап;
Саялы ғибрат табамыз,
Сабыр кыл деп азырақ.

Немереме Абайдың
Үйреткен күні бір әнін,
Әл бергендей арайлы үн,
Құмарым тарқап тынамын.

1995

ҚАЙРАН ҚАЗАҚ ДАНАСЫ

Ойы білгір,
Жолы ділгір,
Ашық еді-ау санасы.
Елді ойлады,
Жерді ойлады,
Қайран казак данасы.

Еміренді,
Тебіренді,
Шекті қанша қасірет?!
Шартарапты
Жалт қаратты,
Айтты ақыл, өсиет.

Жаны жара,
Сөзі дара,
Бойындағы салт басқа.
Міз қатпаған,
Тіл қатпаған,
Көңілі қалды жартасқа.

Мыңмен жалғыз,
Жасап тартыс,
Қайран дана зар қақты.
Көрген сұмдық,
Терген шындық
Шешім таппай шаршатты.

Дербестігім
Ел кескінін
Түзей алса қалайда;
Шын түсініп,
Бір күрсініп,
Аунап түсер Абай да.

1995

ҚОРҚАМЫН

Шаш ағарып,
Жас ұлғайса шошыған,
Мен емеспін зар қағатын қосып ән.
Қорқатыным...
Қайран қазақ тағдыры,
Үрейлі азап сығалаған қосынан.

Ел тонағыш
Есерлерден қорқамын,
Шен сайратқан шешендерден қорқамын.
Ойдан-қырдан ойран салған төріме
Қара ниет кеселдерден қорқамын.

Жаным сүймес
Жұмбақ сөздің жортағын,
Екі көзім көрген істі қорытамын.
Бүкіл қазақ болмасын деп осындай,
Көшедегі қайыршыдан қорқамын.

Болжамаған тар өткелдің сортаңын,
Жолықпасын қайран елге сор қалың.
Заты қазақ зәре-құтын қашырған,
Сайқымазақ даңғазадан қорқамын.

Қараң қалған алаңдардан қорқамын,
Құлқы тоймас сараңдардан қорқамын.
Айдап салған елді ру-жыруға,
Залым, кесел, арамзадан қорқамын.

Түлкі жортақ түрленгеннен қорқамын,
Тайралаңдап жүргендерден қорқамын.
Асыл арман дербестігім жасқантып,
Күле кіріп күңіренгеннен қорқамын.

Ауыздардан тұзы өртеген тортаның,
Жасқаншақтай шығармаймын шорқақ үн.
Шырылдаған шындық сырын айтпауға,
Абай ата аруағынан қорқамын.

1995

ТЕНТЕК ОСПАН

Той-думанда Тобықты еткен дастан,
Құнанбайың баласы тентек Оспан.
Жұрт жоқтаса Қодарды жылап-сықтап,
Ол: «Ойбай», – деп Абайды бірге қосқан.

Қақпақылмен үлкенді үңілтеді,
Шақпа тілмен кішіні бүгілтеді.
Томпаңдатып тоқалдан туғандарды,
Тазы көрген қояндай жүгіртеді.

Жігітке өш тұздығы татымаған,
Тартып туған әкеге батыл адам.
Қалыңдыққа барарда айтқаны бар:
«Қалыңдығы құрысын, катын алам».

Құласа да балшық жол шалшыктанып,
Қағып түсер аяқтан тартып қалып.
Адайсың ба, әлде сен Абайсың ба?
Оздырмайды кеткенді артыктанып.

Еркелетіп өзіндей елге қосқан,
Серігі көп тентектің өрде тосқан.
Қызға қырғын, құрбыға сүргін тисе,
Қырғи болып көрінді тентек Оспан.

Ерсі қылық көрсетіп етпес селтек,
Есер емес, ол тапқыр, есті тентек.
Өсе келе әйгілі Оспан болған,
Тентектердің тектісі нағыз еркек.

Бөлтіріктің білінсе қасқырлығы,
Таза тартыс, көрінбес «басқа ұрлығы».
Қайдан десең түбірі сол мінездің,
Жүрек жұтқан жігіттің тасқындығы.

1992

АБАЙ ӘНІН ҚЫЗ АЙТТЫ

Мөлдір, таза көктемде,
Көк көрпелі бөктерде;
Ақтардым жан тілегін
Жүрегім жылып кеткенде.

Көп шыдауға қалжырап,
Сүйгім келсе қазір-ақ;
Абай әнін қыз айтты
Сабыр қыл деп азырақ.

Сүйдім шәрбат тарады,
Көзіне моншақ тамады.
Қуаныштың хабары
Мың әуреке салады.

Көп шыдауға қалжырап,
Құшақтар ем қазір-ақ;
Абай әнін қыз айтты
Сабыр қыл деп азырақ.

Болды аймаққа жария,
Қос жағалы дария.
Қолка салдым сұлуға
Құрайық деп жанұя.

Көп шыдауға қалжырап,
Қосылар ем қазір-ақ;
Абай әнін қыз айтты,
Сабыр қыл деп азырақ.

1996

АБАЙ ЖӘНЕ ГЕТЕ

Адамзаттың заңғары Гете биік,
Киелі ұғым есімі кетеді үйіп.
Ғұламалық өресі зор акынға,
Поэзия төрі тұр жеке тиіп.

Гетеліктің таусылмас сыры калың,
Ол – ізгілік тәңірі бір ұғарың.
Фауст болып арыстан айға шапқан,
Әрекетін еске алсам шынығамын.

«Қараңғы түнді»
Абайдың қалғытқаны,
Ол – әлемді тебіrentкен нарды ұққаны.
Сабыр ет деп отырса өзді-өзіне,
Екі дана бір дертке шалдыққаны.

Бір сөзінен Гетенің мың сыр алып,
Абай әнін жүз айттық, мың тыңдадық.
Өзегіңнен өткенде мұң мен нала,
Көңіл ашар мәңгі үміт гүл-гүл жанып.

Парыз жүгі тебіренбей өтеліп пе,
Бастасаңшы, кылқалам, төтелікке.
Асқарала аманат, ғаламат бар,
Абай атам ұмтылса Гетелікке.

О, Тәңірім! Асылдан есе тигіз,
Жас ұрпаққа жан сырын жете білгіз.
Абай атам әр ісі қасиетті ғой,
Бізді үйретіп, болыппыз Гете сүйгіш.

07.07.1997

СОҢҒЫ ТАС

– Сұмдықты байқап
Жаныма конды наз алау,
Қиямет екен бейкүнә жанды жазалау.
Қара атанға мінгізіп, қорлап өлтірткен
Өсекшіл сұмнан
Қодар мен Қамқа тазалау, –

Деп тұрды Абай
Көргенде азап-мазакты. –
Жарамсак тірлік
Жалтаққа обал жасатты:
«Пәлекет кет!» – деп,
Жаскана қарап
Жексен шал,
Жақынын киып, Қодарға кесек тас атты.

Тым жас қой әлі,
Шыдамас жылдам толғанбай,
Саясат осы. Әрекет етер ол қандай?..

Жеркеніш билеп, Жексенді түйді желкеден,
Құнанбай сілтеп өлімге себеп болғандай.

Атына мінді,
Қалмады көптің қасында,
Көрмеген болды шайқаған әке басын да.
Балалық шақтан даналық жаққа жол салған,
Жарқ етті шырақ мөлт еткен тамшы жасында.

Лықсып, толқып,
Толтырып кетті көзді жас,
Дүние көркі тез бұзылып болды лас.
Елесі кетпей түршіктірді денесін,
Жексеннен жетіп, Қодарға тиген соңғы тас.

1993

ТОҒЖАННЫҢ ХАТЫ

Жаным құштар жан едің жер бетінде,
Сенің қайғың ізі бар келбетімде.
Жасыбайдан алыстап кете бардым,
Толқындарын қиғандай шерлі етуге.

Мың күн сынбай, қу шөлмек бір күн сынды,
Қара судай тұңғыық білдім сырды.
Есіркеуге шақырма, үміт артпа,
Есі бар жан білмесін біздің мұңды.

Қапа шектім өмірден көңіл қайтар,
Сана жетті бізге де негіз байқар.
Домбырамның қос ішегі үзілген жоқ,
Досым сол ғой тартқанда шерім тарқар.

Қай себеппен тағы да жолығасың,
Жолықпауға көндікті сорлы басым.
Қара қылды аттауға әлім келмес,
Сол көзімді оң көзім қорығасын.

Көп мәніс бар Алланың бұйрығында,
Ыстық жасын екі көз құйды құмға.
Ғашығы едім Абайдың деп өтермін,
Риза болып Тәңірімнің сыйлығына.

1993

«АЙТТЫМ СӘЛЕМ, ҚАЛАМ ҚАСТАН» БАСТАЙМЫН

Жігіт қызға өле ғашық тіл қатты,
Үміт артқан жан тілегін тыңдатты.
Олар үшін ән табылмас әлемде,
«Айттым сәлем, қалам қастан» қымбатты.

Осы емес пе сазды, назды сурет,
Сөз сарасы – жүрек жалғар құдірет.
Аймалашы аясында сол әннің,
Қайталашы, тым болмаса бір рет.

Айдын көлде теңселгендей нұрлы ағын,
Қайран көңіл тапсын көңіл құндағын.
«Қалам қасқа» сәлем айтқан әуеннен,
Екі ғашық түзеп алсын ырғағын.

Баппен бастап, баяу шырқап қарашы,
Тез табылар қаяу көңіл дауасы.
Махаббаттың әнұраны осынау ән
Десең болмас кәрі-жастың таласы.

Ән сал десең кідірмеймін, саспаймын,
Онсыз қайтпас жастай ынтық бар қайғым.
Жан қызуын, жар қызығын жеткізген,
«Айттым сәлем, қалам қастан» бастаймын.

1993

ҰЛЫЛАР ҰСТАЗ СЫЙЛАҒАН

*Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын,
Түбін ойлай уайым жеп айтқанмын...
Абай*

– Акымақ дана болмас төрлегенмен,
Қорқақтан батыр шықпас ер дегенмен, –
Депті Абай, – бар шындықты айтып өтем,
Қас-дұшпан қарсы кылыш сермегенмен.

Патша да тілін кеспес дөп айтқанның,
Дөп айтсам сөз қадірін молайтқанмын.
Бәрі де сенің зарың, қайран елім,
Өзімді ойлар күнді жоғалтқанмын.

Алдымда арыстарды кемітпеймін,
Жөн табар елде асылға елікпей кім?
Жақынды жат кылмандар,
Жаңсақ ұғып,
Өлең-жыр ірге тасын беріктеймін.

Даланың данагөйі Бұқар жырау,
Қақ төрде Абылаймен қатар тұр-ау.
Ол біздің кара қазақ камқоршысы,
Ханға да отты тілмен салар бұғау.

Шортанбай, Дулатқа да қадалмаймын,
Біріккен имек жолда адал қайғым.
Есті жыр ел мақсатын көп ойлантип,
Дертіне кара бастың камалмаймын. –

Молайса үлкендермен ырысымыз,
Оларсыз өнбес бүгін бір ісіміз.
Кем жерін кешегінің сөз етсек те,
Тірліктің түбін ойлар інісіміз.

Келгенде елге қыспақ жан-жағынан,
Мен неге сөз қудалап жай шабылам?

Даналар ойлап өтті елдің камын,
Жетілдім, жебеу таптым аруағынан.

Күлмедім қонды ғой деп қолға бақыт,
Жүрмедім таққа талас ордалатып.
Бір күні ажал оқыс әкетсе де,
Жатармын қара жерде ойға батып.

1993

ҚҰДАЙЫМ ДЕСЕМ ДЕ...

Абайдың сөзінде
Ұлылық ұйып тұр.
Ойлы ақыл-сезімге,
Бар мұңы сыйып тұр.

Сыр шекті лұғатты
Сара сөз – мөрімен.
Тақ-тұғыр ол тапты
Ақындық төрінен.

Бас ием көсемге,
Толтырған толмасты.
Құдайым десем де,
Артықтау болмас-ты.

Салтына анық зар,
Сан ұрпақ ұласты.
Мұхтардай алыптар
Абайсыз тумас-ты.

СЫРЫМДЫ АЙТСАМ АБАЙША

Өзімшіл әкім,
Білсеңдер затын,
Қалтасын мықтап толтырар.

Естіні байлап,
Есерді сайлап,
Ерпейген кімді оңдырар?
Түсінер осы мән-жайға,
Жүрегі таза жан қайда?!

Кебенек келді,
Керенау женді,
Ел ортақ іске ебі жоқ.
Ниеті зұлмат,
Бағасы қымбат,
Өзгені қайтсін өзі ток?
Алымқор, жемқор сертінен,
Қайтпайды ол ескі дертінен.

Бұзылды сәнім,
«Қайнайды каным»,
Ол жүр ғой шенге кенеліп.
Жинатпай есті,
Жас әкім бөсті,
Мактауға бекер бөленіп.
Қайғырмаймын мен неге,
Екі өмір жоқ қой пендеге.

Жөптеуші тым көп,
Жөнделген дым жоқ,
Жұқпалы көрдік індетті.
Ақылы қайда,
Таппай ма айла,
Ақтарып алған міндетті.
Ұнамай ма, ұнай ма,
Жетсінші даусым Құдайға.

Қанаты талмас,
Қармақта қалмас,
Айқаста туған адаммын.
Жүдеген ауыл,
Жұқарған қауым,
Қолына түсті наданның.

Келеді борыш ақтағым,
Әділет жолын сақтағым.

Ақындар үнсіз,
Шешендер тілсіз,
Өтеді-ау мінсіз ойкастап.
Демесін өлді,
Қулыққа көнді,
Көрейін жөнді ой тастап.
Сабырмен айтып шақтадым,
Баскаша амал таппадым.

1994

САЛШЫ, ҚАЛҚАМ, ТАТЬЯНАНЫҢ ӘНІНЕ

Татьянаны Абай кейде Тәтіш дейтін.
Әсет

«Махаббаттың құлы жас пен кәрі де»,
Сұлулыққа бас иеді бәрі де.
Толастасын, сағынышым азайсын,
Салшы, қалқам, Татьянаның әніне.

Шырқа, айтар арызым бар аңсаған,
Сүйіп едім, сүйемін деп жар салам.
Жетті бойға ғашықтықтың зар-уы,
Дертті жүрек дәру тапсын шаршаған.

Жаным жадау, мен пендемін мұң артқан,
Қайта оралмас кешегі өткен күн арттан.
Салшы, қалқам, Тәтіш қыздың әніне,
Жарқ еткендей ақ дидары құмартқан.

Қайталашы, әсем, сұлу ырғағын,
Бір шайқалсын тұнып жатқан сыр қалың.
Үзім үнің аумады екен сол қыздан,
Келіп отыр қайта-қайта тыңдағым.

Еске алайын балғын шақты маужырап,
Көп қинама қамыққанда хал сұрап.
Салшы, қалқам, жаным құштар ырғаққа,
Сағыныштан отыр едім қалжырап.

Кербез әннен бойға ұшқын тарады,
Әсем саздан жетті аңсаған хабары.
Салшы, қалқам, Татьянаның әніне,
Ғашығыма көзің ұқсап барады.

1995

ДАНАЛАР СҮЙГЕН ЕСІМДЕР

Қазақта есім аспас Әйгерімнен,
Мін тапсын кербез қыздың қай жерінен?..
Көргенде Шүкімәнді Абай атам,
Көзіне елестепті ай керілген.

Орыста Татьянадан есім аспас,
Құдайдың сүйген құлы тегін баспас.
Қазақта Тоғжан деген ат тамаша,
Екеуін мен өзімше көрем аттас.

Пушкиннің таңданғаны Анна Керн,
Жан екен артық туған ару керім.
Абайдың Тоғжаны секілденіп,
Тең бөлген махаббаттың мұң мен шерін.

Көргендей қиял-ғайып шың белесін,
Ұрпаққа сабақ болар бұл кеңесім.
Адамға нұрын шашып тұрады екен,
Ғаламда данышпандар сүйген есім.

1998

ҚОСЫЛАЙЫҚ «КӨЗІМНІҢ ҚАРАСЫНА»

Абай әні – шалқыған айдынымыз,
Айтып-айтып басамыз қайғыны біз.
Қосылмасак «Көзімнің қарасына»
Қызық өтер тойлы ауыл қай күніміз?

Елтіп, балкып, тебіреніп емделеміз,
Дерт жүдеткен жүрекке дем береміз.
Токсан өлең бір кеште шырқасак та,
«Абай әнін айтайық», – дей береміз.

«Санасы, – деп, – көңілімнің» салайын ән,
Жел сөзі көп жасқанба ағайыннан.
Тоғжаннан аумаған Әйгерімдей,
Айналайын, ақ маңдай, арайыңнан.

Асыл әнге баурасаң аңсағаным,
Бала күндей қол созып қарсы аламын.
Қосылайық «Көзімнің қарасына»,
Сағыныштан басылсын шаршағаным.

1995

ПУШКИН МЕН АБАЙ ҚҰМАР ЖАН

Мен бір пенде шексіз керуен мұң артқан,
Сенсің сонда мың катерден шығартқан.
Салшы, қалқам, Татьянаның әніне,
Сүйсінейін дидарына құмартқан.

Еске алайын жас күнімді маужырап,
Уақыт өтер, көп қиналма хал сұрап.
Талмауратшы Татьянаның ырғағын,
Сағыныштан отыр едім қалжырап.

Айтылмаған арыз, назым бар саған,
Сүйіп едім, сүйемін деп жар салам.

Қандай жақсы сенің барың әлемде,
Бір мені ойлап Татьянадай аңсаған.

АБАЙТАНУ ҮЗІМІ

Күңіреніп кейде күрсінген,
Бір жылап, шапшаң қайтудан.
Бастады-ау сөзін Абайым,
Өз мінін өзі айтудан.

Сүймеді жортақ маймақты,
Сөз семсер жүзін жайнатты.
Тобықтыда ез көрсе
Тобықтан соғып жайратты.

Мысқылдың айтты төтесін,
Көрсетті сынның көкесін.
Жотасы қалың дөкейдін
Сокқыға салды шекесін.

Білмеді елді жіктеуді,
Қалмады мұңы бүктеулі.
Қайыспас қанша артсаң да,
Қара нар белі жүктеулі.

Дербестік алса ел бүгін,
Абайды тыңдар келді күн.
Өзіңнен баста, ұлықтар,
Түзетем десең ел мінін!

1993

ЖИДЕБАЙДАҒЫ КЕМПІРҚОСАҚ

Жаңбыр өтті...
Қырдан асып үлгерді,
Бұлтсыз аспан әудем сәтте түрленді.

Қара бұрым, күміс шолпы тағынған,
Жамылды ма сұлу үлде-бүлденді?

Кемпіркосақ – жеті жалау тамаша,
Желбіреді сыр ашқандай жаңаша.
Тұрды Абай...
Сал табиғат тілдесіп,
Баяу жайнап ояу көзбен қараса.

Назар салды,
Ақшыл, қызғылт, жасылға,
Көп үңілді көзі көкшіл ғасырға.
Жеті жолақ, жеті тармақ жыр төкті,
Жүректегі жеті толқын асырға.

Осындайда ой түседі не түрлі,
Толғандырды, бойдан тағат кетірді.
Елестейді...
Тоғайды өрлеп Тоғжан
Абайды іздеп бара жатқан секілді.

Аспан-көктен
Үнсіз сұхбат құрасып,
Тау аралап көкірегі қыр асып,
Тұрды дана...
Кербез дала, кең аспан,
Зарлы жүрек бар әлеммен ұласып.

Жеті өрнек жатты қолмен өргендей,
Құлақ асты көк аспанды белбеулей.
Тұрды Абай...
Құшақтасар, кездесер,
Сәтті сағат құтты жолын көргендей.

1995

АБАЙДЫҢ ТАБИҒАТПЕН ТІЛДЕСКЕНІ

Орман, тау алыстан,
Қол созса тілдесіп;
Отырды данышпан,
Жер-көкпен бірлесіп.

Айтпайтын әркімге,
Ажарлап маңызын.
Актарды ай-күнге,
Ішқұс та арызын:

– Алтын күн аспанда
Мен жүрсем сен болып;
Төгер ем әр жанға,
Сәулемді тең бөліп.

Мың келіп тәубаға,
Қисам да жан үзім;
Жетсінші Аллаға,
Арналған арызым.

Айтармын кімге дау,
Елде оңған тұрмыс жоқ.
Бір қазақ тумады-ау,
Ескендір, Шыңғыс боп.

Маң дала шайқалды,
Өткен соң Абылай.
Ақ патша айқарды,
Адам деп танымай.

Тайғақ жол шырғалаң,
Жан едім шаршатқан.
Құтқаршы, қу заман,
Шен-шекпен, мансаптан.

Тік сөйлеп, сак жүріп,
Өлеңмен өтермін.

Дерт пен серт күйдіріп,
Өртеніп кетермін.

Асау жел дамылдап,
Жер тыңдап досындай;
Абайдан табиғат
Наз ұқты осындай.

1995

ТОҒЖАННЫҢ НАЗЫ

Жан жарың едім,
Сен – барым едің.
Қас-дұшпан бізден
Алды бар кегін.

Бәрі де бекер –
Татқан бал-шекер.
Жүректің дерті
Шипасыз өтер.

Көңілде – түнек,
Сөнді асыл тілек.
Маза бер, жаным,
Токтап кал, жүрек.

Алыстап арман,
Қанатым талған.
Көрінді андай,
Адасып калған.

Арманым едің,
Мен – барың едім.
Өтермін ансап,
Біткенше демім.

1995

АБАЙ НАЗЫ

Бір қызығым шектелді өмірдегі,
Одан артық көксейді көңіл нені?
Ләззат, рахат, бақытым алшақтады,
Өткен уақыт қайыра шегінбеді.

Атқан таңдай нұр шашқан Тоғжаным...
Торы қалың тірліктен торығамын.
Талмаураған құшақтап аш беліңнен,
Енді қашан...
Жаным-ау, жолығамын?..

Аққу кетіп айдынға құрак толды,
Саған жетер кім болжар ұзак жолды?
Бөтен елге сен кетіп,
Мен қалғаным,
Еңлік пен Кебектен ұят болды.

Кеш аңғардым
Тағдырдың шерлі еткенін,
Бекерленді бекініп ержеткенім.
Тастап қана кетпеппін,
Бір сен үшін,
Билік берген беймаза шен-шекпенін.

Жылдар жылжып барады ескен желдей,
Ауырлады алда күн,
Кетсең келмей.
Қамыс басы селк етсе жалт қараймын,
Сенің шолпы сыңғырың естілердей.

Сұлу қайда тап сендей шырайы күн,
Әурең болдым.
Ғафу ет, кінәлімін.
Жасқанғанша
Жан киып кетсем етті,
Құшағында махаббат құдайының.

Түс көрсем де сені ойлап санам толып,
Жат жұрттықты жасырын барам шолып.
Бір кездесу болар деп үміттенем,
Есен жүрсем жер басып адам болып.

Көкірек толы
Көк теңіз – күйік екен,
Кешкі ауылдың шығып тұр үні бөтен.
Дәм-тұз жазбай
Амалсыз айрылсақ та,
Көз жұмғанша мен сені сүйіп өтем.

1993

АҚЫНДЫҚ ПАЙҒАМБАРЫ АБАЙ АТА

Әні Нұргиса Тілендиевтікі

Ақындық пайғамбары Абай ата,
Айтқаны ақыл-кеңес әрі бата.
Осылай Жамбыл атам бағалапты,
Сыр шертіп, жыр төккенде ағындата.

Қайырмасы:

Өлеңдей қара сөзі жарасымды,
Терең ой өтті кешіп сан асуды.
Білмейді заты қазақ өнерпаздар,
Абайлық дана жолдан адасуды.

Қайырмасы.

Деместей тірі пенде қалай ұғар,
Нұрлы сөз жан баураған арайы бар.
Қазағым шын бақытты ел екен ғой,
Патшасы ақындықтың Абайы бар.

Қайырмасы.

1992

ӘЙГЕРІМНІҢ АЛҒЫСЫ

Әні Нұргиса Тілендиевтікі

Жұлдыздар көкте жанғанда,
Бұлбұлдар әнге салғанда;
Биледі бойды қуаныш,
Серттескен жерге барғанда.

Тансығын жүрек тапқанда,
Үмітім шырақ жакқанда;
Тар құшақта көз тақап,
Құлшындым шәрбат татқанда.

Аялап сүйіп алғанда,
Тынысы көкірек жарғанда;
Балқыдым, күйдім, өртендім,
Жеткендей жаным арманға.

Мезетте сүйіп мактаған,
Теңеу жоқ дәлдеп таппаған.
Шығып та кетпей шыбын жан,
Құдайым қалай сақтаған?!

Рахаттан құшақ талғанда,
Ләззатқа құмар қанғанда;
Асқақтап, шалқып, әндеттім:
– Махаббат бар! – деп жалғанда.

Ұшырдым толқып жан құсын,
Абайға жүрек алғысын.

1994

ӘЙГЕРІМНІҢ ӘНІ

Әні Нұргиса Тілендиевтікі

Қызығып жерге ай туды,
Сызылып өзен, сай күлді.

Үздігіп бұзбай антымды:
«Абайым, – деймін, – Абайым».

Көрмесе болып шерменде,
Сағынып аңсап келгенде;
Ырқына көніп ергенде:
«Абайым, – деймін, – Абайым».

Төгіліп сөздің сарасы,
Ән болып көздің қарасы;
Жазылып жүрек жарасы:
«Абайым, – деймін, Абайым».

Өрбісе өсек жаласы,
Сенбеуін жатқа қарашы.
«Адамның асыл данасы
Абайым, – деймін, – Абайым».

Шарбатқа елтіп күлемін,
Ләззатқа балкып түледім.
Алладан жалғыз тілегім:
«Абайым, – деймін, – Абайым».

Жүрекке сәуле құйылып,
Тағдырдан бақыт құйдырып;
Ішімнен үнсіз сыйынып
«Абайым, – деймін, – Абайым».

1992

ЕРКЕ БАЛА

Әні Нұрғиса Тілендиевтікі

Аспанда самғап калықташы, еркем,
Жалықпашы жетсең ғарышқа.
Абайдай асқак шарықташы, еркем,
Еркеле, жүрсең де алыста.

Қайырмасы:

Еркелеші маған,
Еркелетсін заман,
Жұлдызым ертерек жайнасын.
Еркелеші күнге, еркелеші гүлге,
Еркелік жоғалып қалмасын.

Болмасын, еркем, болашағың сараң,
Сарғайтпасын арман жоғалып.
Бұйырсын ұшқын Абайлықтан саған,
Қазақшыл әуендер оралып.

Қайырмасы.

Дүлдүлдер өтер өршеленіп өрден,
Ұмтылады төрге бесіктен.
Күтемін сені қиялдаған жерден,
Өкініш өртейді кешіксең.

Қайырмасы.

1992

ЕРКЕ СЕРІ

Нұрғиса Тілендиевке

Әні Мыңжасар Маңғытаевтікі

Алматыда асыл ағам бар менің,
Қарандаршы құштарлықтың пәрменін.
Алты алашты күйге бөлеп бір өзі,
Тербетеді таскындатып ән селін.

Қайырмасы:

Әрі шындық,
Әрі сикыр, әрі аңыз.
Әннен шуақ,

Күйден шуак,
Күйден жұмақ табамыз.
Бірнеше жүз
Қыз-бозбала қасында
Ағамызды ерке сері санаңыз.
Ол кім десең осынау саңлақ нұрлы абыз,
«Отырар сазын» қайта-қайта тыңдаңыз.

Жаны дүлдүл, қажу білмес тарланым,
Дархан тірлік күймен айтқыш бар мәнін.
Көкірекке сұлу сазы нұр құйса,
Тыңдаған жан аялайды арманын.

Қайырмасы.

Әнін шырқап аққу-қазы даланың,
Көркейтеді саржайлауын сананың.
Бүкіл елді бір ырғақпен билеткен,
Қандай қызық еркелігі дананың?

Қайырмасы.

БҮКІЛ ӘЛЕМ ЖАН СӘУЛЕМ БОП КЕТКЕНДЕЙ

Әні Балнұр Қыдырбектікі

Жан құлшынар «Жан сәулемді» айтқанда,
Қайталаймын қоңыр кеште, ақ таңда.
Аңсағаным көз алдыма келеді,
Әннен шәрбат, әннен ләззат татқанда.

Қайырмасы:

Арналғандай бір маған,
Таң калғандай бұл ғалам.
Ән шалқытқан,

Бой балкытқан,
Жан толкытқан бір адам,
Ол – Нұрғиса, Нұрағаң!

Көкірегім қоңырау какқан секілді,
Ойдан кетпей, бойдан тағат кетірді.
Менің мөлдір махаббатым ұялшак,
«Жан сәулемді» айта-айта жетілді.

Қайырмасы.

Бакыт құсы ән боп ұшып жеткендей,
Бүкіл әлем жан сәулем боп кеткендей.
Сүйсінемін «сүйдім» деген жалғыз сөз
Жүрегімнен жүзіп қана өткендей.

Қайырмасы.

КҮЙ-АҒА, НҰРАҒА

Әні Алтынбек Қоразбаевтікі

Сазгерлік әлемнің сәні де сен,
Сарбазы, саңлағысың әрі көсем.
Нұраға, жер бетінде есен жүрген,
Қазақтың асыл күйі, әні де сен.

Қайырмасы:

Әулие Қоркыт ата ұранысың,
Күй-аға, Нұраға.
Сазгерлік әлемінің қыранысың,
Ән-аға, Нұраға.

Әсем саз от-найзағай жасынысың,
Туған ел жүрегінде асыл үнсің.
Жаңғыртқан «Отырар сазы» өткенімді,
Бүгінгі әрі жаңа ғасырымсың.

Қайырмасы.

Күн күліп, жан толқытқан таң самалы,
Секілді естіген жан тамсанады.
Нұрғиса деген сөзден күй төгіліп,
Нұрғиса деген сөзден ән тамады.

Қайырмасы.

06.04.1995

ШӘКІРТІҢ ТҰР ӘН САЛЫП

Әні Сағат Кәртеңбаевтікі

Нұраға...
Сені қатты сағындым,
Наз төгілтті сағым күн.
Жыр тасқындап жүректен,
Толкып ән боп ағылдым.
«Ата толғау» ағынды,
Жер мен көкте самғады.
Сырмай-керней сарынды,
Аққуларың жалғады.
Бар казакты баураған,
Күй төресін арнады.
Нұраға...
Күй төгілтіп, шырқап ән,
Қосылғандай гүлді алаң.
Жас жігіт тұр сен баулып,
Мандайынан сипаған.
Аскак күйің даңқы асқан
Естен мәңгі шыкпайды.
Дауысыңа саңк еткен,
Құстар әнін жұптайды.
Саған айтсам жан сырын,
Туған елім құптайды.

Нұраға...
«Құстар әні» алыста,
Бара жатыр ғарышта;
Асыл аға, жан аға,
Жұлдыз болып ғарышта.
Қандай ғажап әуені,
Туған елді жайлаған?!
Сағыныштың сәлемі,
Бұлтқа қанат байлаған.
Шәкіртің тұр ән салып,
Сағынышын арнаған.

30.08.2003.

Алматы

«АҚҚУ» КҮЙІ

Аккөлге құстар келді жаркыл қағып,
Құлын-тай билеп кетті қаркынданып.
Күйлерін Нұрғисаның күйкылжитты,
Аккулар сырнай-керней саңкыл қағып.

Қайырмасы:

Дүние күй-толқынға көмілгендей,
Қайтейін ғаламатқа көңіл бөлмей?
Жарқ етті ақ қанаттар арасынан,
Күлімдеп күй патшасы көрінгендей.

Ұйқыда көрген түске табыныш па?
Өңімде құс-сезімге бағыныш па?..
Елеске сыңар акку елеңдесе,
Малшынып мен де кеттім сағынышка.

Қайырмасы.

Ақ самал, шырын саумал есті жел де,
Үн қалды талмаураған кешкі көлде.

«Отырар сазы» ма деп қайран қалдым,
Ақкөзде «Аққу» күйін естігенде.

Қайырмасы.

20.10.2003.

Астана

КҮЙ – ЖҮРЕКТІҢ ЛҮПІЛ

ҚОРҚЫТ АТА

Қорқыттың тегі – түрік, ұлты – қазақ,
Баршаға бақыт іздеп шекті азап.
«Жерұйық жасаймыз», – деп туған жерді,
Қылқобыз беу-беулеткен үні ғажап.

Желісін бұзбай өтер ұзақ күні,
Желмая мінді оздырмас тұяқтыны.
«Өлімнен қорғаймын...» – деп қиялдады,
Адамдай ақыл кені зияттыны.

Кер маздақ, қоңыр боздақ күйі жалын,
Ақтарса көкей кескен мұңын қалың;
Есімі аңыз-дастан қайран бабам,
Ел-жұрттың ойлап өтті мүшкіл халін.

Қорқыт – күй, мәңгі толғау тынымы жоқ,
Нұр шашқан сан ғасырға жылуы көп.
Ажалмен арпалысқан сиқыр сарын,
Сакталды асқақ арман тұнығы боп.

КҮЙ АТАНЫҢ БАСЫНДА

Беу, ағайын!
Қаумаламай тұра тұр!

Күй жұлқынсын басын көпке бұратын.
Құрманғазы «Серперлетсін» тағы да,
Даулы күнде дауылдатқан сұрапыл.

«Ақыл – жастан, асыл – тастан»,
Күй – ойлыдан туады,
Күйді оятты бұл жалғанның
Бұркасыны, шуағы.
Тығырықтап тіл бұғанда замана,
Күй кемеңгер көкірегіне тұнады.

Күй – білікшіл ата-баба ұраны,
Күй – жүректің сазды, назды шырағы.
Күйші деген көлге қонған құс емес,
Ол – ақиық, сайын дала қыраны.
Ақындарға таңсық екен кашанда
Қырандардың тұрағы.

Құрманғазы десең жүрек шыр алған,
Өр киялдан біздің арман құралған.
Беу, Күй ата! Келдік бүгін басыңа,
Шаттық кернеп
Шығайық деп құмардан.

Сөз данасы Абайымдай сергек тіл,
Саз данасы болдың асау өрнекшіл.
Қарт Каспийден аумады екен мінезің,
Күні-түні дамыл таппай дөңбекшір.

Кемең де бар ат-арбадай қайығың,
Еділ – Жайық дабыл қосқан бай үнің.
Қос дария толқындары косылған,
Күйге кандым тапқан шексіз жайылым,
Мәңгі жимас айылын.

Кең тарапты терең қыртыс өрнегің,
Атырау, Актау – ордасы күй көрменің.

Ән салмайтын пендесі жок Көкшедей,
Күй тартпайтын сау жігітті көрмедім.

Алатауды, Қаратауды білесің,
Ұлан-ғайыр рухани үлесің.
Бірге жылап, елмен бірге күлесің.
Сенің күйің жебеп-демеп құлшынты,
Желтоқсаншыл батырлардың күресін.

Сен дегенде шығармайды
Тәттімбетті ел естен,
Халкым сүйген дүлдүлсіңдер тел өскен.
Екі ішекке ақыл-ойды жиысып,
Қандай ғажап төкпе, шертпе кеңескен?!

Күйге құмар елде жас пен кәрі де,
Бірлік туын алар күйден әлі де.
«Сарыаркалап», «Саржайлаулап» жетеміз,
Қай заманда «Көкейкескен» әріге.

О, Күй ата!
Заулат, құйғыт, бас күйге!
Егемен ел қосар екпін жас күнде.
Дауылпазсың
Қайнатқанда ыза-кек,
Қара жардан
Қарғып түскен Каспийге.

ТӘТТИМБЕТТИҢ НАЗЫ

Дертіне махаббаттың ем табылмас,
Болдым ғой сені іздеуден мен жаңылмас.
Сұлу саз отты әуезбен өзек жалғар,
Еркелеп қос бұлақтай келді ағындас.

Мұң-нала көңілімде екі көлік,
Басылар кашан ғана сені көріп?

Сұм тағдыр катал екен ғашықтарға,
Жіберген екеумізді екі бөліп.

Қалың шер көңіл төрін көл қылыпты,
Кездесер көп аңсаймын жолды құтты.
Елді ойлап, ғашықты ойлап, көкірекке
От сезім күй толқынын толтырыпты.

Алдымда сен жарқ етер ынтық сенім,
Басылмас тоқтағанша ыстық демім.
Құшыры жеңіл қанбас құшаққа алып,
Келеді ақ төсіңді құшқым сенің.

Бір көрмей кері қайтпас сертім батыл,
Емдерсің жалғыз өзің дертімді акыр.
Сағыныш өкінішпен қабаттасып,
«Сылқылдақ» жүрек шетін шертіп жатыр.

КҮЙ – ЖҮРЕКТІҢ ЛҮПІЛІ

Қайда жаңа иірімдер сыр шешкен,
Өмірді айтып болашақпен үндескен.
Қайырымдар, жан баураған қағыстар,
Көңіл кілтін ашып жылы тілдескен.

Дария-шалқар тоғыз толқын ағыстар,
Құлагерше өрде қызған шабыстар.
«Кісен ашқан», «Түрмеден қашқан» сарындас,
«Қалмақ қырған» кек кернеген намыс бар.

Ашық түндер, ғашық жұлдыз сырласқан,
Құс жолымен жөн сілтеген нұрлы аспан.
Аз емес қой ырғақтары бар қазақ,
Ауыр күнде сабыр сақтап мұңдасқан.

«Сарыарқалы», «Саржайлаулы» тың маусым,
Хан Кененің жан азасын тыңдарсың.

Қамыққанда күй тындашы, досым-ау,
Өзінді-өзің Махамбетше шыңдарсың.

Махаббатшыл күй – сағыныш жаңбыры,
Ата-баба күйде айкын қалды үні.
Күй – қазаққа біршіліктің ұраны,
Арман, назы күй – азаттық даңғылы.

Күй – кос жүрек үн байлаған үкімі,
Күй – жас отау тұзу шыққан түтіні.
Күй – азаттық таңы атқанда толқыған
Барша қазақ жүрегiнiң лүпілі.

ТҰРЫСБЕККЕ

Ұлы адамның ұрпағы атың машық,
Хат-хабармен жүруші ек ақылдасып.
Тәттімбеттің қыр-сырын
Жырға орасам,
Көрмей жүріп, кетіппін жақындасып.

Міне, бүгін құлшынтсам үмітті өрге,
Тұрмын бірге қасиетті кіріп төрге.
Акселеу мен Тұрысбек ақыл қосқан,
Алғыс айтам ақ тұйғын жігіттерге.

Біреу көрсе сағынған ағасындай,
Біреу анық көз салды дара шыңдай.
Өзім тұрдым
Тәттімбет ауылында,
Алыс жолдан оралған баласындай.

Жан шырағын жаққандай
Жолым ұзақ.
Күй сазына қанықтым толығырақ.
Әр жанардан нәр алдым, Тәтті бабам,
Ұқтым сонда бейнесін анығырақ.

Мұң мен шердің жетектеп аралына,
«Көкейкесті» ой салар саналыға.
Кенесары өлімі өкінткендей,
Жалғасады жүрегің жаралыға.

Тына қалса көпшілік кешкі желдей,
Күй толқыны тепсініп көшті сендей.
«Саржайлаудың» сүйсіндім сен тартқанда
Жетпей жүрген бір жерін естігендей.

Теңдігі үшін, қазақтың елдігі үшін,
Аруак жебеп артқыға берді күшін.
Тәтті бабам толқытқан күй-теңізін,
Шық тамшының сен де бір мөлдірісің.

«ГӘККУ» МЕН «ГАУҢАРТАС»

Құлпыртса нәркес гүлді гүл,
Тірі жан қалай тамсанбас?
Қос бұлбұл – Күләш, Бибігүл,
«Гәкку» мен асыл «Гауһартас».

Бір ғасырдың басы мен
Әнге ораған аяғын.
Түрленткен екі асылмен
Асқақ ән өмірбаянын.

Тәтті әуен ашса түндігін,
Жарқылын байқа ғажаптың.
Күләш пен біздің Бибігүл –
Қос жұлдызы қазақтың!

Ән жебесе әр ұлтты,
Мән беріп дербес мәнерге;
Қазақтың үнін танытты,
Қос сандуғаш әлемге.

Ән-күйсіз өтпес бір күнім,
Шарықтар нұрлы-сырлысы.
Бүгінгі Макпал дүлдүлім –
Қос жұлдыздың сіңлісі!

Еліме атқан арай таң,
Шалқыса жебеп бірлігім;
Туады әлі талай сан,
Жас Күләш, сәби Бибігүл!

Тотылар сайрап әлі де,
Жалғасар әсем ән кеші.
Төгіліп тұрар бәріне,
Қос жұлдыз жаркын сәулесі!

ТӨЛЕГЕН МОМБЕКОВКЕ

Күйге құмар адамдардың жүрегін,
Бір емес-ау, мың жарылқап жүр едің.
Сен де аттандың баки жаққа, жан аға,
Тірі жүрген дүлдүлдердің бірі едің.

Жүрек жалғап ойлы, мұңлы көп үнге,
Өң беріп ең бүкіл байтақ өңірге.
Бір жұлдызым ағып түсті аспаннан,
Шертпе қоңыр күмбір тастап өмірге.

Өнерлі едің аңыз, дастан, қиялдай,
Қалды-ау, шіркін, сал домбыраң бұралмай.
Тәттімбеттің аңсап алтын тұяғын,
Тұрмын ыстық көздің жасын тыя алмай.

БОШАЙДЫҢ ҮШ ҚАРАСЫ

«Бұланқара», «Құланқара», «Желмая» –
Үш караға ұшкын қосты кең дала.

«Желмаясы» шапқын жорға, су жорға,
Қос қарадан озар жонда жел ғана.

Үш бәйгеде үш қараның таласы,
Дес бермейтін үш сәйгүлік дарасы.
Құлагердің мұрагері атанды,
Алтайдағы Бошайдың үш қарасы.

«Бұланқара» – аламан бәйге қырғыны,
Қылшығына шаң тигізбес күн нұры.
Оза тартса жер мен көкті жалғайды,
Құйындатқан қырдың кара тұйғыны.

Артта калса алғы топтың түйдегі,
Кең көсілер кара жебе сүймені.
Төрт тұяқтың дүбірінен естілер,
Құрманғазы «Серперлеткен» күйлері.
«Құланқара» жас құландай желігіп,
Топты көрсе дара кетер бөлініп.
Атқан октай ағындаса жануар,
Қылаң қағар Құлагердей керіліп.

«Желмаясы» төкпе жорға тайпалған,
Бипыл-типыл кара түлкі жайқалған.
Әр қимылы терісқақпай секілді,
«Көкейкесті» ырғағымен қайтарған.

Дана бапкер үш қараны зор қылған,
Ғашық болды үшеуіне той-думан.
Бошекеңнен сабақ алсын кей мырза,
Бабын таппай шын жүйрікті қор қылған.

ҒАЛЫМНЫҢ «ЖЫНДЫ ӘБЕНІН» ЕСТІГЕНДЕ

Кей жасықты мәймөңке мұңды қылып,
Кей пасықты көмпітіп кұнды қылып;
Беу, заман-ай! Жібердің елімдегі
Кей саңлақты дым білмес «жынды» қылып.

Дүбір-дүрмек төңіректі мазалатты,
Біреу шекпен, әлдекім жаза тапты.
Сол дүрбелең ішінде, акын інім,
Жабырқаған жүректі тазалатты.

Аңғал екен жасқанбас жас қырандай,
Терең айтты керенді састырғандай.
Ауылының құндысын, «жындысын» да,
Қосты өлеңге жан төрін аштырғандай.

Құндысы кім? Сондағы «жындысы» кім?!
Сыры сұмдық сәмғаған жыр құсының.
Қасақана «жынды» боп жүрген дүлдүл,
Атқарыпты міндетін мың кісінің.

Жігіт мылқау келеді ұқпай тыңдар,
«Жынды» десе жеп-жеңіл құптайсыңдар.
Әзілін де дананың «жынды» дейді,
Көкейіне дәмді сөз жұқпайтыңдар.

Әбен «жынды» дегенге күлесіңдер,
Әр ауылда кездесер бұл есімдер.
«Жынды» емес ол. Әбенді әмірші етіп,
Әбен сүймес пәлемен күресіңдер.

Бағы жанар жақсымен табысқанның,
Оған таныс жаныңды жанышқан мұң.
Акын інім, Әбенді ардақтасаң,
Жаршысы боп өтерсің данышпанның.

ДОМБЫРА СЫЛҚЫМ КҮМБІРІ

Ақбөкен өтсе жаутандап,
Жанары жүрек баурайды.
Жаңбырдай жазғы ән қаулап,
Жанымды рахат жайлайды.

Қызығып күлсе қыр гүлі,
Ілесер жапырақ сыбдыры,
Қосылып қоңыр сыңғыры
Есіме сені салады,
Домбыра сылқым күмбірі.

Көрініп көлде акқу-каз,
Көктемім қайта оралар.
Екі ішек сонда айтып наз,
Сағыныш дерті жоғалар.

Көңілдің сайрап бұлбұлы,
Қос ішекке жетіп тұнды үні.
Ашылды көкірек түндігі,
Көркінді сонда салды еске
Домбыра күміс күмбірі.

Тілдесер бірге сүйсініп,
Жастық шак тәтті нұрлы үні.
Мың күнге жетер құлшынып,
Өмірдің сондай бір күні.

Сағыныш қаулап мұң сыры,
Саусақтар жылдам сырғыды.
Аспаннан қарап түн гүлі
Жұлдызбен сен деп тілдесті
Домбыра әсем күмбірі.

ҮКІЛІ БАБАМ ҮШІН АЛҒЫСЫМ

Қапаш Құлышеваға

Қапаш-ау, самғай берсін өршіл үнің,
Ол – сенің аскақ дарын көпшілдігің.
Ұмытпа, жебеп жүрген бала күннен –
Үкілі Ыбырай ауылына көршілігің.

Әндерін ортақ баба шырқағаның,
Сен қакқан берігі осы тың қаданың.

Қазаққа келісіп тұр даналардың,
Жалғаса ұмытылмас ұрпақ әнін.

Заулатсаң ән төресі «Қалдырғанды»
Ақтангер елестеттің алғыр жанды.
Салғанда Үкілі Ыбырай «Көкшесіне»,
Көрдік қой елді естен тандырғанды.

Бойыңды тыңдағанда қарқынды етер,
Осынау ән адамзатқа тарту екен.
Шіркін-ай, тыңдай-тыңдай сезгенім сол,
Өзгеден бір шырқауы артық екен.

«Гәкку» деп ес білгелі басып кадам,
Күнім жоқ «Қаракат көзді» тасытпаған.
Ризамын, бақытты бол, батам осы,
Жасынан Үкілі бабам асып барам.

Келіпті лаулап тұрған жалын жасың,
Сайрағыш сандуғаштай бабындасың.
Көршілік Бурабайда құтты болсын,
Көкшеге көрік берген қарындасым.

Сайрасаң Алатауда тотыдайын,
Жаныңның бар қазаққа оты дайын.
Үкілі бабам үшін алғысымды ал,
Сонан соң қайта тыңдап отырайын.

ЖІГІТТІҢ ҚАРҚАРАЛЫСЫ

Мақат Рымжановқа

Қаз дауысты Қазыбек
Ұшқыны мол гой өзіңде.
Жадымда қалды назы көп,
Шалғайды шолған сөзің де.

Дерекке мың сан қайран қап,
Қанып ем шежіре сөліне;
Барғанда бірге сайрандап,
Тәттімбет туған еліне.

Ауылда үлкен-кішіден,
Талай күй сырын білгіздің.
Сол қалпы тандап ішінен,
Асылын жырға кіргіздім.

«Саржайлау» кернеп кеткендей,
Жұпарын жұттық даланың.
Рухы нұрын сепкендей,
Басында тұрдық дананың.

Қайталап жатты ақ бұлақ,
«Сылкылдақ» сыбыр-күбірін.
Қайтқан тұс ғашық ән құрап,
Үдетті күйдің дүбірін.

Жаңғырды орман тілдесіп,
Оркестр құрап бүкіл үн.
Біз-дағы костық бірлесіп,
Жүректің жиі лүпілін.

Шеккендер бірге мың сапар,
Жуыспай кейде өтеді.
Осындай құтты бір сапар,
Аңыз боп елге жетеді.

Келбетті кербез жан едің,
Сыптығыр шынар сияқты.
Өңірдің көркі нар едің,
Сабырлы, ойлы, зиятты.

Тоқталмас деп сенемін,
Өмір мен өлім жарысы.
Мен көрген маңғаз сен едің,
Жігіттің Қарқаралысы!



*Екінші
бөлім*

**ПОЭМАЛАР
мен
ТОЛҒАУЛАР**

ӘН МЕЗЕТІ

Үлкен театр.
Үдере шықты күй бүгін,
«Сарыарка» дүбір,
«Саржайлау» құрды билігін.
Электр емес,
Ереуіл күйден тұтанды,
Шырағдан шамдар,
Құлпыртқан күмбез түндігін.

Домбыра сөйлеп
Заулады күмбір құймалы,
Айлы түн, ақ үй
Елестеп ауыл қинады.
Қыз Жібектей
Төлеген келіп құлпырған,
Жарқ етті, әне,
Әнші қыз аппақ дидары.

Тостаған көзде
Толқыған сезім мөп-мөлдір,
Әуені қандай,
Ауаны тербеп өткен бір?!
Алтын мен жақұт
Тұтылып қалды жарқылы,
Жасқандырып
Әнші қыз жүзі сепкен нұр.

Тыңдаңыз! Тыңда!
Сайрағыш үнін қазақтың!
Тыңдаңыз! Тыңда!
Көмейде барын ғажаптың!
Жан-тәнімен Семейден сәлем жеткізер,
Астына байлап бозша торғай қанаттың.

Қандырады айызыңды
Дыбыстың сыршыл татымы,

Көрінер көктем
Жұлдыздың үншіл жаркылы.
Тік шырқайды
Жеткенше сонау заңғарға,
Заңғарға жетер
Әсем ғой әннің тартымы.

Қанатты дауыс,
Кетті тым алыс
Шырқауы шексіз мөлшерсіз.
Сезімнің селін,
Құштарлық лебін,
Ләззатты немен өлшерсіз?!
Сандуғаш ырғақ,
Сыңғыры сылқым, сырғақты,
Талмаураған созылмалы өлшемсіз.
Шіркін-ай деймін,
Не болар еді тіршілік,
Осындай ғажап көркемсіз?!

Үзімтал әуен,
Талықсып, толкып жеткендей,
Естілді дыбыс
Ғашықты ғашық өпкендей.
Өпкендей емес,
Көп күндер көрмей табысқан
Қос тоты құс ұяға құлап кеткендей.

Қас қағымда
Сағыныш сазы нөсерлеп,
«Беу... беу...» десе
Махаббат мұңы өтелмек.
Райхан маусым, рахат ғұмыр орнады,
«Сәулем-ай!» деп
Қайыра шырқап кетер ме ек?!

Қалмады сыбыр
Үдеді толқын жүректе,
Сай келді-ай, шіркін, шырқаған әні тілекке.

Қанатын жайды «Гауһартасы» қазақтың
Оркестр. Әнші.
Бәрі де келді ретке.

Білмегенге
Алмағайып аты аңыз,
Бір сілкінді Сегіз сері атамыз.
Бағы жанды «Гауһартастың» қайтадан
О, аруақ! Қабыл болды батаңыз!

Қала ма, шіркін,
Ұрпакқа ұрпак ұласпай,
Самғады сарын
Алысқа кеткен құлаштай.
Бебеулетті-ау
Ажары жайнап әнші қыз,
Баяғыда «Гәккуді» айтқан Күләштай.

Қонақтар төрде
Ығай мен сығай – бәрі бар,
Ізетті қауым
Санасы жүйрік ән ұғар.
Түсінген жанға
Басталды бүгін бір дәуір,
Қазағым үшін тарихта тарлан мәні бар.

Аңғарсаң ғой,
Ашылғанын тыныстың,
Болжасаң ғой,
Біткенін үлкен бір істің.
Не болды десең,
Соншама мақтап бір қызды,
Жаңадан жанған
Жұлдызы туды Шығыстың.

Қосамын қику
Отырған көптен сескенбей,
Ән құлпырды гүлі мол шыққан көктемдей.

Қол соқты қауым,
Асфальтті тұяқ пергілеп,
Жидебайда дүркіреп жылқы өткендей.

Жерден де жауды
Жауды ғой сонда көктен гүл,
Түрленді сахна –
Қызыл да жасыл көктеңбіл.
Ой-хой! Дүние-ай!
Осы ғой үлкен салтанат,
Күләштан кейін төбеміз көкке жеткен бір!

Қошеметке жасады зал жомарттық,
Қайта-қайта әншіні бермен оралттық.
«Есінен танды» дейтіндері осы екен,
Жүрегі өзге сезім мен ойды жоғалттық.

Аңқыды раушан
Құшақтап мың-мың гүлді гүл,
Қасиетті төрде
Орнатты Мәскеу гүл-ғұмыр.
Жанарынан жарқ етті де бір тамшы,
Құлпырып тұрды ажары жайнап Бибігүл!

1980

ЕҢЛІК ГҮЛ – ЭДЕЛЬВЕЙС

Ақ келіншек
Ақ тасты қашап жатыр,
Ақ мәрмәрдан аң мүсін жасап жатыр.
Ақ білектің әуресін түсінбес ем,
Тірі сурет салмаса қашау батыр.

Жаралғандай шабыттың азабынан,
Нұр жауады арудың ажарынан.
Мәрмәр аппақ,
Мәрмәр өң өзі де аппақ,
Көз алмаймын ұқсастық ғажабынан.

Адам кәне,
Тас кәне, айырсамшы,
Көңілдегі бұлтақты қайырсамшы.
Келіншек-ау, кашауың тық-тық басқан
Жүрегіме тиіп тұр, жай ұрсамшы.

Мүсін нұсқа,
Тас бейне таныс па екен,
Айту-айтпау есімін намыс па екен?..
Ойда жоқта оралып өткен күндер,
Бүгінгі мен кешегі жарыста екен.

Ақ келіншек,
Ақ мәрмәр аппағын-ай,
Ай шомылып айдында жатқанындай;
Ақ көйлекті қыз келіп етегімен
Ақ қайыңның балтырын жапқанындай.

Қашап-қашап келіншек толғанады,
Құс жолындай ақ сызық жол салады.
Қанша епті болғанмен тым нәзік-ау,
Құлын білек, құс саусак қол талады.

Жүйрік қиял сыбырлар қаз қандайын,
Болды құдық инемен қазғандайын.
Ақын қыздай құпия аңсағанын
Болды тасқа өлеңмен жазғандайын.

Әнші-күйші көрінді сияктанып,
Көкірегінен отыр ғой күй ақтарып.
Ақ мәрмәрға төгілді маржан сезім
Алмас кашау ұшына жинақталып.

Кейде неге
Келіншек елеңдейді,
Гүл желбезек бусанып желеңдейді.
Жан ұшқыны
Тас ұшқын жерге түскен,
Әлде бәрін қайыра терем дейді.

Нарттай қызыл еріндер жалауланып,
Шырын шашты ерекше алауланып.
Тағы кетті көк қашау көзге ілікпей
Ілкім ойға іркіле қамауланып.

Әне, тағы келіншек шабыттанды,
Түйін тапты.
Тұткиыл бағыттанды.
Ойлы кимыл, сабырлы мәніспенен
Қашау-канат сүйеді қағытқанды.

Тас та балкып тас екеш жібігендей,
Қисындасып қашауға ілігердей,
Артық жерім осы деп
Айта алмайды,
Тек ымдайды, өзгеге тілі келмей.

Аппак мәрмәр әп-сәтте өзгертілді,
Тамсандырды,
Күрмелтті сөзге тілді.
Тастан туған
Көрінді қыз маңдайы,
Жүйрік қашау қасты ойды, көзге кірді.

Құралай көз
Құбылып құмарланған,
Жарқ еткені
Ұмсынтып ұнай қалған.
Жанды көздер
Кездесер жалғыз рет
Жаутаң етіп бір жауап сұрай қалған.

Қос қарақат
Телміріп қарай қалған,
Алдымда тұр баяғы арайлы арман.
Жылы шуак жүректі тесіп өтіп
Менен алыс межеге қарайды әрман.

Қарайды әрман,
Біреуді іздегендей,
Күдер, үміт, наз, тілек үзбегендей.
Баурап кейде кетеді еліктіріп
Күдіктенбей күткенім сіз дегендей.

О, киямет-қайымың осы ма еді?
Тас та сикыр адамның досы ма еді?
Қандай азап жетектеп әкелді екен
Осы жерге телміртіп осы мені?

Ақыным-ау, төзіп ең,
Тағы бір төз,
Шыныңды айтар келді ме тағы бір кез?
Көз махаббат әмірін баяндайды,
Туыпты ғой соруыңа тағы бір көз.

Демеспін де
Манадан тегін күттім,
Әне, иек, әнекей, ерін бітті.
Сонда ғана мүсінші сәл жымыып,
Күміс маңдай ақ бұршақ терін сүртті.

Сыр тартуға
Тас бейне кім дер едім?
Жұрт білгенді ұят та білмегенім.
Қыз Жібек пе, Баян ба, Ақтоқты ма?
Шешім іздеп сенімсіз үндемедім.

Бидай өңі ұқсайды әлдекімге,
Абай ғашық қаламқас Әйгерімге?..
Сұлулыққа сұқтану ғадет болып,
Мен білмейтін пендеге әуремін бе?

Адам ба екен?
Ақ қиял иман қыз ба?
Періштелер пейішке жиған қыз ба?
Тауда өсіп, сыңары жерде қалып,
Көкірегіне қасірет құйған қыз ба?

Миығында мыскылы білінбейді,
Ұмыттың ба дегендей күлімдеді.
Ыстық-суық махаббат дәмін татқан,
Тұла бойын неліктен дірілдеді?

Қарай-қарай таңыркай тамашасын,
Телміресің,
Өзеуреп жанасасың.
Оңашада қалмады сыр ақтарып,
Өткен-кеткен күндерді санасатын.

О, тас бейне!
Сымбатты ғажап тұлғаң,
Тіршілігім, тынысым қажет қылған,
Жарқын жұлдыз сен бе едің
Көз жұмғанша
Мені іздеуді жан қорек ғадет қылған?!

Ақ келіншек
Ақ тасты қашап жатыр.
Сұлу қолда
Ойнайды қашау батыр.
Қарай-қарай ойласам көз алдымда
Бір мүсінді бір мүсін жасап жатыр.

Жасап жатыр сұлулық ғаламатын,
Бір-ақ рет дүниеде жаралатын.
Салыстырдым ішімнен сан сұлуға
Мен құмартқан қыздардың санап атын.

Гүл ғой мынау көк майса аңқып тұрған,
Жұпар исі дененді балкыттырған...
Жай гүл емес, елде жоқ ерен гүл ғой,
Гүлдің гүлі қисапсыз артық туған.

Нұрдың суы дидарын жуған гүл ғой,
Қайда өссе де мен үшін туған гүл ғой.
Дәру исі жанымды желпіп сипап,
Масайдым ғой, біржола уландым ғой.

– Ала гүл ме
Шөлейтке кетіп өскен?
Лала гүл ме
Өркені жетіп өскен?
Дана гүл ме
Ұшан құз биіктерде
Алатаудың ақ қарын тесіп өскен?

– Деп келіншек білдірді әсем лебіз.
Мен қалайша қуанбай етем кейіс?
– Бұл қызыңыз, – дедім мен, – тау сұлуы
Еңлік гүл ақ гульфат эдельвейс.

– Осындай ат, жақсы аға, арман еді,
Аузыңызға қандай сәт салған еді?.. –
Замандастың бейнесін сипаттауға
Жүйрік көңіл, тентек ой барған еді.

Жасырсам да қуаныш шырайымды,
Сезіп пе екен
Сезімтал сыңайымды?
Айтар ма едім
«Сіз салып жатырсыз, – деп, –
Мен табынған асыл гүл құдайымды?»

Ақ келіншек
Ақ тасты қашап жатыр,
Шапшаңырақ, ей, қашау, қаша, батыр.
Ойлап тұрсам бұл да бір ғаламат-ау,
Бір мүсінді
Бір мүсін жасап жатыр!

Жақсы мүсін көру де дәурен бе екен?
Әлде ақындық ақ құйын әурең бе екен?
Не болмаса көргенім сикыр сұлу,
Су келіншек,
Әзәзіл сәулең бе екен?

Екі беті бал уыз балбыраған.
Жерге қазір тамардай албыраған.
Ынтықтырған,
Сезімге ырық бермей,
Келіншектен қымсынып қалжырағам.

Акқу мойын,
Үлпікер ұлпа бұғак,
Таттым ба екен зәмзәмін?
Бұл да сұрақ...
Кеудесінде кос анар домалайды,
Еркеленіп түсердей қолға құлап.

Марал бөксе,
Киік бел, акқу мойын,
Бір көргенің болғандай
Шат күн тойың.
Тастан емес,
Ғашық көз жастан құйған,
Әдей өлшеп пішкендей
Шақ қып бойын.

Гүл-жапырақ
Еріндер таза мінсіз,
Таңырқаймын,
Таңданама қарап үнсіз.
Сезіктенем ару тас сөйлесердей,
Өңім мылқау, тұла бой саябырсыз.

Мұңсыз өскен
Өмірдің азат қызы,
Жылы шуақ жайдары ғажап жүзі,
Сенгіш, нанғыш, ұялғыш, еліктегіш,
Сылқым кербез, сыпайы казак қызы.

Ойлы реңі
Құпия түйген қыз ба?
Жүрегіме қуаныш үйген қыз ба?

Көрген сайын барады тарта түсіп,
Мені сүйген,
Әлде мен сүйген қыз ба?

О, тас бейне!
Жерде жоқ арман қыз ба,
Көңіл сурет
Көзге елес жалған қыз ба?
Мен көрмеген ақберен ғайып гүл ме
Елсіз өскен тәкаппар тарлан мұзда?

ШОСТАКОВИЧТИҢ ЖЕТІНШІ СИМФОНИЯСЫ

*Менің де еңбегім қан майданда
жерлестеріммен бірге жаумен
айқасқанына бақыттымын.
Д. Шостакович*

Кіріспе

Ғаламат бар ұлылардың ісінде,
Кей шырқауын көргендеймін түсімде.
Радиодан симфония тыңдадым,
Тұрғандай боп жанған оттың ішінде.

«Ленинград», «Блокада» дегенде,
Қозғау түсті тарихтағы тереңге.
Қалай ғана толқымассың фашистің
Жендеттері от ойнатса төбеңде?!

Айрылғанда кала аскақ түрінен,
Өңі ұласты өлілердің тірімен.
Шостакович шықты айқасқа
Сол кезде
Жалын атқан ала құйын үнімен.

Қоршап алды жау қаланы жан-жақтан,
Сұңғыла саз соны айтады зар қакқан.

Туған екен симфония атасы,
Намыс мұңы жер-жаһанды таңдаптан.

Назды ырғағы – оқ заулатқан зеңбірек,
Адам жаны қуат алды елжіреп.
Қалың жаумен
Жалғыз өзі айқасқан
Бұл не деген ержүрек?!
Бұл не деген кең жүрек?!

Оқ астында үйде отырып қалғыр кім,
Соны айтады аласапыран алғыр үн.
Көкірекке ұялайды сол кезде,
«Ленинградтық өрендері» Жамбылдың.

Сұрапыл күнге
Жан тылсымын арнаған,
Саңлақ үнге
Дүр сілкінді бар ғалам.
Жанталаста
Жауған оққа күй шашқан,
Тағдырына таңғажайып таңданам.

Аштық... өлім...
Азабына мұзданбай,
Кім шыдасын ет жүрегі сызданбай?..
Серпіні сойқан
Елдің дерті күй болып,
Блокаданы жетінші екпін бұзғандай.

О, берекет! Сол шабытты түн қандай?!
Жау селк етті ажалды сәт туғандай.
Тіл жеткісіз бұл бір ғажап шақ еді,
Жау тағдыры кыл ұшында тұрғандай.

Симфония солай, достым, туды ірі,
Сұлу сазбен
Жетті әлемге мұң тілі.

Питер десен Шостакович көрінер,
Сол қаланың болды өзі де шын пірі.

Дархан шабыт ұлғайтты адам санасын,
Бас иерлік шын ұлылық – бас асыл.
Бой тастайды ол қақ жарып тұрғандай,
Соғыстар мен маң тіршілік арасын.

Азалы әуен көңіліне қарай ма?
Соғысты алға әкеліп тұр шарайна.
Қайғылы ырғақ...
Еске түсті амалсыз,
Ленинградта қаза тапқан ағай да.

«Түсіп жатыр жаудың оғы текшемен,
Сазға батып, біздер тұрмыз белшеден...»
Деген хатың, Сәдуақас аға, сақтаулы,
Мен тоқысам соның бәрін ескерем.

Тындай бердім,
Жаным соны құптады.
Жыр боп түсті жүрегімнің ұққаны.
Тұла бойды ыза кернеп кеткенде,
Тамшы жас та ыршып көзден шықпады.

Бірінші бөлім

Сиқыр, сыңғыр мың-мың дыбыс шашылды,
Қауіпті үндер, катерлі үндер тасынды.
Асау Нева толқығандай ашынды,
Симфония
Дүр сілкінтті ғасырды.

Дабыл қақты от найзағай жасынды,
Алтын жарқыл,
Болат дүбір, тас үнді.
Ызалы әуен,

Шымырлатып бір-бірілеп,
Ауыр қасірет, дәуір сыры ашылды.

Әуел бастан ауырлады
Үн-жұмақ,
Ауа таза, күн сәскеден тұр құлап.
Маужыраған сал тыныштық, бейбіт күн,
Күрт бұзылды балбұлақта тың құрак.

Арфа әндетсе қыз баланың даусындай,
Сыбыры да емес
Көркем маусымжай.
Еске түсті шошып кеткен қаракөз,
Жас еліктей еркелігі таусылмай.

Оқ астында көрген күнді тарсынбай,
Сайрап жатыр дүниедегі бар сырнай.
Қалай қалсын
Сәуір-үндер сыр төксе,
Дел-сал бойың елжіремей малшынбай.

Тыңдай қалдым
Сазды қиял тербеткен,
Намыс қызған өрге канат серметкен.
Муза гүлін қанша тердім десем де,
Суық хабар жетті білем жер-көктен.

Тез үзілтті нұрлы көктем легін,
Алыстады аңсап күткен тілегім.
Отты дүбір ойға әркет салғандай,
Көріп тұрам
Тез өзгерген гүл-өңін.

О, музыка! Сенсің менің шын емім,
Бірге жылап, кейде бірге күлемін.
Жан анамды елестеттің көзіме,
Ауылымды аңсап-сусап жүр едім.

«Сөз – қолбасшы» ықпалында өстім мен,
Үн қолбасшы осы шығар естіген.

Муза тәңірі сен екенсің, сұлу саз,
Жаның жалғас жаңалықпен, ескімен.

Кештік етпес,
Ештік жаман жалғанда,
Ашыла түсті бойда үгітші арман да.
Шүкіршілік,
Алғысым мол тірлікке,
Не болар ем білмей-сезбей қалғанда?

Осы шығар болса биік төр дейтін,
Құзар көрдім
Нар тұлғалар өрлейтін.
Сұлу саздың
Кереметі деп білем,
Қасиетін барлық тілде сөйлейтін.

Дем беріп тұр каракошкыл, бұзық үн,
Жарқырайды акшуак үн, кызыл үн.
Тоты сайрап,
Сандуғаштар шырылдап,
Естіледі қоштасқандай қызық үн.

Лапылдайды тың ырғақтар ақ жалын,
Елестетті көл жағасын таң салым.
Терең сайда сарқыраған өзендей,
Дүбірлі етті шымыр әуез абзалын.

Түсінгенге осы Нева ақ түні,
Елестейді әлі тыныш, сақ күні.
Еске салды
Мейірімді мезгілді,
Телегей-теңіз симфония тәтті үні.

Көзі алдында терліктегі асылың,
Төгілді үн, көлендейді жасыл үн.
Кең далада желіп өтті «Жезкиік»,
Сезді әрекет тоқтатардай асырын.

Жан сергітіп,
Келсе көңіл оңалтқым,
О, музыка! Бөтен ойды доғарттың.
Көкірек жарып әкеткендей ғашық қыз,
Өзімді де, жүректі де жоғалттым.

Маржан-үміт, тізбектеліп нәзік үн,
Молаяды тар шеңберлік аз ұғым.
Бәрі-бәрі бейбіт күннің қалдығы,
Ат айналып тапқандай өз қазығын.

Дүние қандай?! Шалқар Нева құт еді,
Татқан ауа уыз, қаймақ, сүт еді.
Бозторғайлар ұя басар сәт іздеп
Жүрген күндер енді әудемде бітеді.

Салғырт сынғыр
Қатаң дыбыс үн күштеп,
Маң оркестр басқа арқауға кіріспек.
Байсалды әуен – баяу Балтық толқыны,
Ай сәулесін жарға соқты күмістеп.

Екінші бөлім

Күрт үзілді...
Ұяң сарын бітеді,
Кейбір үндер құбыжық үрей күтеді.
Бұлт оралып,
Күн түнеріп барады,
Гүл күрсінді тез бозарып сүт өңі.

Кең жазира ойнақы әуен үзіліп,
Тез қиылды
Бір емес-ау жүз үміт.
Көз алдымнан әжем шошып өткендей,
Кетті дүние әудем сәтте бұзылып.

Көш бастады қорқыныштың жетегі:
Кең аспанда
Бұлт дірілдеп өтеді.

Тау ішінен дүлей дыбыс жаңғырған
Тірі жанды тұншықтырып кетеді.

Сайқымазақ
Әзілдей ме, ойнай ма?
Ыржалакқа о, Тәңірім, тоймай ма?!
Үн нақұрыс жын-сайтанға ұқсаған,
Жұтынады,
Жұттың жолын толғай ма?!

Далбалақтап, қалбалақтап қылмиып,
Үзді әуезді бір ұзартып, бір қиып.
Жезтырнақ па
Мыс табакты тырнаған...
Міне, келді...
Аузын кере жылмиып.

Ғұмыр деген
Сәт екен ғой қас қағым,
Дүбір баска,
Дабыл баска, мұң қалың.
Шошып кеттім,
Қаулап бара жатқандай,
Шартарапты басып кетер от-жалын.

Өңі суық алапестер көбейді,
Онысы несі?
Таз кепешті жебейді.
Свастика аса қатты шиқылдап,
Буып бара жатты қысып көмейді.

Алла, сақта!
Не бар екен ойында?
Ұксамайды «Соқыр теке» ойынға.
Тұзақтады ұзақ үннің желісі,
Қыл арқанды тез салардай мойынға.

Толағай күй ауырлатты астарын,
Тез есейдім,
Ерке күнді тастадым.

Қара шашым сонда ағарып кетті ме,
Өзгерді өңім.
Мен де енді баскамын.

Ауа жетпей қалатындай тынысқа,
Қаңғырлады катан, шымыр дыбыстар.
Дір-дір етті
Скрипка ышқынған,
Жеңіл лебіз кашты ұрыдай жылыстап.

Әудем сәтте
Кетті әлем өзгеріп,
Тыңдағанды тыншымайсың көз көріп.
Көркем саздын
Таңғажайып күшін-ай!
Керек емес үбір-шүбір сөз-көлік.

Дауыл тұрды
Ұйпа-тұйпа әні ұзақ,
Күн шегінді
Түн таусылмай таң ұзап.
Дирижер да ширақтатты кимылын,
Алмасқанда маң шуак пен аңызак.

Озбыр дүбір
Ойда жоқта сау етті,
Тас-талқан ғып өтті үйреншік ғадетті.
Жарк-жұрк етіп,
Бас аспаптар саңғырлап,
Алдымыздан сарт-сұрт етіп жау өтті.

Табылмастай бір жебеуші жәдігер,
Тез алмасты асау толқын әбігер.
Ксенофон құлак жарды
Шұқырап,
Бір апатка кездескендей қалың ел.

Жалын атты жанартаудай бұркырап,
Құба жартас бір түзелді бір құлап.

Кетті оркестр
Тың дүбірмен дүркіреп,
Іріктеліп көп дыбысты мың құрак.

Ызың толды әлсіз ғана сіркіреп,
Үрей кетті,
Лүпілі үдеп тұр жүрек.
Тау ішінде ай тұтылып қалғандай,
Күн бейуакыт өтті жаумай күркіреп.

Мың толғақтан іздегендей бір тірек,
Жетті зұлмат жердің бетін сілкілеп.
Симфония ашық жария жасады,
Тап болғанын
Қара каптал түн-түнек.

Жау таптады деді гүлзар төрінді,
Зар қаптады
Түтін шалар көгімді.
Бомба жауды,
Жерде танк жөңкіді,
Көзі алаңдап бір албасты көрінді.

Үшінші бөлім

Тыныштықты жығып өткен тұғырдан,
Сайкал жетті әб жыландай құбылған.
Аузы ашық елестеді аждаһа,
Қылғытам деп екі көзі жұмылған.

Ұшан су ма тау ішінде селдеткен,
Үн ұласты
Құдды дауыл, жел жеткен.
Шексіз дабыл арасынан шұбырды,
Тарп-тұрп етіп
Түсі суық жендеттер.

Естігенде уакыттың сұм жарлығын,
Қаны қызды ел перзенті арлының.

Селк еттім мен
Әп-сәтте көп ойлаумен,
Ауыл, Отан, бүкіл әлем тағдырын.

Құлағыңды қоя алмайсың тығындап,
Үрейді алды барабандар дыңылдап.
Флейталар
Сыбырлайды жаны ашып,
Жау жақын деп болды апшыңды қуырмақ.

Солай деді труба өктем дырылдап,
Солай деді виолончель ыңылдап;
Жау келеді темір үні шыңылдап,
Жау келеді жылан бауыр жыбырлап;
Жау келеді әр қадамын мығымдап,
Жау келеді дар ағашын шығырлап;
Жау келеді зеңбірегі зуылдап,
Жау келеді танкілері сығымдап;
Жау ұшады жерге бомба тығындап,
Снарядтар шуылдады бір ырғак.

Өрттің иісі...
Оттар... октар... тағы оттар...
Қосарланды үйлесі нық аккордтар.
Жау жапырып басып өткен қан шеңгел,
Соқырайды кара құдық окоптар.

Сұмдық сарын құйылғанда құлакқа,
Кетті ұласып жақын жер мен жырақ та.
Шостакович берген екен нық жауап,
«Соғыс қандай?» деген шеңгел сұраққа.

Қалт ету жок
Жайлы-жайсыз орында,
Елестейді ажалың да, сорың да.
Жұдырықтай жүрек тулап жатады,
Симфония авторының қолында.

Қайталайды,
Ойлап қалма соңғы деп,
Қайталайды ескендей бір соны леп.
Қайталайды тұжырымдап, мығымдап,
Сегіз рет... тоғыз рет... он рет.

Қанның иісі қабындайды ащы үннен,
Қоштасқандай боласың бар жақсымен.
Танкі басып кетердей-ақ сескендім,
Әлде калқып кетердей зор таскынмен.

Жыр нөсері, оқ нөсері ағыннан,
Көңіл жайлап өзгеше бір ағылды ән.
Алатауды алты айналып жүр екен,
Жамбыл атам Алғадайын сағынған.

Ауыр тартты мезет ай мен аптадан,
Шыдатпайды нық төзімді сақтаған.
Елестейді аш өзекті алпауыт,
Елдің шетін емін-еркін таптаған.

Жау озбыр деп,
Дерт қалың деп қақсаған
Елестейді шұбырынды ақтабан.
О, дауылпаз! Соның бәрін дәл айтқан,
Шостакович бар шындықты ашты адал.

Тік қарауға дәт шыдамай жасқанам,
Ой толқыды.
Өзімді әрең басқарам.
Бір өлеңім тап осындай болсаңшы,
Қанша жинақ шықса-дағы баспадан.

Көз алдында зобыр заман сұмдығы,
Теңселтеді адам түгіл шыңды үні.
Ұласып тұр
Шеккен өмір, шерлі күн,
Сұлу саздың мұң ұласқан шындығы.

Төртінші бөлім

Үн-арпалыс
Біз тыңдадық көз ілмей,
Төзім қайда біздің мықты төзімдей?!
Жас балалар
Жан дауысын естідім,
Соғыс жылғы жыр жыртыскан өзімдей.

Күй-көрініс
Біз қарадық көз ілмей,
Шын толқыдық өзге ғұмыр сезілмей.
«Арта – Мәскеу, шегініс жоқ!» – дейді әуен,
Политрук Клочковтың сөзіндей.

Саз сыры көп
Әр буынын дәріптер,
Денем қызды маңдайымнан ағып тер.
Бауыржанның қос жанары жарқ етті,
Өтті көзден Әлия, Мәншүк, Мәліктер.

Басталғандай енді ерекше бір ғасыр,
Елестеді жүзі анамның нұрлы асыл.
Қатар түзеп,
Сапқа тұрды бүкіл ел,
Шымыр әуез
Аңғартты ерлік тұлғасын.

Арал, Балкаш Балтықпенен ұласты,
Ауылым қосқан біздің күш те қыр асты.
Жиылды әскер Есіл-Көкше маңынан,
Ленинград пен Қызылжар бас құрасты.

Саз сайратты үміті көп ырымын,
Барабандар әсерлі етті сыбырын.
Сәдуақас аға «Хош, туған ел» дегендей,
Симфония алар емес тынымын.

Шеру кызды, үр жаңа үн басталды,
Жан сергіді,
Көзден ыстык жас тамды.
Есін жиды есеңгіреп қалған ел,
Кек қайнады,
Жау тойтарыс басталды.

Ленинград. Блокада. Қорғану.
Сталинград. Қоршау.
Жеңу. Қомдану.
Катюшалар жаркылдатты отты ұшқын,
Бір қаруым болып кетті мың қару.

Ленинград. Блокада.
Жамбылым
Өрендерге арнады сөз даңғылын.
Барабандар, скрипкалар косылып,
Қазақтың да
Жарк еткізіп қалды үнін.

Кетті оркестр өтіп талай жалыннан,
Атты қайта алдымызда мамыр таң.
Күн жайнады, алтын сәуле шашылды,
Жеңіс жетті,
Жүдеген ел сағынған.

Жеңді үміт, анам күткен ерлікпен,
Бойын жазды азып-тозып ел күткен.
Бір күрсіндім
Бірге күтіп тұрғандай,
Шостакович асыл жолда мен күткен.

Бесінші бөлім

Жеңдік! Жеңдік!
Көңіл қайта орнықты,
Бәрін жазған елес берді қол мықты.
Адам зарын айта білген данаға,
Шабыт қозғап тұған екен жол құтты.

Ол жасынан адамзатың досы ғой,
Әйтпегенде қайдан келсін тосын ой?
Қан майданды
Қалт еткізбей түсірген,
Симфония кереметі осы ғой.

Жеңдік! Жеңдік!
Бола білсек бүгін мәз
Бізге қымбат ел тағдырын қылу наз.
Адамзатқа ескертетін апатты,
Сен жасай бер, қасиетті сұлу саз!

Қандай жақсы
Күйге құштар болғаным,
Ана сүті бұйыртқан-ау жол қамын.
Құрманғазы, Тәттімбеттің аркасы,
Шостакович сырын ашқан толғауым.

Даналардан қалған өшпес аманат,
Жетсін елге,
О, жүрегім, жаңалат!
– Дер кезінде тойтар, – деген, – қырғынды, –
Дана үні қасиетті ғаламат.

Мұңлы сазды жылда қайта тыңдаймын,
Ұмыт болар солай ғана мың қайғым.
Мен жетінші симфонияны қашанда,
Өз бабамның күйлеріндей құндаймын.

Отты күнде үні окпен жарысқан,
Шостакович – әлемге ортақ данышпан.
Симфония сұмдық арқау-сарыны
Жыр арнатты мезет тұңғыш табысқан.

1981.
Мәскеу

ОТЫРАП САЗЫ

Бұл күй-дастан 1983 жылғы 8 желтоқсанда Нұрғиса Тілендиевтің Мәскеудегі П.И.Чайковский залында өткен шығармашылық концертінен поэзиялық репортаж ретінде жазылды.

Кіріспе үшін

Жарқын өмір нарқын сезген сырым кең,
Өлшенбейді ол
Туған, өлген жылыңмен.
Ерен істен байқалады деп білем,
Ел жалт қарап,
Ерлігіне үңілген.

Өлшенеді ол оза шапқан дүбірмен,
Не болмаса бір ауыз сөз, бір үнмен.
Бой көрсетер із қалдырар ғасырға,
Барша жұртты дүр сілкінткен күніңмен.

Туар мезет
Туың сәтті ілінген,
Заңғар шыңға жеткен өрең білінген.
Туар сағат қасиетті, киелі,
Аруак жебеп өлгендерің тірілген.

Жетті бүгін сол ақжолтай сыйлы күн,
Сыйлы күнім – сазды, назды күйлі күн.
Чайковскийдің қасиетті залында,
Нұрғисаның нұры жанған шағында,
Құрды казак күй төресі билігін.

О, туған ел!
Терген, жиған, орғаның,
Күй боп кетті
Қала, дала, орманың.
Көңіл тойып, құлақ естіп, көз көрді,
Мәртебеңнің асып-тасып толғанын.

Бұл биікке құлшынысы мол көптен,
«Отырар сазың» келді мезет төрлеткен.
Тыңда, тыңда!
Салауатты алқа топ,
Қазақ күйі өзге күйден кем деп пе ең?!

Таскын күйлер жан толқытпай қоймайды,
Түсіреді көкте ойнаған қолға айды.
Сергек сезім, ақ желкені желбіреп,
Терең жатқан мұң мен шерді қозғайды.

Ауылды аңсап көптен сыртта жүр едік,
Қаяу көңіл бүгін елтіп тұр еріп.
Күй-күдірет Мәскеу төрін жайласа,
Күмбірледім өз-өзімнен жыр өріп.

Тыңда, тыңда, бауыр-туыс халықтар!
Әйгерімнің тәтті әуені анық бар,
Татьянаның әні де еркін шарықтар.
Аттанарда ақ батасын беріпті
Құрманғазы, Тәттімбеттей алыптар,
Абай, Жамбыл түлектерін танып қал!

Аттаныс

Құлақкүйін ағындас та сарындас,
Құрап жатыр сансыз бұлақ балғын жас.
Алуа жүзі алабөтен сүйсінтіп,
Сөз бастады сахнада жас қарындас:

– Беймәлім демейміз казакта,
Шаһарлар тарихи санатта.
Фараби бабамыз
Отанын қараңыз,
Күй байлап жіберген қанатқа.

Қазба да, жазба да қосылар,
Таңбалы тастар да оқылар.

Белгілі шешімі,
Қала бар, есімі
Отырар... Отырар... Отырар...

Әлемге әйгілі мұрам бар,
Сенбесең тарихтан сұрандар.
Фараби назын,
Отырар сазын
Жаңғыртар қырдағы құландар.

Ақша да, Көкше де биіктер,
Ақ ниет сәлемін сүйіп көр.
Қарашық шоқтары,
Отырар оттарын
Жайнатып өтеді киіктер.

Қаз даусым білінсе лебімнен,
Мескобыз тебіренбес тегіннен.
«Бес төре», «Сылкылдақ»,
«Серперім» құлшынбақ,
Үкілі домбыра ішегінен.

Бос көшіп жүрмедік қырда біз,
Аз емес күйлі абыз, жырлы абыз.
Жайдары қыз келді,
Айдарлы ұл келді,
Айтарын асықпай тыңдаңыз.

Түркістан шаһарын барлаймыз,
Өткенді бүгінмен жалғаймыз!
Солкылдап сазсырнай,
Назданып балқурай,
Тарихка ескерткіш арнаймыз.

Кербез күй, әнімді нұрлы асыл,
Зиялы дос қауым тыңдасын.
Бір қиян, бір ғайып,
Әлқисса тыңдайық,
Толғаулар іздейді сырласын.

Сұлу саз ұшырса жан құсын,
Жанданар әр бейне, әр мүсін.
Сан ғасыр құрсағын
Ашканда тың сарын,
Бабама арналар алғысым!

Ғасырлар дүбірін салмақтап,
Күмбездер күмбірін ардақтап.
Көп аспап нәрлі үнін,
Көненің қалдығын,
Перзент бар жинаған бармақтап.

Із таптық қаладан, даладан,
Қожа Ахмет Яссауи данадан.
Өшкенім жанданды,
Қанатым жалғанды,
Арыстан баб бабамыз қалаған.

Тындасын мұхиттар, құрлықтар,
Айтарым аз болса кім құптар?
Дүркіреп алқымдап,
Күй кетсе қарқындап,
Дір еткен дыбыста шындық бар.

Кең дала байқатар сымбатын,
Кең заман шайқатар зұлматын.
Махамбет жаны бар,
Исатай қаны бар,
Айғақтар нұрлы арман бір сәтін.

Қос ішектен шырылдап мұң шығар,
Адал ұқ, саққұлақ сыншылар.
Беріндер төрелік,
Күй төгіп көрелік,
Биік бар жер-көкте біз құмар.

Таулардан сәлем ал, біз туған,
Қырандар қалқыған құз-қырдан.

Достарым, біле біл,
Құт мекен ұлы елім,
Абайдай ұл туған,
Динадай қыз туған!

Жаным – пәк, жүрегім – гүл баулар,
Ән шалқып, «Қос алка» күй заулар.
Елеңдеп келіп ем,
Сертіме берік ем,
Күйкұмар достарым, тыңдандар!

Кербез күйлер желісі

Содан кейін оркестрді қолға ала,
Сак дирижер тұғырланды толғана.
Желе-жортқан ұксап жүйрік-жорғаға
Қосақталып ескі аңыз бен тың ырғақ,
Күй тайпалды айтар назы молдана.

Мені бірге жібергендей көмекке,
Естігенді салдым іңкәр елекке.
Бөтен үн жоқ жарамастай керекке,
«Отырар сазын» тыңдап отыр бар Мәскеу,
Кетті күйлер тербетіп те, бөлеп те.

Көтерілсе саңлақ сарын белеңім,
Осы еді ғой аңсап күткен керегім.
Шайқап өтті ойлы «Ата толғауы»,
Тірі пенде көңіл-теңіз тереңін.

Сырнай-керней жасап жылы төгілім,
Мың құбылтса үйлесімді өрімін.
Іште – нала, тыста – жала өшкендей,
Зәмзәм үнге шуақтады көңілім.

Кейде күйден өрбіп өжет қайсарлық,
Алға бастар асаулығы аң-таң қып.
Жеңілдейсің құрығандай біржола,
Дүниедегі қулық, сұмдық, сайтандық.

Сүйіншіні сұрар ма едім ел-жұрттан,
Сезімім пәк сәуір-сәуле селді ұққан.
Жер бетіне орнағандай нұр жұмақ,
Шұғыла жайды маң тыныштық бейбіт таң.

Жас оркестр алған төрде кезекті,
Қаз-қалпында айтсам шырқау мезетті;
Ә дегеннен жайлап әуез өзекті,
Саңқыл-сұңқыл құс базары сияқты,
Алпыс аспап қақты алуан безекті.

Көңілімде шаттық пен шер алмасқан,
Тармақтарын сыбырлады жыр-дастан.
Жаза бердім,
Қыз-келіншек дегенге
Қызықсам да бұрылып көз бұрмастан.

Жыр төгілді әудем сәтке тынбастан,
Жүрегіме желік берді тың дастан.
Жаза бердім елден келген достармен
Кеңес құрып, үзіліске тұрмастан.

Өтер жылдар...
Жылжып шапшаң желер күн,
Дөп баспасам,
Көпшік сөзге сенер кім?
Тебіренейін, толғанайын, шалкиын,
Туды шалқар шабытка ерік берер күн.

«Қос алқалар» қос бұрымдай өріліп,
Сылаң қақты бұлттар көші сөгіліп.
«Елім-айдың» зарлы әуені төгіліп,
Ілкім сәтте жетті зарлы тыныштық,
Қаратаудан көшкен керуен көрініп.

Домбыралар шым-шымдаса біріндеп,
Сансыз әуен үн ұзартты уілдеп.
Жан баурады кылқобыздар дірілдеп.

Мезет туды толкындаған толғаудан,
Күй атасы құдірет карт тірілмек.

Зар заманда «Жерұйықты» іздеген,
Асқақ киял ақ қанатын үзбеген.
Жалт караймын асатаяқ үніне,
Асан Қайғы отырғандай бізбенен.

Сүйрік саусақ, құлын білек, ақ жібек,
Төгілтеді дала-киял, наз тілек.
Қорқыт ата қоңыр сазы заулады,
Киіктердей қырдан кашқан тастүлек,
Домбыралар бебеулетіп кетті үдеп.

Құтты екен ғой «Ата толғау» жолдары,
Зал иесі – Петр Ильич қолдады.
Құс үніне мыс сыңғыры жалғасып,
Дыбыс косты орыстың зор органы.

Тұғырласты, ғұмырласты, жалғасты,
Дана сырын, дала сарын алмасты.
Мың жылға тең әудем мезет жар болып,
Нұрғисаға бақыт құсы жармасты.

Дешті Қыпшақ көмбесінен ескінің,
Көзін ашқан кей аспаптың кешкі үнін,
Өзге түгіл өзім тұңғыш естідім.
Атын біліп, затын білмей жүретін,
Жаңа көрдім жетігеннің кескінін.

Жез сыбызғы – көп ойықты бір түтік,
Меруерт сыңғыр солқылдайды тіл бітіп,
Көңіл толқыр, жаның құштар үн күтіп.
Гауһар дыбыс күн сәулесін шашады,
Сыңғырлауық қоңыраулар сілкіктіп.

Атыраудан «Сарыарқаға» өрлетіп,
Құрманғазы «Серперлетті» селдетіп.
Тәтті бабам «Көкейкесті» шөлдетіп,
Шертіп какты көңіл төрін көлдетіп.

Сүгір сарын «Боз інгенді» боздатты,
Оңтүстіктен қосылғандай Момбеков.
Мұхамеджан Жаңааркадан дем берді,
«Дайрабайды» дабылдатты желдетіп.

Күй-шежіре тірі жанды толқытқан,
Бой сергітті
Таза ауадай мол жұтқан.
Көп сыншылар көз алдымда сүйсінді,
Бірін-бірі түртіп қойып қолтықтан.

«Көші көркем, күтімді екен көлігі,
Ұтымды екен қызу басқан көрігі.
Дирижер де, оркестр де өзгеден, –
Деп отырды, – әуезділеу, көп ірі».

Тілі өтер ішінде бір жастауы,
Ұнап отыр маған тізгін тастауы.
«Қайталанбас бояу, мәнер астары,
Міне, таза этнография, фольклор,
Мол, – деп отыр, – казактардың аспабы».

– Құлшыныста еркіндік бар, екпін бар,
Бірге күліп, бірге ырықсыз шектім зар.
Кей ырғақтан тірі сурет көресің,
Шаттық та бар,
Шырқау шепте көп мұң бар,

Ән мен күйге жалау етіп ұстарлық,
Тіршілікке осында екен құштарлық.
«Мынау дана!» – деді бірі тамсанып,
«Жөпте, мені, – дейді, – етпей іштарлық».

Салауатты әуез құмар мәнері,
Болса жігіт, баска да көп әлегі.
Әр сөзінде ырым да көп кәделі,
Сыбырлайды деп досына ақырын:
«Қобызшы қыз неткен сұмдық әдемі?!»

Жай отырмай екеулесіп сыр ашпақ,
Шыдамайды досы сезім құраспақ.
Қайран калып отыр қазақ қызына,
Тамсанады бірін-бірі растап.

Бар мейманды іңкәр етсе қыз көркі,
Гүл жайнады бірде ұялшақ, бірде еркін.
Кейде кербез такта отырған патшадай,
Кейде толқып бебеулетті біркелкі.

Ажары сай үлде менен бүлдеге,
Ондай сипат бітпес раушан гүлге де.
Қызыл-жалын еріндері бүлк етсе,
Ұмсынамын татырардай бірдеме,
Шұбырады тәтті тәбет тілге де.

Алма-қыздар көз алдымда толғасын,
Елестетті жас күндегі жолды асыл.
Содан болар,
Сағынбайтын күнім жоқ,
Алматыдай алма-арулар ордасын.

Елеңдетті ескі елестер не түрлі,
Әлгі бір қыз таныс бейне секілді;
Мейман түгіл өз мазамды кетірді.
Жаным менің сағыныштардан жаралған,
Қайта туды, канаттанды, жетілді.

Осынау қыздай
Балғын еді жасың да,
Елестеттім қос өрімді шашын да.
«Келмей ме...» – деп
Күдіктеніп тұрғанда
Бас қататын Бас арықтың басында.

Құтты сәтке жетпегендей қол үзім,
Әкеліп тұр сұлу саздар жол ізін.
О, Махаббат!
Тартқызып ең сен талай,
Қыз жолында жүректің қылқобызын.

Отырғандай, ұмытқаным алдымда,
О, құмарым! Қайтадан бір кандың ба?!
Қуаныштан... есеңгіреп қалдым ба,
Не де болса барып қайттым пейішке,
Бір малшындым күйлі сәуле таң нұрға.

Іліп алар жасанды жоқ сезімде,
Толкып кеттім, тез алмасты сөз үнге.
Қойын дәптер толып кетті өлеңге
Үзілістің – жұрт шай ішкен кезінде.

Ермегенім жерлесіме жүр деген,
Өлең жазсам ішпей-жемей түрленем.
Достар жақсы-ау дәл сол сәтте сыйласып,
Байланысын келтелеуді білмеген.

Ерке шабыт жетегіне ерейін,
Күйлі аспаннан түрлі жұлдыз терейін.
Маған бүгін шарабыңнан жыр қымбат,
Елден ерек өсіп тұр ғой мерейім.

Беу, ағайын! Райға көш, қой, сөкпе,
Шайды қайтем, өлең мені салса өртке.
Ұшқыр уақыт желдей жүйткіп өткенде,
Өршелене жалғасты күй-концерт те.

Құлшыныс

Тілендиев таң қалдырды лезде,
Өжеттік бар алғыр қыран мінезде.
Құлшыныстан терең ұқты жан сырын,
Тыңдаушылар тілегі бір, тілі өзге.

Өзі ширақ,
Көзі ымдайды айтарды,
Еркін сілтеп, су жорғадай тайпалды.
Оркестр де
Миуа ағаштай албырап,
Мың-мың жеміс төгілгендей жайқалды.

Қанат жайып, бойын еркін ұстайды,
Еркіндейді бір шолғандай құс сайды.
Иек изеп, қабақ қағып нұсқайды,
Ақиықтай ілер құсын бұлтартпас,
Күйлі аспаптар үн, дыбысын ұштайды.

Ағындап тұр тілсіз тілмен әмір қып,
Бірлесіпті құштарлық пен кәмілдік.
Әр адамның аңсағаны елестеп,
Ғашық әуен еркеленді тамылжып.

Чайковскийше әдемілеп шалқуын,
Биге ұласты балапан ырғақ аққу үн.
Сексен көлдің аққулары жаркылдап,
Саңқылдатты Үкілі Ыбырай «Гэккуін».

Ақ Жайықтан өтті әлеміш күймелер,
Күй ырғалды Қыз Жібек боп түрленер.
Қабаттасып кешегі мен бүгінгі,
Туды маусым Қаратаулар гүлденер.

Күйдің нәзік ләззат құйғыш жетегі,
Сұлу қыздай кейде қылмаң етеді.
Қас қағымда сәруар дыбыс сәулесі,
Таңшолпандай жаркыл қағып өтеді.

Көңіл жайлы, мамыражайлы бабында,
Мың-мың тоты сайрап жатты бағымда.
«Жезкиік» те жүйткіп өтті жаутаңдап,
Аппак төсін тосып күміс сағымға.

Балғын бұлақ,
Әнші құрақ, тау маңы,
Естіледі ақ жаңбырдың жауғаны,
Қозы маңырап, кісінейді құлын-тай,
Елестейді жеңгем бие сауғаны.

Тіл жетпестей сезген сырым әлі көп,
Саумал ауа, жусанды жел дәрілеп

Қойғандай-ақ әтірлі әуен сәні кеп,
Көкіректің көксегенін табады,
Үннен дыбыс, дыбыстан үн дәлірек.

Көне аспаптар жаңа тілде жаңғырып,
Түрлі-түсті бояу тапса таң қылып.
Әудем сәтте бауыр басып кетеді,
Балалық пен даналық,
Бір мезет пен мәңгілік.

Әрі қарай самғау шебін таңдап па,
Әлде күйлер бой ұрды ма аруакқа?..
Ту көтерді,
Шу көтерді,
Тың ырғақ,
Бастап кетті кең даладан тау жакқа.

Шапқын желіс, тасқын күйлер салды асыр,
Өтті көзден дала кешкен сан ғасыр.
Жетті білем Жаратқанға сұрағым,
Жакты көңіл шала сөнген шырағын,
Төкті кеше өткен күндер жанға сыр.

Етті өзгеше мамыр күйлер шуағын.
Септі бұршақ бүлкілдеген бұлақ үн,
Дертті көкірек тапты аңсаған құмарын.
Қамшылаған
Шойын тұяқ тас жолды,
Қашқан жылқы шалды ырғағын құлағым.

Тез төгілді сол бір сәтте сыр қалың,
Шарпып өтті ақ жалын мен көк жалын.
Дүние-дүрмек тына қалып тыңдаған,
Әлем сезді саңлақ сарын туғанын.

Қара арғымақ от жанары жер жұтқан,
Кісінеді айырылғандай ел-жұрттан.
Жалт қарады күйші жігіт
Күңіреніп
Жан серігі киналғандай дос тұтқан.

Дүлей боран ұйтқып шапшаң басылды,
От-найзағай көктен жалын шашылды.
Дана-жүрек, дала-жүрек булықты,
Жылады ма...
Тас-талқан боп ашынды.
Қарабаркын бұлт жөңкіді аспанда,
Қара теңіз, Ақ теңіздер тасынды.

Ой-хой, шіркін!
Бұл не деген дүрбелең?!
Тоғыз толғақ толқындады күй желең.
Жаңғыртты ма
Кісен ашқан сыңғырын,
Құрманғазы қашып шыққан түрмеден.
Толғанамын, тебіренемін, күрсінем,
Сыры көп кой біздер еркін білмеген.

Әлде осы ма Сәкен кешкен азап түн?
Қоңыр күйлер, неге кою наз арттың?
Еске түсіп кетті сонда жазықсыз
Жаза тартқан боздақтары қазақтың.

Дауыл күйлер қайта тасып лап қойды,
Тоғандалған әлдекандай тапты ойды.
Жел желітіп, бәйтеректер тербеліп,
Үрей кетіп, ұстатады сак бойды.

Қайран қалдым, не дейді екен басқалар,
Кейде күйден болды дүние жасқанар.
Жүйткіп келіп тоқтай қалды бір кезде,
Тайбурылды үркіткендей тас камал.

Саңлақ күйге сыйып кетті бір халық,
Бір халықтың ыза-кегін тыңдадық.
«Абылайлап» жеңер сәтін сезді ме,
Нұрғисаның өңі кетті сұрланып.

Хас тұлпардай өршеленді, құйғытты,
Тың сарынға Махамбетшіл шыр бітті.

Ала құйын зымыратты,
Ызғытты,
Жел сыпырып әкеткендей түндікті.

Каспий тулап, Атырауды су басты ма?
Еділ толқып арнасынан асты ма?
Қобыландыға жау қолтығын ашты ма?
Абылайдан жоңғар жөңкіп қашты ма?
Қолға түсіп Кенесары састы ма?!

...Бүркеп кетті алай-дүлей бұрқасын,
Күй сыймады аспан-көктің астына.
Жаным толқып,
Тастай беріп қаламды:
«Бас! Бас! – деймін құшырлана, –
Басқыла!...»

Қас жауына «Қазақпын!» деп атылған,
Дабыл қакты Бауыржандай батыл жан.
Шу көтерді төбесіне Рейхстагтың,
Ел байрағын бұрын ілген Рахымжан.

Тілендиев ашық ұстап кең төсін,
Әй, не керек,
Көтерді ел еңсесін.
Сағадатша салды ерен ырғакка,
Талкандаған Гитлердің кеңсесін.

Дара толқын сұр жартаска бас ұрған,
Қапаланды түршіккендей ғасырдан.
Қара дауыл Қаратаудан қаулады,
Қара жердің зәре-құтын қашырған.

Дүлей күштей ай-әлемді шарлаған,
Қарбаласты кара бұлттар аунаған.
Қиып өтер ок тигендей заулаған,
Қарағай, шырша селдіреді қаулаған.

Күй-дүрбелең,
Күй-самұрық самғаған,
Жер қалмады ол жұлқынып бармаған.

Әудем сәтте аласапыран алкымдап,
Топалаң келді
Топан судан аумаған.

Арпалыста аласы мен бересі,
Әбден кетті-ау деген кезде ел есі,
Қазақтарды жинап жүрген жарк етті,
Қазығұрттан Нұх пайғамбар кемесі.

Туды-туды күй көкесі шырғалаң,
Одан артық сыр шертеді кім маған?!
Бар қазаққа басын ие қалғандай,
Бір сілкінді, дүр сілкінді бұл ғалам.

Теңселгендей адыр, шоқы, тау, орман,
Үрейленді үрке білмес ақ ордаң.
Ұлылар мен ұлы дүбір ұласты,
Бұл ғаламды бір жеңуге жаралған.

Наполеон ба, Зұлқарнай ма, Шыңғыс па,
Дәлдеп айтар тіл де, шіркін, тым қысқа.
Окпен емес,
Күймен жеңді
Нұрғиса,
Сөзбен жеңген
Абай тектес түпнұсқа.

Жеңді-жеңді,
Күрт жабылды ауыздар,
Дос қуанды,
Көрсете алмас жау ызғар.
Есі кетті, естіген жан селк етті,
Жайнағандай көзін ашқан қауыздар.

Күштілікті көре білу – күштілік,
Дүр-дөкейлер қолын соқты ышқынып.
Үрке қашып жылқы өткендей дүркіреп,
Зал қол соқты
Бір кісідей тік тұрып!

Осылай, достым, түн ішінде таң атар
Мезет келді тынған істі жаратар.
Нұрғисаның көрдім кезін сұрапыл,
Көктен түскен әулиемен парапар.

Жер-жаһанды жаулап алды бір өзі,
Ұзақ пішкен келді сәттің лезі.
Осындайда оралмады-ау ойыма,
Омар Найям сияктанған мінезі.

Қошеметшіл дүйім жұрттың назы ұнап,
Жиырма беске келгендей боп қазір-ақ,
Көздің шетін қоршалаған әжімдер,
Селдіреді із қалдырып азырак.

Қандай бакыт
Осындай ұл болғаны?!
Көптен күткен тамаша сәт орнады.
Өн мен күйдің күдіретін айқындап,
Бар қазақтың ар-намысын қорғады.

О, домбыра!
Осынау шапқын желісің,
Талай заман күткен асыл жемісің.
Құрманғазы, Тәттімбеттер, қабыл ал,
Нұрғисаның мұңы жалғас жеңісін.
Құр айғайдан кеуде қакқан не бітер,
Ол тындырды ерен-ғайып ел ісін.

Қыршын күйдің түп-тамыры керемет,
Ырқың жеңді,
Ықылас, Сүгір, елең ет.
Ғұрпың жеңді,
Қорқыт ата, бір қозғал,
Дабыл күйді аялады берекет.

Риза бол, Хауа ата мен Хауа анам,
Біз де пенде өздеріңнен тараған.
Батыс, Шығыс қанаттасты, жалғасты,
Бағы жанса бірдей екен бар адам.

Менсінбейтін безбүйректің безі өлген,
Сәтті көрдік
Қызғаншақтың өзі өлген.
Мың рахмет айтам саған, Нұраға,
Есен шыққан тайғақ кешу кезеңнен.
Досы мақтап отыр десе дей берсін,
Аруақ конған құдіретінді сезем мен,
Жеңе білер сансыз жауды безенген.

Жеңдің...
Жеңдің күй қанатты тарланым,
Сарқып салды
Бар өнерін әз жаның.
Бала күннен ұялаған ақ қиял,
Орындалды «Жеңем!» деген арманың.

Нұрлы шуақ

Балқып кетсек күй көшіне ергендей,
Шипа тапты жүрек жүрген ем көрмей.
Әр қазақтың көксегені бой жазды,
Бар қазақтың аты озып келгендей.

Нұрлы айдынға жылжығандай кемеміз,
Үн, әуенге қайда апарса сенеміз.
Толқығандай толған Арал арнасы,
Дәл тигендей нысанаға жебеміз.
Маркакөлдiң ақ маралы елестеп,
Шақырғандай «Келші, жылы кеңес» деп,
Қара көзі жарқ еткенін көреміз.
Құлагер қайта тірілгендей құлшындым,
Өсті-өсті, атам казак, өреміз.

Дауыл өтті...
Биік аспан ашылды.
Жел ысырды, қара бұлтты жасынды.
Әдісі мол өнер ғұрпын асырды,
Айкын ашып көмескі мен күңгіртті,
Нұрғиса да маңдай терін бір сүртті,
Жаңа сарын туар жерін білдіртті.

Содан кейін жүлделенген жігіттей,
Ақ желеңге салды адамды түңілтпей.
Шекіп, қағып шертпелетті жүгіртпей,
Арман жолы айқындалған секілді,
Тайғақ жолдан алып шығар мүдіртпей,
Күй төгілді келешекке үміттей.

Аңсағаның кездескендей ақ таңда,
Қуанасың сәтті мезет тапқанға.
Дауылдардан ауылдарға оралдық,
Арман-ғашық қол сілтеген шақтарға.
Шалқыманы қалқымаға көшірді,
Жан-жүректі орап жұмсақ мақпалға.

Кілт өзгертті ала құйын самғауын,
Бәсендетті өткен күнге арнауын.
Қаулаған тер іркілгендей ілкім сәт,
Жасыл жайлау болып кетті жан-жағым.

Пай-пай, шіркін!
Ашты таза қайнарды.
Көз алдымда
Қауызға дән байланды.
Қауырт кезде ел басқарған патшадай,
Тақ-тұғырын өзі де мың айналды.

Шолпы сынғыр, қаракат көздің жүзігі,
Күзгі бакша піскен алма, жүзімі,
Тамсантады ләззат төккен үн-сәуле,
Күйдің сүмбіл, күйдің күмбір үзімі.
Нәрін терген бір адам,
Бәрін берген бір адам,
Ол – Нұрғиса, Нұраған.

Ерен-ғайып сәт орнады сұраған,
Домбырасын солақай қол бұраған.
Орындаушы болып кетті дирижер,
Дүлдүл сазгер – күй төресін құраған.

Жалт қаратты бір адам,
Мың санатта бір адам,
Құс канатты Нұраған.

Жарқырады дүлдүлдердің қалдығы,
Көк шапаннан көрініп тұр салдығы.
Сазгер, күйші, артист, ұстаз, дирижер,
Этнограф, оқымысты һәм зергер,
Ақтарылды қазақ өнер сандығы.
Ол кім десең ірі адам,
Соның бәрі бір адам,
Соның бәрі Нұраған.

Кемеңгері әлденеше кемеңін,
Асқақтатты қазақ күйі беделін.
Дәл осы ғой сегіз кырлы дегенің,
Ақан сері бабам айтқан секілді,
Бабың келсе шексіз екен берерің.

Екі ішектің сөйлеуін-ай үндесіп,
Айкындалды дыбыс шоғы гүлдесіп.
Терісқақпай шымырлатты жүр-жүрлеп,
Жүйрік саусак қыл пернемен тілдесіп.
Чайковский портреттен қарады,
Таңғажайып үн кешіп,
Көкірегі Нұрғисамен бірлесіп.

Мандайына шапшып қайта тер келді,
Тілендиев күй-кемедей тербелді.
Көз жұмулы,
Көңілі мас желденді,
Құйқылжыған, тамылжыған, шалқыған,
Нұрлы ағыннан тұла бойы сенделді.

Күй тасыды сезбей арна, кемерді,
– Сирек дарын, – деп жамиғат кенелді.
Барын салды, өршеленді, селдетті,
Даналарға қос иығы теңелді.

Сезімім жок сұрап алған біреуден,
Күй боп кеттім күйшіге сәт тілеуден.
Пенде туған
Періште ме деп қалдым,
Үні сепкен нұрлы үміт,
Кім десеңдер бұл жігіт,
Айтсам сөзбен жабайы,
«Отырар сазын» орнатқан,
Ол – күйшілік Абайы.

Бірде төкпе,
Бірде шертпе шекітті,
Тапты-тапты көкей кескен тетікті.
Кім көріпті, күйге осындай жетікті?!
Сағындырған «Сарыарка» боп маңайым,
«Саржайлауға» қайран көңіл жетіпті.

Кім десеңдер осы адам,
Жаны өнерге дос адам,
Құт орнаған маңайы,
Ол – ән-күйдің арайы.
Бәрі соның бір адам,
Бәрі соның Нұрағам.

Ол күй тартса көлде аққу сыланып,
Саңқылдайды бермен карай бұралып.
Ынтық сәлем көптен күткен жеткендей,
Құлшынасың құшағына сұранып,
Қарсы аласың балқып, шалқып, қуанып.

Дархан дүние нұр шуағы шектелмей,
Түрленесің жер жұмақ боп кеткендей.
Сүйсінесің аңсап жүрген аққу құс,
Жүрегіднен жүзіп қана өткендей.

– Құйғыт! Құйғыт! Күй құдайы қолдасын!
Дедім сүртіп қуаныштан көз жасын.
Еліктірді, елжіретті деймін ғой,
Балқыр еді денең түгіл қорғасын.

Не де болса басына бір көтерді,
Аруак қонған күйдің зәулім ордасын.

Сал домбыра жетсе шырқау шағына,
Үн төгілді алтын сыңғыр ағыла.
Күйші отырды бір тіріліп, бір өліп,
Дирижер боп қол сілтейді тағы да.

Қолбасшыдай төрін алған майданның,
Туды нағыз бак жұлдызы жайнар күн.
Бір заулатты
Жұртқа карап күлімдеп,
Жарқылындай жанартаулы кайнардың.

Қанықтырған кең өлкенің сырына,
Ізет етті заман өнер құлына.
«Феномен» деп, «Ак сұңқар» деп тамсанды,
Қазағымның дара тұлға ұлына.

«Отырар сазы»
Сәтті болды өтімі,
Жас оркестр бұғанасы бекіді.
Батыс жакқа салынғандай күй-көпір,
Қанат жайды сан ұрпактың өкілі.

Күй толқытса көңілі ояу жандыны,
О, қазағым! Өзіндікі барлығы.
Нұр құйса да, жыр құйса да,
Ән құйса,
Онсыз толмас қазақ өнер сандығы.
Не де болса құстай алтын канатты,
Бар қазаққа бар әлемді қаратты.

– Марапаттан ығыр болдық... – дерсің де,
Шындық осы, досым, менсін-менсінбе.
Жұмыр жерді тұрды сонда құшақтап,
Тілендиев өлең жазған менсіз де.

Тебіренбеуге жетпегені әлімнің,
Күй құмарлық – бергені ана тәлімнің.

Жаксы кўйді сўйдім баба рухындай,
Күш-кайратын молайткандай жалын күн.
Үннен татқан рахатындай жанымның.

Күй – Фараби әлемге әйгі табысы,
Күй – Отырар соңғы қоңырау қағысы.
Күй – Махамбет желден жүйрік жебесі,
Күй – казактың мысы қайтпас дабысы.

Күй – Құлагер құс канатты шабысы,
Күй – Жезкиік құба жонда ағысы.
Күй – «Сарыарқа», Құрманғазы «Серпері»,
Күй – «Саржайлау», Тәттімбеттің намысы.

Күй – домбыра күмбірлеген дауысы,
Күй – су жорға бипыл аяқ алысы.
Күй – анаң сәлем айтқан сағыныш,
Күй – махаббат, өле ғашық жар ісі.

Күй – құдаша алтын алқа тағысы,
Күй – жүйріктер аламан бәйге жарысы,
Күй – казактың шалқар-теңіз даласы,
Күй – арыстар жанын қиған ар ісі.
Жан ұшында жатсам ертең бір күй тарт,
Одан артық жоқ фәнидің дәрісі.

Күй – казактың Құдай берген дарыны,
Күй – киялым, Қорқыт ата сарыны.
Күй – дабылым жеткен сактар, ғұндардан,
Күй – арманым, Асан Қайғы зар үні.

Күй – казактың ізгі иман тілегі,
Күй – керуен, көшпенділер легі.
Күй – құбылыс, ұлттық асыл рухым,
Күй – халқымның лүпілдеген жүрегі.

Күй – Едіге қара қылды қас жарған,
Күй – шежіре ел тарихын ақтарған.

Күй – мұнара күңгірлеген күмбезі,
Күй – мұрамыз ғасырлардан сақталған.

Күй – Абылай басын қосқан казактың,
Күй – Мағжан аңсап өткен азат күн.
Күй – бұлкынған Бұкар жырау бабамыз,
Күй – азасы қазақ шеккен азаптың.
Мен бакиға аттанғанда бір күй тарт,
Бар күнәдан келсе мәңгі тазартқың.

Күй – ақ тілек үн байлаған үкімі,
Күй – жас отау түзу шыққан түтіні.
Күй – анамның маған сенген қиялы,
Күй – сағыншақ жүрегімнің лүпілі.

Күй – құрдастар бала күннен бірге өскен,
Күй – достарым қиын күнде бірлескен.
Күй – атамның маған берген ақылы,
Күй – ұстазым болашаққа сыр шешкен.

Күй – құс жолы, қол сілтеген нұрлы аспан,
Күй – биікте ғашық жұлдыз сырласқан.
Күй – туған ел, ата мирас арманы,
Көшкен бұлтпен, аққан желмен мұңдасқан.

Күй – сал көктем, ісі жаңа тың маусым.
Күй – жан жарым, өзгермейтін қыз даусың.
Қамыққанда, жабыққанда мені ойлап,
Жаның сүйген бір күйді ұзақ тыңдарсың.

Десеңіздер:

– Сонша толқып не бітті? –
Дүние жалған ауырлығын кемітті.
Күй – Нұрғиса ереуілші екпіні,
Ауыл жакқа сағынышты кемітті.

Сезім жеңген шығар десең ақынды,
Мен не дейін туса ырғақ татымды.

Сергек сезім саяласа ақылды,
Беу, ағайын! Тоз-тоз болып кетпестей,
Адалдыкка, адамдыкка шақырды.

Туған елім, асыл өнер тұрағы!
Айғакталды айдан айқын ұраны,
Міне, қазақ шын межешам шырағы.
Нұрғисаны алақанға көтерсек,
Ол көтерді ата мирас мұраны.
Сезгеніме жетпей жатыр айтқаным,
Мақтаныш пен мақтауыма тұрады.

Осынау сәтте кім толқыды менен көп,
Ойламадым қандай баға берем деп.
Төкпелетсе Құрманғазы секілді,
Шертпелетті Тәттімбетше тереңдеп.

Төкпе, шертпе
Шекарасын сырғаны,
Екеуі де қатар билік құрғаны,
Нұрғисаның оралып тұр көзіме,
Бар қазақты біріктіріп тұрғаны.

Жұлдызды алса қол жетпейтін көктегі,
Бүкіл әлем қолпаштады, жөптеді.
Төкпе, шертпе
Шын бауырлас, аралас,
Міне, күйдің Нұрғисалық мектебі!

Құтты төрде құрса өнер салтанат,
Бара алмайды оған жабы қолкалап.
Жете алмайды жауыр мәстек оппалап!
Бозда қалар боз өкпелі бор талап.
Ата-баба аманатын жеткізген,
Өн боп, күй боп қосақталса қос ғажап,
Осы деп біл ұлы тұлға, зор қазақ.

Айқын айтсақ сұлу саздың пірі де,
Киелі жан, даналардың бірі де.

Затты казак, ол – адамзат дүлдүлі,
Не десек те бәрі сияр іріге.

Тына калса «Отырар сазы» үні де,
Бунакталды жүректің жыр-гүлі де.
Тілендиев сұлу сазы сакталар,
Жер-жаһанда жалғыз казак тіріде.

1983.
Мәскеу

ТӘТТИМБЕТ

*Тәттімбет ардагерім, ардағым да,
Қырық түрлі күй ілген бармағына.
Біржан сал*

Арнау

Қанат байлап ұша алсаң аспан дайын,
Жүк көбейер ел сырын ашқан сайын.
Заула, калам,
Тым ауыр жолға түстім,
Қылкөпірдің бір шетін баскандайын.

Жазылмаған аз емес жараларым,
Ем табады дертіме дана дарын.
Сұлу сазбен
Жүректің қылын каккан,
Тәттімбеттің күйлерін араладым.

Жұпарындай жауказын таза гүлдің,
Таза күйдің назына кана білдім.
Елеспенен күнім жок кеңеспеген,
Арыстарын сөз етсем қазағымның.

Амал тапсаң алынбас камал бар ма?!
Қарусыз ел ұрынды-ау талай жарға.

Қыл мойынға
Аш қылыш тақалғанда,
Өн мен күй де малшынды қалың зарға.

Көз жүгіртіп,
Күрсінсем кешегіме,
Жаңа кірген секілді ес еліме.
Ауыр күндер күнәсі жеңілденсін,
Кемеңгерді аз алған есебіне.

Жалғыз үй деу жараспас көшеліме,
Ел құмартқан қызықтым көш өріне.
Шертпе күйдің атасы Тәттімбетті,
Аз алғандар болды ғой есебіне.

Шертпе, төкпе тумастай сөз таласы,
Домбыраның қос ішектей қос саласы.
Құрманғазы, Тәттімбет бабаларым –
Қазағымның тілектес қос данасы.

Айтты деме, япыр-ай, мұны нетіп?!
Шындық – пірім, шыдатпас сыбыр етіп.
Кейбіреулер шібиін шікірейтіп,
«Ұлы» деп жүр өнердің құны кетіп.

Шын ұлылық,
Үңілсек өткен күнге,
Тәттімбетте...
Жан сырын төккен күйге.
Аспан құшқан арманның ақ шыңындай,
Тіл бітірді нұрлы әуез көркем үнге.

Тында, достым!
Саржайлау есіледі,
Ғашық назы «Сылқылдақ» көсіледі.
Кенесары азаттық жолын салған
«Көкейкесті» жорыққа көшіреді.

Қайшыласқан аспанда бұлт пен айдай,
Теріскакпай ағыстар жатыр қандай?
Дана мұңы осында, дала мұңы,
Бүкіл әлем тыңдардай жатырқанбай.

Жан толқытар бірлікшіл дана сезім,
Жалықпайсың тыңдауға нала кезін.
«Көкейкесті» ұққанға елестетер,
Огинскийдің әйгілі «Полонезін».

Соңғы тілек тұрғандай жан ұшында,
Құштарлық бар ойлы күй ағысында.
Шексіз мұхит шеруі қайдан десең,
Ол – мәңгілік саркылмас намысында.

Алай-дүлей...
Дүние жарысқан үн,
Үрей салмай аңғартты алыс мәнін,
Азат күнге шақырған қоңыр күймен,
Ол, қазағым, біртуар данышпаның!

Құлақ күйі

Домбырам – асыл серігім,
Қоймадың жолға жүр-жүрлеп;
Үдетті қос ішек желігін,
Күмбездей үнің күмбірлеп.

Құлшынтты десең қай желік,
Күйлерде бабам анты бар.
Ар-намысқа сай келіп,
Қанына сіңген салты бар.

Қиял да бар, наз да бар,
Күйде бар өшпес кайғы-мұң.
Пирамида, Тәжмахал
Секілді күйлер байлығым.

Осылай келер елді ойлау,
Сөзіндей сәтті сәлемнің.
«Сарыарка» мен «Саржайлау»
Ғаламаттары әлемнің.

Тегіме тартса кескінім,
Мінезім аумас күйлерден.
Асылын алып ескінің,
Бакытым – гибрат үйренген.

Келгенше елге азат күн,
Кем бастық талай егесте.
Қиялын шерткен қазақтың,
Күйлерім тарих емес пе?!

Аянбай артқан ақ міндет,
Көтеріп жүгін азаптың;
Құрманғазы, Тәттімбет –
Қос дүлдүлі қазақтың.

Қос жұлдызды көктегі,
Құшады бірге санамыз.
Көсемі елдің көшпелі
Емес пе екі данамыз?!

Аңсатса алыс азат күн,
Төгілтіп ойлы үн-нөпір.
Жүрегіне қазақтың,
Тәттімбет салды күй-көпір.

Дәстүр көп қалмас қатардан,
Өрлеуін тапқан өрісі.
Шертпе де төкпе атанған,
Күйлердің ортақ желісі.

Сұңғыла саздан көшелі,
Қару мен дәру таптым көп.
Шертпе күйдің көсемі,
Үдетсін үнін Тәттімбет!

Қарқаралыға сәлем

Қазақтың алтын белі Арқадағы,
Күннен күй, айдан саған ән тамады.
Қазыбек, Тәттімбеттер аз болғандай,
Мәдисіз елдің шері тарқамады.

Бұлтына мұң байланған Қарқаралы,
Қай заман бар сырыңды сарқа алады?
Шертпе күй пайғамбары тебіrentкенде,
Сені айтпай маза таппас жан талабы.

Ойлы тау, тұлғаң желкен жаралыға,
Жөн сілтер меже болдың заманыңа.
Атыңнан ел «айналған» киелі жер,
Айналдың асқақ өнер аралына.

Шабытшыл шақырғандай қоңырауым,
Сүйемін шерлі Мәди қоңыр әнін.
Аз емес өзімнің де шеккен қайғым,
Сыр бермей жардан-жарға соғыламын.

Зәруге дәру болған баяғыдан,
Осынау ән иірімін сая қылам.
«Атыңнан айналайын» деген сәтте,
«Ақбөкен» ойнап шығар саяғынан.

Ел болсак егемендік бертін тапқан,
Мәдилер сол еркіндік өртін жакқан.
Ой қозғап «Көкейкесті» қайырымдары,
Түрменің терезесін шертіп қакқан.

Әлемде акын жұтпас қайғы бар ма,
Көп айқас айналды ғой арты зарға.
Тар кешу арты ұзақ көшу болды,
Сан ғасыр жүгінсек те бір Құдайға.

Қырқаға қарай қалсам көңіл еріп,
Ойланам әлі де ауыр өмір көріп.

Тез өтсін елге төнген өткінші бұлт,
Отырдым сол бір сәтте дегім келіп.

Жүректі үміт-күдік тілімдейді,
Шығармас жалғыз арша үнін мейлі.
Көгілдір мұнар коршап нар жотаңды,
Күлгенің, жылағаның білінбейді.

Жайнасаң, Қарқаралы, асылданып,
Көремін тау беткейде Қасымды анық.
Қаймықпай жанған өртпен жағаласқан,
Дербес тұр өзі біздің ғасырды алып.

Жасқанбас көкте ойнаған жасыннан да,
Ақындық қасиет қой Қасым барда.
Дұшпанға атқан оғы дәлдеп тисе,
Ұлықты сөзбен жықты ашынғанда.

Ақындық ақиығы ғасырды ұққан,
Нәр алдық адалдыққа ғашықтықтан.
Мағжан, Сәкендерді кештеу біліп,
Жастық шақ жігер алды Қасымдықтан.

Жаннат жер, бір сырынды қисаң не етер?
Көк мұнар шымылдығын жисам ба екен?
Көгілдір Көкшетауға Қарқаралы
Көз тоймас інісіндей ұқсайды екен.

Бір тау бар Сырымбеттен айнымаған,
Сағынышты құшағын жайды маған.
Күрке тал етегінде желкілдесе,
Естілді жеңгем дауысы қайны-лаған.

Ақынның тенеу асыл құралындай,
Көрінер көз көрім жер бір адымдай.
Ұқсайды «Шайтан көлі» Саумалкөлге,
Ас толы қос астаудың сыңарындай.

Тұнык көл ойға шомып тереңдейді,
– Артык па Бурабайың менен? – дейді.
Су ішкен жағалауда үркек елік,
Айыртау аруындай елеңдейді.

Жерге жер ұқсастығы жеңді ме көп,
Айтайын одан артык енді не деп?
Ойладым таулы өңірде, талай күйлер
Тәттімбет көкірегіне келді ме деп.

Кездесер құтты жерде көпшіл арман,
Көрініс қандай қызық дерт шығарған.
Құлшынған дүбір сезіп Құлагердей,
Бой жаздың, Қарқаралы, көк мұнардан.

Желпінсем қалың орман шетін көріп,
Тілдесті шок қарағай бертін келіп.
Көрінді Қарқаралы Ұлытаудың,
Жалғасқан көп қырқасы секілденіп.

Ортаймас дала шексіз ырысымдай,
Таулы орман жатты жайнап қыры сынбай.
Ауасы жанға дауа елжіретті,
Сұлудың сүйісердегі тынысындай.

Қымбатсың маған, кербез Қарқаралым,
Биледі еркін шабыт, қайсар ағын.
Ішінде сал қарағай ақ қайыңға,
Анамдай соғыс жылғы жалт қарадым.

Өткенді,
Келешекті зерлетуге,
Еш белгі таудан аспас жер бетінде.
Жүзі өткір, бойы шымыр, мұрты қалың,
Ұқсас қой Тәттімбетке келбетің де.

Көшкен бұлт құйып-төгіп қыр аттанды,
Сары ала кемпіркосақ құлақтанды.

Найзағай жарк-жүрк етіп,
Тәтті бабам,
Бір күйді шертіп, каккан сияқтанды.

Сол ма еді сал табиғат талабы да,
Басылды майдан-өмір ала-құла.
Киіктер өрден асты бес саусақтай,
Ұмтылған домбыраның шанағына.

Не деген әсем, сұлу, керім еді?!
Желден күй, гүлден әуен егіледі.
Шекітіп, желпіп, сипап екі ішекті,
Отырған күйші бабам көрінеді.

Таниды осындайда адам өзін,
Оралар ойға нұрлы жаңа сезім.
Бәрі де сыршыл, мұңшыл толғағымен
Жаңғыртты Тәттімбеттің бала кезін.

Жанымның ашылғандай жабық әні,
Қоршаған «көзтаныстар» жамырады.
Көк арша, кер тобылғы жұпар шашып,
Қарақат кимай қарап қамығады.

Аз емес өзіме-өзім қойған сұрақ,
Жалықпас саясатқа толған құлақ.
Әлі де Тәттімбеттің күйлерінен,
Толқытар тоқсан тоғыз ойлар шұбап.

Сондайда келер күннен не күтеміз?
Қиналдық деп те кеңес шекітеміз.
Кей мырза кең далама көз алартса,
Туған ел іргетасын бекітеміз.

Болайын қалай ғана байқамаған,
Мұңлы жел сыбырлайды сай-саладан.
Жезкиік қос жанары жарк етеді,
Дүбірі «Қосбасарды» қайталаған.

Сеземін ел басында жағдайды,
Қиындықтар құшағын тағы жайды.
Адасқан көк тұманда отардай боп,
Оттары кей ауылдың жамырайды.

Ассалаумағалейкүм, асыл аймақ!
Дәулет пен сәулетінді жүрдім ойлап.
Қасымның мен де туған інісімін,
Бауырында өспесем де асық ойнап.

«Бұталы», «Шаңкөз» сылқым тұр бабында,
Мәңгі жас қасиет бар шыңдарында.
Апайтөс «Жиренсақал әулие» де
Толқиды «Көкейкесті» ырғағында.

Теңіздей көбік шашқан «Көктөбелер»,
Қиядан көрсетеді өктем өнер.
Айдында арқыраған толқындардай,
Өр таулар, өжет таулар өршеленер.

Толқыса Қарқаралы жасыл бағы,
Мұңы көп мен секілді жасымдағы.
Дербестік құт орнатып қазақ үшін,
Сол болғай қайғы бұлты ашылғаны.

Көлде аққу саңқылдайды дамыл таппай,
Қоңыр қаз қаңқылдайды ауыз жаппай.
Тырналар терең сайда тыруласа,
Құлаққа күй келеді «Терісқақпай».

Жан сырын жылқышы құс ағытады,
Әуілдек күрсінеді тағы-тағы...
Бәрі де Тәттімбеттің «Сылқылдағын»
Шым-шымдап, дәлдеп басып қағытады.

Қарлығаш су тасыған өртке күйдім,
Тоты үнін тоқсан тарау еске түйдім.
Сырнайы сырбаз саздың көңіл қозғап,
Бәрін де балқып, толқып ессіз сүйдім.

Дегендей кер заманға қылдың мезі,
Құлақта дабыл қакқан күйдін жезі.
Тұлғаңнан Қарқаралы елестейді,
Көзіме «Саржайлаудай» күй күмбезі.

Жаралған Қарқаралы сәнділікке,
Көңілінде талай беріш, қалды нүкте.
Ата күй «Саржайлаудың» ойлы сазы,
Жеткізді соның бәрін мәңгілікке.

Қондырған тау-тасыңа көктегіні,
Өмірге өзің күйсің өктем үні.
Сенің де шеккен күнің шер байлатып,
«Саржайлау» Тәттімбеттің төккен мұңы.

Күй сыры әрі шексіз, әрі терең,
Кең жайлау тарылғанын айтыпты ерен.
Ой салған өзге түгіл Абайға да,
Бұл күйді талай күйден артық көрем.

Қажытпас күй нақысы жалықтырып,
Серпілдім көңілге ту шабыт тігіп.
Әлі де тебіренермін, толғанармын,
Басына данышпанның барып тұрып.

Ізіңмен іздеп жетсем құйындаған,
Үндемей үнсіз кету қиын маған.
Актангер күйші-кенші, әділ қазы,
Қабылда ақын-кенші сыйын, бабам.

Тәттімбет туған құтты әсер

Бабалар кескіні бар келбетінде,
Жер аспас туған жерден жер бетінде.
Бұйырған тағдырыңның тұғыры осы,
Жаратқан кіндік қанды белгі етуге.

Атағы бұл аймақтың аңыз-дастан,
Мыржык тау әлмисакка аты ұласқан.
Қасында Дастар атты дара шың бар,
Тәттімбет бабалары бауыр басқан.

Бұл өлке жазғы аптапқа ұрынбайды,
Қыс келсе бауыры құт – жылы, жайлы.
Үңгірлер күмбірлеген
Қазбалы жер,
Кер шатқал қорғаны көп ұры сайлы.

Мыржықтың айта кетсек хикаясын,
Ашылар жабық жатқан бір пара сыр.
Қалмақтың батырының есімі екен,
Тік айтқан жан киярда мұң-наласын.

Жеңілді, қолға түсті қалың қалмақ,
Бас батыр әл үстінде салды салмақ.
– Есім хан! – деді Мыржык, – осынау тауды,
Аташы жау болсам да маған арнап.

Адамның қаруы жоқ тілден артық,
Мен мүмкін жөн таппаспын сіздей сарқып.
Өзін де кеше тұтқын болып едің,
Сұм жалған көзден ұшып жүрген шалқып.

Елім деп соғып тұрса әз-жүрегін,
Өзім де сондай едім, әлсіредім.
Бір жауың азайғанда жер бетінде,
Хан болсаң рахымшыл бол – сол тілегім.

Есімің қалар екі ел есінде,
Барар жер баки болса бөлексінбе.
Жолбарыс, жонда жортқан тарлан едім,
Өлексем бұйырмасын өлекшінге. –

Осылай Мыржык сөзін аяқтады,
Батырлар естіп тұрды таяп бәрі.

Біреулер: «Қазаққа өзі ұқсайды», – деп,
Тамсанған сыбыр-күбір тояттады.

– Дауа жоқ тауып айтқан көркем тілге, –
Есімхан сөз бастады бармай зілге. –
Жауапты жер егесі Шаншар берсін,
Хас жауын қарсы алдымда еткен жүлде.

Алқа топ хикаяны тегіс ұқты,
Елбасы алдында елмен сенісіпті.
– Хан ием! Таудың аты Мыржық болсын,
Деп сонда батыр Шаншар келісіпті.

Дәл осы көзі – ойлы, сөзі – қанжар,
Әзілқой, орақ тілді батыр Шаншар.
Мейірбан көкірегінде жылы ағын бар,
Қиянат шеккен адам атын аңсар.

Сәнді өлке жасыл макпал қыраттары,
Көз тартар қия белден шұбап бәрі.
Мың жылқы суарсаң да суалмайды,
«Мөшеке», «Мыңбай» ата бұлақтары.

Егіз тау Едірей мен Бедірей де,
Аумайды не бір тентек, не дүлейден.
Құбыжық көрсеткендей құрдасына,
Балқан тау түрі қызық бедірейген.

Бұлқынған тұлғасына көз тоймаған,
Таппассың мұндай ғажап еш қоймадан.
Қалғандай баяғыдан мүйізді арқар,
Биікте көрінеді таста ойнаған.

Сикырлар сылқым үндер тоссаң құлак,
Ағады тереңнен де тастан құлап.
«Жетісу», «Сексен көл» деп атанғандай,
Бұл жердің атауы да «Токсан бұлак».

Көңілді ешбір ойда жоқтан бұзбай,
Тұрғанда қалу қиын оттай қызбай.
Сыңғырлап тоқсан бұлақ сылқылдайды,
Билеген тау ішінде тоқсан қыздай.

Таутеке тық-тық басқан тұяқтары,
Сандуғаш сайрауы да тұрақтады.
Сыбырлап бір-біріне күлім қакты,
Күй тартып күміс сыңғыр құрақтары.

Барардай тақау елдің қызын сұрап,
Асығыс жүгіреді «Ұзын бұлақ».
Соңынан «Келте бұлақ», «Жамбас бұлақ»,
Дүркіреп, күмбірлейді күй боп шұбап.

Мың тетік көкейдегі ыркын бактым,
Сүйінші! Тәтті бабам жұртын таптым.
Құт болған атамекен әулетіне,
Көрінді ормандары «Былкылдақтың».

Күрке тал, шок карағай қайың жалды,
Құдайдың берген жері Шайырғалды.
Ел сөгер,
Көп бұлаққа бастау болған,
Бұл шынды айтпай келте қайырғанды.

Табиғат тамаша ғой баптағаны,
Танытар көз ұшында «ак», «караны».
Осы тау төбесінен шаңқай түсте
Мұнартып бой көрсетер Қарқаралы.

Акынға ізі қымбат кейіпкердің,
Қалт етпес қылқаламға ерік бердім.
Күн түсіп көтеріп тұр еңселерін,
Көнерген карабайыр бейіттердің.

Не қиян осындайда өткермейсің,
Терең ой қайда тартса жек көрмейсің.

Ақынға бұдан артық мезет қайда,
Қарқынға қарқын қосып екпіндейсін.

Әркімге өзі ынтық күй естіліп,
Табиғат жатыр әуен үлестіріп.
Шулы өзен тау ішінде сарқырайды,
Қойғандай су мен тасты күрестіріп.

Көп киік өтті жүйткіп, сайдан құлап,
Күрке тал желкілдеді ойнаңқырап.
Естілсе сыңар қағыс, көсіп шерту,
Ырғағын жатыр бәрі... ойдан құрап.

Көргенді неге әсемдеп тоқымайық,
Келеді зерлі көңіл оты байып.
Кен қазған ескі құдық, ұра жатыр,
Жалғыз көз көкке қарап соқырайып.

Зейінім тарих ізін терген екен,
Кеншімін, үңілмеймін жерге бекер.
Табиғат бұл өңірдің асты-үстіне,
Аямай бар байлығын берген екен.

Сұм жалған сұр желістен саспайды анық,
Үңілсең кетер кейде бас та айналып.
Біреулер көшелерде қолаланса,
Кейбіреу кетеді екен тасқа айналып.

Толқыған төңірекке үн байланып,
Құтты орын салыныпты үй сайланып.
Тәттімбет осынау жерде жатса-дағы,
Рухы жүр әлемде күйге айналып.

Қазақтың өтсе талай актангері,
Артында із қалдырды аққан тері.
Өзіне ескерткіш боп көрінеді,
Тірлікте кей арыстың басқан жері.

Беу, дүние! Ризамыз барға, міне,
Тәттімбет жатыр елмен жалғап ірге.
Соңыра бізді осылай іздеп келіп,
Інілер есіркесе арманың не?!

Сәтті жол жайса алдыма сай-саланы,
Тәтті күй төгіліп тұр қайсар әні.
Тәттімбет осы жерде туғандығын
Айттым деп бүкіл аймақ жар салады.

Көп еді кездескенше қойған сұрақ,
Үн кепіл, мың толқынға тойған құлақ.
Бұл жерде күйші болмай, акын болмай,
Өтсе өтер мешеу пақыр ойдан жырақ.

Тамаша жайнап тұрған, өңір гүлді,
Ұмыттым қала шуын, өңім кірді.
Ақ үйден сусын ішсек
Шопан жігіт
Тәттімбет талай күйін төгілдірді.

Қарындас кобалжудан ада ма еді,
Тыңдайды келгендей-ақ шала демі.
Бүлдіршін аппақ беті нарттай жанды,
Күйші інім мұртын сипап қарап еді.

Бәрі де сыйлап жатыр ағаларын,
Ән мен күй жалғасыпты самал ағын.
Күнде естіп «Жезкиік» пен «Аққу әнін»,
Шын толқып құтты аймақты араладым.

Қалсын ба баба сарын шабыт тұнып,
Жібердім ой құрсауын ағыттырып.
Тағдырын дастан ету арман еді,
Басына күйші дана барып тұрып.

Қалың ел – бәрі бауыр, тілектесім,
Жасырар осындайда жүрек несін?!

Аузынан Тәттімбеттің жаттағандай,
Көп күйге айтып жатты біреу шешім.

Жаксы аға бірге Махат Рымжанов,
Отырдым той ішінде нұрым жанып.
Әңгіме күй аралас таңға жетті,
Толкытты Тәтті бабам сырын халық.

Тұрысбек сыңарішектеп сұңқылдатты,
Домбыра әсем күмбір қыңқыл қакты.
Қызық-ау бәрінен де естігенім,
«Былкылдақ» – деген жерде «Сылкылдақты».

Асыл әулет – күйші дәулет

Руы Тәттімбеттің Қаракесек,
Шаншардан бар ағайын алады есеп.
Ағасы Қаз дауысты Қазыбектің,
Бертіс би ұлы атасы дара кесек.

Шежіре туа қоймас бәсекесі,
Аз сөйлеп, көп сыр айтсын сөз төтесі.
Бертістің немересі Мөшекеден
Туыпты Қазанғап би өз әкесі.

Әйгілі Арғын – Шаншар әулетінен,
Белді адам жасқанардай жау бетінен.
Нұрбике-Шаншарлардың әділ биі,
Полковник сәулеті тең дәулетімен.

Етектен кесіп сөзді жең қылатын,
Ойлайтын өзгеден көп ел мұратын.
Оянған казак еді Қазанғаптар,
Құнанбай, Алшынбаймен тең тұратын.

Дос болса әрімен де, берімен де,
Өз орнын алды аймақтың төрінен де.

Елге икем Қырын атты бәйбішесі,
Жалғады дастарханын бәрімен де.

Жан еді Қырын ана акынжанды,
Әнші боп қыз күнінде аты қалды.
Сыйлайды әлі күнге әнші-күйші,
Елде бар аузы уәлі ақындарды.

Ән кетпей Тәтішінің бесігінен,
Асыл таң балкушы еді кеші күрең.
Ағайын ауылда бар өнерпазды,
Шығармас күй тартпаса есігінен.

Үш жаста домбыраға тіл катқаны,
Қуанып даңғұл-дыңғыл тыңдатқаны.
Көзі өткір, жаны сергек жас Тәтіші
Екі ішек үзім үнін тез жаттады.

Күйшілік бұл Шаншарға көптен қонған,
Бірден мың, өскен екен мыңнан орман.
Інісі Қазанғаптың Әли күйші,
Тәттіге үйде сәтті мектеп болған.

Әлекең «Сары өзенді» шертіп, қағып,
«Ойратты» елтіп тартар өліп-талып.
Саймақтай шын дүлдүлге сыйындырды,
Отты күй намыс қозғар жалын жағып.

Құтты өнер бір тұғырға байлатпай ма?
Дегізді-ау: «Аймақ қайда, Саймақ қайда?»
Сәкеңнің аласапыран отты күйін,
Жаттаған казак түгіл калмақтар да.

Не дерсің дауыл үйір заманыңа,
Күй дәрі-дәрмек болар жаралыға.
Күйші де ес білмейтін ерке киік,
Өрт кешіп тура жетер ажалына.

Әу баста «Қорқыт» күйден салсақ ұран,
Зарлайды Кетбұға боп «Аксақ құлан».
«Ескендір қос мүйізді» деген күй бар,
Жатыр ғой күйге оранып Алаш, Тұран.

Шерлі күй, шежіре жыр көп жойқыны,
Атанды Асан Қайғы күй-төркіні.
Байжігіт, Сары Нияз, Қазтуғанға
Жалғасты Абылай ханның «Ақ толқыны».

Осы ғой жас балаға тиген пайда,
Күй заулар ата-анасы барса қайда.
Күйші еді ағалары, нағашысы,
Бажасы Қазанғаптың Кенжебай да.

Күйшілік бұл өлкеде оянды үні,
Туыпты өнерпаздың ноян күні.
Қазақтың саңлақтары бас қосатын,
Құдайым думан етті Қояндыны.

Секілді шулы өзенде сең көшкені,
Тамаша нелер дүлдүл белдескені.
Осында Құнанбайлар, Алшынбайлар,
Орынбай, акын Шөже кездескені.

Берді Алла ата-ананың көрегенін,
Ақ сүтпен сіңді ұйқыға бөлеген үн.
Күй келді күн сәулесі, самал желмен,
Қарашы аруақ колдап жебегенін.

Түс көрді Қырын ана көңіл сенер,
Жаратқан жарылқауға неткен шебер?!
– Тәттімбет күйші әлде би болсын ба?
Бер жауап, – деп сұрапты періштелер.

Өзі әнші, күйге ынтық Қырын ана,
Өнерге бүйрегі көп бұрыла ма?..
– Тілегім – күйші! – десе

Бата берді
Періште колын созып құбылаға.

Таңертең түс жорытты күйеуіне,
Сәтті ғой Қазанғаптың сүйеуі де.
– Қазыбек бабам жетер бишілікке,
Күйшілік қонсын, – деді тілеуіне.

Жасқансын үміті пәк ана неден,
Баулытты күйшілікке санаменен.
Өз жолын өзі жасар жақсы адам деп,
Оңаша ой тоғытты баламенен.

Асырды бұл баланың бабын көптен,
Береді әнге қосып атын да ерттеп.
Есімін Тәтмұхамбет азандағы,
Ел-жұрты атап кетті Тәттімбет деп.

Бес жаста бала игерді домбыраны,
Жаттады Әли білген мол мұраны.
Жасынан күйге жебір, тез жаттағыш,
– Күй тарт! – деп мейман келсе таң қылады.

Жаттады Тәтіш бала күйдің бәрін,
Тым ерте сикыр дыбыс татты нәрін.
Өзі де кішігірім күй шығарды,
Келтіріп балаларша үннің сәнін.

Баскарды соның бәрін Әли ағаң,
Берілді дәріс болар әділ бағаң.
Алаша хан, Алаш би, Аламан бай,
Қазақтың елі Алаш боп тұрған заман.

Сөз етті түркі тектес Тұранды да,
Ел көркі Абылайдай қыранды да.
Келтіріп соның бәрін күй тілімен,
Үйретті үн жаттағыш құралды да.

Бар ғалам шырмауықтай үннен құрған,
Жас кадам ғибрат алды күйлі нұрдан.
Құс әні, ат дүбірі, жел ызыңын,
Әлекең келтіретін үнге тұнған.

– Шын сүйсініп құс аулап,
Айдын көлді шүйіп ем.
Шымқай сұлу қыз аулап,
Ғашықтық дертке күйіп ем.

Өле ынтық құмартып,
Қыр соңынан қалмадым.
Сағыныш деген мұң артып,
Жалыныш күйлер арнадым.

Сүйгенді сүйер жан екен,
Жеңіп тындым ақыры.
Ажары атқан таң екен,
Бес кісілік ақылы... –

Деп косты әнге Әлекең өз білгенін,
Паш етті қыздың ерке кез келгенін.
Шертпелеп жас шәкірті мол ұғардай,
Көрсетті күйге өмір теңделгенін.

Төр басын көркем жігіт сәнді де етті,
Тартқан күй бойдан сылып алды дертті.
Тәтішті терең ойға тез салатын,
Күй сырын ұғындырар әнді үдетті:

– Күйшілер епті келер қыз дегенде,
Құлшындым мен де қыздар іздегенде.
Басайын «Көш қосарға» ырғай шертіп,
Қалканың басы айналсын біз дегенде.

Махаббат – Алла құрметі,
Ғашықтар, алғыс үйіндер.
Дін мұсылман үмбеті,
Бір сүйсең мәңгі сүйіндер.

Қызықсам осы қызға бұрын талай,
Бетінен бір сүймеймін бүгін қалай?!
Ей, калқа! «Көш басарды» тыңдап қана,
Төс басар күнді тездет қырындамай.

Әуезді ән макамы тым әдемі,
Осы ғой пәк махаббат шын әлегі.
Әлидің Тәттімбетті еліктірді,
Әрі әнші, әрі күйші тың мәнері.

Ынталы күйші бала көп тамсанып,
Ұқсады ұстазына ол жан салып.
Өзі де білген әнін бір шырқады,
Сонан соң безілдетті күйді аңсауық.

Тәрбие жеміс бермей құр қоймайды,
Жас жүрек бір табысты мың тойлайды.
Саймақтың кей күйлерін Әлекең мен
Тәттімбет қосылысып бірге ойнайды.

Жаттады Қазыбек, Бұқар сөздерін де,
Молайтты жас молладан сезгенін де.
Көрсетті Қазанғап та ертіп жүріп,
Жайғасқан жаксылармен кездерін де.

Бүркітке қырда шырға тартқызады,
Сұңқарға өрде дабыл қакқызады.
Қуалап кансонарда аш бөріні,
Балаға ат үстінен атқызады.

Алшынбай – Қазыбек бидің немересі,
Тең түскен Құнанбаймен керегесі.
Байқады Тәттімбетті кішкентайдан,
Ақылгөй елге естіліп өнегесі.

Ұнады келбеті де жас баланың,
Жүзінде тұр кияға бастар ағын.
Біліпті әрбір сөзді салмақтауды,
Баскандай
Сал домбыра сақ шанағын.

Жасқанбас
Жас кыраны кең даланын,
Нык сілтер ерте ойланып әр қадамын.
Алшынбай алқа топта разы болды,
Сөзіне жөні жатық жас баланың.

Алшынбай:

– Әділдік анасы кім беу, шырағым,
Аташы ерлік бастау өр бұлағын.
Өмірде көп ұстаздың үлкені кім,
Жауап бер, сенде, қалқам, қос құлағым.

Тәттімбет:

– Ақиқат – әділдіктің шын анасы,
Тәуекел – ерлік тасқын бастамасы.
Өмірдің өзі ақылшы біле білсек,
Ұстаздың ең үлкені – ел данасы. –

Төбе би жанды жүзі ақ шырайлы,
Бісміллә деп атады хақ Құдайды.
Қолда деп Тәттімбетті жалбарынып,
Қосымша тілек айтып қолын жайды.

Тәттімбет алғыс қосты тартынбастан,
Тәртіппен айта білді даңқын асқан:
– Жебейді күй тартқанда Саймақ бабам,
Сөз келсе Қазыбек салты бауыр басқан.

Содан соң «Бала би» боп тез атанды,
Ақылмен жеңді кейде кез сақалды.
Үйренді нағашыдан ат ойынын,
Жастардан озық жүрді өз қатарлы.

Ақбоне

Ғұмыры қысқа келер жаксы гүлдің,
Жаксыны шатты күнге тапшы қылдың.

Беу, тағдыр! Тәттімбетке тап осындай,
Бұйырттың тауқыметін ашы мұңның.

Күйшілік жеткізсе де атын көпке,
Көтерді тағдыр жүгін Тәттімбет те.
Қайғылы «Ақбөпе» атты күйі зарлап,
Ай-күні тұтылғандай айтылды өкпе.

Көңілі кырық жамау, тоқсан құрак,
Алады кейде өксіп, кейде жылап.
Ақбөпе – сүйген жары дүние салды,
Артында үш нәресте құрдай шұбап.

Тіршілік, сүйген жармен сәтті екенсің,
Қасірет тапты таңдап қақ төтесін.
Үш ұлын бір құшаққа жинап алып,
Тебіренді есіне алып Ақбөпесін.

Күйдіріп кос жанардың тамшылары,
Үзілмей әзер-мәзер жан шыдады.
Мұсатай, Қысатай мен Исатайы,
Жүректің нәзік қылын камшылады.

Басқандар аяқтарын апыл-ғапыл,
Күйшіні терең шерге батырды акыр.
Туды күй – «Ақбөпедей» – жан азасы,
Құрғандай жас бейітке алтын шатыр.

Осы ғой күйінгені, сағынғаны,
Жоғалды-ау құштар, ғашық сағым таңы.
Қолында Тәттімбеттің сал домбыра,
Бойлауық мұңлы сарын ағындады:

– Жасымнан аймақ билесем,
Озбырды оқыс түйресем;
Бакытты болдым демеймін,
Жоксың ғой бүгін үйде сен.

Құмартқан жаным гүл өңің,
Шапағат шарпып түледім.
Қолың ашық, төрің той,
Дос-жаранға нұр едің.

Жоғалтып қолда құсымды,
Жұтамын қайғы легін.
Азамат ету үш ұлды,
Ендігі жалғыз тілегім.

Өсер де қаулап тың егін,
Жүректің табар кім емін?
Тым ерте кеткен өмірден
Өзіңді ойлап жүдедім.

Қосымның құтты төрінен
Қос бұрым қайда төгілген?
«Қос алқа» күйлер сен едің,
Қосақта бірге көрінген.

«Салқоңыр» билеп құйындай,
Толқытса тағдыр шиырмай;
Үш ұлдың көру қызығын,
Кетті ғой саған бұйырмай.

Бакытын дүние үйген боп,
Жүруші ем үнсіз күйбеңдеп.
Өтермін күймен паш етіп,
Ақбөпе мені сүйген деп.

Бастауы күйдің қыңқылдап,
Өрлеуі биік ұмтылмақ.
Көздері менде, ой сенде,
Үш ұлың отыр күй тыңдап.

Жан-жаққа жіті қарадым,
Береді аймақ сараң үн.
Өзіңді қосып күйіме,
Көкіректе әрең жамадым.

Үш ұлым берік камалдай,
Шегерміз ғұмыр амалдай.
Жоктығың сенің өкініп,
Күн туды естен танардай.

Кездескен жаздың кешінде,
Ажарың аппақ есімде.
Мен үшін пісіп тұрғандай,
Қос анар көрдім төсінде.

Қызбалық кайтты, ес кірді,
Құс тілі – үнің естілді.
Кең жалғанда өзіңдей,
Сүймедім, калка, ешкімді.

Жайнатқандай жер бетін,
Нұрлы еді көркем келбетің.
Үш ұлың жетім емес қой,
Артыңда қалған мен жетім.

Кетсем де шарлап Қырымды,
Домбыра төксе тың үнді;
Өзің бардай бола алмас,
Толқыған төрім бұрынғы.

Үзілді қыршын арманым,
Сезді ғой фәни жалғанын.
Домбыра досым үн қосып,
Қос ішекке айтып зарладым.

Тыңдаңдар, тыңда, зар үнін,
Осыдан аспас бар күнім.
Сөніп қалды бір күнде,
Жапанда жалғыз жарығым.

Сағынған жүрек күйеді,
Жан едің таза, киелі.
Мәңгі ескерткіш болардай,
Күй туды бүгін жүйелі.

Беу, замана! Үйірме!
Оқ тиді жастай бүйірге.
Ақбөпені ұмытпас,
Қосылсын күйім үйірге. —

Күй осы. Ашы күйік дәмін татты,
Тындырды қайырымын ағын қатты.
Қолына қайта алды да домбырасын,
Тереңдеу толғап-тербеп ағындатты.

— Ақбөпе, асыл жарым, арайлы ана,
Болмай тұр сен кеткелі маңай пана.
Малшынып махаббатқа жүргенімде,
Сұм ажал келіп қалды қалай ғана?!

Сен барда келді күйге баянды ағын,
Жоғалдың сүйенішім, таянғаным.
Құйғытып, жүйткіп келе жатқанымда,
Қапыда құлап түсіп аяңдадым.

Ақбөпе, нәзік едің тотыдайын,
Жан зекет ақ жүректің оты дайын.
Ұшырды сені тағдыр кияметке,
Үш ұлды бағып-қағып отырайын.

Күй шертсем, тілім жетпес сырым қалың,
Махаббат баса алмадым мұңын-зарын.
Жанымның бір бөлшегін жоғалтқандай,
Аңсадым тұңғыш ләззат, шырын-балын.

Аршын төс, аккумуля мойын балғын едің,
Сен таптың ынтық жүрек жалғыз емін.
Тәмамдап соның бәрін бұл күйіме,
Сағыныш сарыны мол наз тіземін.

Жан баурап, қос жанарың күлімдеген,
Балдырған көріп едім күнінде мен.
Алғашқы қолдасқанда

Көл шетінде,
Көз тимес құба талдай дірілдеп ең.

Тамсантты сол ғажайып нәзіктігің,
Жаныма пәк мінезің азық бүгін.
Шіркін-ай, сені есен-сау сақтай алмай,
Артыңда қалғаныма жазықтымын.

Имек қас, әдемі еді қыр мұрының,
Жайқалып белден аскан тұр бұрымың.
Япыр-ай, көз алдымда ерте сөнді-ау,
Жайнаған бір сәулесі күн нұрының.

Өмірдің өріп келді бар сұрағы,
Қажымас кайрат-күшім тамтырады.
Ой, Алла-ай!
Ерте кеттің, оқыс сөнді-ау,
Тіршілік ең тамаша шамшырағы.

Жан едің орындалған мол армандай,
Білмеймін, қалған өмір болар қандай?..
Отырмын күйге косып кайғы-шерді,
Аспанда таңшолпаным жоғалғандай.

Сырымды мұңлы әуезден әркім білер,
Нұрыңды екі ішекке теңдеп ілер.
Қандай күй шығарсам да бұлт сейілмей,
Ішінде сенің өшпес бейнең жүрер.

Тер шықпас кері шертіп, теріс қақпай,
Заулап қал, он саусағым, желісті аттай.
Күй туды Ақбөпенің аты өлместей,
Қалмаспыз, қарақтарым, өріс таппай. –

Естіді ғашық мұңын таң самалы,
Табылсын одан басқа қанша амалы?
Киелі кош айтысып ақ құсымен,
Естілді тың сарыннан аңсағаны.

Қояндыда жәрмеңке

Түсу бакыт бар казак назарына,
Қарандаршы Қоянды ғажабына.
Думан-дүрмек
Елге аян жәрмеңке осы,
Аты сәйкес аймақтың ажарына.

Баянауыл канаттас Қарқаралы,
Бірге құшар екеуін таң самалы.
Қос сұлудың еркесі ортадағы,
Ғажайып жер Қоянды Арқадағы.

Қоян үйір тау жолы маңайында,
Қаулап өсер гүл майса жаз айында.
Қоян шөбі, қымыздық, ұзын құлақ,
Көз тартады алтын күн арайында.

Сасып калса,
Аңдаусыз бертін келіп,
Жүйткіп өтер
Ор қоян еркіндетіп.
Жатыр әне, Ақ шоқы арқа-жонын
Күнге тосқан ақ қоян секілденіп.

Тобылғылы, аршалы ояңдары,
Шатыр қайың, күрке тал – ояу бәрі.
Құмда жүрген
Көжектей ұсак емес,
Жас козыдай тоғайда қояндары.

Жәрмеңкені көпестер жайғастырар,
Қант пен шайға
Қой-ешкі алмастырар.
Малын алып,
Қазақтың барын алып,
Ақ патшаның құлқынын ойластырар.

Аш қасқырдай саудагер қоян ілген,
Лепіріп те кекіріп тоя білген.
Суда балық секілді қойындасып,
Алыпсатар көп пайда ора білген.

Ботов көпес
Сүйрелеп, аркалап та,
Ел қажетін жеткізді шартараптан.
Сауда қызсын,
Қызықтап біз барайық,
Ел жиналған той-думан, салтанатқа.

Жасыл жайлау,
Тойлы төр ажарын-ай!
Сал домбыра, естілер кара сырнай.
Ат шабыс та,
Балуандар күресі де,
Түзелер ме бір түндік дара тұрмай?!

Той бастаушы Шаншардың мықтылары,
Меймандардың қажетін ұқты бәрі.
Ертіс, Есіл, Көкшеден келгендер көп,
Даурығып жүр сайыста құт құмары.

Жарияшы сөзіне нанамыз да,
Талай тарлан бар дейді арамызда.
Аты жеткен сал-сері қалыспайды,
Жайғаскалы жәрмеңке даламызға.

Бір ақ үй тұр,
Кең, биік уықтапты.
Жайлы мекен сол үйді ұлық тапты.
Ақын Шөже Балтамен айтысканда,
Алшынбайды бір соғып тұйықтапты.

Айтыс-тартыс өзге де жүріп жатты,
Әкімдерді әңгіме тыныстатты.
Шыңғыс, Мұса, Алшынбай, Құнанбай бар,
Қазанғап та құтты орын дұрыс тапты.

Шыңғыс талдап Көкшетау өрендерін,
Жайып салды өнердің терең кенін.
Аға сұлтан атанған ақындықта,
Орынбайдың жатқа айтты өлеңдерін.

Шөжелердей казактың актангері,
Таңдай қакты,
Ақталды акқан тері.
Осы екен Біржан сал аңыз етіп,
Тәттімбеттің кырық күй тартқан жері.

Әу дегенде «Қоркыт күй» салды ұран,
Күй төресі төгілді «Аксак құлан».
Кенесары жалғасты «Көкбалағы»,
Дүркіреді күй болып Алаш, Тұран.

Пай-пай, шіркін!
Төгілтті, бебеулетті,
Су сылдырын естірте елеңдетті.
Тіл біткендей домбыра күмбір қағып,
Шертіс-қағыс жаңарып терең кетті.

– Дұрыс па екен, соңғысын күй дегені?
Деп түйілді ортадан бір денелі.
Наймандағы Сандыбай Ердені екен,
Таңдай қакты көрген жұрт білмегені.

– Айналайын, – деді Ерден, –
Бұл кім, – деме, – безерген.
Өз еліне жау кісі,
Күйшілікке не берген? –

Такпактатты Тәттімбет:
– Жаксыны ұғу ақ міндет.
«Тірлік түбі – бірлікте»,
Осы күйден таптым, – деп.

Кетті көңіл жібітіп,
Дегені: «Ақыл суытып,

Өмірді ұқтым, жан аға,
Өзімді өзім ұмытып».

Содан кейін Алтайдың күйін шертті,
Еділ – Жайық ырғақпен
Күмбір жетті.
Маңғыттың да қағысын келістірді,
Қаңлы – Қантай толғақпен шымыр етті.

«Боз айғырын» Әлидің боздатканда
Жан желікті
Жетердей боздақ таңға.
Кейде күйдің желісі күрт өзгерді,
Жалтарғандай
Көлденең кол батканда.

Үні ғажап, арбайды күй күмбірі,
Тап осылай баурайды-ау мыңның бірі.
Паганини, Ференц Лист деп
Орыстар
Өнерпазын казактың ұқты ірі.

Шерлі көңіл
Жалғайды үзік жерін,
Қамыққан жан басады күйік-шерін.
Тәттімбет те құлшынып,
Қыза түсті,
Асау күйдің бергендей сығып сөлін.

Сүйсінді оның Құнанбай өнеріне,
Бойлап кетті
Қырық күй тереңіне.
Абайына:
– Қарашы, – деп қояды, –
Дөп басканын көңілдің керегіне...

Отырды Абай,
Жас бала ұйып тыңдап,
Сүйсіндірді ойлы күй, сыр мен сымбат.

Жүрегіне бір ұшқын түскендей боп,
Шын сүйсінді тамаша сәтке қымбат.

Той қызынды.
Алаңға бәрі шықты,
Бәрі де ірі,
Бәрі де мейман құтты.
Жүлдегерлер өтетін
Мәре бойлап,
Аксақалдар арнайы төрге шықты.

Би мен болыс мақтаса желік еріп,
Жүлде алғандар бас иді бері келіп.
Қазанғаптың келді үздік Салқоңыры,
Ат билетті Тәттімбет тебіреніп.

Балаң жігіт
Жиырмадан асар-аспас,
Ширақ кимыл,
Епті екен қате баспас.
Құнанбаймен әкесі қатар отыр,
Бір-біріне ірілер қарсыласпас.

Көп айтады Қазанғап құдіретті,
Жас ұлғайды, қыруар ғұмыр өтті.
– Өнер қайдан? – деп қалған Құнанбайға:
– Нағашыдан, – деп баяу сыбыр етті.

– Ой-хой, шіркін! Бәрі де ағайын ғой,
Төксін Алла әрдайым арайын мол, –
Деп Құнекең мазалы сөз тастады,
Назарына ағаның табатын жол.

Бұлаң құйрық жортақпен не барлайды?
Не барлайды, Құнанбай не талғайды?
Ал шындық сол – ол ертең аға сұлтан
Сайлауында Шаншарсыз өте алмайды.

– Тілектеспін, Қазеке, балаңызға,
Алшак емес айтарлық арамыз да.
Қанша өнерпаз болса да,
Ұнағаны,
Ұстамды екен, мінез жоқ алақызба. –

Осылайша
Жайғандай кең құшақты,
Жезделігін ақ ниет алға ұстатты.
Көп сөйлемей Қазекең шын пейілмен
Құнанбайға бұрылып алғыс айтты.

Шылбыр тастап татымды сөзбен жүрдек,
Қалың ойға қанықты түйдек-түйдек.
Естіп еді Құнекең Тәттімбетті,
Ақылшы етіп Алшынбай алып жүр деп.

Алшекеңнің жас жігіт досы болар,
Өжет екен, қияға қосы қонар.
Деп жориды ішінен:
«Дәу де болса,
Қаракесек мықтысы осы болар...»

– Бақ дарыды Қазанғап баласына, –
Деп шуласты Сарыарқа даласы да.
Ат ойнатып ел-жұртты тамсандырды,
Тоғыз серік өзі жүр арасында.

Қаз мойынды су жорға екпіндеген,
Көп қарамас жасқанып көркін көрген.
Тәттімбеттің осы еді Салқоңыры,
Жорға жарыс бәйгеде еркін келген.

Ат билесе шыдамас көңіл-дөнен,
Күрең-торы, астау жон көрінді ерен.
Майқаң-қайқаң тайпалса
Үстіндегі
Ақ табакқа құйған су төгілмеген.

Өзге тоғыз мінгені құла-сары.
Сансыз тұяқ бір ырғақ құрасады.
Көп пернені дәл басқан саусақтардай,
Күй үніне әр кимыл ұласады.

Тоғыз жорға тілекті актады бір,
Тоғыз толқын, бір жойкын тапқаны тіл.
Шыр айналған көрінді терең сайда,
Қызыл гүлді коршаған аксары гүл.

Тоғыз сары, бір қоңыр жан балқытты,
Терлесе де
Накыстан талмай шықты.
Бұрқырамай, көп тұяқ шаң көтермей,
«Қазоты» шөп азырақ каймақшыпты.

Әсем тартты аттардың бипылы да,
Жан толкиды
Қызған жұрт кикүына.
Шым-шым ырғақ дәл басып накысына,
Тоғыз жорға желікті күй буына.

Тоғыз күйші салт атты серігі бар,
Тайпалғаны етеді сені құмар.
Алға адымдап, ырғалып оңға-солға,
Саз сарынын бұлтартпас желігі бар.

Тоғыз жорға әуенге ергені де,
Көп тұяқтың керемет өрнегі де.
Би біткенде Салқоңыр тізе бүгіп,
Бас иеді жасы үлкен төрдегіге.

Барша жұртқа ұнады жастар ісі,
Балуан күрес, қыз қуу, ат жарысы.
Бір тамаша ел екен
Жер бетінде,
Мың өнерге малшынған жас-кәрісі.

Соның бәрін жәрмеңке, базарлады,
Сұңқар болды Тәттімбет назардағы.
Толқын күй мен
Сылқым би жан тебіrentіп,
Қандай ғажап көкірек тазарғаны?!

Аттар тынды.
Ауыстық «Қоян биге»,
Жұдырық досы толғанды ноян күйге.
Үлкен үстел үстінде би билесе,
Бүлк етпеді көп ыдыс қойған күйде.

Келтірмейді Тәттімбет күйге нені,
Тапқыр досы шығарды бірдемені.
Көп меймандар көрмеген қызық болды,
Байпақ киіп қоянша билегені.

– Қояндыға бардың ба?
Қоян етін таттың ба?
«Қоян биін» көрдің бе?
Көп қызыққа баттың ба?

Қояндыға бармасаң,
Қоян етін жемесең,
«Қоян биін» көрмесең,
Тойда болдым деме сен, –

Деп қосқанда Тәттімбет домбыраға,
Жұтынып тұр би күйі балбырама.
Әне, тынды Жұдырық,
Токтай қалды,
Енді өйтпесе есінді қалдыра ма?!

Жұрт қолпаштап,
Көтеріп кетті қызып,
Қолмен ауа Тәттімбет өтті сызып.
– Қане, сөйле,
Қу сарым! – деді-дағы,
Бидің шуын Тәттімбет кетті бұзып.

Сөйле десе іркілер Жұдырық па,
Салмас оны отты әзіл тығырыққа.
Әнге қосып әп-сәтте кетті Жүкең,
Көпке карап,
Тік шырқап құбылып та:

– Қыздар сүйген менің атым Жұдырық,
Жас келіншек
Шықпас колдан сытылып.
Күйші досым шығармайды қасынан,
Жәрмеңкеде кетпесін деп құтырып.

Құдай берген жұдырықтай мұрыным,
Сүйем елдің
Мұрын жайлы ырымын.
Мұрным айтар
Өзім айтам дегенді,
Бұлдап қайтем сөздің балдай шырынын.

Беу, жарандар!
Менің атым Жұдырық!
Қыз-қырқынға тілім шығар құбылып.
Жаксы көрем
Тойлы кеште ойнауды,
Құрбылармен тал түбінде тығылып.

Қыз-келіншек, қарсы алыңдар ұғынып,
Қалам деме бірдемеге ұрынып.
Екі беттен алма-кезек сүйгіштеп,
Салқын кеште бір қаламын жылынып.

Беу, қалқатай!
Алдыңда тұр Жұдырық!
Көрейікші бір нәрсені тындырып.
Әзіл өлең айтысайық жарысып,
Жәрмеңкені жіберейік қыздырып.

Қыздар! Қыздар!
Менің атым Жұдырық!

Бір сүйгізсең
Мың сүйермін құнығып.
Өзің-дағы еліңе есен қайтарсың,
Жәрмеңкеде Жұдырыкпен тынығып. —

Ботов шықты:

— Бар ма, — деп, — жанасарың?
Әзіл керек, би керек жаңа сарын.
Жұдырыққа берді бас жүлде арнайы,
Таппаған соң жиын-топ таласарын.

Тойлы ауылда
Не жетсін ас тартқанға,
Дәмнен қазақ ежелден бас тартқан ба?!
Топ-топ болған кәрі-жас
Өз теңімен,
Бөлініпті әр үйде дастарханға.

Күй сайыс

Құрбан шалдыр,
Нан жастан, Құран ұста,
Күй оралмас
Қисынсыз сұранышқа.
Күй төгілер
Күрт қайғы қаулағанда,
Не жолыксаң күтпеген қуанышқа.

Қыл пернеге бес саусақ тиген еді,
Ажарланып,
Өң бітіп үн келеді.
Жұрт жайғасып, ыңғайлы отырғанша,
Кей ырғақты әдіптеп бүрмеледі.

Әбзелденді кей дыбыс жайдақ қалмай,
Дәмі кірді қаймаққа бал жаққандай.
Шертіп, қағып

Тәттімбет күмбірлетті,
Тотыларын жас тоғай сайраткандай.

Қызу думан қолдайды-ау канаттыны,
Іліп, какты
Шықкандай адам тілі.
Сұлу сазбен
Кең дала исі келді,
Көкірек жарып көктемнің қалампыры.

Қыздар отыр құлпырып келіншектер,
Шыдамайды-ау тесіле көзін төкпей.
Бояуланды,
Тәтті әуен ояуланды,
Сұлуларды өтпестей беттен өппей.

Құрбы-құрдас, қыз-қыркын, келіншекті,
Барлап күйші тосқауыл өмір шекті.
Сол мезетте
Ақ үйге ай кіргендей,
Ақ маңдайлы
Қаракөз келіп жетті.

Ақ дидары жарқырап бермес тыным,
Албырап тұр
Еріндер төккен шырын.
Шыдамады...
Тәттімбет атып тұрды,
Қарсы алғандай
Құрбысын көрген бұрын.

– Сакта, Құдай, – деп қалды, – катесінен...
Не де болса шықпапты аты есінен.
Осы қызды
Жасында көргені бар,
Тобықтыға барғанда әкесімен.

Жүрсе-дағы қызубас аласұрып,
Аттаған жоқ ол кезде ала шыбық.



Ата және әже немерелерінің ортасында: Арман, Әдия, Дана

	ҮШ Көң дауаның әлемдегі перзентің, Аңыздастан атқарған нұсқаттері, Үш сұңдарың, үш тегің, үш арыңың, Бағамат қып тұрғың құрметтең.		АРЫС Бас жырдың басқа асқанымда, Сол үйге тұрады бас жырда, Үнердің барды үнердің, Үш жырдың тұрғың бағамат.		
ЗЖЕН СЕЙФУЛЛИН	ІЛІЯС ЖАНСУПІРОВ Хайырмасы: Жаңа өмірге жар сазы, Қып көсемді қарайды, Сұңғыр жырғың сұңғыр деп, Қазақтың ірілері - ақ Абайдың інілері - ақ Сәкен, Ілияс, Бейімбет. Ақсұңқарың дауылап бұлақтарын, Қыңғырлап құс қанат қақтарын, Үш арыңың қайтарып құшағыңа, Ардаңдайды сағанат құрады бағи.	БЕЙІМБЕТ МАЙМИН			
Басқын жазған КАХІМБЕК САЛЫШОВ				Әнін жазған МУРАТХАН ЕГІНБАЕВ	


Қазақтың ірілері, Абайдың інілері
Сәкен, Ілияс, Бейімбет



Жұбан Молдағалиевтің Мәскеуге келуі.
Ерлі-байлы ақындар В.Савельев, Т.Кузовлева және Салыковтар. 1980



Әйгілі ақын Аманжол Әлтаевтың
әкесі Дүйсекеннің 80 жылдық тойында



Жезказғанның ардақты азаматтары: П.Лукинский – Еңбек Ері,
Жаксыбек Үншібаев – Отан соғысында “Солдаттық данк” орденінің
үш дәрежесіне жеткен батыр, В.И.Штифанов – Еңбек Ері



Сәтбаев қаласындағы ескі дос кеншілермен кездесу



В.Н.Малышев - Сәтбаев қаласының әкімі К.Салықовқа
“Қаланың құрметті азаматы” берілетін рәміздерін тапсырып жатыр



Халықаралық Қ.И.Сәтбаев қорының негізгі құрылтайшылары;
Мейіз Қанышқызы Сәтбаева, К. Салықов – Құрметті президент.
О.Батырбеков, А.Ешпанов, Әлішер Сәтбаев – қазіргі президент,
вице-президент болған Қожанияз мырза



Мәриям апай ұлы Ерлан, қызы Майраны карсы алып қуануда



Көкшетауда Абылай ханның ескерткішінің алдында



Мағжан ауданындағы кездесу



Париж. Эйфель бағанасының қасында:
М.Сәрсек, К.Салыков, А.Қожанов К.И.Сәтбаевтің 100 жылдық
тойына ЮНЕСКО-ға барғанда



Жезқазған қаласының “Құрметті азаматы”
атағын бергендегі салтанат



Жезқазғанда. Солдан оңға қарай: Ш.Ділдебаев, Ж.Қалмағамбетов,
Асқар Токпанов, К.Салыков, М.Салыкова, Ш.Әбілтаев, Е.Зікібаев



Інілері: Төлеген, Қасқырбаймен



Ұлы қазақ Халифа Алтаймен



Бірінші қатарда: Т.Сәдуақасов, М.Бөпежанов, Б.Аяпбергенов,
жоғарғы қатардағы ортада Қазақмыстың Жезқазғандағы
бастығы Р.Б.Юн

Осы қызбен,
Әйтеуір көп ойнаған,
Күй білмейтін қыздарды баласынып.

Қызды мактап
Өлкеде сыншы біткен,
Аты шықты әуелі әншілікпен.
Күйшілігі тереңдеу – әншіліктен,
Әншілігі әсемдеу – күйшіліктен.

Кербез, маңғаз,
Сыпайы еткен күлім,
Байқап тұр-ау
Өзгеден көркемдігін.
Тоғай ішін тарсынған ақ тотыдай,
Сайрағанда көксейді жер кеңдігін.

Ақ тамақта сиқыр бар үлбіреген,
Жүзі жайнап, әнеки, күлді неден?..
Бұл Малқара – «Тотысы Тобықтының»,
Сыры терең,
Айтпайды сылдыр өлең.

Тұрпан байдың қызы осы ерке сұлу,
Ақ жүзінен төгеді көпке жылу.
Көктен жұлдыз алуға дәмеленсе,
Көздегені көңілге көктем құру.

Әрі сұлу, әрі акын, дүлдүл күйші,
Бұлбұл әнші, ел сүйген қырғын биші.
Қисса мен аңыз-жырға үздік шебер,
Тілге шешен, өнерге білгір сыншы.

Нәркес көзі кап-қара қасын керген,
Сәйкес көріп кім қызбас күндік жерден?!
Марал бөксе, бұраң бел,
Құлын білек,
Сүйрік саусак күй тартса жүйткіп желген.

Шоңқайма етік аяқта күміс таға,
Алкасына кім бермес дұрыс баға?
Сылдыр қағып
Шолпысы жарқ еткенде
Шыдап қалар жүрегі құрыш қана.

Жас аккумуля айдында саңқылдаған,
Айбынымен береді қаркын саған.
Көзі шалып Тәттімбет тілдескенде,
Жүзі жанды пәк сезім айқындаған.

Келген екен, шіркін-ай, қыз бабына,
Тәбет тартып қинайды тіл бабына.
Күй шерткенде
Салады-ау әуез етіп,
Махабаттың жан құштар бұлғағына.

Әсерлі әуен жайылып кең құлашы,
Шетін ашты қазақ күй мол мұрасы.
Сәлем бітті,
Әудемде бабын тапты,
Қыз қолында тік сөйлеп домбырасы.

Қағысында мүлтік жоқ майталмандай,
Кербез сұлу жан сырын айтар қандай?..
Мың құбылтты құлшынтып құлақкүйін,
Даңғыл жолда су жорға тайпалғандай.

Бала күнде балқытса баурап әні,
Күймен қызық маңайды барлағаны.
Жаңа ырғағы сұлудың таңдандырды,
Лүпілінен жүректің аумағаны.

Аласапыран Тәттімбет күй кешеді,
Іліп қағып, алыстан тілдеседі.
Тік қараса елестеп Ақбөпесі,
Оралады тамаша күн кешегі.

Жаңа лебіз, алды ашық ағындады,
Екі ішектің келтірді бабын тағы.
Ілкім сәтте
Көзге көз түскен кезде,
Үдеп кетті жан-жарын сағынғаны.

– Беу, күйшілер!
Ел-жұрттан алғысыңды ал!
Бісмілләдан дұрыстап айтысыңдар.
Содан кейін тілдесе жатарсыңдар,
Ғашық болып қалғаннан саумысыңдар?! –

Деп қағытты Жұдырық тілмен шымшып,
Білмеген жан әзілін кетер ыршып.
Мұрты күліп, Тәттімбет толқып кетті,
Сырты бүтін сыр бермей саябырсып.

Содан кейін
Күй сайыс кетті самғап,
Тәттімбетке қыз берді жолды арнап.
Шешесіне Абайдың жиен екен,
Нағашыға еркінсіп салды қармақ.

Түре айтыста ыстық тер тамшылады,
Кетбұғамен тұтанды жан шырағы.
«Ақсақ құлан» адамға айбат шексе,
Қыз қайталап ырғағы дәл шығады.

Жау шапқандай тағы да байтағына,
Жұрт селк етті, телмірді ай тағы да.
Талай күйді Малқара қайталады:
«Сал, жігітім, – дегендей, – айтарыңа...»

Қарсы алғандай ақ кеме салқын желді,
Тәттімбетке күй кезек тағы келді.
Үн-сурет, үн-дүлдүл аңыраған,
Күй-құдірет «Бозайғыр» қарқын берді.

Аумай түсті шертуі, сермеулері,
Қызға шабыт шалқары келді-ау, тегі.
Даладағы көп жылқы кісінесіп,
Оқыранды жүйріктер белдеудегі.

Жігіт үнсіз ақтарды сырын тағы,
Махаббатшыл «Бозторғай» шырылдады.
Екі жүрек үндесіп, бермен қарай,
Екі ғашық қызық-ау бұрылғаны.

Тап осылай көкірек шырағымен,
Кезектесті күйшілер тың ағынмен.
Елжіретті аралда кездескендей,
Адасқан құс жан құштар сыңарымен.

Көп киіктей
Жүйткіген белден асып,
Қыз-саусақтар тепсінді перне басып.
Деп отыр ғой: «Жанымды тебіrentтің...»
Махаббаттың мұңы осы, қайран ғашық.

Дәл сөйтпесе тыңдаушы сүйсінер ме?!
Жұрт тым-тырыс,
Тіл қатпас күйшілер де.
Күлетін де домбыра,
Жылайтын да,
Қуанар да, екі ішек күрсінер де.

Қыз не десін,
Ғайып құс қонақтаса,
Көтермейді күй сайыс олақты аса.
Қайталады
Қалт етпей аға күйші,
Қандай күйге көкірегі тояттаса.

Оң қабағы тартқандай, оң бармағы
Қосақ ілме қағыспен ой қармады.
Мүдіртпейді егіздей, дәл келтіріп,
Сезіліп тұр бәйгеге қол салғаны.

Тоғыз толқын ырғағы қабаттасып,
Тез көтерді көңілді,
Қабакты ашып.
Зәмзәм киял, ақ ниет гүл пейіште,
Тыңдаған жан бірлікте жаннаттасып.

Құмар қанып, тапқандай тағат жаның,
Нұр шуағын самсатты Жаратқаның.
Тебегендеу шертіспен күй тартылса,
Үн мен сәуле жайнатар қабаттарын.

Ынтық әуен мың сикыр наз артады,
Тартқан сайын қыз қағыс жақсартады.
Тәттімбеттен аудармай қаймыжықтай,
Бал-бұл жайнап ажары көз тартады.

Босатқандай жүйрікті тежеп-тежеп,
Көп күй тартты екеуі алма-кезек.
Өршеленген бәйгеде жүйріктердей,
Жол бермеді өрлеуде өжетке өжет.

«Елім-айлап керуен тік бұрылды,
Елестеді «Ақтабан шұбырынды...»
Ой-хой дерсің тамам күй ойға салса,
Өзге түгіл өзіңнің ғұмырыңды.

Күйлер қандай?!
Шапағат шашылғандай!
Қорқыт, Асан өткерген ғасыр қандай?!
Қаратауша мұңайса кейбір сарын,
Абылай өткен жарқырап асулардай.

Күй-дария, тасыды күй-көлдері,
Лыксып шықты түйнектеп түйген шері.
Дәл қырық күй тартылды, кезектесті,
Таң қалдырды сонша күй білгендері.

– Қырық күймен бағдарлап асқан шепті,
Қыз тең түсті, – деп біреу баспақ көпті.

Сонда қайта Тәттімбет қыза түсіп,
Таңғажайып бір күйді бастап кетті.

Құйқылжытты, үр жаңа қаркын тапты,
Беу-беулетті, айтарын айқындатты.
Жер-көкте емес, пейіште жүргендей боп,
Сұлу саздан раушан гүл жаркыл қақты.

Жаны ышқынған секілді қызыл түлкі,
Қыран қақты-ау...
Басылды сак-сак күлкі.
Қыз ар жағын байыптап тыңдай алмай,
Нәзік жүрек болды ғой үйпі-түйпі.

Шүйілгендей ақиық жерге самғап,
Қос қанаттың алқымын қалмады аңдап.
Ынтық ырғақ,
Іңкәр үн, ғашық дыбыс,
Ашық сөйлеп аруды кетті арбап.

Бармады әрі Малқара тым алысқа,
Тез шалдықты хикая жұбанышқа.
Тәттімбеттің өзі де арқаланған,
Періштедей көрінді тым алыста.

Күйдің тілі құлшынып, жаңа ашылды,
Тым құпия төгілтті жаңа сырды.
Қасіретін ұмытты-ау, тапқандай боп
Тіршілікте сау қалған жанашырды.

Күй сайыста алаулап қызу егес,
Беу, кең жалған! Көрінді талай белес.
– Осыларда құштарлық жоқ па? – деген,
Беген бауырын қуантқан орады елес.

Еркелене тістескен жабағыдан,
Еркін оза шапқандай ала құнан;
Қосақ қағыс түскендей құтты арнаға,
Күй үдеді мың мәрте манағыдан.

Көш ұшында
Құйғыта желген батыр,
Қанжығаға түлкісін теңдеп жатыр.
Қыз дел-сал боп шаттықтан әлсіресе,
Сәулелі үндер сыбырлап емдеп жатыр.

Орай берсін қашанғы удай мұңға,
Түзелді ғой сыбыры Құдайдың да.
Кейде терең теңізге батып кетіп,
Қайта шалқып, күй шықты кең айдынга.

Сұлу ырғақ
Жан құштар жетті лебі,
Сал домбыра күй-шаттық төккіледі.
Қос жүректі қосқандай тәтті күймен,
Тәттімбеттің жарқ етті өткір өңі.

Күйі – теңіз, жағасы – асқар шыңдай,
Күйші – кеме көрінді аққан тынбай.
Малқарадан ес кетті біржолата,
Жаңа күйі қоймады таң қалдырмай.

Ғашық күйдің әп-сәтте өрілгенін,
Қыз байқады ашқандай көңіл кенін.
Домбырасын алдына қоя салып,
Басын иді білдіріп жеңілгенін.

Тыңдаған жан дүрлікті шыдай алмай,
Мұндай сәтте тынар ма ұран салмай?!
Бата берсе үлкендер екеуіне,
Жастар у-шу, қиқулап тұрған талмай.

Малқараға Тәттімбет тақап барып,
Беттен сүйді оңдап бір рахаттанып.
Алғыс айтты күйқұмар сұлу қызға,
Тұрды сонда қос жұлдыз қатар жанып.

Есіл – Нұра көктемде қосылғандай,
Әму мен Сыр жарыса жосылғандай;

Тәттімбеттің төбесі көкке жетті,
Кіл таза күй қайтсін-ау есін алмай.

Бірақ, күйші есті ғой инабатты,
Қуанышты тежеді мың қабатты.
Елге қарап еңселі сөз бастады,
Кәрі-жасты өзіне бір қаратты:

– Ашылмаған қауызың тап-тазасың,
Тізгін тақап алдың-ау жан мазасын, –
Деді сонда Тәттімбет, –
Малқара емес,
Бұдан кейін мен үшін Айзадасың.

Асыл есім әрі Ай, әрі Зада.
Таңдап берсем, неге деп талқылама.
Тап осылай атамай шыдау қайда,
Әрі сұлу қыз болсаң, әрі дана... –

Деп Тәттімбет ғибратты сөзін таңдап,
Дүбірлетсе
Жұрт шулап кетті жалғап.
Нән табыстың туғаны осы күй ғой,
Дәл сайыстың соңында қызға арнап.

Күй сайыста өнері артылған күй,
Құштар жүрек буына қарпылған күй.
«Сылкылдақ» деп аталды сол арада,
Аруақ колдап, тағдырдан тартылған сый.

Айлы кеште қам көңіл елжіреген,
Думан қызды көп тосып, ел тілеген.
Екі күйші ойнауға «Алтыбакан»,
Қояндының кешінде келді кезең.

I

Аспандағы айдың да орағына,
Кемпіркосақ қызыл, көк жолағына;
Саумал сағым, қыз мінез желіңе де,
О, туған жер! Құштарлық орады ма?!

Киік көрсем қияда дара желген
Қыран ұшса құс шолып Алакөлден;
Бәрі аумайды керемет күйші қыздың
Ақ жүзіне сән берген қара меңнен.

Аймақтағы думан-той, шілделікті,
Жай таппады, қос жүрек бірге күтті,
Сауық кешті салушы ек тым созбаға.

Тағдырыма айтатын алғысым көп
– Тәттімбет пен Малқара айтыссын, – деп
Сәті түсіп жалынды қыз-бозбала.

II

Сәті түсіп жалынды қыз-бозбала,
Салғаным жоқ сылқымсып тым созбаға.
Көңіл құсы құйқылжып, күй сыбырлап,
Ағын келді көктемде мұз қозғаған.

Жауап тапса жаттаған қырық күйім,
Қызға арнап шығардым қырық бірін.
«Сылқылдақ» деп атап ем сәт оралып,
Қолдағандай аруақ, қырық пірім.

Құлын шабыт тебіrentті өзі мені,
Сүттей аппақ баурады сезім селі
Көктемдегі ұксаған құс үніне.

Білдіргенде ерекше сүйгендігін,
Мінезіне мың алғыс үйген күйім,
Ол – жанымның сыбыры үкіліме.

III

Ол – жанымның сыбыры үкіліме,
Ол – таңдану ғажайып бітіміне.
Туды тарту Кереку сұлуына,
Туды ескерткіш қос жүрек лүпіліне.

Ол – татулық белгісі туындаған,
Қайталанбас ғажайып ғұмыр маған.
Күй – жәдігер, махаббат хабаршысы,
Қоңырауы жүректің шырылдаған.

Жүзі жанып ару да мұңсызданып,
Кірпік қакпай талмаурап, тілсіз қалып
Күмбірлетті ырғалмай тым тез ғана.

Жеңешесі сұқ көзден сақтағанда,
Дыбыс түгіл тынысты шақтаған ба,
Түсуші еді тілінен бір сөз ғана.

IV

Түсуші еді тілінен бір сөз ғана,
Тыңдай қалды сол сөзді гүл қозғала.
Тау бұлағы секілді сылқылдаған,
Күй тыңдады қызықшыл қыз-бозбала.

Әуезденді айтуға тілім жетпей,
Мың толқытты құлақтан үні кетпей.
Тық-тық қағып, кезім ғой қыңқылдаған,
Мен қайтейін сол сәтті ғұмырлы етпей?!

Қыздан ескен аршалы самал қандай?!

Сол жұпарды татуға жаралғандай
Асықтырды-ау сұлу жаз келер кеші.

Онсыз жұтқан ауырлап ауасы да,
Қамаулады құсалық дауасы да
Мөлдір сезім әл беріп көлеңкесі.

V

Мөлдір сезім әл беріп көлеңкесі,
Көкейіме құйылды күй еркесі.
Жалбарынған сыбырым естілгендей,
Күй тәнірі бұйырды сүйер кезі.

Күй төгілді неше ерке, неше шымыр,
Неше заман естілді, неше дүбір?!
Сал домбыра көңілді көтергенде
Санамадым өткенін неше ғұмыр.

Күн батканда жазғы кеш жұтқан нұрын,
Зәру зәмзәм татушы ек жұрттан бұрын,
Тіршіліктің ашқандай жаңалығын.

Жаратылған жасырын сырласуға,
Бір ымыртты теңесем мың ғасырға
Бұдан артық рахатты табады кім?!

VI

Бұдан артық рахатты табады кім?!
Бүлкілін-ай үлпікер тамағының.
Қол сілтеген секілді жан баурады,
Ақ төсінде тербеліп кара бұрым.

Қасы қозғап кеткендей арман әнін,
Сылкыл какқан дыбыспен жалғанамын.
Домбыра мен Айзада ажарына,
Кезек қарап кенеліп таңданамын.

Ауа қандай, күн қандай жайма-шуақ?!
Сыңғырлайды сыбырлап айнабұлақ,
Туды жүрек лүпілі жетер кезі.

Іңкәрліктің көп сырын анықтаған,
Күйге ынтық тілегің қанық маған,
Мен білетін өзіңсің ел еркесі.

VII

Мен білетін өзіңсің ел еркесі,
Ел еркесін аңсайды өнер кеші.
Біз күй тартсақ құлшынды тыңдаушы да,
Қалды ұмыт Қоянды жәрмеңкесі.

Сіндісіндей көретін тату сені,
Акку ойнап алдына жатушы еді.
Дидарына ділгір боп өткен марал,
Жусан гүлін қолыңнан татушы еді.

Құшағымда бергендей Құдай тыным,
Ұнайтұғын қолыма құлайтының,
Үнге үлесті үміткер бала нұрың.

Ғашық ырғақ әсемдеп құйылысын,
Сылкыл қакты өзіне сүйінішім,
Акқұба қыз, кара көз, кара бұрым.

VIII

Акқұба қыз, кара көз, кара бұрым,
Көрмесі едің махаббат сабағының.
Күрке талдың саясын аңсатасың,
Тар көрініп киырсыз дала бүгін.

Күйім сарқып сырымды бітірер ме,
Бітірер деп күнім жок күтінер де.
Мен шалқысам толқыған ере кетіп,
Күйші қызды паш еттім бүкіл елге.

Сәресіден жол іздеп бара жатқан,
Сен таңшолпан жарқырап маған атқан,
Тың сарынсың сылқылдап сырғақтаған.

Арманымды ұлғайтқан аккуымсың,
Желбіреткен махаббат ақ туымсың,
Сенен асыл туар ма сымбатты адам?!

IX

Сенен асыл туар ма сымбатты Адам?!
Бағланы едің маралдың түн қатпаған.
Көгілдірі аккумуляция көрінуші ең,
Ақ толқынның ырғағы құндақтаған.

Қою түнді ақ білек сұйылтқандай,
Құшағыма ыңғайлы иық қандай?!
Ақ төсіңе ай нұры түсуші еді,
Алақанға ақ уыз ұйытқандай.

Сәуір-ғұмыр сол екен, арман ғұмыр,
Ерке күлкің есімнен қалмайды бір,
Келбетіңді ерекше лұғаттаған.

Түскеніңді «тұтқынға» сезбей қалып,
Қуанышқа болдың ба мендей қарық?
Кейпің қызық ботадай бұлғақтаған.

X

Кейпің қызық ботадай бұлғақтаған,
Ғаламатсың дәл қырық күй жаттаған.
Жеңіп кете жаздасаң сол мезетте
Өзіңе арнап төгілген күй сақтаған.

Шертіп-шертіп созылта төккенімде,
Елестеттім Шыңғыстау бөктерін де.
Күй сылқылдап даусыңды еске салды,
Елестеді алғашқы өпкенім де.

Отты айналған мәз болсам көбелекше,
Сұлу едің жаралған жаны ерекше.
Түйін осы күй туған сезімдегі.

Құшақ жайып тұрғандай арайлы арман,
Жауған етіп жарылқап қарай қалған
Тұңғыыққа інкәр ем көзіндегі.

XI

Тұңғыыққа іңкәр ем көзіндегі,
Жалғыз ауыз аңсатты сөзің мені.
Күй тартсаң да, ән салып, билесең де,
Мінезіңнен бір мүлтік сезілмеді.

Бірімізге біріміз «жаным құрбан»,
Дей бергенше, үн шалқып сағым қырдан;
«Егіз сері» атанып жүрер ме едік,
Сегіз сері келгендей сағындырған.

Жүзің жылы, ақ күміс көрер көзге,
Жігіт аз ба тамсанған менен де өзге,
Сұлулығың деп бәрін сезінемін.

Қозы Көрпеш – Баяндай бітпес мұңым,
Атастырған жерің бар менен бұрын
Кездесудің іздесем тезірегін.

XII

Кездесудің іздесем тезірегін,
Кірпігім күй шерткендей көз ілемін.
Жан сезімін жасырып сыр бүктесем,
Тіршілікті көрер ем өзіме мін.

Қаяу көңіл күн кешер майдакоңыр,
Сенсіз қайда құс канат жайған өмір?
Маңайыма қарасам мың құлпырып,
Маңдайың боп кетеді жайнап өңір.

Айтқым келсе ақ ниет, сырымды ашып,
Сен дегенде кетеді күйім тасып,
Үнің болып толқиды төңірегім.

Тағдыр салса түйінсіз оспағына,
Аз мезетке ризамын қосқанына;
Қайтем босқа созбалап сөз легін.

XIII

Қайтем босқа созбалап сөз легін,
Күй жеткізсін арыз-наз көбірегін.
... – Әкімге күй керек пе? – деп сыртымнан,
Өсек тасып каксайды төңірегім.

Килігуге қисынсыз құмарланған,
Озбыр көп қой көз алдын тұман шалған.
Өз басынан асырмау кісі өнерін,
Кей шендіге катал заң, құранданған.

Аққу қалқып арайлы жүр түсімде,
Шошу, үрку, сескену бар түсінде,
Мұңлы құстың ауыр ғой сезімдері.

Қойшы, Тәңірі, ұмыт боп қалды бәрі,
Есімде тек Қоянды балқұрағы,
Сыр таусылмас шын ғашық кезімдегі.

XIV

Сыр таусылмас шын ғашық кезімдегі,
Құмар еттің ғайыптан өзің мені.
Әрі күйші, әрі әнші, әрі сұлу,
Басылмайды жан баурап сезім селі.

Бірде молдау, сағыныш бірде азайып,
Үн қозғайды сиқырлы бір ғажайып.
Өнеріне, өзіңе құштар жаным,
Көрсем дерттен қаламын шын тазарып.

Есіміңе елеңдеп балқып денем,
«Сылқылдаққа» сырымды сарқып берем,
Саз сарыны кезі жоқ ала-кұла.

Сол күйімді, ағайын, біліп қойғын:
Иірімін ізгі етіп іліп қойдым
Аспандағы айдың да орағына.

Аспандағы айдың да орағына,
Сәті түсіп жалынды қыз-бозбала.
Ол – жанымның сыбыры үкіліме,
Түсуші еді тілінен бір сөз ғана.

Мөлдір сезім әл беріп көлеңкесі,
Бұдан артық рахатты табады кім?!
Мен білетін өзіңсің ел еркесі,
Акқұба қыз, кара көз, кара бұрым...

Сенен асыл туар ма сымбатты Адам?!
Кейпің қызық ботадай бұлғақтаған,
Тұңғиыққа іңкәр ем көзіндегі.

Кездесудің іздесем тезірегін,
Қайтем босқа созбалап сөз легін
Сыр таусылмас шын ғашық кезімдегі.

Жігім сөзі

Көргенде сені,
Сал бойым қатты дір еткен,
Ажарың аппак,
Жүректі қайта түлеткен,
Қос алмадай
Ұқсас еді Ақбөпем,
Аумайсыңдар
Қос қайыңдай бірге еккен.

Жаз емес жалғыз,
Жапырағы қаусап күз өткен,
Қайғымды жалғап,
Үш ұлым үйде күзеткен.
Өзінді көрсе,
Шаттанар еді олар да,

Қарсы алып, сыйлап
Анаға деген ізетпен.

Атадык жылын,
Табылмас пенде сын еткен.
Алып шық мені,
Тас қараңғы түнектен.
Қайта оралған көктемім жалғыз өзіңсің,
Кездескен сәтте
Көңілге көркің гүл еккен.

Қартайған адам
Демессің мені күні өткен,
Жүрекке тізіп түсінші аппақ тілекпен.
Періштем болшы,
Әдейлеп келген пейіштен,
Қанаты сынған
Қыранды қайта түлеткен.

Өмірім алда
Болып тұр ауыр қамалдай,
Сенімім сенде
Қамалға амал табардай.
Шіркін-ай, деймін,
Бірге кешсек жалғанды,
Өтерек тату
Сейфілмәлік – Жамалдай.

Елтідім татып,
Жұтымын дәркәр дәрудің,
Қуаты қайтты
Қайғырып шеккен зар удың.
Тағдырым сенсің
Табиғат таңдап қосқандай,
Сөз жыға көрме,
Мен саған өте зәрумін.

Жүзіне елтіп,
Жүйріктей жарау үдейін,

Жабығу өтсін,
Жадырап мен де күлейін.
Жарасып кетер
Ажарыңа акжарқын,
Малқара емес,
Айзада деп жүрейін.

Өзіме сені
Алыстан аңсап телідім,
Акқуым болсаң,
Айдының демес мені кім.
Талабым таудай,
Бармақтай бақыт әкелген,
Болсаңшы менің
Жебеуші мәңгі серігім.

Қыз сөзі

Мәнісін тауып мактайсың,
Жаратса Құдай нәзік қып.
Көрмеген туды шат маусым,
Жаныма мәңгі азықтық.

Махаббат лебін татынсам,
Ырқыңа көніп сенделдім.
Достасуға шақырсаң,
Қоштасуға мен келдім.

Аймақты даңқың түрленткен,
Төресі сенсің өмірдің.
Сәт туып тәтті сыр шерткен,
Базары туды көңілдің.

Бұйырған саған өнердің
Шегі жоқ деп толғаймын.
Мен үшін ертең келер күн
Сәтсіз-ау деп ойлаймын.

«Қызға сөзді кім айтпас,
Қымызды кім ішпейді?»
Мінезің мені мұңайтпас,
Ондай сөз еске түспейді.

Айтарым осы қоштасам,
Толтыру қайда толмасты.
Білемін, маған ешқашан
Өзіндей пана болмасты.

Қолыңда қалған үш ұлың
Сескентпейді жанымды.
Үшеуін биік ұшырып,
Сындырмас едім сағыңды.

Сен еккен биік шынардың,
Тасасына қонар ем.
Оралып жұбы сыңардың,
Үш ұлға ана болар ем.

Басым бос болса, шіркін-ай,
Тап бүгін еріп барар ем.
Жарылқап бізді бір Құдай,
Ұл-қызды кезек табар ем.

Ағаттық кетсе, кешірім,
Тұр деме мені асығып.
Мен сенің тірі жесірің,
Анығын айтсам ашынып.

Күн кешсем қанша күйбеңдеп,
«Сылқылдақты» тартармын.
Тәттімбет мені сүйген деп,
Айтудан келмес жалтарғым.

Теңселе көрме, бәйтерек,
Онсыз да жаным жаншылды.
Төленген құны ертерек,
Акку деп жүрсің аршыңды.

Өтер бірге өрт кешіп,
Қорқамын аруак, батадан.
Айтулы жермен серттесіп,
Қалың мал алған ата-анам.

Болмысты зерле, Тәттімбет,
Осылай шешті-ау Жаратқан.
Анығын айту – ақ міндет,
Мұңымды байка кабактан.

Ұлғайтпа менің жарамды,
Онсыз да сөнбес құштарлық.
Меншіктеп алған маралды,
Жігітке етпе іштарлық.

Қызықтырмас дәулеті,
Ел бұзылар, дау болып.
Өскенбайдың әулеті,
Өтеді бітпес жау болып.

Ерікті болсам кетермін,
Өзіңнен артық кімге еріп?..
Ойлай-ойлай өтермін,
Сағыныш серік күн көріп.

Ертең де, жаным, бүгін де,
Айтқаным кетпес теріс боп.
Орнығар жүрек түбінде,
Өкініш тас беріш боп.

Өңім түгіл түсімнен,
Бір шықпасаң не етермін?
Жаным түлеп, ішімнен
Ғашығым бар деп өтермін.

Бұйырмаса өзіңнен,
Күйіңнен ләззат татайын.
Қарындас, сыйлас сезіммен
Тәтті аға деп атайын...

Сөз бітті жеткен бабына...
Тәттімбет сонда бөгелмей,
Құшақтап сүйді тағы да
Бір жөні болар дегендей.

Күш атасын танымақ,
Құнанбай не етер қызынса?..
Кешірімес, бірақ аруақ,
Ел арасы бұзылса.

«Ел арасы» дегені –
Қиын екен шынында.
Ішінен айтты: «Кемені
Бұрайын басқа киырға».

Дүйім жұрт қайтіп білмесін,
Жеңгесі білген жорықты?
Құлаққа қалай ілмесін,
Жәрмеңке толы Тобықты?

Күй сайыс тапты жүгініс,
Тыңдаған көңіл толғандай.
Туды бір ғажап құбылыс,
Мәңгілік аңыз болғандай.

Қайталап қауым тамсана,
Жаңалық жатпас жөргекте.
Малқара болды Айзада,
Таратты достар жер-көкке.

Қиямет мезет жанды алған,
Айықпас дерт боп қоныпты.
Айзадаға арналған,
«Сылкылдақ» пісіп-толықты.

Ұры сөз желмен жарысқан,
Тобықтыға жетіпті.
Атасқан жері алыстан,
Аз күнде алып кетіпті.

Ақбөпе мен Айзада
Күйігі бұзды көңілді.
Сағыныш толқып беймаза,
«Қосбасар» күйлер төгілді.

Жолықты ойда жок күдік,
Шыдасын оған кай сана?
Ақбөпе жолы – мәңгілік,
Тірідей кетті Айзада.

Қар түспей жасыл із кетпес,
Өрт шарпып өтті көгалды.
Ақбөпесін іздетпес
Айзада солай жоғалды.

Ел аман, жұрт тыныш па?
Жүрегі қатты тоналды.
Кім білсін, жұт па, ырыс па?
Тұңғиық күйлер оралды.

Дыбыстар егіз боздайды,
Жаңаша қарқын қабылдап.
Елдің мұңы еңіреткен,
Үр жаңа күйлер ағындап.

Есім ана

Шын досына сырын айтар ер жігіт,
Сенісер де кең сөйлесер тең жүріп.
Ашық көңіл ақтарады арманын,
Шат көңілден өтсе мұздақ сең жүріп.

Қасіретін бөлісе алмай еш пенде,
Ұқсады өмір қак жүректен тепкенге.
Билік-байлық, атак-даңқың қосылып,
Махаббаттың жұмағына жеткен бе?

Шүкір, тоба.
Мәңгілік дос теліді,
Ол – домбыра, колында жан серігі.
Жер бетінде
Жаксылықты паш етіп,
Жат қылықтан тітіркенді, жеріді.

Сұлу көрді ғаламаты әлемнің,
Сайрандады,
Мауқын басты пәлен күн.
Аяқ жағы қоштасумен біткен соң,
Әттең, дүние-ай, сәні кетті сәлемнің.

Жәрмеңкеден күйзелді де торықты,
Жарқ етті де
Жоқ болды ғой, соны ұқты.
Жаксымбет пен Беген және Жұдырық,
Үшеуімен оңашада жолықты.

Айтты сырын көкей тесіп калмаған,
Бұза алар ма жүрек пішкен занды адам?
Деді күйші:
– Бүгін алып кетер ем,
Дүйім елде кызым да жоқ таңдаған.

Күй байланса көзге оралған кестеге,
Сан ойландым ерте тұрып, кеште де.
Ақбөпеден айырылғалы жыл өтті,
Көкейіме келмеуші еді ештеме.

Құран оқып,
Елді жинап ас бердік,
Құрмет еттік,
Көзден аққан жас көрдік.
Енді, міне, бой көтеріп қайтадан,
Сұлу қызға көз салуды әс көрдік.

Араласам қара жер, көк аспанды,
Естімеппін құлақ түріп басқа әнді.
Енді білдім...
Қанша іздесем таппаспын,
Ақбөпе мен Айзададан асканды.

Асу қайда?
Жету арман оларға...
Тым болмаса мінезі ұксас болар ма?
Үйде отырған үш ұлымды ойлаймын,
Ана керек, пана керек соларға. –

Сонда Беген әңгімеге кірісті:
– Ниетің жөн ақылдасқан бұл істі.
Айдын көлге
Жылда аққулар қонады,
Пенде алмайды Алла берген ырысты.

Жаксы болар өзіңе де сақтаған,
Шапағат-құт ертең туар ақ таңнан.
Ел арусыз, ер қарусыз болмайды,
Қыздар аз ба ақ тілекпен баптаған?!

Сәтсіздік жоқ.
Рухыңды тік ұста.
Махаббатқа кедергі көп Шығыста.
Сәтсіздік жоқ.
Бәрі де өмір сатысы,
Басқа қызды ал ақ жүрекпен ұғыс та.

Сәтсіздік жоқ.
Бәрі де өмір елеңі.
Күтіп тұр ғой
Жолда артықша белеңі.
Маңайдағы еш пендеге келіспей,
Ол да сені тосып үнсіз келеді.

Өмір сырын
Десең сарқып, дос, ұқтыр,

Үрейленбе,
Қыз кетті деп шошып құр.
Сәтсіздік жоқ.
Жан толқуы өтеді.
Шын бұйырған
Адал ару тосып тұр.

Саған келген қуаныштың біреуі
Тегін келмес.
Ол тағдырдың тілеуі.
Содан болар,
Самғай түсер биікке,
Шері қалың ойлы күйлер орманы.
Аз қуаныш,
Көп реніш шексең де,
Қызды ауылға соғып өтсең болғаны.

– Сөзің жақсы,
Ғақылың жоқ бояма, –
Деп бастады күйші өңі ояна. –
Бегешім-ай!
Шекпен емес,
Шен де емес,
Махаббатта саты деген бола ма?!

Ғашық жардың ерте кетті – оңдысы,
Жүдеу тартты онсыз тірлік болмысы.
Маған керек
Үш ұлым мен өзімді,
Адал сыйлар, ар-ұяты мол кісі.

Шырақ өшсе өзің бірге өшпейсің,
Өмір – сайыс
Рұхсат бер, кеш дейсің.
Өз түтінің көкке өрлеп тұрғанда,
Ата-анаңның қолына енді көшпейсің.

Дүниеден өтіп бара жатырмыз,
Өмір біреу,

Десек те біз батылмыз.
Бір жыл өтті.
Бұрыл десен бұрылам.
Қай ауылда тосып отыр мені қыз? –

Сонда Беген
Сөзін тура бастады,
Осы еді ғой серті әуел бастағы.
Деді:
– Сені бұйрығымен Тәңірдің,
Қыз тосып жүр
Дәл он жеті жастағы.

Шындық осы:
Түлкібайдың қызы бар.
Есім сұлу құмар етер жүзі бал.
Ал әкесі бай кісі емес, бірақ та
Ақылына данышпан да қызығар.

Талай тарлан құда түскен жолықты,
Мысы құрып,
Өрелеспей торықты.
Берді әкесі перзентіне рұқсат,
Кім де болса
Өзі таңдар болыпты.

Сұлулықта шек жок екен, шіркін-ай!
Ажарына ақыл, мінез, ғұрпы сай.
Екі досың, інің тілек етеміз,
Бұйыртса екен соны саған бір Құдай.

– Ұнаған қыз Бегешке
Би-Фатима емес пе?
Жолда көріп өтеміз,
Қызыкпай бос елеске.

Рулары – Байбөрі,
Бізге құтты сай төрі.

Ак коянды қағады,
Менен артык кай бөрі?! –

Деп қағытты Тәттің сонда шаттықтан, –
Дұрыс, – деді, – туды сезім сәтті ұққан.
Түлкібайды ақылды деп естігем,
Жаным аулақ есті адамға жаттықтан. –

Үшеуіне айтты сауал-тілегін:
– Неге қатты соғып тұр? – деп жүрегім.
Сөзбен дәлдеп, кимылмен де жеткізді,
Приставтың хат тапсырған реңін.

Әлде сұрақ,
Әлде шамдап от салған,
Айтқысы кеп бірдемені тоқталған.
Күле карап
Көзін қысып сары орыс:
– Көкшетаудан...
Кенесары... – деп калған.

Хан Кененің қарындасы Бопайдан
Хат келіпті,
Сокпас назы оңайдан.
Мұның бойдақ жүргені ол біледі,
Үміті зор, қыз да болса сақайған.

Жұдырық сонда әндетті,
Ән ырғағын дәмді етті.
Есім қызды мактаумен,
Нысанаға дәл жетті:

– Қатын алма төреден,
Келеді олар тебеген.
Қатын алсаң төреден,
Болдым дей бер көбеген.

Төреден қатын алғаның –
Бағусыз қалар мал-жаның.

Төбене мініп алған соң,
Оңдырмас Құдай ар жағын.

Төреден алсаң қатынды,
Есіңнен өшір затыңды.
Бопайдың байы атанып,
Жоярсың өз атыңды.

– Жетер, – деді күйші сонда күлімдеп,
Кетіп қалды біраз жерге біріндеп. –
Айтқаныңның келе қалса ширегі...
Жолықпасын еш адамға бұл індет.

Қара қанды жаудырдың-ау,
Жаудырдың...
Қаумалаған қалың бұлтқа шалдырдың.
Содан кейін...
Құдай беріп, нұр құйып,
Келгені де елге жылы жаңбырдың.

Жел шақырдың қабырғамнан өтетін,
Үйдің қырсық бір басыма жететін.
Ол жақсы ғой
Арайлы таң атарда,
Түн көрпесі қоюланып кететін.

Бәрі дұрыс!
Жан бауырым, достарым,
Тез татындым сөздің дәмді оспағын.
Кеттік! – деді, –
Тамашалап қайтайық,
Түлкібайдың қызы мені тосқанын.

Ет-жүрегім толды ыстық сезімге,
Ойлаушы едім
Оқта-текте өзім де.
Көргенім бар Есім қызды елінде,
Тым кішкентай
Уыздай жас кезінде.

Бір арайлы таң атады мен білсем,
Үш ұлыма ана керек...
Кең жүрсем.
Жақсымбет-ау, мен тұрармын сөзімде,
Құдалыққа әкемізді көндірсең.

– Кішкентай қыз өспей ме?
Қос алмасы піспей ме?
Марка козы маңырап,
Қолға жылдам түспей ме?! –

Деп Жұдырық, –
Толкып кетсе жүрегін,
Ал аттандық, тез табайық бір емін.
Қазанғаптай асыл әке колдайды,
Әкім-күйші ардақты ұлдың тілегін. –
Тағы-тағы жақсылықты үймелеп,
Ағындатты әзіл сөздер легін.

Болған істі созбайықшы әріге,
Құдай оңдап,
Келді тілек бәрі де.
Түлкібайдың қызы Есім тамаша,
Таң қалдырды ақылы да, сәні де.

Кім қызықпас қардай аппақ етіне?!
Қос алмасы-ай! Бөлген төсін екіге...
Қызық екен күлген кезде жымып,
Түскен ұя ақ құймақтай бетіне.

Ақ маңдайы
Ай үңіліп түндікке,
Ұмсынғандай
Тағат таппай күндікке.
Мейірімді екен жүзі қызыл шырайлы,
Маңғаз күлкі шақырып тұр бірлікке.

Бойы ықшам,
Құстай даяр ұшуға,

Ықшам иық
Ыңғайлы екен құшуға.
Жарк еткенде ақ кеседей жанары,
Тірі жанды салар ынтық қысымға.

Ақ білегі
Ақ күмістен құйғандай,
Аққу мойын, бұлбұл көмей үн қандай?!
Нұр жүзінен төгілгенде шапағат,
Өзі үнсіз,
Көзі сөйлеп тұрғандай.

Ат шалдырып Түлкібайдың елінде,
Шын серпілді күй төгілтіп серің де.
Беген тапты түсер үйдің ретін,
Тез кездесер Есім қыздай керімге.

Хабар салды болады деп күй тойы,
Ел жиналды, өнерпазға үй толы.
Кешкі қызық алтыбақан кезінде,
Кездесуге сәт бұйырды бұл жолы.

Аялады алақанға салғандай,
Шыдау қайда балдырғанға таңданбай?!
Сәт те туды тал ішінде жолығып,
Жаны құштар қыздың сөзін алғандай.

Әкесіне келіп айтты тартынбай,
Би шаттанды қолға түсер алтындай.
Қазанғап пен Тәттімбет кеп сөйлесе:
– Құдалыққа барам, – деді Алшынбай.

Аксақалдар уәдеге тең жетті,
Ем табылды басатұғын сел-дертті.
Дәл сол кезде Алшынбайдың алдында,
«Сылқылдақты» ерен-ғайып желдетті.

Тау бұлағы секілденген ашық үн,
Алшекеңді шын толғантты ғашық үн.

– Құдалыққа барғанда тарт бұл күйді,
Түлкібай да білер әуез асылын... –

Деп Алшекең құда түсіп құрметпен,
Асыл аға құтылды зор міндеттен.
Тәттімбеттің күйі, әні, әр сөзі,
Төбе бидің жан-жүрегін гүлдеткен.

Інісі ғой таң қалдырған жасынан,
Атка құмар, күреске епті жас ұлан.
Ас пен тойда салып қояр сайысқа,
Тастамайтын Тәттімбетті қасынан.

Күй тарт десе күйге елді қандыар,
Даусын сүйді естір құлақ әңкұмар.
Ат ойынын көрсеткенде билетіп,
Есінді алып, жан құшырын қандыар.

Тез басылар талай асау шаңқұмар,
Санасы ояу түйсіктіні таң қылар.
Бәрінен де Алшекеңе ұнайтын,
Шешендігі жалғыз сөзбен шалдыар.

Зор құрметпен қыз ұзатты Түлкібай,
Есті кісі ақылға кен, құлқы бай.
Сөзге терең Алшынбайды сүйсінтер,
Кездестірді жаксы әулетпен бір Құдай.

Есім қыз да мадақтауға тұратын,
Тез көтерді күйші-сері қуатын.
Тәттімбеттің көксегені осы еді,
Үш ұлына ана болып туатын.

Ел қуанды бір көргеннен Есімді,
Той-думан да емін-еркін көсілді.
Алшынбаймен қатарласып Түлкібай,
Мәртебесін төңірекке өсірді.

Ақылды ару пәк мінезі тараған,
Оған туыс, оған жақын – бар адам.
Кәрі-жасты таң қалдырды
Мейірбан,
Ақ көңілі, сүт сезімі балажан.

Есім ана
Еркелетті үш ұлды,
Құрсағынан шыққандай жан тұшынды.
Оятпа деп
Ұйықтап жатқан үшеуін,
Қорадағы құсты әрмен ұшырды.

Үш баланың бар қажетін ұғынды,
Аямады олар үшін шығынды.
Сол үшеуін шақпасын деп жок қылды,
Ызындаған үйде маса-шыбынды.

Оқудың да қырын-сырын ұсынды,
Ойын десе жасамады қысымды.
Балалар да жас ананың жан зекет
Пәк қылығын, ақ ниетін түсінді.

Жылы сөйлеп,
Сылап-сипап, наз артып,
Ақ қозыдай
Күтті үшеуін тазартып.
Жетім қалған үш баланың қайғысын,
Есім ана берді жылдам азайтып.

Қайта туды Тәттімбеттің өзі де,
Қараңдаршы Есімге айтқан сөзіне:
– Көп жұмбақтың кілтін таптық
Және өзің
Жұмбақ болып көрінесің көзіме.

Құдай берді,
Келді үш перзент тілегі,
Күйші досың жолбарыстай түледі.

Жанып кетіп,
Күлден қайта тірілген,
«Қиял құссың» – бакытымның тірегі.

Сені сыйлап
Өтер барша ғұмырым,
Жылы лебің – домбырада үзім үн.
Мені сүйген жүрегіңнің лүпілі,
Ұлғайтады екі ішектің қызығын.

Көріп сенің ашық, таза күлкінді,
Төбемдегі кайғы бұлты іркілді.
Тірліктегі жұмақ төрі деп білем,
Ес кеткенше еркелескен бір түнді... –

Деп қағытып,
Шалқып-толқып сөз түйді,
Құшағына қысып қатты көп сүйді.
Содан кейін тербелгендей теңіздер,
Бастап кетті бұрын ойда жоқ күйді.

Есім сұлу жалықпаса күй тыңдап,
Туды өмірде көрген түстей сылқым шак.
Сондай сәттің қызығына арналған,
Күй кербезі келді өмірге «Былқылдақ».

«Есім Ана» атап кетті ел іші,
Ақбөпеден болмапты еш кемісі.
Тәттімбеттің болды Есім өмірде,
Кең жайлауы, тірі көрген пейіші.

«Былқылдақ»

– Былқылдақ – төрім ардақты,
Жер жаннаты көрікті.
Қуғанда бабам қалмақты,
Қызығып назар бөліпті.

Осы аймаққа мен білсем,
Намысқойлық әкелді.
Жалғанда шалқып кең жүрсем,
Еліме байлық әперді.

Осы өңірде таныдым,
Жорға мен жүйрік не екенін.
Үлкеннен алдым тағылым,
Өзінде, атамекенім.

Жұлдызға көкте қол жетті,
Құндыз да бойды жылытты.
Осында басар мол дертті,
Алғашқы күйлер туыпты.

Есім қыз тұңғыш көргенде
Бала еді қос өрімді.
Жүрекке жүрек ергенде
Быркылдақ көзге көрінді.

Мырзалық етіп ай-күнім,
Сұлуға балғын сеніпті.
Табиғат барша байлығын
Бір қызға жинап беріпті.

Піспеген әлі жемістің,
Жөн болсам дәнін тергенім.
Өн-күймен шаттық бөлістім,
Жадымда сол бір көргенім.

Тал бойы сұңғак кайыңдай,
Мың караймын ерінбей.
Лебі есер тайынбай,
Быркылдақ жақтың желіндей.

Біздің жердің гүліндей
Келбеті ғажап баурады.
Тұрса да жатқа білінбей,
Жүректі жылдам жаулады.

Көрінді көзге жігерлі,
Білмесем де көп сырын.
Тіл тарткызбай жіберді,
Башпайға жеткен қос бұрым.

Өзгеден өзге бөлінді,
Жас кезім еді-ау, мас кезім.
Ақылы шексіз көрінді,
Жеткізер көпке аз сөзін.

Құлшынған қайрат мол кезде,
Қасына мүлдем қонар ем.
Айзада бар ғой ол кезде,
Әйтпесе, ғашық болар ем!

Айзададан айырылып
Жүргенде қайта кездестім.
Өмірде бар ғой заңдылық,
Жар етуге сөз кестім.

Оралсам сапар арнап бір,
Сәтті шақта жолықты.
Қос жанары жайнап тұр,
Тұлғасы балқып толыпты.

Шертіп, қақсам әлі де
Қос ішектің сыры сан алуан.
Он екі мүше – бәрі де
Қосуға күйге жаралған.

Сезімге түрлі батамын,
Серттескен келіп шешімге.
«Быркылдақ» деп атадым,
Арнаған күйді Есімге.

Еріндер естен тандырған,
Уылжыған уыздай.
Бір сүйсең құмар қандырған,
Шәрбаты саумал қымыздай.

Аша берді-ау маңдайын,
Күн сәулесі жылтылдап.
Бөксе жакқа бармайын,
Есіме түсер «Быркылдақ».

Мың әурелі састым көп,
Кеттім ғой елтіп тәніне.
Біржан салдың басқым кеп
«Жамбас сипар» әніне.

Жұп-жұмыр қос сирағы,
Құйғандай аппақ күмістен.
Қол салғым келіп кинады,
Мезетте бірге күліскен.

Елестейді алыстан,
Ымдасқандай «Быркылдақ».
Сәт қайда ләззат алысқан,
Күле бермей сылқылдап.

Көктемім қайта оралды,
Орнады іңкәр сәтті шак.
Дерт шеккен көңіл оналды,
Ашылды құштар шат құшақ.

Көргенде балғын төсінді,
Қос ақ қоян жатқандай;
Жия алмай қалдым есімді,
Қос сандық күміс тапқандай.

Бетіне басып бетімді,
Сүйгіштей бердім сұратпай.
Қан ойнап, қайрат жетілді,
Құштарлық оты шыдатпай.

Қос құшақ алғаш табысты,
Тұтанды жүрек шырағы.
Түзеді ескі шабысты,
Махаббат дүлдүл пырағы.

Рахат пен ләззат тасқыны-ай,
Қыз малшынды шаттыққа.
Көп тосқан екен,
Қайтсін-ай,
Шыдағандай аштыққа.

Құшырым қана өптім көп,
Армансыз еркін айқардым.
Тамаша ғұмыр шектім деп,
Маған да туды айтар күн.

Ой жүгіртсем сондайға:
Ғашықтық – жүрек бұйрығы.
Тәубе етсек, шіркін, болмай ма,
Шын ғашық – тағдыр сыйлығы.

Махаббаттың бергенін
Атай көрме күнә деп.
Күйлерім – жалғыз сенгенім,
Жанымда арман жүдә көп.

Есім-ау, мені көп сүйіп,
Серік боп берік жүре бер.
Қиналған кезім оқ тиіп,
Тез өтті, еркін күле бер.

Келбетің естен кетпейді,
Көзімді ашып-жұмсам да.
Өзіңе сұлу жетпейді,
Қызығың азық мың таңға.

Басқаға көңілім мәз емес,
Жүрердей мәңгі тірек боп.
Сымбатты ару аз емес,
Өзгеде сендей жүрек жоқ.

Көбірек сені мақтасам,
Көңілде түйін шешілсін.

Күйіме қосып хаттасам,
«Ел Анасы» – Есімсің.

Қуанғанда, Есімім,
Күлгенің қызық сылқылдап.
Тарқады кешкен есіл мұң,
Күй сыры осы «Былқылдақ».

«Бес төре»

Омбыға губернатор шақырыпты,
Санатқа ілікті өңкей заты мықты.
Орта жүз шынжыр балақ шонжарлары,
Ат сайлап, әбзел қамдап тартыныпты.

Сыйлауға ақ патшаны жарлық келді,
Әкелді құлаққа үні қанық желді.
Төбеге жай түскендей елді ойлантып,
Ауылға сауын салып салық келді.

Құрыған хандық туы қазағымда,
«Тәңір ісі» деп жориды азабын да.
Орысқа қарсы тұру деген ұғым
Кететін судай сіңіп таза құмға.

Айқасып Исатайдың Еділдегі,
Жайықта жазатайым жеңілгені;
Қалың ел қабырғасын қайыстырды,
Жылқыдай ығып кетер тебіндегі.

Қаншама ұмтылса да кісілікке,
Төрені ел шаршады түсініп те.
«Жуас ат қатты тебер» дегендейін,
Махамбет көнбей өтті кішілікке.

Япыр-ай, осы сырды ұқканы ма,
Шыңғыс хан өшірді ізін жұрт алдында.

Қалт етпей казак жерін түгел алды,
Өзінің билеп-төстер ықпалына.

Хандық жоқ, елдік те жоқ, міне, ғажап,
Көбейді шен мен шекпен алабажак.
Оязда, дуанбасы, болыстықта,
Жарқ етті некен-саяк кара казак.

Старшын, болыс, тағы сардарыңды,
Өзі атап, ел сайлайтын заң дарыды.
Дуанның басшыларын ояз таңдап,
Бас тізгін жоғарыда қаңтарылды.

Бұл да бір ой жүгіртіп ұстар шындық,
Жасайды шенге казак құштар құлдық.
Бұлқынып жүрген кезде бұла сері,
Бұйырды Тәттімбетке старшындық.

«Бала би» деп атаса заты мықты,
Өнерпаз күйші болып аты шықты.
Елгезек, әділ, сергек, алғыр жігіт,
Көксеген тірі жанға адалдықты.

Береді-ау Алла, шіркін, бергеніне,
Қанықты елде аңыз-жыр кеніне.
Заманға сәйкес алған білімі бар,
Күйші-әнші төгілтеді термені де.

Жасынан ойлы, әділ, ұлағатты ісі,
Өзі де тірі пенде сымбаттысы.
Есіне бір көрген жан мәңгі сақтар,
Осы деп пір тұтарлық қымбат кісі.

Қара мұрт, дөңгелек жүз, жазық маңдай,
Көзі өткір, ақ-карасы анық қандай?!
Дембелшен, орта бойлы, жүзі жылы,
Ішінен жүз кісінің танытқандай.
Сезімтал, ширақ, сергек жігіт екен,
Тұра алмас жарқ еткенге шабыттанбай.

Байқа деп саясатты айналаңнан,
Қозғаған Қазанғапты қайран арман.
Өскенбай Құнанбайды жетелесе,
Ертерек Тәттімбетті қайрап алған.

Сыйлайды ел сыйласа, елін кісі,
Ұлының осал емес тебінгісі.
– Түбінде болар, – дейді – осы балам,
Нұрбике-Шаншардың ең сенімдісі.

Осы еді жүрегінде оты бары,
Жөнді іспен аз нұсканы толтырады.
Билікке жұрт көзінше салып қойып,
Оңаша ой құрасып отырады.

Болғай-ақ алды жарқын, арты құтты,
Әйтеуір бір үлкен жол ашылыпты.
Жиынға жас та болса
Старшын деп
Ұлықтар Тәттімбетті шақырыпты.

Сыйлауға елдің ноян жақсыларын,
Омбыда губернатор тартты барын.
Дуылдап би мен төре
Көзбен көрді,
Сібірдің ерте оянар жазғы таңын.

Жан болмас ақиқатты шүбә кылған,
Шыңғыс бар Абылай ханның ұрпағынан.
Басқарып алыс Аманқарағайды,
Айырылған сал Сырымбет тұрағынан.

Бұл Омбы оның жарты Отаны да,
Алған жер шен мен шекпен, оканы да.
Жасынан жалт қаратқан көрген жанды,
Осында шәкірт боп жүр Шоқаны да.

Қазақтың ауыр халін ұққан кезі,
Айбынды еміс-еміс шыққан сөзі;

Ішінде Кенесары окшау отыр,
Хан емес, қатардағы сұлтан кезі.

Жамантай, Құсбек төре Бөкейтегі,
Келіпті Қарқаралы «дөкейлері».
Мұса бар Шорман ұлы,
Ақындар бар,
Арызын айта білер көкейдегі.

Аталса елдің жаңа дуандары,
Өтейін таныстырып бұдан да әрі.
Отырды Орта жүздің
Қазанғаптай,
Алшынбай, Құнанбайдай жуандары.

Генерал тізді талай міндеттерді,
Кейде әзіл, кейде терең зілдеп терді.
Жарлығын «жарты патша» талдап жатыр,
Өзінше жарлық етіп тіл жеткенді.

Дәу орыс екі көзі ойнақтаған,
Мес қарын дел-сал екен бой бакпаған.
Топ жарып еркінсіген сөзі қызық,
Өзі айтып өзі күліп ойлатпаған.

Бокалды тастай салып балдай татыр,
Әндетіп бар казакты алдап жатыр.
Басқан соң операдан арияға,
Ар жағын тың бұйрықпен жалғады ақыр.

Дүние-ай, жел болсаң да келер-кетер,
Қазағым күй боздатып, өлеңдетер.
Жол тиді әннен бұрын домбыраға,
Ұға бер, болса егер өрең жетер.

Шертпе күй жүрек сырын дестеледі,
Тыңдайсың елтіп, әрең ес келеді.
Тәттімбет тартты сонда
Жұртты ұйытып
«Сылкылдақ», «Қашқан қалмақ», «Бес төрені».

Кең құлаш өмір сырын тереңдетті,
Тарихтан неше сарын белең де өтті.
Бірде орыс, бірде казак, бірде төре
Жүргендей көз алдында елеңдетті.

Ашкандай ойлағанға ерен жолды,
Айқарды күй жөнімен оңды-солды:
– Қазақтың мүшкіл халі түзеледі,
Ұлыққа ақыл бітсе... – деген болды.

Жас Шокан орыстарға түсіндірді,
Төреге тиген таяқ күшін зілді.
– Елде бар күйшіліктің көсемі, – деп,
Сүйсінген генералдың құлкын білді.

– Музыка таныс етсе еліңізбен,
Күйің дос етті, старшын, мені сізбен, –
Деді де сыйға тартып қолшатырын,
Генерал кетіп қалды келген ізбен.

– Соңғы күй буын шашты ыстық қанның,
Көңілі кобалжыды үнді ұқканның.
Әуезің құтты болсын! Аруак қолдап,
Туып тұр зор биікке сен шыққан күн.

Шыныңды айт! Осы күйге ашқызып тіл,
Зілің бе, әзілің бе мәңгілік бұл?
Негізін түсіндірші, – деді Мұса,
Садақтан шыққан сайгез дәл тиіп тұр.

Тәттімбет сонда тіл қатты,
Әдемі әуен тыңдатты.
Өндетіп бастап сыпайы,
Сөз айтты ойлы, лұғатты:

Бұл күйдің аты – «Бес төре»
Бізге де кірді ес, төре.
Халқымның халін түсініп,
Ашылған осы кез, төре.

Қалың ел шеккен зардабы,
Тарқамас қиял-арманы;
Ашынған-жүрек, ашы мұң,
Күйімнің осы бар мәні.

Тудырып түйе түймеден,
Бейсауыт кетпес күй деген.
Не көрді қазақ деп отыр,
Заманда төре билеген.

Өндіріс құрып, кент салмай,
Елдіктен қалған халықпыз.
Егін егіп, кен қазбай,
Мал соңында қалыппыз.

Бұл күйдің аты – «Бес төре»,
Шындықты айтар кез, төре.
Мың сакқа елім бөлінді,
Тік кетсе күйді, кеш, төре! –

Күйшінің ұнады ма жол ашары,
Саңқ етті сонда топтан Кенесары:
– Шырағым, күйің жақсы
Бірақ, байқа,
Мен емес төрелердің бір нашары.

Болса егер, бос келемеж тапқан сарын,
Біржола тынар еді тіл мен жағың.
Ойлапсың елдің қамын
Жас та болсаң,
Бабалар сыйлағандай аруағын.

Дәл келдік биік жартас құламаға,
Жолықтық төре осындай сыбағаға.
Бас жағын шатып-бұтып кетіп еді,
Түзеді соңғы сөзін мына бала.

Қамы емес кара бастың қарбаланған,
Сөзі дұрыс,

Қалды қазақ бар ғаламнан.
Жығылғанға жұдырық
Хандық өшіп,
Бөліп-жарып күн туды пайдаланған. –

Жалғады сөзін Кенекем, –
Домбыранды бері әкел.
Байыптап сөйлеп байқайын,
«Бес төре» сырын айтайын,
Түзелсін, күйшім, мерекен!

Бұл күйдің аты – «Бес төре»,
Тыңдаңдар, шымқай мес төре;
Халықтың қамын ойлайтын,
Келді ғой бүгін кез төре.

Ескіше хандық құрыды,
Елдіктің қалды жырымы,
Ертелі-кеш соны ойлап,
Жанымның кетті тынымы.

Бұл күйдің аты – «Бес төре»,
Көзіңді жылдам аш, төре.
Әйтпесе, ертең тесілер,
Бітсе де саған тас төбе.

Қанағат бітпес тоймасқа,
Бірігіп шық қолдас та.
Ел дегеннің қашанда,
Өз хандығы болмас па?

Озбырлық ойдан тазамын,
Айтарым шерлі, мазалы үн.
Тікелей патша басқарса,
Кетеді құрып қазағым.

Шынымды айттым сырласқа,
Сол үшін, кане, ұр басқа.

Жан пида жасап ел үшін,
«Бес төре» сертте тұрмас па?!

Бұл күйдің аты – «Бес төре»,
Қымызға болмай мас, төре;
Ақ сүттей таза шындыкқа,
Екі көзді аш, төре.

Санала, төре, санала,
Сарынын күйдің сарала.
Билік құрам деп тұр ғой
Төре менен қараға.

Есі бар екен күйшінің,
Дер кезде түскен араға.

Бұл күйдің аты «Бес төре»,
Кіреді қашан ес, төре?!
Бар қазақ басын қоспаса,
Күнәдан шықпас еш төре.

Ескіні, төре, септеші,
Жаналық айтсам жөптеші.
Орыстан үркіп ел болмай,
Ор қоян болып кетпеші.

Абылай ханша шамданып,
Қасымдай тұрмын шаң қағып.
Елдің басын қосарлық,
Майданға жүрмін камданып.

Найзағай дүркір жырақта,
Келеді дүбір құлаққа.
Түстің деп тұр ғой қазағым,
Айқаспай шықпас сынаққа.

«Бес төре» күйі ырғалған,
Шындықты айтты бұл жалған.

Күй көтерген камшыдан,
Бір төре жоқ құр қалған.

Мені де кетті ақсатып,
Сүйекке тиді қақсатып.
Бәрінен қатты батса екен,
Жүргендерге тақ сатып.

Күй жалынды өрт сіңген,
Достасар өжет сертшілмен.
Жорықта серік күй екен,
Шеріне калың тер сіңген.

Жинамас кикым-сикымды,
Күй астарлы, сикырлы.
Санама ауыр ой салып,
Заматта тыйды күлкімді.

Мың толкысам мен бүгін,
Сілкінер еркін келді күн.
Көтеріп тұр, Тәттімбет,
Бұл күйің тарлан ер жүгін!

Айкын шықты пейілің,
Әділдік пен мейірім;
Қазаққа батқан шанышқы,
Намысқа тартты зейінің.

Қатты айтсам жаса төзімдік,
Тәтті айтсам үндес сезімді ұқ.
Өршіте бер, өрлей бер,
Бар екен үнің өзіндік.

Уытты оймен, досым-ай,
Желдірте бер осылай.
Мен жорыққа шақырсам,
Өзің де қосыл шошымай.

Бұл күйдің аты «Бес төре»,
Бәрі де саба, мес төре.
Қазақтың қамын ойламас,
Менен де басқа еш төре.

Сезбесе жөнін оң істің,
Келмейді, төре, болыскым.
Атқыла күймен, Тәттімбет,
Шығарып есін орыстың.

Тыңдап қал, төре, тыңдап қал,
Күн туды сөзге бір тоқтар.
Осыдан артық кім күлер,
Осыдан артық кім боқтар?! –

Сөйледі сонда Шыңғыс шырай бұзбай,
Дөп айтты, күй маңызын құлай қызбай:
– Сен бізді, Кенесары, шаптай берме,
Құраннан, – деді, – үмітсіз құдайсыздай.

Артық сөз арандатпас зілі кімді,
Көрмеп ем көзге түртіп ілігімді.
Орысты женер күш жоқ,
Осыны ойла,
Құрисың қоймасаң бұл қылығыңды.

Жүрегім менің таза таң шығындай,
Тынар ма орыс бізді жалшы қылмай...
Қырылып қаламыз ғой қарсы тұрсақ,
Шілдеде бұршақ соққан көк шыбындай.

Талып тұр өзімнің де қанаттарым,
Такады кірмейтұғын санатқа күн.
Құр бекер құлшынғанмен іс бітпейді,
Сәт тосып, қолдамаса Жаратқаным. –

Жауапқа Кенесары жұлқынғанда,
Саңк етіп қарт Алшынбай ұмтылды алға:

– Қойындар бұл таласты, беу, ағайын!
Күш керек бастау үшін ұлтыңды алға.

Байтақ ел ұшырады тосын жайға,
Айралы ақыл қажет осындайда.
Абылайды Бұқар жырау тоқтатты ғой,
Орыс пен корысына қосылмай да.

Тыңдады хан Абылай туған зерек,
Шыдады қытай, орыс қысса кезек.
Ашылар бізге де сәт бакыт жолы,
Мырзалар! Үміт алда, шыдау керек.

Пәк сөздің
«Қарсыласып өлем» дейтін,
Беделі келді кезек төмендейтін.
Қазасы Исатайдың қатты тиді,
Күш алды
Жауың «Қайтсем жеңем?!» дейтін.

Көксеген қара бастың есебін көп,
Дүрлікті кей қазағым көшеміз деп.
Іздеген жат жұрттықтан жерұйықты
Тартты ғой талай саңлақ кеселін көп.

Жегідей жесін мейлі есіл қайғым,
«Жорыққа», «көшуге» де қосылмаймын.
Басында атамекен мың толғансам,
Ішімде ыстық жасты жасырмаймын.

Қызғыштай жаз келгенде көлге бейім,
Қорғаймын кіргенімше көрге дейін.
Өзің біл, Кенесары,
Қой деп қайтем,
Орыспен айкасуды жөн демеймін.

Тап бүгін қолда жоқ қой амал дайын,
Туып тұр зеңбірекшіл заман-ғайым.

Бірақ та
Заман-ғайып бұл емес қой,
Үмітпен келер күнге алаңдайын.

Биікке құрып қалмас шығу деген,
Жүрмеспіз жылға қуып бұғуменен.
Орысқа қарсы шығу тең емес пе
Тірідей елді көрге тығуменен? –

Саңк етіп,
Атып тұрды Кенесары,
Қауымды тыңдайтұғын емес әрі.
Ызамен қысқа сөйлеп қысым етті,
Жарылып кетердей-ақ жердің шары.

– Тыңда, барша казактар!
Алдарыңда
Көз жетпейтін азап бар.
Бір ердің үлкен қатесі
Бір жылға жетпей кетеді.
Бір елдің шағын қатесі
Жүз жылға еркін жетеді.

Жебедей жылдам оқталам,
Жеңілген жерде тоқталам.
Елдігін сақтау – қазақтың,
Басқаша тағдыр жоқ маған!

Жәрдемге шықпас шонжарлар,
Тыныштық менен жоқ саған.
Нар тәуекел сөз осы,
Басқаша тағдыр жоқ маған! –

Сөзіне ден қоймайтын, ұғып көпті,
Кенекен енді отырмай шығып кетті.
Жаңа күй «Бес төрені» марапаттап,
Қойнына қара тасты тығып кетті.

Ол кетті дара тұлға – арманы асыл,
Бұл жолы тыныш кетті, салмады асыр.
Жолбарыс жонда жортып жүре берді,
Бөрілер асап жатты алдағы асын.

Біреулер деген шығар: «Кетсін мейлі...»
Біреулер: «Ол – қатыгез, кекшіл», – дейді.
Кенекен сол кеткеннен молдау кетті,
Қатты айтса, тәтті айтса да көпсінбейді.

Ол кетті, кой деушімен санаса ма,
Бір толды-ау жарылардай кара саба.
Өзілден зіл туғызса «Бес төресі»,
Кәрі-жас қайран қалды тамашаға.

Кетті ол,
Кетті кезіп боз даланы,
Соңынан қайсар қазақ қозғалады.
Сәл уақыт отырған топ үнсіз қалып,
Әңгіме шетін қайта қозғамады.

Кененің көп ұзамай аты шықты,
Қорлыққа шыдамады заты мықты.
Орыстың жыпырлатып қорған салған,
Зорлығы бұзды ескі татулықты.

Аңсаған азаттықты қазағына,
Көнбеді Кене ақ патша мазағына.
Елдікті қорғаймын деп дана батыр,
Ерліктің қандырды сан ғажабына.

Екіге бөлініп ел қадам басты,
Қайтсін-ай, қазақ көрген заман састы.
Тараған Қасым менен Уәлиден,
Абылай ұрпақтары араздасты.

Жанатын бақ жұлдызы таңы жетті,
Қазаққа хан сайлауын мәлім етті.

Үш жүздің өкілдері Ұлытауда,
Кенені бар қазақтың ханы етті.

Қайратын хан Кененің ұлық көрді:
– Бұзақы бұзды,– деді тұнық төрді.
Бір түнде жиырма төре-сұлтандарды,
Кенекем «сатқындар» деп қырып берді.

Бас тартып ақ патшаға бағынбаған,
Айтатын айқын сүйді сайын далам.
Қасында Наурызбай мен Ағыбай бар,
Күн туды Кенесары ағындаған.

Кененің естілген жоқ жалаң үні,
Толқыды Ұлытауда дала мұңы.
Білдірген ел ішінде игі нышан,
Жарқ еткен жинап жатты саналыны.

Шыңғыс пен Мұсалардан жырақ жаны,
Бір көрген Тәттімбет қой ұнатқаны.
Шақырып шатырына алмақшы боп,
Хабарын тәсіл тауып ұзатпады.

Бопайдың хаты

Даңқыңа, достым, қанықтым,
Көрмей де жүріп сағынттың.
«Сылкылдақтай» тәтті күй, –
Ұшқыны шалқар шабыттың.

Көп мактасам себеп бар,
Себепсіз сақтық – қорқақтық.
Ел-жұрттан күткен көмек бар,
Майданға шығар жол таптық.

Бір күйіп, бір жанамын,
Іздесем қайдан табамын,

Алыста сіздей бекзатты?
«Әйелдің жолы жіңішке,
Жігітке, қыздар, тиіспе»
Деген де қатты сөз батты.

«Бес төрен» – нағыз сұңқарлық,
Ол – актангер тұлпарлық.
Көрмей де жүріп сыртыңнан,
Бітті ғой маған іңкәрлік.

Қазақтай босып көшіп жүр,
Жер бетінде қай халық?
Көңілде шырақ өшіп жүр,
Елдіктен босқа жай қалып.

Дұшпанды жақтап сытылған,
Басқыншы жолға тұтылған,
Аз емес сатқын мес төре.
Тілмен де ғажап айтыпсың,
Атана Бергіс тартыпсың,
Құтты болсын «Бес төре».

Құдайға етем шүкірлік,
Етпестей ешбір күпірлік.
Төреге сатқын қосылмай,
Жорыққа бүгін күтіндік.

Елдіктен қазақ айырылды,
Байлықты беріп ұтылды.
Қайраулы қылыш, айыл нық,
Шекіспей келмес бітімдік.

Қазақтың басын қосамыз,
Айтқаным болмас бос аңыз,
Кене хан есен жүргенде.
Ақ патшаға жалданып,
Ұрынып қалма алданып,
Қызығып шабақ ілгенге.

Сол шығар тағдыр ақ таңы,
Хан Кене бақыт тапқаны.
Сан батырлар алдында
«Бес төрені» мактады.

Тағатқа тапшы әуелден,
Ол қандай күйге зар дерсің.
Шерінді ұкса әуеннен,
Хан тартқан күйім бар дерсің.
Бірер жыл өтті ол күннен,
Қызуым саған мол күннен.

Жорыққа қызық байландым,
Еліңе тақап қалғанда.
Осынау хатқа сайландым,
Кетпеске есіл арманда.

Естілсе күйің сыр тұнбақ,
Құштарлық сезбей кім тынбақ?
Арманы кыздың бар ма екен
Арналған әсем «Сылқылдақ?!»

Саркылмас шабыт үдеген,
Өнерпаз жанның пірі көп.
Армансыз мен де жүрер ем,
Күйіңнің мәңгі гүлі боп.

Тірлікте бітпес көп арман,
Күн кештік бірлік жоғалған,
Қорғайық бірге намысты.
Өзірше күдер үзерміз,
Жеңіске жетіп түзерміз,
Қызыққа жүрек зар істі.

Хат жаздырған досыма,
Негізгі себеп осы да.
Жай түскендей не хат деп,
Дәулескер күйші, шошыма.

Қуана күліп жар салам,
Ар-намыс қысып келді деп.
Хан алдында қарсы алам,
Ойлайтын кісі елді деп.

Лүпілін жүрек шақтайды,
Жауапсыз тыным таппайды,
Тез хабарға сенемін.
Егескен жауды отаймын,
Қарындасы Бопаймын
Қазақтың ханы Кененің.

Әке сөзі

Қазанғап естіп хатты Кене жақтан,
Шошынды: «Сұмдық па, – деп, – келе жатқан?!»
Төрелер бір-бірімен қырылысканда,
Қазаққа қырсық конар нелер батпан.

«Сылқылдақ» болса қызға ұнағаны,
Қақпалап бетке ұстап тұр ірі ағаны.
Бұл хатты поштабайлар алып келсе,
Ол бізді ұлықтың да сынағаны.

Оңаша қайта алдырды Тәттімбетті,
Сөйледі сүйкімді ұлы алдында епті:
– Қосынан Кенесары келген хатты,
Қарағым, кімнен, қалай алдың? – депті.

Тәтіші айтты бәрін ретімен:
– Бопайды жай естумен білетін ем.
Бұл хатты маған пристав табыс етті,
Өзім де сөзі ұнамай дір етіп ем.

– Жамантай төре осынау Кенеменен
Түйісер уақыт тақау жебеменен.
Білсең де білмеген боп

Сен жүре бер,
Тисе де хабар-ошар елемеген.

Жылжыса ішімізге орыс әрі,
Демеймін бізбен жеңіл тоғысады...
Балам-ау, – деп Қазанғап бір күрсінді, –
Орыспен Кенесары соғысады...

Өзіңе, алғыр ұлым, еттім сенім,
Артымда тірегімсің – жеткіншегім.
Кең жүрек болсаң-дағы байқа, Тәтіш,
Зеңбірек бытырадан алар кегін.

Тұлпарым менің мінген қаңтарылды,
Аз қалған санап жүрмін әр таңымды.
Келістім губернатор өкілімен,
Қорғап өт, сен Нұрбике-Шаншарымды... –

Дегенде Тәттімбеттің есі кетті,
Әкеден азын-аулақ кешім етті:
– Асықпа, әке, – деді, – басқара бер,
Алдыңды кім шен іздеп кесіп өтті?

Қазанғап айтты:
– Өмірдің ісі, міне,
Тапсырар Алшынбай да Жүсібіне.
Өскенбай Құнанбайға берді жолын,
Сәтті күн тілек атап түсіміне.

Сен менің тың жаратқан тұлпарымсың,
Жол берсем қабыл етпей кім тарынсын?!
Мен де бір тынығайын, бостандық бер,
Әкең де ауыр жүктен бір арылсын. –

Тәттімбет әке орнына би атанды,
Ұлықтан үкім шықты жұрт қатарлы.
Қазанғап елі-жұртын разы етер,
Ұлына бата берер той жасалды.

Осылай Тәттімбетке билік көшті,
Сөзіне Қазанғаптың құлдық десті.
Тиген соң өздеріне ел тізгіні,
Жастар да сөзде мығым тұрдық десті.

Бакылап отыр сырттан Омбыдағы,
Әкенің айтқаны жөн тор құрады.
«Бопайға жауап кайда?..» дегендей боп,
Күлімдеп, майыр еппен көз бұрады.

– Ер жігіт ой тастамас орайсызға,
Жұмысым көбейді ғой оларсыз да.
Хат жаздым.
Поштабаймен жіберуге,
Деп едім ретті ме, қолайсыз ба? –

Тез бөліп Тәттімбеттің осы сөзін,
Майыр да жүзі жылып, қысты көзін:
– Кенесары ел бұзып бара жатыр,
Қолдаймыз қарсы шығар істің тезін.

Сол хатты көзге түскен сояу көріп,
Шошынсақ маңайыңа жолар ма едік?
Сенім мол, әйтпегенде әкеңіздің
Орнына тап осылай қояр ма едік? –

Тәттімбет сыр білдірмей:
– Дұрыс, – деді,
– Әрине, көп толғантқан бұл іс мені.
Таңертең хатты берді поштабайға,
Тоқталсын деп қаулаған сыбыс желі.

Көкіректе тасқын ойлар копарды ма?
Сөзінен батыр қыздың от алды ма?!
Бопайға жауап жазды Тәттімбет те,
Шошытпай бөріні де, отарды да.

Хатыңды алдым, перизат,
Сұхбатқа сыйлас көңіл шат.
Алды-артымды кең ойлап,
Құрметпен жаздым үшбу хат.
Кенекем кеңес құраса
Күйші деп мені дес көрем.
Мархабат етем ұнаса,
«Сылкылдақ» пен «Бес төрем».
Тамшыдан айдын тұнғандай,
Оң көзін тағдыр бұрғандай,
Тәтті сөз жүрек балкытты.
Кенекеме мың сәлем,
Есімін Алаш, білді әлем,
Хан болып даңқын шалкытты.

Күйшінің ауыр, біл, халі,
Тар жолда тұрмын қырқалы.
Өз орнын әкем ұсынды,
Билікке канған іңкәрі.
Қорқақтық – қорлық жетегі,
Бос жүрсе басым үркем бе?
Кеншілік құштар етеді,
Табиғат көнсе икемге.
Сөз кеспесем табысып,
Қайтемін бекер жабысып,
Асыра сілтеу маған жат.
Жеңіске жетсін Кенекем,
Ұлғайсын тойлы мерекең,
Әзірше күтпе алаңдап.

Қаптаса шымқай сүзеген,
Қайран ел қайтсін жүдеген.
Кенекемді хан етсе,
Ар-намысым үдеген.
Кен казып менің маңайым,
Ен байлық орыс өндірді.

Мен жалғыз қайда барайын,
Ел ісі жөнге көндірді.
Қайтарды көңіл демесін,
Ниетін Алла жебесін,
Береке қонсын ырыспен.
Ішімнен бәрін сеземін,
Иншалла, келер кезегім
Тенесер күйім қылышпен.

Зары өтіп дауыл жұтының,
Көп ойлап елдің күтімін.
Көргенім көкірек жарған соң,
Күй еттім жүрек үкімін.
Болжатар Алла ар жағын,
Айтпайын артық түйінді.
Өктем етсін аруағың
Өткерер талай қиынды,
Ел білер талай сыйымды.
От басында омалмай,
Қияға еркін қонардай,
Ер екен заңғар зиялы.
Шіркін-ай, шіркін, не дейін?!.
Алыстан күймен жебейін,
Шарықтай берсін қиялы.

Жорықта айлы түн кешіп,
Жортар ем жонда бірлесіп;
Жұмғанша көзді өкінтер,
Жоламай кетті бұл несіп.
Жер толы алтын, асыл тас,
Жақұтка етем кеншілік.
Жөн сілтер тағдыр болмай қас,
Жаратқан етсін сепшілік.
Жез қорытып, темір шығарсам,
Жекеше шаңырақ құра алсам,
Жетермін қажет сенімге.
Жетіні жерден тапқандай,
Жүрсем де бүгін мақтанбай,
Жәрдемім тиер менің де.

Жалтақ-жұлтақ етпеспін,
Мыржықтан алыс кетпеспін.
Ебепке себеп табармын,
Батырмен келсе беттескім.
Қияға құлаш сермейін,
Қолдаса аруақ талапты.
Ал әзірше бермейін,
Апаш-құпаш жауапты.
Хат соңы осы болғасын,
Дей берем Тәңірім колдасын,
Осының бәрі, біл, шыным.
Жорыққа бүгін бара алмас,
Сонда да бөтен саналмас
Тәттімбет деген күйшімін. –

Осылай хат жөнімен анық кетті,
Гасфорттың қолына да барып жетті.
Жаксылап аударған соң досы Шоқан,
Ұлықтың жүзі нарттай жанып кетті.

– Ол үшін ең керегі, – деді Шоқан, –
Кен қазып, зауыт құру алқа-қотан.
Әке сырқат, билікке қолым жетті,
Бос әуре болма, – депті, – ханым Бопай!

– Ха-ха-ха! Хатты жеткіз кешеулетпей,
Жаксы екен, бір қуандым есем кетпей, –
Деп Гасфорт жұтты қымбат, ащы суын,
Кенені боқтап оба, кесел дерттей.

– Кісі еді Қазанғапов көп сынаған,
Ұнап тұр осынау жігіт енді маған.
Молодец! Күйші казак кенші болса, –
Деп тынды, – бергіземін жерді ұнаған. –

Хат жетті Бопай қыздың қолына да,
Қанықты сәті болмас жолына да.
Әйтеуір, ашық жауап келген екен,
Сызбақтап сала бермей соңыраға.

Ес жинар осындайда сезді кезін,
Ақ киял билетпеді сезімге өзін.
Ел сүйген дүлдүл күйші Тәттімбет кой,
Өзгенің ояр еді-ау екі көзін.

Жер шалғай, ел арасы алыс қанша,
Жар салмас шықылықтап сауысқанша.
– Жігіт кой бір көрмеген, бой сақтайын, –
Деп тынды, – өнерлімен алысқанша. –

Көкшенің бұл да ұрғашы арыстаны,
Орынбай, Шөже, Қуат – таныс бәрі.
Осылай кейде ақылмен тынады екен,
Алыстан арыстандар алысқаны.

Болса да қанша батыр жылайды анық,
Шар басы кеткен шығар шыр айналып.
Ойлайды Бопай бірақ, жорық камын,
Махаббат, шаттық, ләззат былай қалып.

Бопай қыз сырын төкті ағасына,
Қылдай дақ түсірмейді бағасына:
– Беріліп күйшілік пен кеншілікке,
Қан майдан шыға алмайды таласына. –

Білмеймін, – деді, – жөн бе ер жігітке,
Жер казып, бой ұрғаны кеншілікке?
Алтын-жез, темір-терсек шығармақшы,
Бір Құдай бастап тұр-ау кемшілікке. –

Қыз сөзі бұдан әрі үдер ме еді,
Зерлі аға тілін тездеп шідерледі.
– Жауабы ұнап тұр ғой, қарағым-ау,
Үзбейік Тәттімбеттен күдер, – деді.

Жанары толып тұрған жігер еді,
Түсіндім ұзақ жорық тілер ерді.
Сау болсын, – деді Кене, –

Ол да ертең,
Иншалла, қару-жарак жібереді. –

Мықтының қай заманда ісі күшті,
Тәттімбет кең болжады құбылысты.
Емес қой ымды білмес Кенекем де,
Замана қос дүлдүлі түсіністі.

Көріп тұр ұзақ майдан, жанған өртті,
Ел үшін арман етті алған сертті.
Жер алып, кен шығарып, зауыт салып,
Жасауды қару-жарак арман етті.

Әйтпесе ақ аюлар құтырады,
Ел іші оған қоса шытынады.
Тең емес жаудың күші Кенекеңмен,
Зеңбірек быт-шыт қылар бытыраны.

Осыны түсінді ғой Тәтті бабам,
Тілейді Кенекем де сәтті қадам.
Садақ пен кылыш, мылтық дәуірлеген,
Шабысар атты-жаяу өтті заман.

Жақсылық ақ ниетке төксін нұрын,
Жүрекке күй періште сепсін шырын.
Қинап жүр «Саржайлау» күй жатса-тұрса,
Азатшыл айтар елге шексіз сырын.

Күй болып өзен, бұлақ, көл жатады,
Ырғақ боп бұлғақтайды жол қатары.
Үзім үн ойға оралған есін алып,
Қызығын дөп басам деп толғантады.

Ырғалып, тұла бойын теңселтеді,
Терең ой толғандырып кең шертеді.
Шекітіп, терісқақпай орап өтсе,
Қиялын қиядағы ескертеді.

Туған ел,
Құт пен дәулет берекең де,
Аңсаған салтанат пен мерекең де,
Бәрі де осынау күйдің орамында,
Жорықта жүрген арыс Кенекем де.

«Саржайлау»

– Туған елім,
Асыл төрім, кең үйім,
Дес келеді құрметіңе қай сыйым?! –
Деп қайырып беу-беулетті Тәттімбет,
Домбырасын түзеп алып тас түйін. –

Сергек дала, ойлы таулар, сак құзарт,
Тілдескендей білдіртпейді жолды ұзақ.
Осылардың қасіретінің белгісі,
Маңдайымды әжімдеген көп сызат.

Бірге піскен, біте кайнап елменен,
Кел, домбырам!
Жәрдем күтем мен сенен.
Атамекен аруағына бас иер,
Көкірегіме оралып жүр сыр терен.

Оятқандай бұлттар айды ұйқылы,
Жаңа желіс тапты демде күй тілі.
Саз сарынын су жорғадай тайпалтып,
Бастап кетті ала құйын сиқыры.

Қағыс қандай?! Кіріспеден табынтты!
Үзім үннен жан жарасын танытты.
Есім отыр, үш ұлы да қасында,
Шәкірттері түгел коршап алыпты.

Ой түйіні шатқалда алыс жарықтай,
Жасырынбас жол жобасын танытпай.

Қобалжыған адам жанын қоймайды,
Ұзақ-қысқа егіз үндер табынтпай.

Өңі толқып,
Жаны әуезбен бірігіп,
Көзі жанды, кара мұрты түріліп.
Жайнап кетті пенде болып отырса
Саймақ колдап, кетті қос ішек тіріліп.

Біреу қозғап тербелткендей жас талды,
Майдақоңыр баяу екпін басталды.
Қимай қарап бір-біріне алыстан,
Көз қадасқан көргендейсің жастарды.

Ашылғандай жас махаббат сикыры,
Жетті айдыннан ғашық акку сұңқылы.
Осы екен ғой туған жердің толғағы,
Бәрі қымбат кикымы мен сикымы.

Сары жайлау дыбыс толқып не түрлі,
Салып жатыр сак жүрекке көпірді.
Құлақ салған құштар жанды құлшынты,
Өзін қойып, өзгені айтқан секілді.

Тыңдап жаттық өлшем, мөлшер, сарынды,
Жан сырындай ұғынасың әр үнді.
Таңырқайсың
Қайдан біліп қалды деп,
Құпия жатқан көкейдегі барынды.

Дала – жайлау,
Орман – жайлау, жер – жайлау,
Күйге оранды алтын алка – кең жайлау.
Мұң толқытты түс пен өңі ұласып,
Кімге олжа болады енді сол жайлау?

Сары жайлау,
Сүмбіл самал, сал көктем.

Салғырттық жок
Сабырлы үндер желді өктем.
Сипай қағыс...
Сыршыл үндер басталды,
Сағынғандар жиналғандай жер-көктен.

Сандал сарын
Сырнай-керней сызылып,
Су бетіне құстар конды тізіліп.
Сәмбі талды соңғы толқын ырғалтты,
Сипағандай қамыс басын қызығып.

Қырат – жайлау,
Еңіс – жайлау, өр – жайлау,
Ауыл конған
Акку-қазды көл – жайлау.
Тау күрсініп,
Бұлақ өксіп сылқылдап,
Жылап жатыр орыс басқан ен жайлау.

Күй ырғалса
Байтақ жерін жоқтаған,
Одан артық өрлеу шарты жок маған.
«Саржайлауды» сары кайғы тудырды,
Бекіністер, зеңбіректер топтаған.

Наз төгілтсе он саусағы кең өрлей,
Тыңдаған жан ойға батты тереңдей.
Еске түсті Кенесары айтқаны,
Жан жұмбағын айкын шешіп бергендей.

Тамашаға естір құлақ қанықты,
Көл мен тоғай көзге орала қалыпты.
Кемпіркосак бояуындай түрлі түс
Көрсетіп тұр ала-құла жарықты.

Өмір сыры жайнап жатыр үні ашық,
Ол туған жер, табиғатқа шын ғашық.

Жүгірген аң, суда – балық, көкте – құс,
Сұлу сазбен кетті адаммен ұласып.

Шабдар толқын сабақтасып заулады,
Құлаш жайды шалқар шаттық аумағы.
Саз сарыны кең жайлауда
Сал көктем
Қуанышын жоқтағандай қаулады.

Шертпе қағыс болашаққа сендірген,
Іңкәр елес,
Тапты дархан ем бірден.
Сәлем айтқан секілденді тың ырғақ,
Жұлдыздарға шаңырақтан телмірген.

Жаңа тармақ,
Шырқау мезет басталды,
Бой көрсетті дүние-дүрмек астарлы.
Көп төренің сәні кетіп баяғы,
Көк төбені орыс жеке басқарды.

Хандық өшіп,
Кетсе елдің ығыры,
Кек қаулатса ер Исатай дүбірі:
– Берік болса, – деп тілейді, –
Күй көші,
Кенесары, Наурызбайдың ғұмыры.
Кей ағындар ашып арна, алқасын,
Түптеп тартар ащы шындық малтасын.
Кей қағыстың үлесі зор
Сезгендей
Мағырып пен Машрықтың айқасын.

Қаулап келді дара ырғақ үні, кең,
Бас катады аңқау елдің жігінен.
Жаудырайды киік жанар, бота көз,
«Ел айрылған» Асан Қайғы күйінен.

Елең-алаң... Ғасыр үні шырғалан,
Қайда бара жатыр, шіркін, бұл ғалам?!
Бір ғажабы...
Шаршатпайды, шыңдайды,
Бойға сенім,
Күш алады тыңдаған.

Басым елдің түлкі жортар ықпалы
Үдей бермес
Басып алып құртқаны.
– Тусын елге зиялы күн, – дейді күй, –
Қайран казак
Берік ұстар тұтқаны. –

Бұйра-бұлғын, құндыз-күлгін кекті үні,
Ащы шындық, шымыр тартты екпіні.
Есен сақтап қалар дейді жер бетін,
Жамандардан жақсылардың көптігі.

Тынысы кең, кеудесі ашық, сарын бай,
Ой шыңына жетті өктем тарынбай.
Күмбір қаққан
Домбырада күй самғап,
Деп қояды: «Шіркін, дүние, дариға-ай!»

Жылы жаңбыр өңін ашып аймақтың,
Құлпырғандай өр-қиясы жан-жақтың;
Жер-жаһанның жақсылығын шақырған,
Үндеседі «Сары өзені» Саймақтың.

Бәрі елес...
Сай-саланы төр дейсің,
Күй нұрына,
Өзіңді өзің емдейсің?

Азат күннің ақ тілегін бастаған,
Тәтті әуенге қалай ғана ермейсің?

Кей дыбыстан сәуле түсіп шуақты,
Қоңыр қаздай қаңқылдайды тұрақты:
Бұқар жырау «Ойнама, – деп, – орыспен», –
Абылайға ақыл айтқан сияқты.

Ой-хой, шіркін!
Шарықтайды сезгенің.
Ақыл қонды. Өзі басты өз демін.
Қаз дауысты Қазыбектің естисің
Ел қосымпаз елші болған кездерін.

Қаңқыл-саңқыл тыңда тірлік зәузатын,
Бой көрсетті миуасы мол бау жакын.
Қанат жайды күйдің бермен қайтуы,
Оралғандай бір көрсетіп айбатын.

Кейде ойнаса таңғы Шолпан жұлдызы,
Кейде арудың
Жарк етеді нұр жүзі.
Таң салымда:
– Дауыл, желден сақта, – деп
Гүл раушан жүзі жанды қырмызы.

Елестейді Сарыарканың келбеті,
Көрінеді күйші туған ел шеті.
«Саржайлау» боп
Құшақтасты, жалғасты,
Бар құрлықтар, бар мұхиттар – жер беті.

Сәл уақытқа ұмыт болып тапшылық,
Сөйлеседі сәби тілмен талшыбық.
Күй жусады, мамыржайға оралды,
Ай-әлемге тілегендей жаксылық.

Табиғат қой таңғажайып киелі,
Қанша сүйсең
Ол да сонша сүйеді.
Патшасың ба, құлсың ба сен, бәрібір,
Жаның ұшып, тәнің жерге кіреді.

Күй лыксып, лоблып, өксік үйеді,
Үн жанданды, төгілді әуен жүйелі:
– Жер-ананы сыйла, адам, құрметте,
Деп жайлаушыл нәзік тілмен түйеді.

Құлақ түрші, санаң жылдам жетілер,
Деп тұр қос ішек:
– Жетілуге жетіндер.
Адамзат пен маң табиғат арасын,
Бұзылмасын жалғап тұрған көпірлер. –

Дана толғау,
Міне, фәни шын сыры,
Жер-су, аспан көркін ашты күй тілі.
Осы шығар, туған жерге жан зекет,
Ашық тілек, ғашық жүрек лүпілі.

Түссе керім тың сарынға назарың,
Маздақ дыбыс айқын шықты мазалы үн.
– Бөлшегі, – деп, – табиғаттың адамзат, –
Сарқып жатыр Сары жайлау ғажабын.

Қанат жайса сарын асқақ деңгейде,
Өзің тартып отырғандай сен кейде;
Сезінесің
Күй де толқып, еркінсіп,
Өз жадыңнан шыққандай боп желмей ме?

Мұң мөлтілдеп, шалқар шабыт самғайды-ау,
Күй толқиды ереуілшіл салмай дау.
Туған елді толғанысқа шақырып,
Бар айтарын сарқып жатыр «Саржайлау».

Көк теңіздей күйдің шалқар кемері,
Толқымалы, толғанысы кең еді!
Тыңдағанда «Саржайлауды»
Кең дала
Көкірекке мұң мен зары келеді.

Ырғағы нық,
Әлсіремес қымсынып.
Қол созады келешекке ұмсынып.
Жарк етті де күйшінің қос жанары,
Кілт тоқтады, жан баураған үн тынып.

Нұрлы сәуле шақырғандай гүл-арман,
Денең балкып,
Көңіл шығар құмардан.
Дана десек Тәттімбетті, қазағым,
«Саржайлау» ғой төр-төбеге шығарған.

Самсағандай қалың орман, ну жыныс,
Тыңда, тыңда!
Жаның алар шын тыныс.
Бұл күй қазақ санасының толғағы,
Жау басынса жата алмаған тым-тырыс.

Қос бабамыз Құрманғазы, Тәттімбет,
Есімдерін қатар атау – ақ міндет.
«Саржайлау» мен «Сарыаркамыз» егіз ғой
Ауыр күнде бауыр басқан қарқын боп.

Төкпе, шертпе – ол шабыттың үкімі,
Қатесі жоқ айдар тақсак үкілі.
«Саржайлау» мен «Сарыаркамыз» өр қиял,
Қос жүректің бірге соккан лүпілі.

Талай ғасыр...
Өтсек ауыр тепкіден,
Ата-баба басқан ізі өрт кілең.
«Саржайлау» мен «Сарыарканы»
Қазақтың
Мәңгі сөнбес жан арманы деп білем.

«Сарыаркада» Исатайдың елесі,
Жарқыл қакса
Махамбеттің жебесі;

«Саржайлауда» Кенесары, Ағыбай,
Бой жазады жаңа қарқын белесі.

Тебіренісің сазды назға сенердей,
Толкиды ырғақ көз алдында кең өрлей.
Күмбірлейді қоңыр сарын «Саржайлау»:
– Беу, қазағым! Жерінді ойла! – дегендей.

Осы күйде ата жұртқа кимастық,
Бүкіл елді тұр ғой тұтас мұңдас қып.
Ереуіл жоқ,
Хан Кенені қолдау бар,
Азат таңға бастау болған тынбастық.

Елдің мұңы – зерлі күйдің бар мәні,
Шерлі сарын кең даланы шарлады.
Күй өзегі – ел бірлігін көксеген
Төле, Қазыбек, Әйтекелер арманы.

Петерборға дайындық

Қарқаралы тағы да
Бой жазды ашық ұрандай.
Шонжарлар келді ағыла,
Топталған тауда қырандай.

– Көз жұмды патша Николай,
Биылғы жылдың басында.
Тез өтті уақыт бірталай,
Із тастап асау ғасырға.

Александр – патша ағзам,
Такка отырды. Тәж кимек.
Шакыру тойға арналған,
Әкелді бізді әз міндет, –

Деп бастады жас майыр,
Хабарын шымқай жуанға. –

Ақ патша тойы, мол қайыр,
Бір орын тиді дуанға.

Жасаймыз үлкен дайындық,
Бас косамыз Омбыда.
Қошемет күшті, әмір нық,
Құр қайтармас колды да.

– Төбе би бар ғой, сенемін,
Атады Гасфорт, – деп, – сізді, –
Тапсырма еткен сәлемін,
Алшынбайға жеткізді.

Тәукенің алғыр Құсбегі,
Аға сұлтан торықты.
Үстінен арыз түскелі,
Омбыдан шықпай омықты.

Бұрынғы аға сұлтаны
Құнанбай түскен жұмыстан.
Өскенбайдың ұрпағы,
Бәрібір өрге тырысқан.

Арызға кеше шалынған,
Тобықтының әлдісі.
Қасқырдай шыққан қалыңнан,
Келер еді-ау барғысы.

Қай шекпенді кесе де,
Айтқаны ғаділ заң еді.
Қай сатыда жүрсе де,
Қарадан шыққан хан еді.

Әмбеге сөзін жеткізді,
Ақылшы зерек қасында.
Қазаққа аңыз еткізді,
Өскенбайдың асын да.

Біледі сырды түсінген,
Бар ма екен шонжар тазасы.
Томпайып кеше түсірген,
Сол ас пен той азасы.

Бәрібір оның көші тың,
Ұлыққа сөзін қолдатты.
Қарқаралы мешітін
Бір жылға жетпей орнатты.

Жетті ғой хабар маңайға,
Кім ілтипат қылмасын?
Айттырып қойды Абайға,
Алшынбай бидің Ділдәсін.

Жол бермей шені төменге,
Таласқа түсер осылар.
Майырдың «Құсбек» дегенде,
Қырсығып қалар «Но»-сы бар.

Алшынбай айтты:
– Беу, мырза,
Жол-жора жасап баптансын.
Біз ырза, төрде сіз де ырза,
Аға сұлтан аттансын!

Өйтпейді! – деп Құсбекті,
Жимады ұлық айылды. –
Ісі жеңіл түспепті, –
Деп тікелей қайырды.

Ақшулан сипап сақалын,
Алшынбай сонда зерледі:
– Тап десең істің амалын,
Бір түндік мұрша бер, – деді. –

Күшейер кімнің несібі,
Атағы түзеп жемісті?
Таңертең сөздің шешімі
Айтылсын, – деп келісті.

Құрметке көңіл тұнардай,
Алшынбай құмар қандырды.
Тәттімбет пен Құнанбай
Екеуін қатар алдырды.

– Салдырмас міндет кімді ойға,
Қос қыран, осы таласың.
Бармаса Құсбек бұл тойға,
Қай жеңгенің барасың!

Тәттімбет, сені атасам,
Туысы дейді Тобықты.
Құнанбай үшін шатасам,
Құдалық бізге жолықты.

Қисыны келсе берем шар,
Сыйласып жеңіп алыңдар.
«Ақыл – жаста» деген бар,
Ортаға ойды салыңдар... –

Деп Алшынбай токтаса,
Тәттімбет дереу кірісті:
– Жаратушы Алла қолдаса,
Әділ шеш, – деді, – бұл істі.

Мың алғыс сізге, жан аға,
Атағың әйгі Алашқа.
Ризамын осы бағаңа,
Түсірме даулы таласқа.

Мен емес жігіт олағы,
Жөн білмей паңсып қарыскан.
Алысқан ұят болады,
Жас бөрімен арыстан.

Жол бермес ем өреден,
Өжеттік жасап тым баска;
Тайталасқан тебеген,
Тел өскен іні-құрдасқа.

Келгенде сөзбен шалысқым,
Әзілдің жөні бір басқа.
Бас ием, заңғар арыстың
Ақ жолын бөгеп тұрмасқа. –

Құлшынып кетті Алшынбай,
Күйшінің ойлы сөзіне.
Тебіренбей қалай қалсын жай,
Жас қыран салса тезіне.

Жөн-жосықты білетін,
Жамантай қайда жармасқан?
Қазанғап жок бүретін,
Шарынды кетпес алмастан.

Өзіне сай Өскенбай,
Томаға-тұйық шөгіпті.
Арғымак болып өскен тай,
Құнанбайды теліпті.

Тағдырға айтар назы көп,
Толқиды салмай бостыққа.
Қаз дауысты Қазыбек,
Бергендей бата достыққа.

Тәттімбет солай бауратты,
Қайтсін-ау аз-мұз малданбай?!
Құдаға көзін аунатты,
Бұлтармас сауал салғандай.

Мүкі-такты көрінбес,
Тұлғалы кісі Құнанбай.
Жеңбесе де жеңілмес,
Сөз бастады қиналмай:

– Патшадан патша несі артық,
Алшеке, бірге барғанбыз.
Сіресіп жетіп көш артып,
Есесін біз де алғанбыз.

Жол бердім, өкпем жоқ, – деді, –
Алла разы болғай-ақ.
Бітпеген ісім көп те еді,
Патшаға мейман болмай-ақ.

Қаңбақтай қағып тастаса,
Қалайша бүгін кешірем?!
Алқымнан ала бастаса,
Несіне оңып есірем?! –

Толғана сөйлеп тоқтады,
Іштегі зілі шыққандай.
Бұрылып қайта сокпады,
Алшынбай болды ұққандай.

Еркелеу ғой Тәттімбет,
Жатсынбай жылы тиісті:
– Күнәдан осынау пәкпін деп,
Тындырмап па едің бұл істі?

Ақ патша біле бермейді,
Түспедің бе, түстің бе?
Қай шенеунік тергейді,
Түрікпен соғыс үстінде? –

Дегенде күлді Құнанбай:
– Қыздырма салып өрт, – деді. –
Отырған жоқпын тіл алмай,
Көкірегім толған дерт, – деді.

Мейірімді жүзі нұрланып,
Алшынбайға бұрылды:
– Отырған жоқпын бұлданып,
Төбе би, ұғын сырымды.

Бакастыққа баспаймын,
Тәттімбетке жол бердім.
Шенқұмарлықты тастаймын,
Бағыты басқа жол көрдім. –

Тербелтті жаңа ой қозғап,
Бір Алла ісін жақтаған. –
Не керек, – деді, – көп созбақ,
Қажылыққа аттанам! –

Деді де шолды жан-жағын,
Алыста шырақ жанғандай.
Тәңірім қолдап арманын,
Арызын естіп қалғандай.

Тәттімбет шолып шырайын:
– Періште осы, – деп отыр.
Берердей барын Құдайым,
Тарылмай пейілі кең отыр.

Құнанбайдың құрметпен,
Сөзіне көніп жатсынбай;
Тәттімбетке тіл жеткен,
Батасын берді Алшынбай.

Көз салып талай асылға,
Ұяла қарап тасалай;
Әкесінің қасында,
Отырды үнсіз жас Абай.

Ертеңіне Алшекең
Артық сөзге бармады.
Нәрлісін тілдің бал-шекер
Тәттімбетке арнады.

– Әкесі би Қазанғап,
Шен алған кісі патшадан.
Артынан ермес жаман гәп,
Сирек кой ондай жақсы адам.

Өзі де жігіт абзалы,
Алдарыңда Тәттімбет.
Қара кылды қақ жарып,
Атқарып жүр ақ міндет.

Атаға тартып туған ұл,
Ағаттық жоқ мінезде.
Бар казак сыйлар тұлға бұл,
Өнерпаз дарын бір өзге.

Біреуден мал мен тебінде,
Сарайлап салған үй қалар.
Тәттімбеттен тегінде,
Әлемге айғақ күй қалар.

Сегіз қырлы, бір сырлы,
Айтулы жігіт ағасы.
Алдынан жайнап күн нұры,
Әрдайым артсын бағасы.

Толқысам көңіл назы кеп,
Таңдайым тәтті татынды.
Қаз дауысты Қазыбек –
Ұмыта көрме затынды.

Қазак түгіл текті орыс,
Баршасын күтпес астана.
Сәлемін жеткіз, би-болыс,
Ниетін таза патшаға.

Дегейсің жалғыз тілегі,
Қазақтың сені дос тұтқан:
Сыйынар елдің тірегі,
Сактасын апат, аштыктан.

Сактасын казак ерлерін,
Жазықсыз айдап, камаудан.
Бір өзі болса сенгенім,
Құтқарсын елді талаудан. –

Алшекең осынау топтағы
Сөзіне тілеп ілтипат:
– Әмин, – деп зілді тоқтады,
Қос колмен бетін бір сипап.

Мәтелдей кейін жатталды,
Ұғымды сөздің қаншасы?!
Әділдік жолы сақталды,
Шаншардың жеңді патшасы.

Асыға күткен туды сәт,
Бір сөзге бәрі ойысты.
Тәттімбет болды делегат,
Би-болыс қол қойысты.

Омбыға түгел жиналды,
Жолаушылар құрамы.
Тігер үй, берер сыйды алды,
Әр болыс жайнап шырағы.

Есіл, Ертіс, Көкшеден
Ақындар абзал келіпті.
Күй толқып ойлы, өскелең
Домбыра еркін желіпті.

Тәттімбеттің інісі
Жақсымбет асау ойнатар.
Құлшынған тойда ту кісі,
Құттымбет садақ бойлатар.

Домбыра жасау өнерін,
Құрдасы Беген білдірер;
Толтырып көңіл кемерін,
Жұдырық досы күлдірер.

Күн туса бакыт тіленген,
Баласын тастар ол неге?
«Жел жетпес» ұшқыр күреңмен,
Мұсатай шығар бәйгеге.

Бұйырды асыл асылға,
Бас жүлдеге тілеу қыл.
Өскенбайдың асында
Дара келген күрең жүр.

Жол түсіп осынау шеруге
Дәулеткерей келіпті.
Омбыны бір көруге
Сәт сапар жолын беріпті.

Түбірі төре Шығай хан,
Дәулескер күйші кемеңгер.
Сарыны сара абзал жан,
Ұлғайған сайын тереңдер.

Ордада төрге шыкса да,
Жок еді асып-тасқаны.
Білмейді заман қысса да
Күйшіліктен басқаны.

Тәттімбет, Шокан әдейілеп,
Дәукеңе сәлем арнапты.
Таусылмас қызық бар ермек,
Әңгіме-дүкен жалғапты.

Шоканның оқу бітіріп,
Поручик болған жас кезі.
Өзгеден қалмас ұтылып,
Жас болса да бас кезі.

Тәттімбетпен бұрыннан,
Ауылда Шокан кездескен.
Бүйрегі бүгін бұрылған,
Жүздескендей жерлеспен.

– Алшынбайдың айтқанын
Хат етіп бер патшаға, –
Дегенде Шокан сақтанып:
– Байқаңыз, – деді, – жақсы аға.

– Ендеше тыңда, Шоканжан,
Үр жаңа талап туып тұр.
Тау кезіп, кен копарған,
Орыстың төрі биік тұр.

Емізу тағдыр анты ма
Төрт түлік малдың емшегін?
Бұйыртсын де халқыма
Жеті кабат жер кенін.

Николай патша өлгенде
Осы елден бардым өкіл боп.
Сәулетті сұлу көргенде
Күйдірді менің ішімді от.

Дәл сонда сездім өмірдің
Желісі бізге каталын.
Қайғыға қалың көмілдім
Орыстың көріп шаһарын.

Қалған соң елім қатардан,
Ой туды тоқсан астарлы.
«Саржайлау» деп атанған
Күйіме ғұмыр басталды.

Келіп жүр биік самғағым,
Қиял мен күйім тең шығып.
Екінші бір арманым –
Қазақта бастау кеншілік.

Попов досым – жақсы адам,
Жәрдемі тиді арызға.
Патшаға үшбу арнаған,
Келтірді хатты маңызға.

– Жолыңыз, аға, татымды,
Болмасын патша өкпелі.
Жер сұрап жазған хатыңды,
Осында тастап кет, – деді. –

Ретін тауып жөптерміз,
Жер алып сізге беруге.
Қолғабыс жасап септерміз, –
Деп Шокан басты сенімге.

– Рас кой, – деді Тәттімбет, –
Андағыш екен жас жаның.
Болғанда тәж бен тақ міндет,
Қолы да тимес патшаның. –

Түсініп істің маңызын,
Тапқаны қандай жаксы ілік?!
Кеншілік құрар арызын,
Шоканға кетті тапсырып.

Омбыда қауым құралды,
Шыңғыс төре үйінде.
Біріне бірі құмарлы,
Төр толды сәтті үйірге.

Құтты мейман – құтты үйге,
Дәулеткерей ішінде.
Ажары сұлу мүфтидей,
Толкып тұр мейірім жүзінде.

Қол қусырған Шыңғысқа,
Жарасты әсем реңі.
Алғыс айтып тым қысқа,
Шоканға сөзін тіреді:

– Құлаған туым жаңарып,
Көргізсін Алла қызығын.
Ағадан болсын тәбәрік, –
Деп тосты қолда жүзігін.

Жүк түскендей атанға,
Қонакжай Шыңғыс халде еді.
Ұялып қалған Шоқанға:
– Данадан белгі ал, – деді.

Қолпаштады картты көп,
Келсін деп айтқан тілеуі.
– Бауырына тартты, – деп,
Дүңк ете түсті біреуі.

Ыбырай әккі Мұса бар,
Секербай, Шөбек, Аккошқар...
Дәукеңмен бәрі танысты,
Күй сұрап дұғай жабысты.

Дәулеткерей керілді:
– Тәттімбет, сенің жолың, – деп.
Ол да әдеппен шегінді:
– Мейманнан бастау орын, – деп.

– Қайтпаймын, – деді, – сөзімнен, –
Жас күйші жинап етегін. –
Жоғары көрем өзімнен,
Құрманғазы екеуін.

Жан емен серттен қайтарлық,
Өзім де күйдің дүрімін.
Ақиқат осы айтарлық:
Көп күйшінің бірімін.

Түйінім тура, ағайын,
Алла деп сөзді сарқайын.
Көзіммен көріп арайын,
Жол берсе аға тартайын. –

Жарк етті қызғылт домбыра,
Дүмі үлкен, мойны жіңішке.
Құйғытты құлаш толтыра,
Шакырды аруақ кіріспе.

Пернеге дәлдеп жабысып,
Саусактар жылдам шүйілді.
Қимылы ширап, жаны ысып,
«Сарыарқа» көпке бұйырды.

– Құрекең қайда? – дегенге:
– Қайраты, күші тың, – деді. –
Қосақтап күйін өлеңге,
Түрмеден қашып жүр, – деді.

Қаһарын патша білдірді,
Хан-төре туын жықтырды.
«Басы барды идірді,
Тізесі барды бүктірді».

Тыңдаушы шері таркады,
Телміртті айтып бергені.
«Қыз Акжелең» тартканы,
Махаббат мұңы тергені.

«Бапас күйші» атанған,
Әсем саз осы дүлдүлі.
Озық шықты қатардан
«Жұмабике», «Бұлбұлы».

Үзім үнде – құшак сыр,
Аз емес күйде олжасы.
«Бес төреге» ұксап тұр,
Әзілқой «Қарақожасы».

Делебе кызды түрлі үнге,
Нақышы қандай қарқынды?!
Дем алғызбай дүлдүлге,
Бірнеше күйлер тартылды.

Мың кіріп, шыққан бір жаны
Қауыммен жаны атасты.
Кәрі-жас шұлғып тыңдады
Дәулеткерей – Бапасты.

«Кокейкесті»

Омбыда келді кезек Тәттімбетке,
Күйлері таратқан кез атын көпке;
Қырықтың қырқасына көтерілген,
Шығатын қыбын тауып салсаң да өртке.

Бір сипап жазық маңдай, кара мұртты,
Мейірімді қызыл шырай алабұртты.
Үш бұрыш, каз мойынды домбырадан
Үн шықты жел шақырған жауар бұлтты.

Дыбысы домбыраның биік екен,
Нық саусак,
Тык-тык басқан үні бөтен.
Қалкытып, құлақкүйін шертпелетті,
Жүректі айкыш-ұйкыш тіліп өтер.

«Былкылдақ», «Сылкылдақ» пен «Кер киігі» –
Шылқыған махаббаттың шер-күйігі.
Толқыды «Саржайлау» мен «Бес төре» де,
Ой тастап кең жайлауда ел күйігі.

Сөз алды Шорман ұлы Мұса еппен;
– Күйшілер қанат жайды шертпе, төкпе.
Жолшыбай бір жаңа күй естіп жүрмін,
Тәттімбет, сырыңды айтсам айып етпе.

Оң сапар құтты болғай,
Бірге келдік,
Бір емес, алыс жолда жүз бөгелдік.
Тартшы деп жаңа күйді сауал етем,
Көп тыңдап, тың ырғаққа біз кенелдік. –

Сүйсініп Дәулеткерей қарай қалды,
Салқын өң, жұқа жүзі арайланды.
– Тарт, – деді, – жаңа күйің дүбірлетсін,
Патшаға тәж кигізер сарайларды!

Тәттімбет сәл кідіріп тілге келді,
Алқа топ қарай қалды шын беделді.
– Жаңа күй соңғы ырғағы жаңа бітті,
Бұл сапар күйім жонда бірге желді.

Естісек Құрманғазы әңгімесін,
Бізден де алсын қасірет мәңгі үлесін.

Жеткіздім, өмір-өлім тартысында,
Құлшынған тіршілікке жан күресін.

Барғанда Николай патша азасына,
Сезімнің ойды орады тазасы да.
Көргенде Петерборды
Даланы ойлап,
Жанымның кетті шерлі мазасы да.

Орыстың қызыққанда қаласына,
Екі көз сыймай кетті шарасына.
Шіркін-ай, ен далада көшіп жүріп,
Түспеппіз шаһарлы өмір таласына.

Есен-сау оралсам ел арасына,
Сұм тағдыр салды үлкен жазасына.
Қабырғам қайыскандай құлап түстім,
Қиналып хан Кененің қазасына.

Сол кезде осынау ойлы күйім туды,
Көкіректен үйіп бердім дүйім сырды.
Дабылды күндер өтіп қоңыр өмір,
Қазағым қойдай жуас мойынсұнды.

Ой-арман орнаса жан санасына,
Әркім өз қарай қалар панасына.
Арнадым жаңа күйді шерлі күнде,
Қазақтың соңғы ханы қазасына.

Жаңа күй таң сарынын тартқанымда,
Жатыр ем ауыр сырқат қақпанында.
Көкіректі осынау күй жарып шықты,
Төсектен бас көтермей жатқанымда.

Іштегі бар арманым шоғырланды,
Кешегі ескі күй боп өмір қалды.
Жаңа күй ой сергітіп, шабыт шалқып,
Жаныма қуат беріп, жүрек жарды.

Айтканы Мүсекеңнің рас, тегі,
Күйқұмар
Текті мырза бұл да сері.
Күйдегі Кенесары азасына
Қосылды Сарыарқаның құба желі.

Күй аты «Көкейкесті» – арман-тілек,
Әлдендім парқым асып, қарқын үдеп.
Бір сенім болашаққа жетеледі,
Тартайын аруақ атап алғашқы рет.

Сірескен екі ішекті жеңілдетті,
Күрсінген боз күмбірге бейім кетті.
Қырымен сұқ саусақтың сылқым қағып,
Желкендей алақанын желкілдетті.

Нық басты, әу дегеннен шымырлатты,
Ой қозғар толқымалы үн ырғалтты.
Сол қолдың саусақтары сакиналап,
Тың сарын тыным бермес қыбын тапты.

Домбыра өршеленді, өндіршегі
Қытыққа тиді, адамның қанды шері.
Ояу үн, бояуы ашық, айтары айқын,
Тірлікте жан тебіrentті мұңлы шері.

Шер қаулап көкей кескен сыр діңгегі,
Сергек үн дүбірленді, іркілмеді.
Аспанда таңшолпанға көз салғандай,
Толғантып наз қысқандай:
– Шіркін!.. – деді.

Боз інген, бозда жортқан желіс келді,
Тар өткел, тайғақ кешу тегістелді.
Тырп етпей отырған жұрт әр қағыстан
Жүрекке ем болардай жеміс терді.

Осы ғой
Өшпес қиял жан талабы,

Селк етіп отырған жұрт жалт қарады.
Құндақтап, бөлеп, тербеп сипай қағыс,
Үздіккен көңіл дертін дәл табады.

Қоштасты... Әлде жылы есендесті,
Қиялшыл жан сыбыры жетер кешкі.
Сыршыл наз,
Туған елдің мұңын шегіп,
Сабадан лықсыды «Көкейкесті».

Қоңыр қаз тілдескендей балапанмен,
«Жезкиік» жол кескендей ала таңмен.
Күрсініп:
– Беу, шіркін!.. – деп армандайды,
Қос ішекті сипап қағып алақанмен.

Қалт етпей
Жұрт тыңдады ашық үнді,
Жайнатты көзге зұлмат ғасырынды.
«Жерді алды, қала салды...» дегендей-ақ,
Ыстық жас кей жанарда жасырынды.

Қозғайды зерлі-сарын қиялынды,
Қоштап тұр есіл көңіл зиялы үнді.
Еседі хан Кененің айбынындай,
Өтеді...
Шын қандырып құмарынды.

Жауғандай мөлдір нөсер жылы құмға,
Үміт бар кей құбылыс тұнығында.
Айтып тұр «Көкейкесті» айдан анық,
Дәуірдің естен кетпес қылығын да.

Тыңдашы, мың естісең жалықпайсың,
Арман-күй бар айтарын аз ұқпайсың.
Қазақтың ұлы көштен қалған кейпін,
Киелі ащы ырғактан анықтайсың.

Ағынды сәйгүліктей мәңгі жарау,
Серпілді тоғыз тармақ құтты тарау.
Хан Кене өлімінен тұтанғандай,
Алыстан елестеді шындағы алау.

Пай-пай-пай!
Тартқан сайын айкындар
Мұң да бар,
Терең ой мен шалқу да бар.
Жүйріктей байлаудағы тарпынғанда,
Көкірек жалынымен қарпу да бар,
Жетсе де әлдеқайдан салқын хабар,
Қайғыға тұтқын болмас қарқын да бар.

Сезім бар елін сүйген, жерін сүйген,
Табады-ау сергек адам сенім күйден.
Үмітшең, қуанышты нәрлі елестер
Басады мұң-наланы көңіл күйген.

Жоңғарды жоннан қуып шапқан кезі,
Қалың ел мамыржайға батқан кезі,
Санаңа оралады
Көз жұмарда
Елді ойлап Абылай хан айтқан сөзі.

Жолы бар Қасымның да, Есімнің де,
Даттайды Кенесары кесімін де.
Алыста арыстарын дәріптесе,
Ұмытпас жарлы-жақыбай жетімін де.

Мың күйге «Көкейкесті» татығандай,
Жан тояр, жүрекжарды аты қандай?!
Қорқыт пен Асан Қайғы сарыны бар,
Құт мекен «Жерұйыққа» шақырғандай.

Сұлу саз тілден артық пайымдаған,
Аңдатар сұм замана жайын саған.
Кер толғау, тамұқ та бар, жұмақ та бар,
Адамды арманынан айырмаған.

Жаны ашыр тәтті үзімдер ұдайы ұнар,
Береді әр иірім шырайы нәр.
Теңізде нән толқындай жасырынбас,
Асау жел бастап кетер сыңайы бар.

Өмірдің умен балын іліп, қақты,
Зарлы саз сай-сүйекті шымырлатты.
Шошытты аш бөріні сақ қырандай,
Шындықты бозторғайдай шырылдатты.

Ақтангер оралғандай жас күніне,
Төменнен бастау алып тартты іріге.
– Туған жер, анам сенсің, бабам сенсің, –
Деп ізгі күйік-шерлі басты үніне.

Ой толқып бір сергисің дана көріп,
Тәтті әуез жарылқайды пана болып.
Кейде сен отырасың бейжай ғана,
Ата-анаң аялаған бала болып.

Асыл күй нұрландырды нар жігітті,
Кей ырғак елестейді жайлы, құтты.
Кей-кейде жарқырайды арман-арай!
Көбейтіп бойда жігер, ойда үмітті.

Кейде сәл кергіп қалды іркілгендей,
Кейде оқыс үн туады ыркын бермей.
Қатайды қағыс зілі
Кейде шапшып,
Қара жер әудем сәтте сілкінердей.

Бұлкынды, шанак үні кермек тартты,
Жұлкынды кейде баяу, кейде катты.
Өмірдің сергек, соңғы сағаттары,
Не бітті, не бітпеді?
Тергеп жатты.

Қараша қаңтарменен қосылғандай,
Қоймайды аяз үдеп есінді алмай.

Жетті күй шырқау шепке, талықсыды,
Ар жағын копаруға төзім қалмай.

Саусақтар қыл сағакқа өрлегенде,
Кіресің акбөкенмен шөлге сен де.
Сойылмен бабаларым сақтап қалған,
Өтеді бір іркіліп әр белеңге.

Тындашы, тұңғиық сыр елестейді,
– Қамыкпа, өмір жалған емес, – дейді.
Түршіккен тіршіліктен шыбын жаның,
Табиғат құшағында елестейді.

Татқандай жас жемістен балғын шарап,
Күйшіге асыл қауым қалды қарап.
Әр көңіл іздегенін тауып жатса,
Әр жүрек өз керегін алды қалап.

Арызы келешекке осы болды,
Кәусар үн ақиқатқа берді жолды.
Көксеген азат күндер сара жолын,
Қазақтың күй-күдірет көші толды.

Күйшінің жан парызы өтеліп тұр,
Аз емес мәңгілікке жетерлік сыр.
Осы күй
Тәттімбетті шын кемеңгер,
Ойшылдар биігіне көтеріп тұр.

Желпінтті,
Ашты аяусыз жел түндікті,
Шолып тұр көзі шалған көр сұмдықты.
Ел мұңы жан-жүрегін елжіретсе,
Ізгі арман ұлғайтып тұр ершілдікті.

Күш керек, қатал жаумен шайқасуға,
Дос керек, барар жерді байқасуға.
Деп тұр ғой:

«Ертең қас боп қасармасын,
Жүргендер бүгін дос боп дәл қасыңда...»

Жел қозғап алабота уыз танды,
Ашқылтым саумал тірлік қымызданды.
Бастапқы сегіз тармақ тоғызданып,
Қобызға ұсынды сол сыбызғы әнді.

Күрсінді сал домбыра, дыбыстанды,
Дәл қазір үзілердей тыныс талды.
Төбесін асқар таудың мұнар шалса,
Әп-сәтте дүние қайта дұрысталды.

Тапса да жадырауға кімнен себеп,
Болыпты асқак киял күйге дерек.
Тіледі ол –
Қазағына дербес елдік,
Бой жазар сәулет, дәулет елден ерек.

Бармайды ойлай берсең қайда көңіл,
Сағалап үн толқыды майдақоңыр.
Өкініш өксігімен қабаттасып,
Дегізді:
«Әттең, шіркін! Қайран өмір!»

Бұл күйде ең алғашқы ғашығың да,
Жер жаннат, атамекен асылың да.
Дос пен қас, құрбы-құрдас бәрі де бар,
Кездескен өзің кешкен ғасырыңда.

Жауап бар сана жеткен әр күдікке,
Токтау бар жер бетінде сан бүлікке.
Тәмамдап соның бәрін күй аттанды,
Көз жетпес көкжиексіз мәңгілікке.

Тәттімбет талмаурады терін сұртті,
Күй тынды, тал бойына сенім бітті.
Құттықтап отырған топ

Қол сокқылап,
Күйшіге алғыс, бата төгілдіртті.

Басылды тұяқ дүбір жүйрік өткен,
Орнына қайта түсті тірлік шеккен.
Көзінің жасын сүртіп Дәулеткерей,
Құшақтап Тәттімбетті сүйді беттен.

– Жасымнан тың сарынға машық жанмын.
Туды ғой күй жұлдызы ашылған күн.
«Сарыарқа», «Саржайлауды» құдірет тұтып,
Бұл күйге, – деді, – ағайын, ғашықтандым.

Күй – теңіз, асау толқын өріс те көп,
Ұмсынтқан алда түрлі жеміс те көп.
Тәттімбет, бұл телегей арман-дастан,
Адамның бар қиялын тегістемек.

Не берер қаңғыр қаққан шайқы-бұрқы,
Күй – толғау, қиял толы іші-сырты.
Ақ дыбыс, үміт жолы нұрлы әуезбен,
Өмірдің сикын ашты ұйпы-тұйпы.

Ем таптың ізгілікпен, елжіреттің,
Пір жебеп бергені осы кең жүректің.
Желкендей көк теңізде бой тастаған,
Күйшілік жаңа туын желбіреттің.

Күй-толқын шарықтаса шалқып, желіп,
Көрмедім әсіре басқан артық желік.
Шындықты ақ мактадай
Қолға тостың,
Сыртында қауашақтан аршып беріп, –

Деп Дәукең бата берді табысына,
Мұңлы әуез қайран қалды ағысына.
От көрген жас баладай таңырқады,
Хас тұлпар оза тартқан шабысына.

Бәрі өтті.
Петерборға барып қайтты,
Ақ патша тәжін киіп, барын айтты.
Құйқылжып «Саржайлау» мен «Көкейкесті»,
Тәттімбет күміс медаль тағып қайтты.

Шақырса сұлу сазбен алыс таңды,
Байқады дүние-дүрмек жарысканды.
Орыстың шіркеулерін көріп тұрып,
Ауылда мешітіне намыстанды.

Зерлесек осындайды кең біліп те,
Көнбеді ол
Би-болыстық «кеңшілікке».
Біржола шен-шекпенді шешіп тастап,
Ден қойды жер иесі кеншілікке.

Аңдасаң кей ырғаққа қосқан жүгін,
Байқарсың қара жер мен аспан жігін.
Айтып тұр «Көкейкесті» күдер үзбей,
Алладан елге рақым тосқандығын.

Қозғаса Тәттімбетті күйік арман,
Ежелден ол межені биік алған.
Қамы емес қара бастың
Бүкіл қазақ
Қайнаған қалың шерін жиып алған.

Кең айдын күміс күйдің көлемі де,
Шомылтар сезім-сәуле тереңіне.
Көңілдің қиял құсын талпындырар,
Шақырып жан-жүректің керегіне.

Саркылмас қара судай жел тербеген,
Терең күй мұң мен үміт көркемдеген.
Жалғап тұр «Көкейкесті» –
Қашан тартсаң,
Өткен күн, бүгінгі, ертеңменен.

Тыңдашы,
Қандай жатық, мығым үні,
Алады мәңгі баурап ұғымдыны.
Көсілтсе баяғының көшін өрде,
Нұқып тұр көзге түртіп бүгінгіні.

Тағдыры қайран қазақ бас талабы,
Жоқ шығар жойқын қағыс басқа мәні.
Әлі де біздің жерге көз алартқан,
Көрсетер терісқақпай масқараны.

Достым-ау, ел-жұртты ойлап қайраттанып,
Туған күй
Мұң мен шерге қайнап барып.
Толғантқан отар елдің тағдырымен,
Келбетін «Көкейкесті» жайнатты анық.

Күй – саңлақ,
Жан тебіренер самғағаны.
Баурайды мәңгі қорған, маң даланы.
Ұлтымның күй-ұраны осы емес пе,
Толғантар ар-намысты қайрағаны.

Тұңғыық
Сұңғыла күй – дана сөзі,
Көкейде бір тыңдасаң қалады өзі.
Қайран ел қиял-шерін кең толғаған
Осы ғой кең даланың «Полонезі».

Серпілтсе күй самғауық бұла күшін,
Көксейді әділет, теңдік қуанышын.
Бұл күйді
Қаншама көп тыңдасам да,
Соншама жылып қана тұрады ішім.

Кеншіліктің атасы

«Би болудан Тәттімбет бас тартты...» – деп,
Ел ішінде қаңқу сөз қақсапты көп.
Кейбіреуде
Өкініш-күйініш бар:
«Кім, қалайша қак төрден жаскантты?...» – деп.

Біреу досқа оңаша сыр қылады,
Сағым болып әділдік бұлдырады.
Елді жинап,
Тәттімбет хабар етті,
Үнсіз тыңдап ағайын тұрды бәрі.

– Жерім – мұхит болғанда, кенім – құндыз,
О, Жаратқан! Ел-жұртқа сенім туғыз.
Көп күйшінің айтулы біреуі едім,
Кенші болып атадан тудым тұңғыш.

Кейде білмей
Күн батып, таң атқанын,
Күйді нәштеп, көп жұмыс сабақтадым.
Кеншілікті Алладан сұрап алсам,
Күйге ғашық етіпті Жаратқаным.

Қолымдағы домбырам – ақ беренім,
Қасиетін қадірлеп, сақ келемін.
Жаңа күймен күңіренер таудың ішін,
Балға, кетпен ұстатсаң тап беремін.

Өмір өтіп барады ағын желдей,
Төңірекке қараймын бабым келмей.
Өзім үшін емес-ау, елім үшін,
Шыдамаспын, кен байлық барын көрмей.

Төрт түлік мал жеткізбей кеңшілікке,
Басқаша өнер бастасам кемшілік пе?
Арызымды ақ патша қолдапты ғой,
Нар тәуекел, бел будым кеншілікке! –

Деп бастады Тәттімбет айтар сөзді,
Тапты дәлдеп жан шері таркар кезді.
Ағайын ел алдында хабар салды,
Қимас тату толқытты жаутаң көзді.

– Кейде ашу қысса да, кегім болмас,
Кен қазуға шығындар болып жолдас.
Жалшы емессің,
Малшыдай тиын таппас,
Тамшы терің, ағайын, тегін болмас.

Оңай емес кен қазу көп өнері,
Балкыту да құрметке бөленеді.
Арба, шана, өгіз, ат бергендерге
Жылдық акы жинақты төленеді.

Көмбелі кен көптігін айта аламыз,
Алтын, күміс, мыс толы сай-саламыз.
Көлік пенен жүк малын акысымен,
Бір жылдан соң есен-сау қайтарамыз.

Орындалса тірлікте канша арманым,
Күй көтеріп қыруар жер шарладым.
Кенші болдым тапсырып бір Құдайға,
Әкімдікті Нұрбике-Шаншардағы.

О, тағдырым!
Ағытып бер шідерді!
Шайлықтырма, қайрап бер өр жігерді.
Кент саламын,
Қасына зауыт құрып,
Ағайыннан таңдаймын көршілерді.

Құмар едім бұл іске жас шағымда,
Содан болды Поповты костауым да.
Қанша байлық десеңші кетіп жатыр,
Алтын-күміс орыстың астауында.

«Кенсіз өмір кең болмас» демек едім,
Содан шығар Поповты демегенім.
Патша ағзам рұсқатын алғанымда,
Байқаңыздар аруак жебегенін.

Жарық түсті аспаннан түндік бұрсам,
Ләм-мим демей не бітер шұлғып тұрсам?
Арыз етіп рұқсат ала алмапты,
Уәлі ханның баласы Шыңғыс сұлтан.

Атам қазақ «ебепке – себеп» десті,
Домбыра мен достарым кезек шешті.
Сол Шыңғыстың оқыған ұлы Шоқан,
Айналайын, Омбыда көмектесті.

Іс-әрекет, мінезі жүйелі екен,
Әр қылығы ажолтай киелі екен.
Біздің құда Мұсаның Шорманұлы,
Үміт артқан білімдар жиені екен.

Мен де оның жанына азық бердім,
Сөз етейін шыққанын артық тердің.
«Қозы Көрпеш – Баянның» киссасын,
Үш күн, үш түн отырып жазып бердім.

Айтқан сөзін тыңдасаң аяулы адам,
Даналыққа басып тұр таяу қадам.
Жаяу Мұса ақынды көп тапсырды,
Атын алып Мұстафа жаяулаған.

Мұстафасы құдамның інісі еді,
Бір тиген-ау ақынға қыры тегі.
Ретін тауып құдама сауал еттім,
Ол бұл іске, иншалла, кіріседі.

«Бұйрық озды» – сөз осы мәтелдегі,
Дегім кеп тұр: «Кетпенді әкел бері!»
Ел болуды ойласақ, осы тілек –
Исатайдың дабылы әпергені.

Түйір темір, бір уыс қорғасынның
Болмағаны бермейді ол да тыным.
Түрлі кару осыдан жасалады,
Түбін ойлап, тыңдай бер колдайтының.

Попов сынды көпестер төңіректі,
Барлап, казды жегендей семіз етті.
Қала орнатып, үй салып, зауыт жасап,
Картоп, пияз өсіріп, егін екті.

Бірге жүріп тау-тасты араладым,
Ел ұстанар осы ғой бағалы ағын.
Күймен бірге кені бар тасты шертер,
Өнер бастап шекпенді жаңаладым.

Әркім жетік келеді өз камына,
Табыс берсін тапқаным тозғаныма.
Би билейді түйе де ызаланса,
Шыдай алмай есектің озғанына.

Дей көрмендер: «Әсіре боянғаны...»
Бұдан да зор ар-намыс мол арманы.
Өз жеріне өзі ие бола бастап,
Осы дей бер қазақтың оянғаны.

Қол жетпеске қызығып кен көргенде,
Сандалмалы түскем жоқ сергелдеңге.
Түбін ойлап, тап бастым, ағайындар,
Поповтардың өнерін меңгергенде.

Түгел кездім өлкені атым жеткен.
Қазба кенге жинадым тәсіл көптен.
Алтын-күміс бұйыққан мыс пен мырыш –
Қазынам ғой басқаға ақым кеткен.

Қыран саңғып жартасты камырлаған
Түйір таспен байқатар барын маған.
Ол су ішкен Құмкөлде алтын бар ғой,
Мен – барлаушы жүрістен жаңылмаған.

Жортқан аңмен орманда қоңсы қондым,
Жан баспаған қыз қалпы жер-су көрдім.
Жакпар тасты сары алтын жылғалаған,
Сегіз таспа қамшыдай ізін көрдім.

Көз отына жан оты қосылмай ма?!
Қызығасың, әрине, тосын жайға.
Кеннен мысты қорытып ала алмасақ,
Әлемде көп тәсіл бар осындайға.

Бергені ғой өмірдің көшпенділік,
Біздің бақыт – маңырап өскен түлік.
Көбі қалды орыстан көргенімнің,
Сері жанның көңіліне еккен бүлік.

Кен казуды, қортуды, балкытуды,
Дербес елдер бұлтармас заң тұтынды.
Шахты, зауыт маңына
Қала орнатып,
Жасап жатыр қол жеткен бар күтімді.

Алтын сарай күмбездер жарқыраған,
Петерборды көргенде қалтырағам.
«Түземдік» деп атаса олар бізді,
«Түзелдік!» деп мен қашан қарқын алам?!

Салыстырып әлемде бар халықты,
Даналардың қанаты жалғаныпты.
Бұқар жырау көргенде Самарқанды,
Сарыарқасы елестеп шамданыпты:

– Қазағым-ай, кешкенің сынақты көп,
Көшпенділік қалыпты-ау тұрақты боп... –
Деп данышпан естіп ем,
Ыза кернеп,
Өрт шалғандай өзегін жылапты деп.

Хан-төренің мейман боп татса балын,
Көкірегін өртеді қанша жалын?!

«Күші зордың – ісі зор» осы екен ғой,
Жер жұмағы жасаған бақшаларын.

Ата-баба келтірем несіне мін,
Кешірместі өзеуреп кешіремін.
Қайран казак,
Өзіне билік тимей,
Төре билеп өтті ғой есіл өмір.

Мен де көрдім
Шыққанын маздақ тердің.
Шен-шекпеннің бергенін аздап көрдім.
Азап шегіп сандалған ел екенбіз,
Мал жайлаған құлы боп мансапкердің.

Аз білімін біреу жүр «бірдеме етіп»,
Мекке барып болмақшы дінге жетік.
Кеншілікті көремін ұлттық байлық,
Ел боларлық қазағым ірге бекіп.

Мен, достарым, баскамын, өзгешемін,
Қиял жеткен қияға тез көшемін.
Кен қазудың тәсілін
Кәсіп етіп,
Дүйім жұртқа жасаймын өзгеше өмір.

Мен де мешіт,
Иншалла, салдырамын,
Сиынатын қолымда бар Құраным.
Жер байлығын қазағым көрсе екен деп,
Жарғақ көрмей шар басым шарқ ұрамын.

Поповтардың кылығын айып етпен,
Өнер таптым жүйелі қалып еткен.
Қатарласам
Қалмастай өзгелерден,
Тер төккенді бірлесіп зәру етпен.

Құрып кетер елдігін өздігінен,
Қайран казак акыры сезді білем.
Келіп жатыр жан-жақтан біздің қолға,
Жалақыны берген соң мезгілімен.

Білем казак менен де ептірегін,
Іс білгенге Алладан көп тілегім.
Жер байлығын ел үшін ұқсатпасаң,
Кешкен тірлік далбаса деп білемін.

Кенші өмірім тың сарын күй секілді,
Қобалжыған пәк жүрек бір бекінді.
Үмбетіме шындықтың бетін ашып,
Мен жасадым сіздерге құрметімді, –

Деп Тәттімбет әр сөзін айтып еппен,
Қарекеге карады Жаксымбетпен.
Бегеш пенен, Тобаяк, Жұдырық бар,
Әдейілеп шақырған калың көппен.

Шын аталас Қареке Мыңбайұлы,
Таусылмайды бұл күнде удай сыны.
Аттанғалы Қазанғап дүниеден,
Жанжалқұмар етті ғой Құдай мұны.

Қареке:

– Сөзінді, Тәтіш, естідік,
Айтканың өңкей естілік.
Шошынғандай тірліктен,
Кетеді кейде ес кіріп.
Бәрі де дұрыс, бірақ та,
Бір сөзіме тұрақта!
Кенші болсаң ел кешпес,
Түсерсің зор сынаққа.

Туысты жатқа балама,
Акикат тілін бағала.

Атадан қалған мал-мүлік,
Жетпей ме бала-шағаңа?!
Оранып жүрген үлдеге,
Көрінер саған бірдеме.
Ақбөпе өліп от бассаң,
Есімге «көрге кір» деме.

Жақсымбет:

– Қареке, кеттің алыска,
Тиеді сөзің намыска.
Әйелдей шапшып, шаш жұлып,
Бет жыртуға барыспа.

Бүкіл казак мұң-шері,
Күрсіндірген Тәттімбет.
Жан-жакка тарап күй-шеру,
Сүйсіндірген Тәттімбет.

Тіл тигізбе асылға,
Қареке, бекер шашылма.
Қате кеткен бір сөзің,
Жыл емес, жетер ғасырға.

Ел басқарған ханы жоқ,
Басында казак бағы жоқ.
Кер заманға кездестік,
Өтеміз бе тағы боп?!

Көңіл ығып саспайық,
Бас бірліктен кашпайық.
Одан да, бүкіл ағайын,
Кеншілік жолын қостайық.

Тұрамын айтқан сөзімде,
Кен казам енді өзім де.

Тобаяқ:

– Тобықтыдан келдім мен,
Жаңалық көп мен білген.

Сөзім жакты бәріне,
Кеншілікке сендірген.

Арқаттың жайлап сілемін,
Арыған елді білемін.
Құнанбай малын күзектен,
Ағайын косты тілегін.

«Есім салған ескі жол,
Қасым салған қаска жол,
Тәттімбет салған кенді жол
Жок осыдан жөнді жол», –

Деп костады бір абыз,
Тілегі бірлер келсін деп,
Көшуге рұқсат берсін деп,
Құнанбайдан сұраңыз.

Беген:

– Дүние-дүрмек мереке,
Жасауға керек береке.
Келеке еткен жөн болмас,
Қайтып ал сөзді, Қареке.

Менің де каным тасиды,
Поповка ел-жұрт бас иді.
Солай карай сілтедік,
Қиналған қанша аш үйді.

Бастайды тың іс батылдар,
Тәттімбет бәрін баскарып,
Жаңалық көрген пақырлар,
Алғыс айтты бас салып.

Досы боп бекер саналып,
Қалмаспын жұртта қадалып.
Тәттімбеттің соңынан,
Бәріміз еріп баралық! –

Домбырасын Тәттімбет шертіп-шекп,
Ебін тапты жүректің екпіндетіп.
Қаз дауысты қаңқылға салып алып,
Қамыс басын тербелтті желкілдетіп.

Жок ешқандай камырык нала-кайғы,
Көңіл жыққан кісіге қарамайды.
Қорғасынды мырыштан бөліп жатқан,
Көз ұшында көрінді Қарағайлы.

Еркінденіп саусақтар алшаң басты,
Тауып отыр өзге жан таба алмасты.
Қолаң шашты қыз емес,
Күйге косты
Дегелеңнің түбінде «Қалмақтасты».

Кен қазғандай пернені дәл басады,
Алтын мен жез сыңғыры алмасады.
Саусақтары секілді тіл де жүйрік,
Қыңыр сөзге шымыр тіл жармасады:

– Сыбыр етіп үндемей қалған едім,
Күнім – базар, түнім – той, арман еді.
Жетеді ғой тірілер талқылауға,
Баки жаққа, Қареке, барма, – деді. –

Ақылды ер аяғын дұрыс басса,
Ел кенелер Құдайым ырысты ашса.
Күш-көлік бер Қареке, азын-аулақ,
Енді қайтіп осылай ұрыспасқа. –

Түсінгендей кыршаңқы сынын қатты,
Түзетудің өзінше қыбын тапты:
– Зіл қылмаңдар әзілді... – дегендей боп,
Қасын серпіп Қареке күлім қакты.

Есті тентек осылай елеңдеді,
Көкейіне түсті ғой көнер жері.

– Айтканыңа, Тәттімбет, құлдық етем,
Он бес өгіз бір жылға берем, – деді.

Артық кетті, кем кетті, қарқын жетті,
Жиылған топ әр түрлі әңгіме етті.
«Ер мойнында қыл арқан шірімес», – деп,
Бар ағайын қолдады Тәттімбетті.

«Қалмақтасқа» Тәттімбет берік кірді,
Кәсіпқорлық қызығы еліктірді.
Маңайдағы ағайын, жүдеген ел,
Түрлі-түрлі жұмысқа келіп кірді.

Тауып жатты сеніскен жұрты пайда,
Тез шешілді үй-жайлық бұйымтай да.
Бар пұлына жер алып, үй орнатып,
Қайын атасы жетілді Түлкібай да.

Кеншіліктің тетігі кісілікте,
Кісілікпен егіз ғой кішілік те.
Адал, таза, елгезек бір-біріне,
Жарты сөзден жалғасар түсініп те.

Менің де бар тау бұзып, кен тапқаным,
«Сыйға – сыйды» ұстанып кең сақтадым.
Адамдықтың абзалы деп айтарлық,
Кеншілерді тірлікте көп жақтадым.

Тағдырыма етпеспін күпіршілік,
Кенші болдым
Жүректен үкім шығып.
Тәттімбет пен Қанышты жалғастырсам,
Тірлігіме етермін шүкіршілік.

Акын-кенші жасымда атанып ем,
Сәтбаевтай арыстан бата алып ем.
Беу, кеншілер!
Сүйінші! жаңа таптым,
Тәттімбеттей бас кенші Атаны мен!

Күй атасы – Тәттімбет – ақтангерім,
Тастап кетті би болып таққан шенін.
Жүдеу елге жаксы өмір құрамын деп,
Ел-жұртымен бөлісті тапқан кенін.

Тоғыз толқын «Қосбасар»

Бірінші толқын

I

Бақыт екен махаббат сөнбегені,
Елестетті акку құс көлде сені.
Қыз күндегі келбетің көрмеде тұр
Көкірек деген құпия бөлмедегі.

Тірі пәтер арнайы бөліп бердім,
Одан жайлы мекен-жай көріп пе едің?
«Өңі солғын... » деп естіп, елеңдедім,
Ерен-ғайып, тамаша көрікті едің.

Сұлу кейпін ажарың өшірмесін,
Көшірмесін күйге орап есіл досың
Шығармай жүр екі елі көңілінен.

Шалдыкканым белгілі асыл уға,
Оны көнбес домбыра жасыруға;
Жарылқап жүр «Қосбасар» егіз үнмен.

II

Ашық күйден аңдасаң құрметімді,
Арман-аңсар айықпас біл дертімді.
Тел ағыспен қос өзен толқығанын,
Тел қағыспен құбылтып күй жетілді.

Жұқа жері жүректің тесілгесін,
Жамау болар үн қалай көсілмесін?!

«Шау тартыпты...» дегенге шошып кеттім,
Себепкері мен болсам, кешір, досым.

Сөзге тұрмас кияда киналғаным,
Жол-жөнекей жөн еді-ау бір барғаным,
Шын сүймесем әуреге салмас едің.

Хабаршыға сенбеймін, ерегісем,
Иланбаймын ешқашан. Неге десен
Мен көргенде ақ марка жап-жас едің.

Екінші «толқын»

I

Кетеді екен қайырылмай қайран жастық,
Күйші қызбен тым келте сайрандастық.
Атастырған ағайын аяулы боп,
Қыршынынан қиылды байламдастық.

Мейірімді еді келбеті күлімдеген,
Күміс сыңғыр толқын бар үнінде ерен.
Кей сиқырын сұлулық жаңа сездім,
Жас кезімде санама ілінбеген.

Жан-жүрегі бір мен деп соғып тұрған
Ол – періште, жан ием жолықтырған,
Енді еншіме тиіпті сылқым елес.

Асыл адам қайғыға жасымайды,
Басқа біреу етсе де басыбайлы
Менен артық сүюі мүмкін емес.

II

Сәуле емес, ол сәуледен жинақтылау,
Құт-береке нұр жүзі жинап тұр-ау.

Жас аққуға пәктігі сай десем де,
Бүлдіршіндеу, тал бойы сұңғактылау.

Есіме алсам қалайша шаттанбаймын,
Ақ маңдайлым – қасиетті тапқан қайғым.
Қос жанардың түбінде тұнған сезім
Құпиясын өзімше ашқандаймын.

Мейлі, теңеу ұнамас, әлде ұнай ма?
Қыз Жібектен әсемдеу әлдекайда
Ол – жұлдызым махаббат аспанында.

Шын мақсатым, шындық қой, кеш, ағайын,
Дегемін жоқ біреуден өш алайын,
Артық қызды көрмеп ем жас шағымда.

Үшінші «толқын»

I

Балғын мінез үйлескен көрікпенен,
Дені таза, жоқ бөтен желік деген.
Рауан жұтқан райхан гүл секілді,
Қанша көрсең екі көз зерікпеген.

Кездескелі кетті ғой ерік менен,
Мезет қайда телміртіп телітпеген?!
Құлыншақтай қиядан шұрқырайды,
Біздің жүрек бұлк етпес берік деген.

Сұлулық-ай! Сұлулық, құрытасың,
Күндік жерден қозғайсың күй ынтасын
Тың қағысқа бұлкынтып тәкәппарлық.

«Шындық – негіз болғанда, бақыт – егіз»,
Қыз да болса егіз ғой, бағыт-негіз
«Қосбасар» деп күйді де атап қалдық.

Құндыз ішік секілді тысталмаған,
Шын таңданам сұлуға бізді арбаған.
Орта бойлы, қыпша бел, кара көзді
Суреттеуге күйшілік ұшталмаған.

Сәлем алып келгендей құстар маған,
Күрей шертіп құлшынып, құштарланам.
Қапелімде жұп-жұқа алаканы
Күміс қасық сияқты ұсталмаған.

Барын салып қоңыр күй тұспалдаған,
Ол – таза жан, ол – өте ұстамды адам,
Қолы тисе кетеді балқып денем.

Отыз меруерт тізіліп ақ моншақтай,
Қызыл ерні көз тартса жанған шоктай,
«Қосбасарға» ерекше қарқын берем.

Төртінші «толқын»

I

Сын сағатта жоғалып із салмаған,
Ағайынға кек сақтай сызданбаған.
Ақыл-көркі көш төмен құрбысы озса,
Әлдекімше іш тартып қызғанбаған.

Сері күнде сергелдең қыз таңдаған,
Керім еді керемет біз барлаған.
Ақпа-төкпе төтенше күй сайыста,
Жасырмады жан сырын құштар маған.

Салауатты ақиқат сыр аңдайын:
Мені іздеген жалғанда сыңардайын,
Сәтті сапар кездесті-ау жол басында.

Нұрлы кейпі тамаша күліп тұрған,
Арайы құт жаныңды жылыттырған,
Жер жұмағы болғаны ол қасыңда.

II

Жаңылсаң да жазғырмас сырынды ұғып,
Оған бітті сүйкімді жұғымдылық.
Топ ішінде «аға» деп ардактасар,
Тәтті әзілмен өтсе де сүріндіріп.

Білгені мол жарасқан білімділік,
Түлеп қалдым күйге сол ұғым кіріп.
Мардымсызға мырс етсе, мысқыл емес,
Ол – күйініш, ол – ішкі мығымдылық.

Аймаласаң аз болар, күн де, түн де,
Шықпай қалар ол сәтте тіл де, үн де,
Бір құшқанда шығарсың мың құмардан.

Шындықты айтсам күй соңын келтелемей,
Сипай қақтым шекітіп, шертпелемей,
Шер боп шықты баяғы қыршын-арман.

Бесінші «толқын»

I

Ашық айтшы, домбыра, пейіліңді,
Әр қағыстан аңғарсын зейініңді.
Не десе де лажсыз ықтиярсың,
Ынтасына ботадай мейірімді.

Көзің шалса шыдатпас шалқымауға,
Оранасың ақ киял – ақ мұнарға.
Ол ұқсайды орманнан окшау өсіп,
Жол шетінде қол созған ақ шынарға.

Ізгі тілек, ажолтай ниеттері,
Көрмесем де жүреді сүйеп мені,
Қалай ғана тебіренбей баяндайын?!

Күйге косып сағыныш көп ілегін,
Кейде ұзақ тебіреніп көз ілемін,
«Қосбасарлап» бойлауық баяулайын.

II

Сүймегенін есінде ұстар ма адам,
Сұлу көрдім жан зекет құштар маған.
Қарқаралы шетінен лебін сезем,
Сарыарканы сол ма екен жұпарлаған?!

Елжіреуі ерекше бұл жүректің,
Келді ме екен біреуі мың тілектің.
«Сәлем айт!» деп жолға гүл егіп кетті-ау,
Көгершін көз ақ науат үлбіреп тұр.

Сал карағай жаудырап көз салады,
Балдыз-қайың жұтынып көп қарады,
Жалғыз арша телмірді шерлі жандай.

Қыз еліне барар жол – кара бұрым,
«Осы, – дейді, – Тәтті аға, бала күнің»,
Тәтті еді ғой еркемнің ерні балдай.

Алтыншы «толқын»

I

Ізет етсе иіліп сәлем беріп,
Құбылмайды көз бояп мәнерленіп.
Қан жүгіріп, қызарса екі беті,
Бой жылынар тар деген әлем кеңіп.

Сонда күдік азаяр пәлен көлік,
Сауығарсың ләззаттан жан емделіп.
Өз-өзіңнен сүйінші сұрар едің,
Алып қашқан шаттықты әрең жеңіп.

Жан бүршігі жүректің дүрсілінен
Ашылғандай, көп аңсап күрсінуден
Ғаламат қой бір есту ашық сөзін.

Бал-бұл жанып жия алмай есі-дертін,
Құшақ жайған құлшынып емін-еркін
Көру киял жан пида ғашық кезін.

II

Аттың басы болса да қаңтарулы,
Аңсайды екен бір татқан жан дәруді.
Қой десем де «Қосбасар» толқындары
Бой сақтамай дауылға қайта кірді.

Біздің ауыл жүргендей іргесінде,
Үркер туса шақырар тілдесуге.
Сұлу қайда... наз сонда, саз да сонда,
Сөніп қалмас көкірек түрмесінде.

Сусын жиған секілді құтыласқа,
Разы болғай күй-сурет ықыласқа,
Саркылмайды тәтті әуен – тәтті сезім.

Көріп кел деп әдейілеп мен жіберген,
Күй-дастандар аумайды елшілерден,
Ол естісе – сол менің сәтті кезім.

Жетінші «толқын»

I

Аппак жүзі балауса күн өтпеген,
Мезет қайда көркінен дір етпеген.

Аңсатады құшакқа байланғаны,
Жас аққудың мойнындай білекпенен.

Көрмей жүру шыдатпас, ұзақ қайғы,
Ұзақ қайғы шырмалтып тұзактайды.
Күрсінгенде кең аспан күңіренгендей,
Жалғыз жұлдыз шаңырақты жүз аттайды.

Әне, сонда толкытып, тебіrentіп,
Елжіретіп, балкытып еміrentіп
Ғашык сарын кеудемде сызаттайды.

Күйсіз күнім катерлі қауіп екен,
Кел, домбыра, толассыз жауып өтем,
Салкын жазды кей жылы күз ақтайды.

II

Күй не керек адамды толғандырмас,
Бұрын ұғар жан құрбан болған сырлас.
Мұңсыз күйші – жаңбырсыз бұлт емес пе,
Ер жігітті махаббат жолдан бұрмас.

Қамыкпаймын күш-жігер, каркын барда,
Күймен тартам ой салғыш салтымды алға.
Не болар ем күйінген кезімді айтпай,
Саған деген сағыныш саркылғанда?!

Жас едің-ау, балауса уылжыған,
«Қосалкалап» беу, калка, сырынды ұғам,
Барын айтар сәтті әуен көп бұлдамай.

Ойлы казак түсінген ырғағымды,
Жақын тартар жанына нұрлы ағынды,
Сенімім зор кетпес деп ел тыңдамай.

I

Күйге коссам бейнесін жұмбақтаған,
Ол – ғаламат, ол – өте сымбатты адам.
Еске түссе көремін құба талдай,
Өзенді өрлей жел сокса бұлғақтаған.

Сол тербеліс әлдилеп, құндақтаған,
Екі ішекпен тілдесіп мың баптанам.
Өз арнамда мен де аққан дариямын,
Оны айтпасам құлазып, құрғап қалам.

Ақ құс-жүрек кім назын естімейді,
Саңқыл-сұңқыл кеудемді тескілейді,
Бұлжытпайды тәтті ырғақ сағыныштан.

Шабыт селін домбырам қайтармайды,
Шексіз, шепсіз ғашық наз – айтар қайғы,
Қос қанат боп «Қосбасар» алып ұшқан.

II

Қайда екенсің, жан құштар Қыз Жібегім?
Өзегімді құсалық үзді менің.
Төлегенің болсам да, амал канша,
Бекежанмен шабыспай қызды кегім.

Дауыл соғып канаты өтті қыран,
Жыңғыл бойлап, жылғалап кетті бір аң.
Қалың берген жігітпен жауласпасам,
Емес шығар махаббат жоктығынан.

Қатар елмен сыйластық сақтағаным,
Құмарлықтан емес қой таққа жаным,
Бас айналды сені аңсап шөлдегенде.

«Қосбасарға» сүйсінсе қалың елім,
Бейнең сенің жебеуші жәдігерім.
Не болар ем жасымда көрмегенде?..

Тоғызыншы «толқын»

I

Беріш болып жібіген тасты көргін,
Ақтарылды жер түбі, асты көлдің.
Жан түкпірін «Қосбасар» жайлағанда,
Бұрынғыдан ерекше жақсы көрдім.

Қанша алыста болса да сенің қосың,
Іздей берем аралап өмір көшін.
Қырық күйді үр жаңа құлшындырып,
Кім көтерер дәл сендей көңіл хошын?

Жастық жігер, күш-қайрат қорып тұрған,
Күн сәтті еді біздерді жолықтырған,
Содан кейін жарысты сенім, қауіп.

Жаным сүйген сен едің адам кені,
Бұйыртпаса амал жоқ саған мені,
Күймен сүйіп, құшайын шөлім қанып.

II

Көк дөнені көңілдің қанатты екен,
Қапаланба уақытты санап бекер.
Кездесудің ретін табар едім,
Өзімді емес, мен сені аяп кетем.

Есіміңді еске алып, мұң аралап,
Күй тілімен келемін мұнаралап.
Тобықтыға түсімде барып қайтам,
Аркат тауын алыстан мың аралап.

Ұйқым шала туса да таң қысылмай,
Менің қайғым – бүкіл ел қайғысындай
Сағынышым сарқылмас камалдаймын.

Нағыз жетім – тірегі мерт болғандар,
Тірі жетім – жазықсыз дерт шалғандар,
Бір кездесу болар деп амалдаймын.

Даладағы оркестр

Күн де жұлдыз көрінер білмегенге,
Тәтті бабам мұң-шері тым тереңде.
Шертпе күйдің атасы, дана сазгер,
Кенші болып жарк етті бір белеңде.

Өңір жайнап, ұлғайды көңілділік,
Тау ішіне үнілді өмір күліп.
Жер бетіне жақындау кенді игеріп,
Кеншілікке бекінді сенімділік.

Қылығы жоқ мінезден табардай мін,
Шын досындай күйшіге қарайды әркім.
Жүдеп келіп аз күнде түлеп кеткен,
Алды адал батасын талайлардың.

Ауыр кезде тастамас тілегі кең,
Тәттімбеттің жөн тауып сүйеуімен;
«Қаламқасқа» Айзада көшіп келді,
Жар тілегін екі етпес күйеуімен.

Білмесе де кеншілік ғұрпын әлі,
Жаңа өмірге қызық-ау ұмтылғаны.
Айзадаға айт пен той көрінеді,
Мал бағудан есен-сау құтылғаны.

Бір шаттығын Тәттімбет көзбен көрді,
Айзаданың ахуалы тез жөнделді.

Құдай оңдап қойнауы Дегелеңнің
Тез кенелтті соңынан ергендерді.

Көк тұманды ашкандай ару ақ таң,
Өнер озды кен казу заңын тапқан.
«Самородный» сары алтын табылыпты,
Ресейге «алакай» дабыл қаккан.

Петерборға Тобаяк алып барды,
Таза алтыны казактың аныкталды.
«Чемпион» деп ат тағып «ат тұякты»
Көрмеге арнап орыстар алып қалды.

Әдісі мол кеншілік камығар ма?
Кен тамыры шақырды бәрін алға.
Айзаданың күйеуі көзге түсті,
Құдай қолдап көп алтын табыларда.

Сыбыс қалды,
Суык сөз айып қалды,
Кеншіліктің аты да байыпталды.
«Ат тұяктың» ақшасын әкелгенде,
Дегелеңдік кеншілер байып қалды.

Бір қызык іс көңілде пайымдады,
Домбыраға телітті ойын тағы.
Күйден сабак беруге балаларға,
Айзаданы Тәтгімбет дайындады.

Есіне алып Әлиді қызықтады,
Ұмытылмас қағазда сызыктары.
«Елім-айдан» үйрете бастайтұғын
Тәжірибе тәлімі үздік бәрі.

Ойында жоқ серілік, селтеңменен,
Күй тағдыры толғантты «ертең» деген.
Көп домбыра құбылса
Қатар ойнап,
Үні ғажап Айзада көркемдеген.

Болмаған іс әзірше өлкемдегі,
Күй үнімен жайнады терген кені.
Қызықтырған оркестр, көп аспаптар,
Петерборда алғашқы көргендегі.

Нак сәскеде жүреді күй сабағы,
Саусағынан сұлудың үн тамады.
Қанша берік болса да тас емессің,
Тірі жанды шыдатпас ай қабағы.

Бұл жер емес жан ләззат татысатын,
Тәттімбет те ұстады «алыс атын».
Айзаданың бір емес, үш ұлы бар,
Бәрі бірдей сабакқа қатысатын.

Қызғаныштың болмайды оңай жүгі,
Сөзге сенді Есім де, кобалжыды.
Әйелдердің «пыш-пышын» тыңдамаса,
Қарекенің толқытты қоймалжыңы.

Туыс сөзі, ер сөзі сергек екен,
– Өтірік болса айтқаным жерге кетем.
Сонысы аз ба? – Бүлк етпей қалың беті, –
«Сылкылдақ»,– деп мырс етті. Мерген екен.

Шешінбесең дария кеше алмайсың,
Тәуекелсіз жіпті де есе алмайсың.
«Сылкылдақтар» сылқытып жүрген шақта,
Өзіңді өзің, шырағым, неге алдайсың?

– Қиын маған, ағатай, қиын маған,
Мен де оның ендеше сыйын табам.
Айзаданы қудырам Дегелеңнен, –
Деді Есім, – олардың жынын қағам. –

Қарекедей белгілі сұмға нанып,
Шапшаңдатты бар сөзін мұңға малып.
Тәттімбетке тиісті күн батареда,

Талмау жерден
Тым оқыс сынға салып.

– Қулығы мол кен қазған Тәттімбетті,
Сүріндірер бір күнә таптым, – депті. –
«Сылқылдақты» арнасаң Айзадаға,
Білмеген боп білсем де тарттым дертті.

Оны койшы, үр жаңа басынғаның, –
Деп жылады, – күйзелдім ашып жаным.
Енді сабақ беруге үйретесің,
Дәл сол үшін келгендей ғашық жарың.

Тобықтыдан әкеліп күйлі еткенің,
Демеп едім: «Тәтті аға, бұл неткенің?»
Аз болды ма Қоянды сайларында,
Тал түбінде жасында үйреткенің? –

Одан әрі Тәттімбет ұзартпады,
Сасып қалды. Айтқаны: «Ұят-тағы...
Сабыр сақта,
Есім-ау, сөзді тоқтат», –
Деді-дағы шап беріп құшақтады.

Құшақтады, бетінен сүйгіледі,
Құштар сөздің тізбегін үйгіледі.
– Күй не болар жас ұрпақ үйренбесе?
Осы сұрақ жан кинап жүрді, – деді. –

Жәрмеңкеде ақиқат айтысқаным,
Қырық күймен ел білді тартысқаным.
«Сылқылдағым»
Қырық бір санға ілікті,
«Арнады», – деп атады дос-дұшпаным.

Бәрі айқын, сол күйді арнағаным,
Теңестірдім мен сүйген жанға жаным.
Қалың берген жері бар әрі туыс,
Ел бірлігін сақтадым – алмағаным.

Ол ұлжанның жиені, ел жұлдызы,
Құнанбайдың жас балдыз ең құндысы.
Соның бәрін ескермес біле тұра.
Осы ауылдың мен деп пе ең ең жындысы?

– Түсіндім, – деп күлді Есім құшақтағы,
Ашу желін іштегі тұзақтады.
Өсек сөздің болса да өрті өткір,
Анық сөнді қызғаныш сызаттары. –

Енді менсіз сабакка бармағайсың,
Ән үйретем,
Ақысын «сауғалайсың».
Бір сұрағым, – деді Есім, –
Тәттім менің,
Бір күйінді неліктен арнамайсың? –

Күйші сонда:
– Бұл сөзді ұғам, – деді, –
Керек шығар ондайға шыдам тегі.
Есім ана, төрімде
Сен болмасаң,
«Былқылдағым» қос ішектен туар ма еді?

Керек дейсің осындай кеңес кімге,
Айға, күнге жан жетпес теңестің де.
Күйлер түгіл үш ұлым, оған коса,
Өзіндікі өзім де емеспін бе?

Ақбөпеден белгілі қалған жайым,
Үш ұл күтіп жайнаттың жан жайлауын.
Сарыарканың көркісің кимас тату,
Саған сокпай өтпейді күй байлауын.

Дос көбейді өзіңмен маңайымда,
Жайлау тапты бауырлас ағайын да.
Бір күй емес, тамаша көп күй туды,
Сенің рахат, күншуақ арайында.

Мың арманды «Саржайлау» өтейді ескі,
Досым түгіл дұшпаным «дөкей» десті.
«Саржайлауым» – бізге ортақ тұңғышымыз,
Көпейіміз – көркем күй «Көкейкесті».

Кешір, – деді, – «Сылкылдақ» болса айғақ,
Жайдақ кезім, ол менің жүрген бойдақ.
Бір сүюден артыққа барған жоқпын,
Шапшаң қайттым
Бүліктің артын ойлап...

Өзіңді мен бір тойда көрген едім,
Сен ән салып, тамаша термеледің.
Балбыраған қыз жүзің қалды есімде,
Зерлеп едім,
Жадымда келген едің.

Тілдескенде жөн тауып өзге керім,
Сонда неге осылай тергемедің?
Терлегенім бүгінгі одан асты,
Дұшпанымның сөзіне ерме менің.

Құтырып тұр айнала, заман деген,
Үш ұлым мен тірлікте саған сенем.
«Бар» болсаң іші күйіп көре алмайтын,
«Жоқ» болсаң үзіп жәрдем бере алмайтын,
Ағайынның бақасы жаман келер.

Жоқтатпаған өзіңсің Ақбөпені,
Үш ұлымның осы ғой шат мекені.
Олар сені аялап отырғанда,
Тәттімбеттің ғұмырын сәтті етеді.

Жүзің сонда бөленген таң нұрына,
Риза пиғыл білдірер тағдырыма.
Енді қайтып көңілге оралмастай,
Ашуыңды салып қой сандығына.

Осындайда не дейін бұл Есімге,
Бала қаздай дидарың жүр есімде.
Сен түскелі туған күй барлығында
Тиесің мол, аз емес үлесің де.

Пендеміз ғой тірлікте арманы көп,
Күй үйрету – ол да арман, жалғаны жоқ.
Қайта-қайта қысып жүр ауру жүрек,
Ойла ажалдың маған қол салғаны деп.

«Саржайлауға» жүгінсе ақыл-зейін,
Тілегім сол – о, Раббым, мақұл дейін.
Тіршілікте жас ұрпақ жаттап қалса,
Тірлікті ақтар талапка қансын мейір.

Жаным құштар сен менің Есімімсің,
Еркін аққан Ақ Жайық, Есілімсің.
Батар күндей сен соңғы махаббатым,
Өсек сөздің тізгіні кесілінсін! –

Деді-дағы Тәттімбет
Есіле тартты, көсіле.
Аузына түсті ақ міндет,
Домбыра сөйлеп шешіле:

«Асқар таудың өлгені –
Басын мұнар шалғаны.
Ағын судың өлгені –
Бітеліп көзі қалғаны.

Азаматтың өлгені –
Құлқынға барын жиғаны.
Махаббаттың өлгені –
Жан жарын жатқа қиғаны.
Қара жердің өлгені –
Үстін ақ қар басқаны.

Ер жігіттің өлгені –
Қиянат сөзді шашқаны.

Ай мен күннің өлгені –
Қарайып ерте батқаны.
Тек өлмейтін шын асыл –
Дананың дәлдеп айтқаны.

Кеншілердің казынаға,
Өлмейді алтын артқаны.
Өлмейді мен кеткенде,
Күйімді жастар тартқаны.

Тіршілікте сөнбейді
Өзіңе деген жылулық.
Дертімді менің емдейді
Саған біткен сұлулық».

Есім ұғып адал сөз татымын да,
Жоғалтқан жоқ шыр бұзып ақылын да.
Ән үйретіп балалар мектебінде,
Айзадамен дос болды акырында.

Қос бұрымдай созыла өрілетін,
Қос жағадай жан-жағын ел білетін;
Бір өзеннің
Екеуі қос алқасы,
«Қосбасар» күй секілді көрінетін.

Тәттімбетті Тәңіріндей сүйіп елі,
Пәктігіне байлам-серт түйіп еді.
Балалары күйшілік сабак алған,
Талай шаңырақ еңсесі биіктеді.

Кетті күйші есімі киелі боп,
Кеншілер де алғысты үйеді көп.
Есім ана – есі бар ел анасы,
Қойды ойлауды өзгені сүйеді деп.

Көп ұзатпай арасы бірер күннен,
Айзадаға дәм берді күйеуімен.

Тобықтыдан келгендер ерулікке,
Бәрі келді Тәттімбет тілеуімен.

Ағайын-жұрт, дос-жаран бәрі болды,
Тек Қареке жоламай «әрі конды».
Көп домбыра құйкылжып күй тартқанда,
Оркестрді таңданып бәрі көрді.

Күйшіл қауым, келгендей сиынғаны,
«Сылкылдақ» пен «Саржайлау» тыйылмады.
Құйындатып «Серперді» тартқан кезде,
Атырау желі Аркада құйындады.

«Ақжелеңге» жігіттер елпілдеді,
Бозбалалар киіпті бөркін кері.
«Былкылдақты» тартқанда еске түсті,
Келін-кепшік алыста төркіндері.

– Бір аунаған шығар-ау Саймақ атам, –
Деп Тәттімбет жастарға берді бата.
Есім ана сол кезде Айзадаға:
– Байғазың, – деп оқалы жапты шапан.

Жаксылықтың – жақсылық ғұмыры анық,
Қызара бөртті Айзада нұры жанып.
Күй үйренген балалар өнеріне,
Рахаттанып, бой жазып тынды халық.

Қыз да осында,
Өнерпаз ұл да осында.
Шәкірттер де ұстаздың тұр қасында.
Даладағы оркестр күмбірледі,
Күй-керуен белгі боп бір ғасырға.

Естен кетпес
«Саржайлау» самал кешті,
Көрген адам «бұл да бір заман» десті.
Тұңғыш туған

Кең дала оркестрін,
Аңыз еткен жан-жаққа хабар көшті.

Өзі кербез кара мұрт саспай күлер,
Береді екен билетіп атқа жігер.
«Тартады,– деп елде аңыз тарап кетті, –
«Сылкылдақты» Тәттімбет башпайымен».

Сыркат меңдеп жүргенде
Жасап кеткен,
Тұңғыш өнер ұясы ғажап неткен?!
Сол тамаша бастама өріс тапты,
Биіктерге бой жазып адам жеткен.

«Саржайлауы» дананың дараланды,
«Көкейкесті» – қиялға дала канды.
Тәтті бабам бұл күнде атын берді,
Жаңа оркестр құрғанда Қарағанды.

Кереметін азырақ етсек кеңес,
Күй тарихы ғажап қой тепкен белес.
«Сылкылдақты» тартпасаң
Күйші екен деп,
Сарыарқа мен өр Алтай есептемес.

Ол дана ғой,
Ақ парыз ақтап өтті,
Хан Кенені ардақтап жактап өтті.
Сара менен Біржан сал айтысканда,
Тәттімбетті аға деп мактан етті.

«Былкылдағы» Шара апай биіндегі,
Кенже өнерін казактың түйіндеді.
«Қыз Жібекке» «Қосбасар» көрік беріп,
Аңыз болды ел алғаш сүйінгені.

«Былкылдақ» пен «Сылкылдақ» берік кірген.
Опера аз ба сарыны желіктірген?

«Біржан сал» мен «Абайды» тыңдағанда,
«Саржайлау» мен «Қосбасар» еліктірген.

«Саржайлаусыз» қай тойға қанған құмар?
Кинолар да қарсы алмай қайдан шыдар?
Теледидар төрінде «Көкейкесті»,
Таң сәріден ой қозғап алдан шығар.

Ай-әлемге кең дала салтын жазып,
Жеткен дана күйлерден алдым азық.
Адамзаттың музыка әлемінде
Қадап кетті Тәттімбет алтын қазық.

Соңғы қағыс

– Шын мәңгілік орнай ма, орнамай ма?
Туған ай да қолдай ма, қолдамай ма? –
Деді ішінен Тәттімбет, – жастай серік,
Кел, домбырам, ең алыс жолға сайла... –

Мұңшыл аспап қоштасып досыменен,
Үн толкыды үр жаңа, тосын ерен.
Қағып жатты алақан аясымен,
Жан баураған телегей сырын терең.

Дерт мендеген сыркаттың қаттысын-ай!
«Қайран» деген ашылды ащы сыңай.
Жүрек қысып, қозғалтпай қинағанда,
Бауырымен бес саусак тартысын-ай.

Үн тербеліп әуезді, әсірелі,
Қимастықтың қиылып өтті желі.
Сипай қағып, толқыта күмбірлетсе,
Көксегені көңілдің естіледі.

Талықсытып акырғы сыр-наласы,
Күймен айтты соңғы сөз қыр данасы.

Сыңар ішектеп ақырын шекіткенде,
Дүлдүл жүрек көрінді мың жарасы.

Бақұл айтты тірі мен өткеніне,
Қол сілтеді баяғы көктеміне.
Көкей кескен бір ащы өкініш бар,
Баки жактың жеткенде өткеліне.

Ұмытқан жоқ шын ғашық сүйінерін,
Ақтық үнге үйірген сыйы керім.
«Көкейкесті» жасырмай айтып жатты,
Ашық сырын ойлаған дүйім елін.

Алаканы тапқандай «окқағарын»,
Ақырғы рет аңыратты үн ғажабын.
Су тиді ме кенеттен отқа қалың?
Әлде тыныс тапты ма қаптаған үн?
Еңіреген екі ішек үнсіз қалды,
Асау жүрек айта алмай тоқтағанын.

Жазмыш жеңді – сұм ажал сертке жетті,
Дана күйші, шіркін-ай, ерте кетті.
Тіл жетпестей айтып тұр жан азасын,
«Көкейкесті» басқандай қапа дертті.

Бұғауласа бөлгіштеп еркін елді,
«Саржайлауы» – толқыған ел жүрегі.
Ақ патшаға атынан бар қазақтың,
Ақтарылды ызалы көкірегі.

Патша билеп, соңғы хан тайса тактан,
Қос дүлдүлдің мұңы бір қапа батқан.
«Саржайлау» мен «Сарыарқа» атой салды,
Қос дария секілді қатар аққан.

Мақтан етсем қос саңлақ, қос дананы,
Шындық сырын қандай жан қостамады?
«Саржайлау» мен «Сарыарқа» көрінеді
Кең даланың маңдайда қос жанары.

Қос кемеңгер, қос дүлдүл, қос арыстан,
Екеуі де тағдырмен қасарысқан.
Құрманғазы – ол майдан, жарқын алаң,
Тәттімбеттен терең сыр, ғақыл алам.
Исатай мен хан Кене бірлескендей,
Ес жинаймын ерекше қарқынданам.

Зор құлаш бар Тәттімбет әр күйінде,
Тарлан тарих бой жазды тәтті үнінде.
Терең толғап
Қайран ел қалың шерін,
Әр адамға жеткізді саз тілінде.

Ата-баба арманын жалғайтұғын,
Өтті дана кең толғап алмай тыным.
Тәттімбет пен Абайда ұқсастық бар,
Елі-жұртын ойлаудан талмайтұғын.

Таусылмайтын өмірдің арман-мұны,
Саркылмайды санаға салған жүгі.
Құрманғазы бабаммен қатар тұрар,
Мәңгілікке Тәттімбет жалғанды үні.

Ұлы күйші, әділ би, зерлі көсем,
Дүлдүл сазгер әрі әнші, тапқыр шешен.
Білгір кенші әрі акын, артық болмас,
Жаксылықтың шын биік досы десем.

Сәтті болсын дербестік бүгін жеткен!
Өтті күндер шерменде ғұмыр шеккен.
Бұл жеңісте Тәттімбет үлесі бар,
Дана күйлер арманын ғұмырлы еткен!

Бірінші тебіреніс

Кең ашкандай күй сарайы түндікті,
Абай ата театры дүрлікті.
Оркестрге
Құлақкүйін құраған,
Көлде акку-каз қаңқылдасқан үн бітті.

Содан кейін
Жасалды кең жария:
Жүлде, атақ...
Жеткен қия, жанұя.
Сөз біткенде зал тасқындап қол соқты,
Сол бір сәтте күле шықты Жәния.

Балбырап тұр
Раушан гүлдей албырап,
Кең көйлегі тұлғасына сән құрап:
Ашық иық,
Акку мойын, кең маңдай,
Нұрын шашты
Қара көзі жарқырап.

Жан жалғадык
Жүзінде пәк алауға,
Шамалаймыз,
Болмайды тік карауға.
Ұксап кетті сол бір сәтте Жәния,
Сұлу сазды желбіретер жалауға.

Осы дерсің әуез шашқан асыл гүл,
Он саусақтан тоқсан толқын шашылды үн.
Таңғажайып дыбыстары самғады,
Бұрын өткен күйшіл, сыршыл ғасырдың.
Сұлу сазгер келбетіне карашы,
Желдей есті сым саусақтар саласы.

Сыңғыр қаккан мың алкалы дыбыска
Толып кетті жер мен көктің арасы.

Әудем сәтте
Әуез тілді байлады,
Фортепьяно қаңкыл-саңкыл сайрады.
Анда-санда қарай қалса Жәния,
Іште кызу жан шыдатпай кайнады.

Атаса да
Концерті деп Шопеннің,
Жәния, туын
Қасиетті төрдің көтердің.
Қазақка да туған екен деп қалдым,
Еуропадай биіктерге жетер күн.

Зор күйсандык
Бұлбұл бағы көрініп,
Ғашык әуен кетті ұшкыны себіліп.
Гауһар дыбыс,
Сылдыр күміс балкытты,
Таза тамшы жүрекке дәл төгіліп.

Сонатаға канат байлау дегенді,
Элегия берген нәзік тереңді;
Көркем үнмен мәрмәрлаған жан сырын,
Жабайы емес,
Көрдім өргек еренді.

Сикыр сыңғыр қозғап кетсе сананы,
Бірлеседі оянғандай жан әні.
Тілдеседі Еуропа мен Азия,
Осы емес пе сұлу саз зор ғаламы?!

Күйге шомды зерлі қауым назары,
Көз жеткізбес саз шалқытқан наз әлі.
Әнші құстар ак тоғайдың ішінде,

Мың-мың дыбыс
Жан тебіrentті базары.

Күйсандықтың бетін ашып тастады,
Айқындалды аппак, қара тастары.
Жәния отыр
Көк көйлегін кең жайып,
Ақжүністей дәл он жеті жастағы.

Күй – патшайым
Муза жолын шолғандай,
Мөлдір, нәзік
Төкті әуендер ол қандай?!
Жарқ-жұрк етті аршын төсі, ақ жүзі,
Айдын көлге аққу келіп қонғандай.

Үстемелеп
Сандықтастың сыңғыры,
Үйірлесті көп толқынның мың бірі.
Тәттімбеттің «Сылқылдағын» тартқандай,
Көңіл ашты сылқыл қаққан күмбірі.

Шолпы сыңғыр үніне ұксас құстардың,
Ашығын-ай,
Қос уыстап ұстар кім?!
Сырласуға сәтті маусым ашылды,
Еске түсті осындайға құштар күн.

Неткен ғажап...
Қос құлаққа жағымды,
Қандай нәзік...
Пәк көңілге салымды.
Әкелді ғой дана Шопен тілімен,
Махаббатқа толы жастық шағымды.

Тыңдай қалсам
Ай құшқандай ақ үнді,
Әр сарыннан іздегенім табылды.

Еуропаның көк орманы ішімен
«Жезкигім» кешті сүттей сағымды.

Әрбір дыбыс
Шырайлы да жалынды,
Бояулы да
Ақыл-ойға нанымды.
Қазақ қызы дәл келтіріп сайрамын,
Сайраны мол күй қанаты қағылды.

Накыш қандай?!
Үзім үннің заты асыл!
Көкей, шіркін, көксегенді татасың!
Бөлеп, тербеп жан жайлаған әуендер,
Ләззатына малшынасың, батасың.

Екінші тебіреніс

Толғанғанда толастамай айтарым:
Бай мінезге
Біткен екен бай дарын.
Үзім үнге үзіп берер жүрегін,
Аруак қонған асау күшін байқадым.

Жанарына әлем сыйған секілді,
Сыршыл, мұңшыл
Салды әуенге не түрлі.
Әр дыбысқа қанат байлап ұшырып,
Мезет сайын сүмбіл сарын жетілді.

Нәзік жүрек, уыз сезім ұласқан,
Жер жүгініп, үнсіз тыңдап тұр аспан.
Ұшқыр сезім, алғыр ой мен жігер-күш,
Жұлдыздармен көкте тілек құрасқан.

Сұлу саздың сызылып шыққан қызығы-ай!
Талмауратқан үннің тәтті үзімі-ай!

Өзге жұрттың не болғанын білмеймін,
Өтті менің жүрегімнен жүзіп ай.

Жәнияда Мағжан қызу қаны бар,
Естіген жан сұлу сазға қанығар.
Кейде еңкейіп,
Жалт бұрылып караса,
Әр кимылдың әуен тергіш мәні бар.

Құлпырғаны
Шопен ырғақ танымал,
Нәзік, таза,
Саумал сарын нәрі бал.
Әр сынғырда көкірек құштар үміт бар,
Құдірет күш бар дертті жүрек сауығар.

Он саусағы...
Көзді алыстан арбайды,
Шымыр әуен тамсантады таңдайды.
Шопен үні анаң айтқан бір сөздей,
Жылы әуенмен сипап өтер маңдайды.

Он саусағы...
Бір-бірінен қалмайды.
Сұмдық күйді сандал ағын жалғайды.
Әдемі саз құс тілімен саңқылдап,
Әр адамға өз керегін арнайды.

Он саусағы...
Меңзеп ырғақ белеңін,
Байкатады алғыр, айқын елегін.
Үйрек-қаздай су шетінен дәм татқан,
Теріп жатыр бәрі өзіне керегін.

Он саусағы...
Жүйткіп, желдей заулайды,
Ұя салғыш қарлығаштардан аумайды.
Дертті жүрек бір дәруін табардай,
Сикыр накыш ет жүректі баурайды.

Он саусағы...
Шарлап келіп шалғайды,
Ақтарады Шопен шеккен мән-жайды.
Шақырады асыл ағын қияға,
Әр тыңдаушы аңсағанын таңдайды.

Он саусағы...
Жүгіре басып жүргендей,
Тәтті дыбыс барар жерін білгендей,
Әудем сәтте тыныш баяулап,
Шолпылдайды жігіт қызды сүйгендей.

Он саусағы...
Даяр жедел ұшуға,
Күйсандықтың ақ-қара тіл тұсында;
Әрқайсының өз үні бар, көзі бар,
Тірі жан бар әр саусақтың ұшында.

Сырнай сарын...
Кейде сак-сак күледі,
Бипыл-типыл
Кейде баяу жүреді.
Он саусақтың кимылымен ұстап тұр,
Ай-әлемді Жәнияның жүрегі.
Он саусағы...
Шопендіктің қырғыны,
Аруак берген,
Дина апайдың бір қыры.
Ол – Тәттімбет
«Теріскакпай» ағыны,
Құрманғазы дауылдатқан құйғыны.

Он саусағы...
Қыздың қозғар желігін,
Елестетер Есілдің мың елігін.
Он саусақпен
Мен сүйемін дәл баскыш,
Өз күшіне Жәнияның сенімін.

Он саусағы...
Ізденуден талмайды,
Әлі талай дана сырын жалғайды.
Барша қазақ тілегімен әлемде,
Сүмбіл саусак әлі талай самғайды.

Үшінші тебіреніс

«Ай-хай!» дерсің, күйдің қозғап толқыны,
Толтырады әр көңілде олқыны.
Осы дерсің әлемде бар ғажайып,
Бипыл биші сейіл-серуен жойқыны.

Қыз ба, ұл ма?
Осындай ғой текті адам,
Тектіліктен кереметке сеп табам.
Жәния тартып отырғанда Шопенді,
Данышпанның көлеңкесі деп қалам.

Жүрегімде сансыз үнді жел еспек,
Әр үзімі үздіктіріп кеңеспек.
Екі көзді жұма қалып тыңдасам,
Саз самғатқан кетті Шопен елестеп.

Беу, достарым, бұл сырымнан шошынба,
Барлап көрші, кейде маған қосыл да.
Данышпанның жеткізе алса қиялын,
Жәнияның құдірет-күші осында.

Сұлу сазды орындаушы саналып,
Саңлақтармен жарысу да бар анық.
Моцарт, Шопен, Бетховенді айнытпай
Орындаудың өзі де үлкен даналық.

Сүйсінеміз сазгер қыздың салтына,
Қуанамыз әлемге әйгі даңқына.
Ел өнерін зәулім биік көтеріп,
Ол бакытын таратып жүр халқына.

Лебіз заңы
Тапқан сансыз тетікті,
Музыкалық Гималайға жетіпті.
Сұлу саздың суреткері орасан,
Ғашықтарды мүсіндеуді жетілтті.

Жәния – Шопен...
Таң-тамаша жетегі,
Ұшқыр ырғақ жүрек жарып өтеді.
Үздікпелі, іңкәр үндер құлшынтып,
Өмір-өлім ұмыт болып кетеді.

Жаны толкып,
Өзгертпейді жүзін көп,
Бір дыбысты тізілтті мың үзімдеп.
Таза шықты құс канатты әуендер,
Бірін-бірі жебеп, қолдап, түзулеп.

Сондарынан жел соққандай желпініп,
Әне, шықты қыз бен жігіт еңтігіп.
Нұрлы әуездің сайрауынан соны ұқтым,
Сыбыр-күбір байламына елтідік.

Аппак киім үстерінде жалтырап,
Үннен есті Еуропаның салты ұнап;
Ақ күлкісі ғажап екен арудың,
Ақ бұлақтай ағып жатқан сарқырап.

Тірі дыбыс...
Тыныс сүйген гүл-дәрі.
Кешкі мезгіл...
Жайлайды ұзақ түнді әлі.
Қыз бен жігіт билеп жүрген секілді,
Құшақ жайып жас махаббат құндағы.

Сансыз бұлбұл сайрағандай тоғайда,
Сағынышты сел қаптаса оңай ма?
Махаббаттың жеткен екен мезгілі,

Көктем жайнап
Мен де кеттім сан ойға.

Шыдай бердім
Мың суынып, мың күйіп,
Құйғын әуен құштар сәтті тұрды үйіп,
Күй ішінде күлім қакқан ғаламат
Поляк кызын алар ма едім бір сүйіп?!

Иығын-ай от құшакка тым жайлы,
Аппак жүзі жаркыраудан тынбайды.
Саумалкөлде бірге оқыған өзіммен,
Поляк кызы маған қолын бұлғайды.

Күйсандықтың құлшынуын карашы,
Елестейді көздің ақ пен карасы.
Қарындасын қорғаушы еді-ау
Мектептес
Юра деген ұзын бойлы ағасы.

Олар-дағы Жәнияның кешіне
Келгендей-ақ, сыр ақтардым көсіле.
Көшіп кеткен қырғын соғыс біткесін,
Көрші кызы түсті бүгін есіме.

О, музыка! Кереметсің! Ғажапсың!
Шындық осы көкіректі бір тазартсын.
Қанат байлап кейде көкке ұшырсаң,
Кейде ескі дертті қозғар азапсың.

Ояу ырғак, ояу дыбыс, ояу үн,
Шопен-сарын ашты үр жаңа бояуын.
Көктем шағын ала бөтен көксеуді,
Білмей келем жүрек кашан қоярын.

Ыстык сезім
Қайнап шыққан қазір-ақ,
Шаттық та бар,

Мұң да кетпес тамтырап.
Екі ғашық сүйіскендей ынтығып,
Күйдірді ғой оттан ұшқын шашырап.

Төртінші тебіреніс

Жан баураса
Ынтық әуен сыңғыры,
Таңырқайсың ашылғандай гүл тілі.
Дәл сол сәтте
Сайрап жатты алыста,
Біздің ауыл мені аңсатқан бұлбұлы.

Тез ұғыну оңай болмас көп үнді,
Қайран көңіл тамашаға көмілді.
Көкшетау мен Алатаудың арасы
Құс сайраған
Шексіз тоғай көрінді.

«Сен қайдасың?
Қайда жүрсің?..» дегендей,
Әуен шықты
Ыршып, толқып бөгелмей.
Тыңдай білдік,
Тыңдатты ғой сұлу саз,
Әр ырғаққа жан бітті деп сенердей.

Мен қайтейін
Сол мезетке кенелмей,
Шыдамадым сұлу сазға тез ермей.
Тыным таппай жалт қарадым жан-жаққа,
Құс-періште көз алдыма келердей.

Есіме алдым бала күнгі жас көркін,
Күйге қандым,
Емін тапты бар дертім.
Есім кетті жер жұмағын көргендей,
Осылай ұқтым Жәнияның концертін.

О, әсем саз! Бостандықтың ұраны!
Сен дегенде жайнар көңіл шырағы.
Шаршап жүр ем,
Шөлімді бір қандырды,
Шопен-Жәния сыршыл кәусар бұлағы.

Беу, музыка! Әділеттің байрағы!
Сенің үнің жер бетінде жайнады.
Қапалансам елдің халі толғанып,
Осынау концерт күш-жігерді қайрады.

Құдіретті күйі кимас сенің мен
Жан досыңмын көз ашқалы телінген.
Қапалансам Шопен-Жәния сергітті,
Нарыкка да қарық болар сеніммен.

Концерт бітті,
Ду дүрлікті барша жан,
– Қайтадан! – деп шу көбейді самсаған.
Шаршаған жоқ,
Қайталады Жәния,
Риза болды зерлі қауым аңсаған.

Дирижер де, оркестр де дүр, мықты,
Мың аспаптан ағысы бір үн шықты.
Абай ата аруағы қолдады,
Бәрі-бәрі... Жәнияны құлшынты.

Қалт етпей тұр
Қимай қанша жүректер,
Гүл-керуен көш құрады лектер.
Бибігүл, Ермек, Шота, Талғат құттықтап,
Гүл шоғымен жетті ыстық тілектер.

Еркеғали қуанышы бес нарлық,
Шапалақтың шапқынымен көш жардық.
Шіркін, халық! Керемет қой зор құрмет,
Жасай білді көктен түспей еш жарлық.

– Ғаламат,– деп,– сонша көркем не деген?!
Бек шаттанды Әлия атты немерем.
Сырын шектім дүлдүлдіктің мен сонда,
Ата-баба аруағы жебеген.

Сәті бардай әрбір жаңа сәлемнің,
Түйіні бар өзім құмар кәдемнің:
– Ең әуелі қазақ бола білген қыз,
Қызы болды, – дедім, – бүкіл әлемнің!

– Концерт бітті! – деп жасалса жария,
Бұлқынғандай үнсіз аққан дария
Зал дүрлікті
Қайта-қайта құлшынып,
Басын иіп бір қараса Жәния.

Алып ұшқан алтын саздың сарыны,
Қанып ішкен бойға тарап әр үні.
Барша қауым жайнап кетті жүздері,
Ұмытпастай Жәния берген «дәріні».

Осылайша қуанамыз елдестер,
Беу, адамзат! Қазақ қызын сен де ескер.
Бір концерті
Жанға азық мың жылдык
Жәниямыз ұлы сазгер, дәулескер.

Жаттап кеттім
Дана сарын легін,
Жайнай берсін, сазгер-жұлдыз, гүл-өңің.
Азияның сұрша құсы құйкылжып,
Еуропамен лүпіл косты жүрегім.

Мен жетпістен асқан ақын атамын,
Үлкені де осы құтты батаның:
Сұлу сазға құмар елді танытып,
Барша әлемге самғай берсін атағың!

Мазмұны

Толғаныстан толғаныс	3
----------------------------	---

Бірінші бөлім Өлеңдер

<i>Жыр арқауы – Нұрғиса</i>	
Сағынып жүрмін, Нұраға	9
«Жезкиіктің» тұңғыш әні туғанда	10
Жезкиік	11
Нұрғисалар аттанғанда Әмуден	11
Ол – қазақтың сұлу сазды жүрегі	12
Шараф Рашидовтың айтқаны	13
Күй әсері	15
Тимеші	15
Нұрғисаның бір келіншекке айтқаны	16
Нұрғисаның Бүркітбайға айтқаны	16
«Әйел көрсе...»	17
Ауырмашы, Нұраға	17
«Бірге оқыған...»	19
«Жолықтырар...»	19
Мактан етем	20
Ән туғанда	21
Той толғауы	22
Құттықтау	24
Нұрғисаның Қошқарбекке хатынан	24
Қош бол, асыл Нұраға!	26
Жүре бер жаңа ғасырда	27
Нұрғиса аттанып кеткелі... ..	28
Орындалған арман	29
Қаршыға, тартшы «аккуды»	31
Айгүлдің күй тартқаны	32
Ұзынағаштағы хикая	33
Құстар әні	35
Рухани азығым	36
«Өтті жылдар...»	36
Адамзаттың ұлы еді	37
Нұрғиса жайлы лебіздер	37
Ұлы тұлға	42

Нұрғисаның мектебі	43
Ұлтымыздың рухын биік көтерген	43
Елес пен кеңес	43
<i>Абай және Нұрғиса</i>	
Той бастайық, ағайын!	44
Байдың елі – бар казак	45
Сенсің ел данасы!	46
Өмір мен өңір	48
Әйгерімді көргенде	48
Абай әні	49
Қайран казак данасы	50
Қорқамын	51
Тентек Оспан	52
Абай әнін қыз айтты	53
Абай және Гете	54
Соңғы тас	55
Тоғжанның хаты	56
«Айттым сәлем, қалам қастан» бастаймын	57
Ұлылар ұстазы сыйлаған	58
Құдайым десем де...	59
Сырымды айтсам Абайша	59
Салшы, калқам, Татьянаның әніне	61
Даналар сүйген есімдер	62
Қосылайық «Көзімнің қарасына»	63
Пушкин мен Абай құмар жан	63
Абайтану үзімі	64
Жидебайдағы кемпіркосак	64
Абайдың табиғатпен тілдескені	66
Тоғжанның назы	67
Абай назы	68
Ақындық Пайғамбары Абай ата	69
Әйгерімнің алғысы	70
Әйгерімнің әні	70
Ерке бала	71
Ерке сері	72
Бүкіл әлем жан сәулем боп кеткендей	73
Күй-аға, Нұраға	74
Шәкіртін тұр ән салып	75
«Акку» күйі	76

<i>Күй – жүректің лүпілі</i>	
Қоркыт ата	77
Күй атаның басында	77
Тәттімбеттің назы	79
Күй – жүректің лүпілі	80
Тұрысбекке	81
«Гәкку» мен «Гауһартас»	82
Төлеген Момбековке	83
Бошайдың үш қарасы	83
Ғалымның «Жынды Әбенін» естігенде	84
Домбыра сылқым күмбірі	85
Үкілі бабам үшін алғысым	86
Жігіттің Қарқаралысы	87

Екінші бөлім

Поэмалар мен толғаулар

Ән мезеті	91
Еңлік гүл – Эдельвейс	94
Шостаковичтің Жетінші симфониясы	101
Отырар сазы	115
Тәттімбет	139
Жәнияның концертін тыңдағанда	305

КӘКІМБЕК САЛЫҚОВ

ШЫҒАРМАЛАРЫ

АЛТЫНШЫ ТОМ

ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ

ОЛЕҢДЕР, ПОЭМАЛАР МЕН ТОЛҒАУЛАР

Жауапты редакторы *Қуат Құрмансейіт*
Техникалық редакторы *Раушан Тұрлынова*
Суретші-дизайнер *Жеңіс Қазанқанов*
Корректоры *Бибісара Рахатова*
Компьютерде беттеген *Динара Кенжебекова*

Басуға 18.03.09. қол қойылды. Пішімі 84x108 $\frac{1}{32}$. Қаріп түрі «Таймс».
Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 16.8.
Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 0103.

ISBN 9965-35-697-1



«Фолиант» баспасы

010000, Астана қаласы, Ш.Аймапов көшесі, 13

«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды
010000, Астана қаласы, Ш.Аймапов көшесі, 13